



Астана 2012

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

---

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*  
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек  
Атабаев Қамбарбек  
Аяған Бүркітбай  
Әбжанов Хангелді  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әлімбаев Нұрсан  
Байпақов Карл  
Байтанаев Бауыржан  
Балықбаев Тахир  
Дүйсембаев Еркін  
Есім Ғарифолла  
Жақып Бауыржан  
Жұмағалиев Асқар  
Жұмағұлов Бақытжан  
Қасқабасов Сейіт  
Қозыбаев Ілияс  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Құрманбайұлы Шерубай  
Мұхамедиұлы Арыстанбек  
Мыңбай Дархан  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Салғараұлы Қойшығара  
Самашев Зейнолла  
Сұлтанов Қуаныш  
Тұяқбаев Қанат  
Шаймерденов Ербол  
Шеңгелбаев Бақытжан

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Аңыздық жырлар*

89 ТОМ



УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз-7  
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік  
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Өлбеков Т.,  
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**

Өлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қалижанов У., Қасқабасов С.А.,  
Қирабаев С.С., Қорабай С., Қосан С.

**Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:**

Алпысбаева Қ. (*жауапты шығарушы*), Өлбеков Т., Елесбай Н.

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2012.  
Т. 89: Аңыздық жырлар. — 2012. — 432 бет.

ISBN 978-601-292-640-8

«Бабалар сөзі» сериясының 89-томына «Алдар көсе», «Алаша хан»,  
«Қорқыт», «Асанқайғы», «Қызқұлаған», «Сайрам аңызы», «Еділ мен  
Жайық батыр» т.б. аңыздық жырлар енді.

УДК 821,512,122  
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-292-640-8 (т. 89)  
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2012  
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2012

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады. Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған сексен сегіз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, қара өлең, ертегілер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер т.б. шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Ру аңыздарының», «Аңыздық жырлардың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 89-том жыр үлгісіндегі аңыздарға, яғни «Аңыздық жырларға» арналады. Себебі жүзтомдық топтаманы баспаға дайындау барысында Орталық ғылыми кітапхана мен Институттың қолжазбалар қорында сюжеттік желілері мифологиялық, ертегілік, көбіне аңыздық

оқиғаларды қамтыған жырлар көптеп сақталғаны, бірақ олардың дені ілгергі-бергі кезеңдерде басылым көрмегендіктен, жеке жанр ретінде ғылыми айналымға енбегені мәлім болды. «Аңыздық жырлардың» негізгі тақырыптары әр дәуірдегі тарихи тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне (Алдаркөсе, Алаша хан, Қорқыт, Асанқайғы т.б.) және аспан денелері мен жерсу атауларына (Шолпан, Есекқырған, Сайрам, Қызқұлаған т.с.с.) байланысты болып келетіні байқалды. Бұл реттегі аспан денелеріне қатысты әңгімелер халықтың мифтік санасымен бірге туындап, жад арқылы ұрпақтан-ұрпаққа таралып, кейін жырға айналғаны айқын көрінеді. Тіпті, кейбір тарихи, мекендік аңыздардың XX ғасырдың бірінші жартысында жырланып, жыршылардың шығармашылығына енгендігіне көз жеткізуге болады. Мысалы, «Шаябай» жырындағы мына өлең жолдары бұл пікірді толық айғақтайды:

Екі егіз, сом біреуі дара біткен,  
Терең сай бөлініп тұр аражікпен.  
Қос шоқы сыңарының басындағы  
Тас зират ескі, көне мұра тіптен.

Мұндағы ескі тас зират жатқан Екі егіз — қазаққа жанашыр болған Шаябай атты қалмақ батырының есіміне байланысты қойылған қос төбе. Зираттың әбден мүжіліп, көнеруі де, жырдың құрылымы да оның кейінгі кезеңдерде туындағанын аңғартады. Құрастырушылар бүгінгі күнге дейін қалың оқырманға, ғылыми ортаға белгісіз болып келген бұл жырлар жарияланғаннан кейін арнайы зерттеу нысанасына айналуға тиісті деп есептейді.

Топтаманың алдыңғы төрт томы «Тарихи аңыздарға» арналғандықтан, құрастырушылар оқырмандарды сол басылымдардың қысқаша құрылымымен таныстыра кетуді жөн санайды.

Алғашқы томға (85-томға) VI-XVII ғасырлар аралығында өмір сүрген Бәйдібек би, Қорқыт, Алаша хан, Майқы би, Аяз би, Қожа Ахмет Ясауи, Хакім ата, Өзбек хан, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, Өз-Жәнібек, Асанқайғы, Жириенше, Есім хан, Тоқтамыс хан, Ер Едіге, Ер Тарғын, Абат, Шора батырлар т.б.

тарихи тұлғаларға қатысты аңыздар; екінші томға (86-томға) Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Қазақ Ордасының мемлекеттілігін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуда ерекше рөл атқарған Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты кемеңгер билер мен Қабанбай, Бөгенбай, Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Олжабай секілді даңқты батыр-қолбасшылардың жорық жолдарын баяндайтын туындылар; үшінші томға (87-томға) Керей Жәнібек, Райымбек, Бердіқожа, Жанайдар, Жидебай, Байқозы секілді батырлар мен Бекболат, Тіленші, Досбол билер т.б. тарихи тұлғаларға байланысты халық шығармалары; төртінші томға (88-томға) XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдағы қазақ қоғамын, тарихи оқиғаларды, әлі де болса ел тәуелсіздігін сақтап қалғысы келген хан-сұлтандардың, елбасыларының, батырлардың сыртқы жаулармен өткізген күрестерін, олардың ұлт-азаттық сипаттағы көтерілістері мен қозғалыстарын суреттейтін аңыздар топтастырылды.

Оқырмандарға жол тартып отырған 89-томның құрылымы «Тарихи тұлғалар мен қайраткерлер туралы аңыздық жырлар», «Топонимдік аңыздық жырлар» атты бөлімдер аясында жүйеленіп, алдыңғы бөлімде «Алдаркөсе», «Алаша хан», «Қорқыт», «Асанқайғы» (2 нұсқасы) сияқты жырлар, кейінгі бөлімде «Есекқырған», «Қызқұлаған», «Еділ мен Жайық батыр», «Сайрам аңызы», «Шаябай» сынды туындылар қамтылды.

Томда қамтылған мәтіндердің негізгі бөлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорларында сақталған М.Бөжеев, Б.Адамбаев т.б. ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинап, хатқа түсірген материалдарынан, сондай-ақ Бөжей Мыңғатұлының, Әбдіман Имандосовтың, Нұрқасым Нұрғалиевтың, Жүсіпхан Жұртбаевтың, Ілияс Ысқақовтың, Бәдел Тұрсынбаевтың, Солтан Мәжитұлының, Көшен Елеуовтың, Сайлаубек Жақыповтың, Еркін Құлпейісовтың қолжазба мұраларынан алынды.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар

және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен күйшілер туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,0 б.т.





МƏТИНДЕР





# Тарихи тұлғалар мен қайраткерлер туралы аңыздық жырлар

## АЛДАРКӨСЕ

Бүгіні жоқ ертеңі,  
Үш бу жаздым ертегі.  
Ескі сарын ертеде  
Ертерек өткен ер көбі.

Қиыстырар ақындық,  
Айта білсе қызыл тіл.  
Қазаққа бір жақындық  
Алдардың бар, мұны біл.

10 Ескіден қазақ ұнатқан  
Мақтау сүйген әңгіме.  
Бөтен тілді жолатпан,  
Кірсе кірер, қаңғыма.

Шын аты ұмтылған,  
Алдаркөсе — елде аты.  
Момын емес құр тұрған  
Алдамшының санаты.

20 Алдар десе айтпайды,  
Біздің қазақ алдамас.  
Не болса да қайтпайды,  
Алдарын да аңдамас.

*Бірінші тарау*

Пәлен дерлік жылы жоқ,  
Тұсы Жәнібек тұсында  
Бір момын шал болыпты,  
Тым-ақ кедей құрбысында.

Ханы екен өз Жәнібек,  
Бұл шал емес тіпті тек.  
Сол бір өткен заманнан  
Мен айтайын біраз кеп.

30 Әмірші боп халқына  
Жәнібек дәурен сүріпті.  
Біз сықылды артына  
Ісімен үлкен білікті...

Аты — Құжыр бұл шалдың,  
Мекені шаһар сыртында.  
Қарасы жоқ һеш малдың,  
Жүріпті жаяу жұртында.

40 Шалдың халін сұрасаң,  
Зор бай емес орасан.  
Адам көркі — шүберек,  
Ағаш көркі — жапырақ,  
Бар киімді қақырап,  
Кедейліктен тақыр-ақ.  
Төсенгені топырақ,  
Жамылғаны жапырақ.  
Білсе дағы білмейді,  
Көрсен дағы көрмейді,  
Кедейліктен соқыр-ақ.

50 Үш ұлы бар, кемпірі жоқ,  
Малда саулық ешкісі.  
Кедейліктен кемтігі жоқ,  
Кигені әркім ескісі.

Соқталдай боп сорайып,  
Үш баласы ержетті.

Шалмен қатар зорайып,  
Шал наразы еңірепті.

Тамақтары үлкейді,  
Шал мен ешкі көртейді.  
Шал ой түсіп көркейді,  
Отырып, тұрып, жантайды.

- 60 Балаларын шақырып,  
Жөтеліп, азырақ қақырып.  
Ақылын жиып ойланып,  
Сөйлер кісі бойланып.

Осылайша сөйлейді,  
Тамағын кенеп күйлейді.  
— Үстімде жоқ үй, — дейді, —  
Менен кетті күй, — дейді.

- Қартайды ешкі өкеңмен,  
Ержетіңдер мамырлап.  
70 Құлағың бұр шекеңмен,  
Сөйлемендер даңғырлап!

Атаңнан қал-жай кетті,  
Ақыл айтуға ой кетті.  
Қызыл кетті, май кетті,  
Үш баласы ержетті.  
Мені жөндеп асыраңдар!

- Үйретпедім өнерді,  
Бір ауыз айтам насихат.  
Үлгі қылам қай ерді,  
80 Ата сөзі жазған хат.

Үшеуің ойла ішіңнен,  
Көңілдерің не сүйер?  
Өнер шығар осыңнан,  
Өсіп-өніп дүрдиер.  
Қарекет ет сонымен,  
Сүйгенінен жалықпас.  
Айланбаңдар өңгемен,  
Болмасандар балқыбас.

90 Айт әуелі үлкенің,  
Ортаншың айт онан соң.  
Қызығы көп дүниенің,  
Кенже соң айт болған соң.

Үлкені айтты: — Әй, ата!  
Егінді сүйер көңілім,  
Ойымда жоқ іс қата,  
Егінмен өтсін өмірім.

Ортаншы айтты тағы да:  
— Көңілімде қой бақсам,  
Маған деген бағы да,  
100 Мал дегенде зар қақсам.

Кенжесі айтты: — Алдайын,  
Болса да жын арбайын.  
Дәп осылай мән-жайым,  
Көңілімде дап-дайын.

Шал:

Батасын беріп, қол жайды,  
— Болыңдар, — деп, — осымен,  
Алла, — дейді, — қолдайды,  
Әркім болсын досымен.

110 Үлкені алды соқаны,  
Ортаншы алды таяғын.  
Кәдір тұтып батаны,  
Кенже қылды аярлығын.

Екеуі шалды асырады,  
Асырады жақыннан.  
Кенже қулық асырады,  
Шын жүйрік шыққан тақымнан.

### *Екінші тарау*

Темір таяқ қолында,  
Азығы бар жанында.

- 120 Жөнеледі жолына,  
Жайқайды оңды-солына...
- Жүре-жүре талай күн,  
Түніменен өтіпті.  
Жүріс-тұрысы бейне жын,  
Заңғар тауға жетіпті.
- Қараса, бір жан аспас  
Жалама тас жап-жалтыр.  
Аспақ түгіл жанға қас,  
Бұлттан асып құлағалы тұр.
- 130 «Қиыннан бетім бұрмайын,  
Не қылсам, — дейді, — асайын.  
Таяғым асыл дап-дайын,  
Мұнымен басқыш жасайын».
- Дамыл алмай күндіз-түн,  
Бедерлейді жартасты.  
Үсті-басы болды жүн,  
Басына таман жармасты.
- 140 Әбден қатып сілесі,  
Басына шықты бір күнде.  
Кіресілі есі шығасы,  
Әлсірепті бұл мүлде.
- Ұйықтап қапты болжырап,  
Болжалы жоқ неше күн.  
Халі кетіп қалжырап,  
Жартас қашап күндіз-түн.
- Оянса Алдар ес жиып,  
Қабын тесіп, етін жеп,  
Шоқып жатыр селтиіп,  
Ұшайын деп қыбылжып.
- 150 Бір-ақ қақты тап беріп,  
Тұзақ тастап ыңғайлап.  
Ұстай алып шап беріп,  
Беткітіп алды жіп байлап.

Қолға түскен оқшауда  
Байғыз екен осы құс,  
Мекендеген сол тауда,  
Тышқан жейді, жүрмес бос.  
Бір жем үшін ұшты ғой,  
Кейде қызыл болмас дос.  
Михнатқа түсті ғой,  
160 Табылар кімге тамақ бос.

Жарар дейді керекке,  
Байғыз да болса олжа ғой.  
Жарамаса керекке,  
Жоя берсем қолда ғой.

Көзін салса жан-жаққа,  
Бауырында отыр бір ақ үй.  
Қазақ па осы, қалмақ па?  
Жұмыртқадай үй бірдей.

170 Таң-тамаша жайлары,  
Үй отырған һәм сайы.  
Тас бастаулы маңайы,  
Түрлі-түрлі баурайы.

Төрт түлікке толыпты,  
Мыңрады мың-мыңнан.  
Жарқырайды көлдері,  
Шағылысады көздерің.

180 Қараса көзін айырмай,  
Балықтары жайындай.  
Түрлі-түрлі құстары  
Қонып ұшар тобымен.

Толып жатыр аңдары,  
Жайылады шоғымен.  
Бұрынғы шығып есінен,  
Таудан түсті басқыштап.  
Қуанады ішінен,  
Байғызын Алдар қолға алып.



- 190 Жетіп келді кешікпей,  
Үкідей ұшып ақ үйге.  
Ақырын басып естіртпей,  
Түсемін деп не күйге.
- Сығалады жабықтан,  
Байқайын деп үй ішін.  
Ақырын басып алыстан,  
Көрді анық өңі-түсін.
- Бір жігіт пен бір әйел  
Сүйіседі жақындап,  
Күліседі сақылдап,  
Текешіктей бақылдап.  
200 Ұрғашысын еркегі  
Айналдырған тақымдап.
- Қарамайды жан-жаққа,  
Естері шығып мас болған.  
Көңілдері ауып бір жаққа,  
Көсені көрмес бас баққан.
- Жылқыға кеткен бағана  
Үйден шығып жалғыз бай.  
Қызыққа батып жатыр өне,  
Көңілдері болып жай.
- 210 Шың ішінде мекені,  
Бөтен жақпен ісі жоқ.  
Қазы-қарта жегені,  
Әйеліне көңлі тоқ.
- Белін бүгіп іргеден,  
Тамағын Алдар кенеді.  
Мұндайды бұрын көрмеген,  
«Тамаша екен һәм» деді.  
Жігіт серкедей секірді  
Ши ішінде сандыққа.  
220 Сандық тісі тырс етті,  
Мышығы кірді бір қарғып.  
Көлбеп жатып күрс етті,  
Көрді Алдар бір ырғып.

Кіріп келсе ақ үйге,  
Сылдыраған келіншек.  
Қызара бөртіп күйінде,  
Маң-маң басқан еріншек.  
Қырынып-тұжырынып сөйлейді,  
Шығар-шықпас дыбысы.  
Өзін-өзі күйлейді,  
230 Ішінде бар қырысы.

Кербездікпен күлтілдеп,  
Ішті-тысты киінген.  
Шолпылары шолпылдап,  
Шын бұраң бел иілген.

Сыны менен сыры бар,  
Салмай қоймас ойға шоқ.  
Ер қызығар нұры бар,  
Болмаса бір жаны жоқ.

Үйдің іші тамаша,  
240 Жаннан асқан жабдығы.  
Бұл келіншек өзгеше,  
Адамда жоқ пандығы.

Салтанаты жан асқан,  
Жалт-жұлт етер көуһәр тас.  
Кигені жібек асылдан,  
Сәніне ешкім таласпас.

Қайсыбірін қарасын,  
Алдар желдеп барады.  
Сабаның көріп қарасын,  
250 Алдардың көңлі шарада,  
Шыдай алмай сұрады.

Келіншек: — Лұқсат, іш, — деді,  
Қымыз ішіп төңкерді  
Тәуір көрген шараны.  
Тойып алды ыңқылдап,  
Екі бүйірі бір шығып.  
Түрленеді қутаңдап,  
Күлмес қағып шиырығып.

- 260 Ой ойлады ішінен,  
Келтірмекші керегін.  
Бойындағы амалмен  
Таппақшы өз қорегін.

Үш-төрт сағат болған соң,  
Жылқыдан келді бай байғұс.  
Шаршады бай өбектеп,  
Әрбір малын бір айдап.  
Сиырларын «өк-өк» деп,  
Жылқыларын «құрулап»,  
Ешкі-қойын «құрғайлап».

- 270 Егде тартқан жасы бар,  
Әуре болған басы бар.  
Сағалы болған көк бурыл,  
Ішінде бар жарасы,  
Шал байдың жоқ баласы.

Алдарға қарап шамданып:  
— Келдің, — дейді, — сен қайдан?  
«Неткен жан» деп таңданып.  
— Жөніңді айт, — дейді, — оңдайлан! —

- 280 Мінезің жұмсақ байғұссың,  
Жан қинаған қай жансың?  
Жалынбысың, данышпан,  
Екі бүйірің қабысқан?

Жас балаға таяусың,  
Адастың ба шабыстан?  
Шын құмысың жабысқан,  
Батырмысың алысқан?

- 290 Аурумысың қан құсқан,  
Ашулымысың аңдысқан?  
Жердің жүзін тауысқан  
Көпеспісің ауысқан?  
Не білесің алыстан,  
Ұзынқұлақ дабыстан?

Алдар сонда сөйлейді,  
Тамағы кенеп күйлейді:

— Үстіндегі ақ орда —  
Жаннан асқан үй, — дейді.  
— Болмасаңыз мал қорда,  
Үлкен байсың сен қорда,  
Мал біте ме бір қорға!

300 Менің жайым сұрасаң,  
Таң қалғандай орасан.  
Атым шыққан балшымын,  
Қан алғызсаң, қаншымын.  
Қайғылы мен дерттіге  
Жан беретін тамшымын.

Баласы жоққа ұл болам,  
Құлы жоққа құл болам.  
Сатуыңа бұл болам,  
Һәрбір түрлі қыр болам,  
310 Ішіндегі сыр болам.

Жолымда бар бір құсым,  
Ойымда сөз ісім.  
Батыл біліп тұрады,  
Білгіштігі ересен.

Осы ғана байғызым,  
Бек пайдалы өзіме.  
Көтерілді жұлдызым,  
Құлақ салар сөзіме.  
Осы құс қолға түскелі  
320 Мал көрінбес көзіме.

Бұл дүниеде армансыз  
Осы құсты ұстаса,  
Ие болмайды дәрменсіз,  
Шыны бір көп қысылса.

Құстың жайы айтылды,  
Байым, енді білдің бе?  
Бұл бір білгіш айтулы,  
Әлде маған күлдің бе?

- 330 Осы байғыз бақ-дәулет,  
Мал менен бас орнайды.  
Бәлекеттер, әрекет  
Осы байғыз қозғайды.
- Байғыз, міне, мен, міне,  
Бал аштырсаң, даярмын.  
Қаңғып мені жүр деме,  
Даңқыңды жұртқа жаярмын.
- «Не айтсам да өз еркім» — деп,  
Көмекейі бүлкілдеп,  
Бай сөйлейді балпылдап,  
340 Көз айырмай жалпылдап.  
«Сөзді тыңда жайқын» деп,  
Сақал-мұрты желкілдеп.
- Үстімде орда үй, — дейді, —  
Салтанатым жан асқан.  
Осымды, жігіт, түй, — дейді. —  
Кім пар келер таласқан?  
Мен айтайын бір бастан.  
Менен бала тумады,  
Бала түгіл, әуелі,  
350 Әйелдерім тұрмады.  
Алты қатын алып ем,  
Алтауы да өлген дүр,  
Малды маған берген дүр.  
Қанша жасау малменен  
Мына қатын келген дүр.  
Мені жақсы көрген дүр,  
Жұртын қиып тұрған дүр.
- Жас қызығын мен көрдім,  
Бас қызығын көрмедім.  
360 Байғызыңнан не білдің?  
Мен баласыз сенделдім.
- Берер ме екен баланы,  
Бал аша көр, жігітім.  
Құдайдан бар үмітім,

Қырықтың бірі қыдыр-ды,  
Ем-дом болса айта көр,  
Сұрқия шайтан құрғырды!

370 Байлап алып кете көр,  
Шын көзің көре гөр.  
Ақыны, жарқын, аяман,  
Қабыл етсін еміңді.

Алдар сонда сөйлейді  
Ғәр формаға бір түсіп.  
Көсе айтқан сөздерді  
Отыр бай тыңдап құртысып.  
Байғызын Көсе қолға алды,  
Алдап соқпақ бай шалды.

380 Алақ-бұлақ көз ашты,  
Байғызына жанасты.  
Келіншек шал бақласты,  
Көзі болды шапраштай.

Алласына сиынды,  
Әнбиеге сиынды,  
Әулиеге сиынды.  
Өзі білген аруақтан  
Сиынбаған қалмаған.  
Тамсандырды бай шалды,  
Алдардың тілі сарнаған,  
Ес шығарып арбаған.

390 Сөзінің бөрі сиымды,  
Бай сөзіне ұйыды.  
Керек етпей бұл отыр,  
Азын-аулақ тиынды.

Байғызына «сөйле» деп,  
Екі-үш рет иілді.  
Байғызы сонда далпылдап,  
Қанат қағып жалпылдап,  
Амалын тапқан Алдар ғой,  
Қара сандыққа қарады.

400 Шұқып еді шиінен,  
Шиі шыға жаздады.  
Шарылдады байғызы,  
Шырылдады байғызы.

Алдар басын шайқайды,  
— Япырм-ай, балам, қалай-ды?

Көріп едім талайды, —  
Деп сөйлейді күбірлеп.  
Аузы-басы жыбырлап,  
Жігіт жақтан сандыққа  
410 Ала көзбен қарайды.  
Һәрбір жерге бөгеліп,  
Бір томсарып, бір күліп,  
Айбат шегіп тұрады.  
Қара сандықты түрткілеп,  
Құлағын тыңдап тұрады.  
Сұқ қолымен шерткілеп,  
Жұдырықпен ұрады.

Алдар берді жауабын  
Байға ашқан балынан.  
420 — Бері тыңда, әй, байым!  
Үйіңде бір кесел бар,  
Түсіндірем мән-жайын,  
Бұғып жатқан мешел бар.

Аңдып жатқан бұл дажал,  
Ол өзіңе ең ажал.  
Ойламаңыз бұл ойым,  
Түрлі-түрлі менің ойын.  
Тағы-тағы барлайын,  
Дәу-періме нақ өзі,  
430 Антұрғанның тап өзі,  
Мен білемін жын жайын.  
Қара сандық ішінде  
Қара бала жатыпты.  
Жібек көрпе үстінде  
Қызық қызметке батыпты.

Бала жейді сол пәле,  
Бітірмейді қатынға.

- Жорғалайды сол пәле,  
Келмейді екен атуға.  
440 Құс төсектің үстінде,  
Кебежейін үстінде,  
Қара саба қасында,  
Балаға қас бәлекет  
Жатыр екен осында.  
Қылмайды екен қарекет,  
Ішеді екен, жейді екен.  
Арғы затын сұрасаң,  
Дию-пері дейді екен.  
Өзің барып қарасаң,  
450 Өзің талып қаласың.  
Қатындардың ішінде  
Жейді екен ғой баласын.  
Шиі ішінде асыңнан,  
Қолы жетіп қасынан,  
Ішеді екен, жейді екен,  
Жатқаны осы бір мекен.
- Бересім жоқ аласы,  
Көзімнің жоқ аласы.  
Көкірегің жоқ қарасы,  
460 Сөзімнің дәл расы.  
Айдауға бұл диюды  
Балгердің келер шамасы.  
Басын кесіп аламын,  
Маған болса таласы!
- Бай ойлайды ішінен:  
«Бала ғой» деп балгерін.  
Нашарсынып пішінін:  
«Маған, — дейді, — бұл көрім,  
Ақы-мақы беремін,  
470 Көп сұраса көрермін», —  
Деп ойлайды осы бай,  
— Ақы, — дейді, — насыбай.
- Ырза болсын қатыным,  
Арапшы кетсін бойынан,  
Емдетпесем сырқатын,  
Кетпес қатын ойынан.



Бала бітер қатынға,  
Осы дерттен жазылса.  
Қалсын бала артымда,  
480 Жас қалды жасарар аз жылша.

Бай айтады: — Әй, жігіт!  
Болар мекен бір үміт,  
Кетер мекен әрекет?  
Дертті жазсаң, жігітім,  
Малымнан мал берейін.  
Баладан бар үмітім,  
Алтын-күміс берейін.  
Қуып жібер бөлені,  
Көзімменен көрейін.  
490 Көрсетпесең бөлені,  
Сөзіңе несін ерейін!

— Олай болса, — дейді Алдар, —  
Ойлаймысың мені алдар?  
Қуалауға мен даяр,  
Қандай пәле болса да,  
Пәле шіркін кімді аяр?  
Құр шыбыны қалса да,  
Сұрасаңыз қалайша,  
Менің ойым былайша:  
500 Керек екен ыстық су,  
Оңай емес бұл бір қу.  
Тоқта, сабыр, асықпа,  
Мен қылайын үлкен ду.

Кілтпен ашып сандықты,  
От басына әкеліп,  
Өзіңе әбден аңдытып,  
Жақынырақ тақалып,  
Мен құямын ыстық су,  
Сүйтіп берем сазайын.  
510 Келген екен бұл өзі  
Қатыныңмен жабысып.  
Қатын білмес диюды,  
Күнде жүрер табысып.

- Бай береді рұқсат,  
Емдетпекке қатынын.  
Алдар айтты: — Бүгін сәт!  
Отқа салып отынын,  
Қайнатады қазанды.  
— Сандыққа су құям, — деп, —
- 520 Тарттырам, — деп, — жазасын,  
Екі көзін ойам деп.  
Диюдың бұл төресі,  
Болар дейді төбелесі.  
Егер болса сәулесі,  
Болмас деймін дәмесі.  
Қашпай жатса, байлаймын,  
Тас төбесін шайнаймын.  
Аяқ-қолын кісендеп,  
Домалатып айдаймын, —
- 530 Дейді осылай сарындап.  
— Жөнелмесең, диюым,  
Тыңдамаймын зарыңды.  
Алдардың сөзін есіткен  
Жігіт әбден сасады.  
Сандықтың аузы жабылған,  
Енді қайда қашады?  
Сандық болды қасірет,  
Алдар және бөлекет,  
Жігіт болды арам ет.
- 540 Келіншек тұр қуанып  
«Дию» деген жөнінен.  
Жігіт жатыр қуанып  
«Құю» деген жөнінен.
- Өзер-мөзер көтеріп,  
Бай мен Алдар екеулеп,  
Сандықты отқа әкеліп,  
Отты қойды көсеулеп.
- Сандықты ашты бір бұрап,  
«Кет, кет, — дейді, — сандықтан!»
- 550 Атып кетті бір адам,  
Асқан сұлу сияқты.

Бір қадамы — он қадам,  
Қара мұрты қияқтай.

- «Немене?» деп көздерін  
Алақандай ашады.  
Сөйлей алмай сөздерін,  
Бай төріне қашады.  
Жатқан жігіт тың-тыңдап,  
Жөнеледі жігіт жөніне.  
560 Лажы бар ма, не шара?  
Ұяттың жетіп шегіне.  
Толып жатқан мәмлесі,  
Жыршы қайтіп жырласын,  
Бәркім өзі аңдасын.

Шошыды бай сескеніп,  
Есі кетіп жығылды.  
Күл сипаған беттеніп,  
Түсі байдың құбылды.

- Алдар да тұр қуанып,  
570 Келіншек тұр қуанып.  
Талып есі кірген соң,  
Бай да орнынан тұрады.

Бөлекетін қуған соң,  
Айтқан малын сояды.  
Айтқанындай болған соң,  
Бай таласты қояды.  
Диюды қуып жіберді,  
Енді несін аясын?!  
Бөле кетті, көзі көрді.

- 580 Пайданы қумай осы бай,  
Сөз сөйлейді осылай.  
— Саудасы бар ма құсыңның,  
Жөні бар ма осымның?

Сатылар айт дәл басын,  
Қасиетті құс екен.  
Осы құспен біраз күн  
Бай да көңлін ауласын.

- Құс бағасын сұрасаң,  
Мен айтайын бағасын.
- 590 Маған сатқан иесі  
Кейін болды арманда.  
Құсыма бердім қырық жылқы,  
Құсымды сатып жіберіп,  
Болармын әлде мен күлкі.  
Елу жылқы берсеңіз,  
Қуантайын досымды.  
Он-ақ жылқы қосылды,  
Осыдан біл босымды.
- 600 Арзан, білші осымды.  
Несіне босқа мақтайын,  
Құс өнерін көрдіңіз.  
Мұндай құсты балгерлер —  
Ғаламда жоқ дәргерлер.  
Алам десең, алыңыз,  
Құба құсым болсын құт.

- Құсты бай сатып алады,  
Қызығып тіпті барады.  
Алмай қайтып қалады,  
610 Көңілі құсты қалады.

- Елу аттан артық жоқ, —  
Дейді бай сонда: — Елуді ал.  
Бір айтқан соң қайту жоқ,  
Біреуін таңдап мініп ал.  
Баймен болдың сауда дос,  
Асыл бұйым берем бос.  
Байдың болсын көңлі қос,  
Құс тілін айтып беріңіз,  
Төленеді теріңіз.
- 620 Сатып әдей алған соң,  
Тілін үйреніп көремін.  
Егер тілін білмесем,  
Керегі жоқ бұл құстың.  
Біліп тіліне ермесем,  
Түкке тұрмас білгішің.  
Тілін анық білмесем,

Алмаймын деп бұл құсты,  
Тілін анық үйрет, — деп,  
Бай Алдарды бір қысты.  
630 Айтпаққа Алдар міндетті,  
Құсының тілін анықтап.  
Айтады қайда қиыр шетті,  
Тіл бара ма анықтап.  
— Құсым жайын айтайын,  
Жарықтығым, білгішім!  
Сатылды арзан бұл құсым,  
Шырылдайды бұл құсым.

Қалады-ау сізді білгішім,  
Күйеді ғой енді ішім.  
640 Екі жұма құсымның  
Азасы бар білсеңіз.  
Дәл он төрт күн болғанда,  
Тілін сонда білесің.  
Құлағың үйір болғанда,  
Көзіңменен көресің,  
Осымды ұқ, әй, байым!

Маған болды уайым,  
Үйде, түзде болушем,  
Һәрбір жерде жүрушем,  
650 Қиыншылық көрушем.  
Қандай қиын болса да,  
Осы құстан білушем.  
Маған енді қиын дүр,  
Маған берген елу ат  
Елу шақты тиын дүр.  
Осындай құс болмайды,  
Сатқан кісі өзі де,  
Жуық арада оңбайды.  
Ақылым менің көзімде,  
660 Сор бар екен өзімде!  
Осы байғыз сияқты,  
Тұмсығы мынау сияқты,  
Байғызда да болмайды,  
Бірге жүрген сырласым,  
Қиыншылық іс көрсем,

Мұңымды айтар мұңдасым!  
Бар ақылым осы еді,  
Қаңғып қалды-ау бұл басым.  
Ішім ашып барады,  
670 Ғеш болмаса құсыма  
Қош айтысып қалайын, —  
Дегенде Алдар, бай айтты:  
— Жөнін білдім, жігітім,  
Керегі жоқ үгіттің.  
Расына көз жетті,  
Бәлені көрдім шын кетті,  
Бірі рас болса, бөрі рас.

Жылап-жылап бұл Алдар,  
Өзер алды елу ат.  
680 Тез жөнелді, көңлі шат,  
Көп тұрарға уақыты тар.  
Қыла алмайды біраз дөт,  
«Аман-есен, қош!» десіп,  
Байдан киім киініп,  
Қол ұстасып қиылып,  
«Қош-қош!» десіп айрылды.  
Қуанышты бай қалды,  
Байғызға көңлі жайқалды.  
Өзін-өзі қайрайды,  
690 Көңлінде һәр сыры  
Сыр ішінде бір сыры,  
Жас болуды ойлайды.  
Шыдай алмай іште сыр,  
Жас болуға лепіп тұр.

### *Үшінші тарау*

Айдай-айдай аттарын,  
Алдар кетті жолына.  
Тағы бір таудың баурында  
Көрінеді бір тайпа ел,  
Бетегелі сары бел.

700 Қойлар жатыр жусанда,  
Түйе жатыр сортаңда.

Жылқы жейді бетеге,  
Ешкі тастан кете ме?  
Сиыр оттар өлкеде,  
Қарауылшы желкеде.

Алдар келді аттарын,  
Көшіп жүрген ел екен.  
Сұрап көрсе жайларын,  
Басқа ханның жері екен.  
710 Енді Алдар бұл өзі  
Жылқышыға сөйлесті:

— Қандай, — дейді, — мінезі?  
Еліңнің деп кептесті.  
Дейді қандай ел өзі?  
Көңлінде һәр сөзі.  
Ойланады түрлі істі,  
Жақын менен алысты.  
Арзан-қымбат табысты,  
Түзулікпен шалысты.

720 Қайғылы мен зарлыны,  
Арсыз бенен арлыны,  
Сұлу менен сымбатты,  
Сұлу қызды, малдыны  
Көбірек сұрап ымдапты.  
Жылқышыға жымыңдап,  
Елдің сырын тартыпты.

Жылқышы айтты: — Кім едің?  
Жөніңді маған айта бер.  
Әбден елді сұрадың,  
730 Әбден жерді сұрадың,  
Жөніңді енді айт және  
Қайда болар тұрағың?  
Сұрағың келді, сұрадың,  
Менің де келді сұрағым.  
Кірпігің қатып кезеріп,  
Кірмепті сенің сүреңің.  
Айдапсың жалғыз елу ат,  
Ер көрінет жүрегің.

- 740 Жөніңді айтып аңқылдат,  
Сірө, бар ғой бір тегің.  
— Менің жайым сұрасаң,  
Пәлән еді еліміз,  
Түген еді жеріміз.  
Жаннан асқан жезтаңдай  
Атам аты — Мағлұм бай.  
Байдың ұлы мен қандай?  
Іздегенім сұлу қыз,  
Табамын деп мен жүрмін.  
750 Қыз жаратпай кезіп жүрмін,  
Жаман қыздан безіп жүрмін.  
Кәрілік қуып жетед деп,  
Ғұмыр қысқа өтед деп.  
Елу атты жетектеп,  
Қайдан сұлу табылса,  
Қарғыбауға беремін.  
Құда түсіп болған соң,  
Қалың малын беремін.  
Жылқышы айтты қыз жайын:  
— Бір көрім қыз, — деп, — дайын.  
760 Бай баласы екенсің,  
Байдың қызын айтайын.  
Іздегенің қыз екен,  
Өзің мырза екенсің.  
Аяп қызды қайтейін,  
Теңі қыздың екенсің.  
Осы күнде күйінде  
Бір сұлу бар бұраң бел.  
Күйеу болшы қызына,  
Қызды сүйсең қызыға.  
770 Қыздан болсаң үмітің,  
Ұнамастық сипатты  
Саған айтып қайтейін.  
Сайға таман барсаңыз,  
Жадыңызға алмассыз.  
Түрлі-түрлі бөйшешек  
Құбылады түрленіп,



- Жаудырайды нұрланып,  
Сақымданып һәрбірі.  
Көңіліңді аударып,  
780 Қайғы-дертті жалғарып,  
Еріксіз етіп өзіңді,  
Айрылтпайын көзіңді,  
Көңліңдегі сөзіңді.
- Еріксіз буып қояды,  
Қасіретті көңілің.  
Рахатқа тояды,  
Толқысиды бар нұрың.  
Көңілің сенің жай болып,  
Рахатқа бай болып,  
790 Көңілдің шығар арманы.
- Түріне ұқсар түрі бар,  
Нұрына ұқсар нұры бар.  
Түрлі-түрлі қызы бар,  
Хор қызындай сыры бар.
- Бұл қыздың тыңда, жігітім,  
Жаудыраған көзі бар,  
Таңқалғандай сөзі бар.  
Көзқарасы сызылып,  
Қарағанда тұрасың,  
800 Саның ауып бұзылып.
- Лебі тиіп өзіңе,  
Екі беті албырап,  
Шашбаулары салбырап,  
Моншақтары салдырап,  
Екі көзің бұлдырап,  
Мынадайды көрмейсің!  
Не қыларың білмейсің,  
Болсын дейсің маған жар!  
Мінезі келсе мінезіңе,  
810 Сөзі келсе сөзіңе,  
Қыз жараса өзіңе,  
Көзің түсер көзіне.

Мың жылқысы бар еді,  
Осы байдың жылқысы.  
Қара менен сары еді,  
Құла менен ала еді.

Үш баласы бар еді,  
Қосы менен жылқысы.  
Үш ұлы мен жылқысы  
820 Жоғалып тұр жымжылас.  
Елден кетті бәрі тірі,  
Кебенек киген жоғалмай,  
Шын өлген соң кім тірі,  
Кебін киген келе алмас.

Алдар енді ойлайды:  
«Осы байға барайын,  
Осы қызды көрейін.  
Кісі орнына санаса,  
Көтерілер талайым.  
830 Ойнап-күліп жанайын,  
Ұнаулы болса алайын».

Бай аулына келген соң,  
Аттан түспей тұрды Алдар.  
Алыстан сәлем берді де,  
Қыр көрсетпек, сырты паң.  
Сақтаған іште қулық бар,  
Келтірмек ісін көзіне.

Байдың келді білгісі,  
Жібереді бір кісі.  
840 Әлгі келген бір кісі:  
— Кімсің, — дейді, — сен кісі?  
Аты еріккен ер кісі —  
Сыңайы қонақ белгісі,  
Жөніңді айтып бер, кісі.

Алдар айтты: — Мен өзім  
Лайық көрсең, мен қонақ.  
Толып жатыр сыр сөзім,  
Әбден айтам соңырақ.

- 850 Мен пәлен бай баласы,  
Жігіттердің сарасы.  
Қыз іздеген жайым бар,  
Атамыз қазақ мұрасы.
- Алдар сөзін кісі естіп,  
Байға айтты барды да:  
— Қыз іздеген жан екен,  
Қызы жақсы кісіге  
Елу аты бар екен.  
Қарғыбауға беретін  
Жайы-күйі осылай,
- 860 Бүгін қонақ болады.  
Бай ішінен қуанады,  
Дейді: «Күйеу болсын-ай!»
- Ырзалық алып енді Алдар,  
Қонақ боп отыр сол байға.  
Жылқыға қосып аттарын:  
— Ие бол, — дейді, — елу тайға.
- Бастан-аяқ оқиды  
Ойындағы хаттарын.  
Өрмекшідей тоқиды
- 870 Һәрбір түрлі дөттөрін.
- Сөйлеп отыр жұбантып,  
Қояды байды қуантып.  
Жылы-жылы сөз айтып,  
Шық тигізбей сөйлейді.  
Сонда Алдар өзіне  
Жиылған ауыл адамын  
Жаратып алды сөзіне.
- Алдар көрді бай қызын  
Жылқышы айтқан сымбаттан.
- 880 Бөтені жоқ, түрі бар,  
Үстінде киім қымбаттан,  
Екен сұлу көз тартар.
- Құда түсіп осыған,  
Елу аты береді.

Төре, қожа жосыған,  
Тегісі бірдей келеді.

890 Ат шаптырып, той қылып,  
Түрлі-түрлі сый қылды.  
Қуанғаннан осы Алдар  
Жымияды, күледі.  
Қорғанатын несі бар,  
Не істесе өзі біледі.

900 Атасы айтты: — Әй, күйеу,  
Маған, — дейді, — сен сүйеу.  
Жоғалды ғой балалар,  
Дұшпандар бізді табалар.  
Іздеуге адам таппадым,  
Өзімде жоқ шамалар.  
Екі кісі бас қосса,  
Бізді сөгіп табалар.

Қайда болса іздеп тап,  
Тіріден үміт үзбеймін.  
Біз тұрамыз ғой жабырқап,  
Іздесең, бар тез, — деймін.  
Көрмеген сенің жерің жоқ,  
Бұл жәһәнді кез деймін.

910 Басқа іс түссе ер жігіт,  
Ажарланып өрлейді.  
Еңсесі түсіп қор жігіт,  
Күннен-күнге терлейді.  
Алдар айтты: — Әй, ата!  
Маған берші шын бата.  
Қарайын да табайын,  
Оларды іздеп таппасам,  
Не қызметке жарайын.

Қос ат алып жөнелді,  
Жүйрік пен беркінен.  
Жүзігін және қыз берді,  
Шын жұптілік еркімен.

- 920 Сол бетімен жол жүріп,  
Жиырма күн мол жүріп,  
Бір аралға келеді.  
Алаңдамай желеді,  
Келеді де келеді.  
Жайылып жатқан көп жылқы,  
Үйір-үйір топ жылқы.  
Сол жылқының ішінде  
Бір жылқышы жүр екен.
- 930 Білмекке кім екенін,  
Қасына таман барады.  
Келе сала сұрады,  
Жан көрмеген жылқышы  
Жыламсырап тұрады.  
Алдар кезген жыл құсы,  
— Кімсің? — деп о да сұрады,  
Жөнін біліп жылады.
- Екеуі кетті жарысып,  
Аттарының басы қарысып.  
Шауып кетті бет түзеп
- 940 Аанадай тұрған бір қосқа.  
Қостағылар ет асып,  
Отыр еді жайына.  
Алдар жөнін сұрасып,  
Қыз жүзігін көрісіп,  
Қуанысып күлісіп,  
Күйеу ғой деп білісіп,  
Бір-біріне ұнасып,  
Ел-жұрттарын сұрасып,  
Мәз-майрам боп қалысты.
- 950 Жылқы баққан жігіттер  
Алдарға айтты жайларын:  
— Жылқылар мынау топталған,  
Айдағанға бытырап,  
Асаулықтан айдалмас,  
Қор боламыз жандалбас.  
Бөрі бірдей шу асау

- Біздің жылқы жайылған.  
Амалың болса айта көр,  
Жалықтырды осы жер,  
960 Мезгіл жетті ел көрер.
- Алдар айтты: — Айдаймын,  
Бір хайланы сайлаймын.  
Бір өзім де жайқаймын,  
Жезденің, міне, ағыны.
- Жер айнала шабады,  
Бір құрым киіз алады.  
Сүйретіп жерге салады,  
Жана дабыл қағады.
- Жүйрік атпен қорқытып,  
970 Жылқыларды үркітіп,  
Бір шұқырға салады.  
Мұнысын олар жөн көрді,  
Жылқыны Алдар меңгерді.  
Жиып алып жылқыны,  
Қандырып ап ұйқыны,  
Өлеңдетіп жөнелді,  
Кернеу болды өнері.  
Байдың көңлі жай болды,  
Жылқыны айдап келген соң.  
980 Балалар көңлі сай болды,  
Елі-жұртын көрген соң.  
Ат шаптырып той қылды,  
Қуанышты болған соң.
- Күйеу болып Алдар жүр,  
Бай қызымен жарасып.  
Көп бозбала, боздақтар  
Қыздан қалды адасып.
- Бір жыл болды тұрғалы,  
Салтанатты құрғалы.  
990 Алдар байдың аулында  
Қоңыраулы күймелі,  
Көрсетіп жүр қырды әлі,  
Алғызған жоқ сырды әлі.

Алдарды алып шақырып,  
Жөтеліп алып, қақырып,  
Бір күні айтты атасы:  
— Қартайдым ғой мен, — дейді, —  
Осы сөзді түй, — дейді, —  
Ат басындай алтын тап.  
1000 Армансыз болып өтейін,  
Басыма жастап алтынды,  
Арманыма жетейін.

Елу атты алдым ғой,  
Жылқыма және бардың ғой,  
Қойныңа қызды салдым ғой,  
Риза болып қалдың ғой.  
Жұрттан асқан баймын ғой,  
Қалың малым қалды ғой.  
Қызды тегін бермеп пе?  
1010 Қалың малсыз жүрмін бе?  
Қоямын ба салтымды,  
Ізде деймін алтынды.  
Алтынды іздеп табасың,  
Сүйтіп маған жағасың.  
Көңіліме жақпасаң,  
Күні ертең айдаймын,  
Сені үйіме қоймаймын!

Алтын тауып берген соң,  
Ішім әбден еріген соң,  
1020 Сонда тойды тойлаймын.  
Лақ, тоқты соймаймын,  
Жоғарғы елді шақырып,  
Жорға бие соямын.  
Төменгі елді шақырып,  
Топтан бие соямын.  
Елімді һәм жиямын,  
Жұртымды һәм жиямын.

Алтынды Алдар таппады,  
Жоқты жонып тапсын ба.  
1030 Бай көшеді жөнеліп,  
Алдар қалды шала өліп.

Қызара бөрткен бұл Алдар  
 Құп-қу болып солады.  
 Бұған болсын кім жамбар?  
 Көкірекке шер толады.  
 Доссын болған кей жандар  
 Өзін кекеп салады.

- 1040 Алдар қалды қорланып,  
 Жер ошақта ұрланып.  
 Жатыр Алдар /Кімді алдар?/  
 Екі аяғын кесіліп,  
 Құрым киіз жамылып,  
 Елі-жұртын сағынып,  
 Нашарлыққа бағынып.  
 Жалаңбас күлге көміліп,  
 Қабырғасы сөгіліп.  
 Талай ойды ойлайды,  
 Қызды да ойлап қоймайды.  
 1050 Алдар жатыр ошақта,  
 Қолында жоқ пышақ та.  
 Дәрмені жоқ бұл шақта  
 Қыбыр етер қозғалып.  
 Алдар болды албарлы,  
 Жұртқа тастап Алдарды,  
 Кетті көшіп қасынан.

- 1060 Һәркім өзі қол қойды,  
 Үйдің бауын шешпекке.  
 Жыбырласты көшпекке,  
 Бауын шешіп түндіктің.  
 Шаңырақтан сыпырды  
 Жүгіре басып бір мықты.  
 Туырлық пен үзікті  
 Қыдыра басып сыдырып,  
 Алады бүктеп ыңғайлап.  
 Керегенің басынан  
 Уықты шешті жұлқылап.  
 Бақан тіреп күлдіреуіштен  
 Шаңырақты іліп алды.  
 Керегені айқасқан  
 1070 Таңғышпен орап жиып алды.



Көлік аумай жүрет деп,  
Салынды жүктер реттеп.  
Арқанменен тартылды,  
Біреу жүгін қомдаса,  
Біреу жүгін теңгеріп.  
Арқан орап беліне,  
Біреу жүгін тартады.  
Бар күшімен шіреніп,  
Беліне орап арқанын,  
1080 Жүктің мықтап бұрауын,  
Орап жүр жіппен кей жүкті.

Жүк артылған көліктер  
Меруерттей түзілді.  
Біріне-бірі еріпті,  
Қазаққа осы қызықты.  
— Ата-анасы мұрасы  
Бұдан артық қызық-ты,  
Не бар? — дейді, — сұрашы.

1090 Алға салып төрт түлік,  
Малдарды көшпен айдайды.  
Жамандарлық түрі жоқ,  
Атты-жаяу жүріпті.  
Шамасына ер өрлеп,  
Аттарын баптап сайлаған  
Жігіттер жүр бір бөлек.

1100 Топ-тобымен әр ауыл,  
Я көршілер, я бауыр  
Түйдегімен бір бөлек.  
Үлкен-кіші бірігіп,  
Жас баладай күлісіп,  
Тәуір киім киісіп,  
Топ-топ болып үйіліп,  
Көшпен еріп барады.  
Бесіктегі жас бала  
Күледі о да жымыып.

Көшпей қазақ тұра алмас,  
Сары жұртта отырса.

- Сүт, айранға жарымас  
 Жаңа жұртқа қонғандар.  
 1110 Есебі жоқ пайда алар  
 Ескі жұртқа қонғандар,  
 Пайдасынан айрылар.
- Мал кәдірін білсеңіз,  
 Семіртеді жаңа жұрт.  
 Денсаулықты білсеңіз,  
 Жаңа жұртта қымыз, құрт.  
 Жаңа жұртта жаңа шөп,  
 Мал масайрап түзелер.
- Біреу отқа мінгенде,  
 1120 Біреу тайға мініпті.  
 Еріндіктеп мінгендер,  
 Олар да ере жүріпті.  
 Қалжыңдасып күліпті,  
 «Рақат екен, шын» десіп.  
 Кейбіреулер мінгесіп,  
 Олар да желер «жүр» десіп.  
 Үлкен-кіші аралас,  
 Жалаңаяқ тай мінген.  
 Кей балалар жалаңбас,  
 1130 Бойжеткен қыз, бозбала  
 Ойын-күлкі қызбада.  
 Қалжыңдасып, қақтығып,  
 Біреу шауып келеді.  
 Ана жатқан аптығып  
 Кемпір мен шал бір қала.  
 Тамаша ет, бер қара,  
 Олар дағы қызбада,  
 Жарысқанға қарасып.  
 Күндерін өткен ойласып,  
 1140 Қызығып іштен қойысар.

### *Төртінші тарау*

Жерошақта көмілген,  
 Енді, Алдарға қайтайық,  
 Шайтандармен «дос» болған

- Көсе жайын айтайық,  
Біраз уақыт өткен соң,  
Есін жиып алады.  
Пішіні аруақ түсіндей,  
Ешкім оған қарамас.  
Күлде жатыр көміліп,  
1150 Неғылсын оны көзге іліп,  
Бас ауыртып сөз қылып.  
Дәнемеге жарамас,  
Пақыршылық түсіпті,  
Көзі жылап ісіпті.  
Міне, көрсең қыз алғыш,  
Қаңсып қалды бір жалғыз.  
Жерошақтың ішінде  
Құрым киіз жамылып,  
Күл төсектің үстінде,  
1160 Қызды жатыр сағынып.  
Есіл ерің жез таңдай  
Мүсәпірлік іс қандай!

- Өле жаздай үзіліп,  
Бәр ақылы бойынан  
Кете жазды бұзылып.  
Сүйген кетті қойнынан,  
Айрылып қалды қойынан.  
Осылай жатты пақырың,  
Есі шығып дал болып.
- 1170 Елестеген ақырын,  
Дыбыс шықты жан болып.  
Есін жиды пақырың,  
Елестейді ақырын.  
Елбектейді ақырын,  
Дәл өзіннің үстінде  
Ойнақтайды бірдеңе,  
Сағымы шайтан пішінде.

- Қарап жатыр көз іліп,  
Анық қарап байқады.  
1180 Бір-екідей көлеңке,  
Басын ақырын шайқайды.

Тірі ме деп байқайды,  
Өлі ме деп байқайды.  
Күбірлесіп, күлісіп,  
Өлген ғой деп білісіп,  
Тірі болса кеткендей,  
Сағым болып жылысып.  
Өлі болса келгендей,  
Сыбырласып күлісіп.

1190 Ібілістен бата алып,  
Түлен, Құлан атанып,  
Азғырмаққа қазақты,  
Осы екеуі шығыпты.

Секектесіп желігіп,  
Қап тауынан қадаңдап,  
Өз формынша келісіп,  
Жетіп келген жалаңдап.  
Ел арасына кіріпті,  
Қабыл болмай батамыз,  
1200 Қорлық көріпті атамыз.

Ертерек өткен заманда,  
Қас қылмақ боп адамға,  
Кім бұзық болса паналап,  
Елдің ішін аралап,  
Түлен, Құлан жүріпті.

Сағымдары күлтілдеп,  
Көлеңкесі бүлкілдеп,  
Осы уақытта көрінер  
Балгер менен бақсыға.  
1210 Көрінбейді көрімдер,  
Бақсы еместе ақысы не?  
Азғырылса күлімдер,  
Қуанғаннан бақтысына.  
Ет терінің арасынан  
Жүред десер жол тауып,  
Қылад десер іс қауіп.

Жанды және жанды емес,  
Мінезі жоқ бағымды.

- 1220 Күлтілдеген сағымды  
Қолмен шымшып бармақтап,  
Кім уыстар салмақтап?
- Екеуі түрткен ашудан,  
Ашытқы болып пәле өсер.  
Бірін-бірі күндесер,  
Өтірікті шын десер.  
Басынан сөзді асырмас,  
Ашуланып басылмас.  
Бірін-бірі кірлесіп,  
Ұяларлық істерді
- 1230 Ұяты өліп жасырмас.  
Сыры бізге жасырын,  
Бақсы білер бар сырын.  
Бақсыменен ақылдас,  
Жыны жоққа олар қас.  
Бас қақпайлап мінсе де,  
Бақсы тіпті туламас.
- Түлен, Құлан жортыпты,  
Мағлұмы жоқ неше мың.  
Өстіп жүріп аралап,
- 1240 Жұртқа келді көшкен күн.  
Қазақты аңдып жалаңдап,  
Жұрттан жұртқа қыдырып,  
Жұрт кезіп жүр сыдырып.  
Құрып жүріп бір кезде,  
Кездері түсті ілезде.  
Жерошаққа қараса,  
Адам жатыр тамаша!  
Таңырқасты сескеніп,  
Жерошақта жатыр жан.
- 1250 Өнебойы қарала,  
Көміліп күлге батыпты.  
Қылтиып басы қарайған,  
Көз қарасы алайған.
- Түлен, Құлан ымдасып,  
«Тас түссе, — деп, — талайдан».  
Байқай қалды тыңдасып,

- 1260 Өлі-тірісін білмекке,  
Сағым болып күлтілдеп,  
Көлеңкесі бүлкілдеп,  
Жерошақтың үстінде  
Елестейді ойнақтап.
- Алдар ақырын байқайды,  
Екі шайтан үстінде.  
Басын анық шайқайды,  
Анық шайтан түсінде.  
Тағы да ақырын байқайды,  
Түсі емес өңінде,  
Күндегі іс күнінде.
- 1270 Еңбектейді ақырын,  
Елестейді ақырын.  
Дәл өзінің үстінде  
«Тірі ме» деп тақайды,  
«Өлі ме» деп байқайды.  
Тірі болса кеткендей,  
Сағым болып жылысып.  
Өлі болса келгендей,  
Сыбырласып, күлісіп.  
Ойнақтасып жүрісіп,  
1280 «Тірі ме» деп тақайды,  
«Өлі ме» деп байқайды,  
Тірі-өлісін біле алмай,  
Бастарын изеп шайқайды.
- Түлен, Құлан сөйлесіп,  
Бірі айтты біріне:  
«Анық осы өлі ме?  
Өлі болса, сөйлесіп,  
Кірейік жатқан көріне».
- 1290 Біреуі айтты тағы да,  
— Нақ кісіміз қалаған,  
Қалай болса мұны солай  
Құрым киізге ораған.  
Тірі болса да осыны  
Шақырып көрем дауыстап.

- Және өзiм алыстан  
Тұрып сырын байқайын.  
Тiрi болса өзi де,  
Түре келер дауыстан.  
Жата берер жылыстап,  
Жата алмас тыныстап.
- 1300 Өлi сияқты көзi де,  
Үстiнде жоқ бөзi де.  
Өлiкке ұқсар өзi де,  
Баурынан жараған,  
Көзiн қара алайған.  
Екi ұрты суалып,  
Табыт болып қалыпты.  
Құл iшiнде жатыпты  
Қалаған бiздiң кiсiмiз.  
Бiздi алдар қазақтың
- 1310 Ойлаймысың қуы бар.
- Алдар жатыр өлi боп,  
Қулығын сақтап iшiнен.  
Алдар неге сасады,  
Шайтандардың iсiнен  
Алдардың көп тақылы.
- Түлен, Құлан Алдарды  
Қорқытып қумақ орнынан.  
Кейiн тұрып алыстан,  
Қаһарланып дауыстап:
- 1320 — Тiрi болсаң, тұр, — дейдi, —  
Босқа жатпа, жүр, — дейдi.  
Өлi болсаң, жат, — дейдi,  
Суабыңды сат, — дейдi.  
Тiрi болсаң, жолдаспын,  
Өлi болсаң, мұңдаспын.  
Дүниенi қимаспын,  
Қимағаннан сыймаспын.  
Сыймағанмен сыйласпын,  
Күнәлiнi тыймаспын.
- 1330 Алдар жатты қозғалмай,  
Ешнәрсенi болжамай,  
Iштен тоқып қулығын.

- Түлен, Құлан  
 Дүркін-дүркін құбылып,  
 Һәрбір түрлі бұзылып,  
 Айдаһардай ысқырды,  
 Арыстандай ақырды.  
 «Тірі болса, тұрар деп,  
 Амалы мұның құрар» деп,  
 1340 Алдайды да арбайды.  
 Алдар тіпті болмайды,  
 Айбатланып қорқытып,  
 Шайтандар да қоймайды.
- Есі шығып қайғырып,  
 Алдар есінен айрылып,  
 Тұрмақ түгіл орнынан,  
 Мүлде сорлы талыпты.  
 /Алдар сияқты «сорлыдан»  
 Өліп-тірілмек қалыпты/.
- 1350 Дамыл-дамыл келеді,  
 Дамыл-дамыл кетеді.  
 Ойнақтайды, желеді,  
 Ойнақтайды, жатады.  
 Қыбыр етпей жатқан соң,  
 Енді келіп көреді.  
 Тірілігін баққан соң,  
 Алдар да әдейі өледі.  
 Өлген ғой деп келеді,  
 Келеді де желеді.
- 1360 Неше дүркін қайтады,  
 Тапжылмай Алдар жатады.
- Түлен, Құлан келісіп,  
 Бастарын изеп: «Еһ» десіп,  
 Бірі айтады біріне:  
 — Бөрекелде көріне,  
 Бұрқылдаған күліне.  
 Жаназасыз кебін жоқ,  
 Жерошаққа көмілген,  
 Көрге көмер беті жоқ.  
 1370 Аш-ақ аруақ, білем!



Паһ, Күлге толған, білем!  
Және бірі қостайды:  
— Менде қуанам, күлем,  
Менде аш... деп білем.

Екеуі келді ойнақтап,  
Жан-жағына жалтақтап.  
Ербісіп, елбектеп,  
Көлеңкесі көлбектеп,  
1380 Сығалап қана қарады,  
Көздері өтіп барады.  
«Аш аруақ, тұр, — дейді,  
Бізге еріп жүр», — дейді.  
Аруақсыз моласың,  
Бізбен жолдас боласың.  
Сыңқылдасып күлісті,  
«Бұған тамақ бермесек,  
Тірілтіп жайын көрмесек,  
Сүйтіп жолдас етпесек,  
Орнынан тіпті тұрмас-ақ».

1390 Алдар:  
Қарайды көзін сықситып,  
Өзге адамың бүйтіп,  
Қарай алмас үзілтіп.  
Алдар жатыр көрінде,  
Өзі айтады өзіне:

«Қозғалмай жат, берілме!»  
Түлен, Құлан кеңесіп,  
Бірі айтты біріне:  
«Жан жолдасым, ерінбе,  
1400 Қазақ екен, қазы әкел,  
Қазы әкелсең, таза әкел.  
Ащы болса тұрмайды,  
Мойнын бізге бұрмайды,  
Тұздағанын аз әкел.

Басы-көзін тазалап,  
Кір қалдырмай жуалық.  
Жан беретін су алып,  
Аузы-мұрнына құялық.

- 1410      Аз-аз қазы берелік,  
Сүйтіп тірілтіп көрелік».  
Не болса да байласты,  
Тірілтіп Алдарды алмаққа,  
Мазақ қып салмақ азапқа.
- Алдарды алды көтеріп  
Жерошақтан суырып.  
Су басына әкеліп,  
Ақжем ғып әбден жуған соң,  
Тірілер деп қойған соң,  
1420      Алдар өзер қимылдап,  
Аяқ-қолы жыбырлап,  
Ашып-жұмып қабағын,  
Қырқылдатты тамағын.
- Ақ көбікті түкіріп,  
Ыңырсыды кекіріп.  
Болар-болмас жаны бар,  
Езулейді өтірік.
- Тірілетін суынан  
Үшке дейін құяды.  
Құйған сайын қимылдап,  
1430      Бейне күшін жиады.  
Күліңкіреп, жымыңдап,  
Төрт аяқтап тырбыңдап,  
Орнынан азар тұрады,  
Мойнын қарап бұрады.
- Алдар отыр қазы жеп,  
Үндемейді «азық» деп.  
Шайтандар көріп жегенін,  
Күліседі мазақтап,  
«Қазы жеді... қазақ» деп.
- 1440      Алдар ақырын қарайды  
Шайтандардың түріне.  
Сақ-сақ етіп тістері,  
Суылдайды қақылдап,  
Ойнақшиды секектеп,  
Маңдай шашы кектеп.

- Ербеңдейді сексиіп,  
Екі көзі жылтылдап.  
Екі танауы желбіреп,  
Екі өкпесі өлбіреп,  
1450 Екі емшегі салпылдап,  
Өне бойы қалтылдап,  
Буындары сыртылдап,  
Көлеңкесі күлтілдеп.
- Екі өкшесі мүжиіп,  
Басы-көзі қылмиып.  
Ала қабы артында,  
Күлімсірейт жылмиып.  
Ұстарадай қылпылдап,  
1460 Майланғандай жылпылдап,  
Сөз сөйлейді қутыңдап:
- Сұрасаң бізді, шайтанбыз,  
Өліп қалған екенсің,  
Тірілттік жаңа сені біз.  
Осымыз рас, сеніңіз, —  
Деп айтады шайтандар.
- Алдар жауап береді:  
— Өліп едім, тірілттің.  
Күнөдан көріп қазақты,  
Тірілікті ұмыттым.  
1470 Қазанқапқа оранып,  
Жерошақта былғанып,  
Дұшпандардан ұрланып,  
Өліп едім қорғанып.
- Танымаймын ешкімді,  
Сіздерден жақын табам ба?  
Осыным рас, танбаймын,  
Қазаққа енді жағам ба?  
Өздеріңді білгіздің,  
Жерошақтан тұрғыздың,  
1480 Томсарып ем, күйгіздің.  
Жөндеріңді айт анықтап,  
Танымадым жабырқап,  
Қазақтардан арықтап.

- Екеуі айтты: — Кісіміз,  
Міне білсең ісіміз.  
Көрінгенді арбамақ,  
Ғаділдерді күндемек,  
Өтірікке үндемек  
Азған сопы досымыз.
- 1490 Азбаған сопы өшіміз,  
Азбайтұғын сопыдан  
Қос ат ала қашыңыз.  
Әулие болған кісіден  
Қорлық көрді басымыз.  
Айыпты болған адамдар —  
Жақсы көрер досымыз.  
Періштелер — жауымыз,  
Пайғамбарлар — қасымыз.  
Өзімізге осымыз
- 1500 Тәуір көрінер, досымыз.
- Сіздерге керек болмаған  
Адам маған не керек,  
Өзінен-өзі оңбаған  
Надан маған не керек,  
Қастарыңа алыңыз.
- Өліп едім, тірілттің,  
Маздап едім, жібіттің.  
Қайтіп енді күнелттім?  
Туысқанды ұмыттым.
- 1510 Қайдан қорек аламын,  
Сіздерден қайтып қаламын?  
Тілімді менің алсаңдар,  
Мені жолдас қылыңдар!  
Ақылға да кенде емен,  
Сөзден жарлы пенде емен.  
Кем жерім көп сендерден,  
Ойнайсыңдар секектеп.  
Танауларың желбіреп,  
Өкпелерің елбіреп,
- 1520 Шаштарың баста жалпылдап,  
Емшектерің салпылдап,

1530 Май жаққандай жылпылдап,  
Жүз құбылып қутыңдап,  
Тұрмайсыңдар бір жерде,  
Қаламын ғой салпылдап,  
Жете алмаймын тыйтыңдап.  
Қайтып жолдас боламын,  
Қайдан тауып аламын?  
Тірілттіңдер құр босқа,  
Адасамын, қаламын,  
Болмасам мен де сендердей.

1540 Түлен, Құлан ойласып,  
Сыбырласып ымдасып,  
Алдардың тілін алыпты.  
«Шайтан кепті берейік,  
Өзіміз ғып көрейік», —  
Десті де берді шайтан кеп.  
Киді Алдар жайтаңдап,  
Мақтанысып қарайды,  
Екі шайтан қайқаңдап.  
Шайтан кебі үстінде,  
Теңгесі тілдің астында,  
Екі шайтан қасында,  
Алдар кетті жол шегіп.

### *Бесінші тарау*

1550 Шайтандармен жолдас боп,  
Алдар жүріп кетеді.  
Апта жүріп, ай жүріп,  
Тоғайға қалың кіреді.  
Бір ағаштың түбінен  
Көмілген құмға алтынды  
Шайтандар көзі көреді.

Арылтып алса құмынан,  
Ат басындай сары алтын.  
«Алдар сақтап құлығын,  
Екен, — деп, — қайтер алтынды,  
Бағайын, — деп, — артымды»,  
Шайтандардан сөз алды:

— Осы сары немеңе,  
Жылтылдайды, жаны жоқ,  
1560 Бізге осының себі не?  
Қорек болар дөні жоқ,  
Шайтандар айтты: — алтын, — деп.  
Жасы үлкен алады,  
Жасы кіші қалады.

Алдар айтты: — Болсын, — деп,  
Жасы үлкен алсын, — деп,  
Жасы кіші қалсын, — деп.  
Табылған алтын үстінде  
Ойнақтайды шайтандар.  
1570 Алтынды алмақ өздері,  
Түрлері жоқ жан алар.  
— Әуел жасты мен айтам,  
Менен бұрын кім туған? —  
Деп сөйлейді Түлен шайтан.  
— Мен туғанда, жолдастар,  
Жер тебінгідей,  
Аспан алақандай болатын.

Құлан айтты: — Мен үлкен,  
Менен кіші екенсің.  
1580 Кіші екенін кім білген?  
Жасыңды санап тексерсем,  
Мен туғанда расы,  
Жаралған жоқ жер мен көк.  
Менен үлкен болмас-ақ  
Қазақтың ешбір баласы.  
Алдар тұрып жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды.  
Екі шайтан сұрайды:  
— Жылайсың, — деп, — неліктен?  
1590 Жылауды Алдар үдетті.  
Түлен, Құлан таңданып,  
Тағы сұрап тіл қатты,  
«Кейіме, — деп, — бос жылап».

Сонда Алдар сөйлейді,  
Сөйлегенде бұй дейді:

- «Не қыларын алтынды,  
Қоямын ба салтымды».  
— Сен туғанда, ей, Құлан!  
Бір үлкен той болып ед.  
1600 Атқа шауып жүргенде,  
Кенже балам өліп ед.  
Сол тойда ұлы атақты  
Бөйгеден атым келіп ед.  
Бәрін көрген осы кез,  
Еске түсті өткен күн.  
Алтын, шіркін, не керек, —  
Деп жылайды еңіреп.
- Екі шайтан Алдарды  
«Жылама» деп уатты,  
1610 «Алтынды ал» деп қуантты.  
Іштерінен ойлайды:  
«Азаптансын арқалап,  
Қайда кетіп барады,  
Алғаны десті жарайды.  
Ақылы мұның жоқ екен,  
Тегінде есі кем екен.  
Ақыл үйретіп алалық,  
Көңіліне кірер алалық.  
1620 Өзіміздей қылайық,  
Насихат болар лайық» —  
Десті де Түлен, Құландар,  
Алдарға айтты: — Сөз тыңда,  
Ақылың жоқ сорлысың.  
Алдар сонда тақылдап,  
Жылмаң қағып жақындап:  
— Айтыңдар бар ақылды,  
Ақылыңды аламын.  
Үйрете көр, — деп өңмеңдеп,  
Жымыңдайды ақырын.
- 1630 Түлен, Құлан сөйлейді:  
— Елім менен жауымнан  
Сездірейін хабарды,  
Үйретейін амалды.  
Досымызды айтайық,

- Жасымызды айтайық.  
Баласың ғой, көр лайық,  
Осы сөзде тұралық.  
Рас — біздің қасымыз,  
Өтірік — біздің досымыз.
- 1640 Рас сөзге нанбаса,  
Өтірікті қолдаса,  
Анық осы досымыз.  
Толып жатыр досымыз,  
Толып жатыр қасымыз.  
Ақылың болса білерсің,  
Қас пен досты айырып.  
Шамаң келсе араз қыл  
Тату жүрген жамандарды.
- 1650 Болсын олар албарлы,  
Берекелерін кетіріп,  
Азғырудан жалықпай,  
Шайтандардың сөздерін  
Алдар шұлғып «жөн» дейді.  
Мақтап қойды өздерін,  
Ішкі сырын бермейді.
- Шайтандар айтты Алдарға:  
— Шамаң келсе, аярла,  
Біте берсін ісіміз.  
Тағы да бір кісіміз
- 1660 Төбелестен өліпті,  
Оны бізге беріпті.  
Аяңдамай желейік,  
Ары-бері келейік.  
Қалын сұрап білейік,  
Дозақы болар сияқты.  
Көкірегі дал болып,  
Арамдықтан өкіріп,  
Көмек іздеп шақырып,  
Бізге таман келіпті.
- 1670 Мойнымызды бұрайық,  
Секіріп тез жетейік,  
Батамызды берейік.  
Бармайтұғын еш жол жоқ,  
Рас осы досымыз.



- Лайық болса осымыз,  
Мұны тірілтіп алайық.  
Досты өлтірді қасымыз,  
Мұны тірілтіп алмасақ,  
Зорлығы бізден қалмасақ,  
1680 Ақылдасып шайтандар,  
«Тірілтіп, — дейді, — алайық».  
Сумен жуып сулайық,  
Өсту дейді лайық.  
Өне бойын тазалап,  
Мәңгі суды үстіне  
Өлгеннің бір-екі-үш құяды.  
Өлген орнынан тұрады:  
— Өліп едім, тірілттің,  
Туысқанды ұмыттым.  
1690 Не болса болды бұл басым,  
Ұжмаққа білдім бармасым.  
Мен сіздерге жолдаспын,  
Ойларыңда қалет болмасын.  
Кеп кигізді үстіне,  
Теңгесін салып тіліне.
- Қосылып алып шайтандар,  
Жүгірісіп ойнасып,  
Келеді бір ауылға.  
Жайтаңдасып жайнасып,  
1700 Тағы да жолдас табуға.
- Қараңғы түн жым-жырт,  
Түн ортасы болған кез.  
Ойнақтасып күлісіп,  
Бір отанға жетті тез.  
Тани қойды сонда Алдар,  
Атасының аулы екен.  
Қалыңдығын қараса,  
Жатыр, түрі тамаша.  
Шайтан отын жарықтап,  
1710 Әбден көрді анықтап.  
Бір жігіт жатыр қорылдап  
Бай қызының қойнында.  
Дөнеме жоқ ойында,

Қолы қыздың мойнында.  
 Және жатыр бір кемпір,  
 О да қапты ұйықтап,  
 Бас-аяғын тұйықтап.

- 1720 Жабыла қарқып шайтандар,  
 Жона түсті бас салып  
 Жігіт, қыз бен кемпірге,  
 Олар түсті жан терге.  
 Ішегі қатып күлді олар,  
 Ашар-ашпас ұйқысын.  
 Естерін әбден шығарып,  
 Шым-шытырық болжатпай.  
 Түсінен шошытып тулатып,  
 У ұйқымен улатып,  
 Қорқыратып қырылдатып,  
 Тұрғызбайды бырылдатып.
- 1730 Естері кеткен ұйқы-тұйқы,  
 Кемпір мен қыз оянды.  
 Жан шығуға таянды,  
 Бәңгіріп жақын таянды.  
 Бастарын көтеріп «үһлеп»,  
 Жия алмай есін отырды.  
 Жабыла мінді «шу-шулеп»,  
 Жігіт тіпті болдырды.  
 Мұрны бырылдап-шуылдап,  
 Өлді жігіт қырылдап.

- 1740 Жігіттің тұншығып өлгенін  
 Кемпір қызға айтады:  
 — Қыз айтады қазасы,  
 Елдің кетер мазасы.  
 Өлді, қалды... үндеме!  
 Білсең жалғыз өзің біл,  
 Жолықпайық пәлеге.  
 Не қылсаң да өзің біл, —  
 Деп сөйлейді, жылайды.
- 1750 Аулақ болу шатақтан,  
 Түбі бізге жөн, — дейді.

Кемпір мен қыз екеулеп,  
 Тысқа ап шықты жігітті.

- Естері кетіп ентелеп,  
Жүгіре басып келеді.  
Шаршады кемпір, тоқтады,  
Әл-қуатын байқады.  
Дыбысқа салды құлағын,  
Дыбыс шықты мыңқылдап,  
Бірдеңелер жылтыңдап.
- 1760 «Іздегеніміз осы дейт,  
Біздердің бұл досы» дейт.  
Кемпір енді шошыды,  
Дәрмені кетті бойынан:  
— Тастап, — дейді, — кетейік.  
Әліміз әбден құрыды,  
Аяқ, — дейді, — құрысты.  
Тезірек аман кетпесек,  
Мұның түбі дау болады.
- 1770 Тастады жігітті далаға,  
Қалмайын десіп жалаға,  
Бір жұмыртқа садаға.  
Бір-біріне айтады:  
«Артыңа, — дейді, — қарама!»
- Жылқысын жайған жылқышы  
Әбден қанып ұйқысы,  
Атына мініп алды да,  
Жылқысына қарай бет бұрды.
- 1780 Астында аты ескірді,  
Келді «не» деп білгісі.  
Қарап тұрса алдында,  
Бір төбенің баурында  
Сұлап жатыр бір кісі.  
«Мынау, — дейді, — не кісі?  
Ұйықтап жатқан кісі ме?»  
Айқайлайды «Тұр!» — дейді.  
Талып жатқан кісі ме.  
Айқайлайды «тұр-тұрлап»,  
Әуре болды құр тұрлап.  
Тапжылмайды орнынан,
- 1790 Енді білді өлгенін,  
Өлі кісі көргенін.

Шауып келді аулына,  
Ауылы жақын баурына.  
Келеді де айтады:  
— Жайылған жылқы өрісінде  
Өліп жатыр бір адам.  
Біле алмадым кімсің, — деп,  
Айта келдім білсін, — деп.  
Жүрегім ұшып дүрсілдеп,  
1800 Жетіп келдім жалма-жан.

Үлкен-кіші жиылып,  
Жылқышыны ертіп ап,  
Ханға келіп айтады:  
— Алдияр, тақсыр, ханымыз!  
Сізге келдік айтқалы.  
Өліп жатыр бір адам  
Жылқыңыздың өрісінде.  
Білмейміз әлі не адам,  
Төменшілік жүзінен  
1810 Білдіреміз өзіне,  
Келіп тұрмыз әміріңе.

Хан айтады: — Біліңдер,  
Оны көре барыңдар.  
Жаназалап көміңдер,  
Тәнін жерге беріңдер.  
Бір-екі-үш кісі барады  
Далада жатқан өлікке.  
Өлікті алып келіпті,  
Ханның ұлы өліпті,  
1820 Жұрттың бөрі көріпті.  
Ханға хабар беріпті,  
Хан жылады еңіреп.  
Жылап-жыламай не керек,  
Жылаудан не өніпті.

«Бұл қалайша өліпті,  
Мұны өлтірген кім?» десіп,  
Төре, қожа, мұриттер,  
Жел соққандай иілігіп,  
Қабақтары түйісіп,

- 1830 Ханға келді, тақсырлап!  
Уәзірлердің ішінде  
Ханға батыл уәзірі  
Ханға келіп айтты жыр:  
— Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.  
Жапырағы бүтін ағаш жоқ,  
Бауыры бүтін алаш жоқ.  
Адам бар ма қарасы жоқ,  
Дүниеге таласы жоқ?
- 1840 Балаңыздың қазасы,  
Адамзаттың мұрасы.  
Өлмей кеткен бар ма екен?  
Бұрынғыдан сұрашы.  
Бар ма өлмеген жұртыңда,  
Қайғыдан не шығады?  
Қайғыңызды басыңыз,  
Сізбен бірге қайғырып,  
Жұртыңыз тұр алдыңда.
- 1850 Қарағай ексе, тал шықпас,  
Ажалсыздан жан шықпас.  
Ұстамасқа мал шықпас,  
Не көрмейді осы бас!  
Ақылыңызға ақылдас,  
Осылай дейді көрі-жас.  
Көңілді қайғы теседі,  
«Қайтпас болат майрылды,  
Жұрт ханынан айрылды»,  
Дегізбеңіз, тоқтаңыз,  
Қасіретке мойымаңыз
- 1860 Жұртты иен қоймаңыз...  
  
Қайғырғанды қойыңыз,  
Лақ-тоқты сойыңыз.  
Балгер-бақсы жиыңыз,  
Кісі жібер әр жерге,  
Үлкен дүкен құрыңыз.  
Бал аштырып балгерге,  
Балгерлерді жиялық.  
Жиялық та сұралық

- 1870 Қандай адам өлтірді?  
Шынын мұның білейік,  
Өлтірген тапсын жазасын!
- Айтқан сөзді мақұлдап,  
Хан уанды, тоқталды,  
Жылағанын қояды.  
Опат болған баланың  
Тәнін жерге береді,  
Мал аямай сояды.  
Жаназаға жиылған  
Кәріп-кәсер тояды.
- 1880 Шақырушы жіберді  
Кіші балгер дегенге,  
Үлкен балгер дегенге,  
Жұрттан асқан өнерлі.
- Жарамай аттың теріне,  
Маңдайдағы еліне.  
Тегіс хабар береді,  
Шақырудан арман жоқ.
- 1890 Төрт шайтандар ел болып,  
Қорқып жаннан қашпады.  
Өздеріне тым қызық  
Талай түрді бастады.
- Көрнеу көпті азғырды,  
Көнбегенді жазғырды.  
Кейбіреуді басқа ұрды,  
Есін шығарып састырды.
- Алдар ұстап басқарып,  
Үшеуіне бастырды.  
Жерге жаныштап жапсырып,  
Белден ұстап қапсырды.
- 1900 Қысып жіберіп барымен,  
Қорылдатып-қорылдатып,  
Түншықтырып аузынан,

- Талайды басты сайтандар.  
Мәлім болды жұртқа ісі  
Сайтандардың істеген.
- Үрейі кетіп кейбіреу,  
Ұйықтап кетсе қорылдап,  
«Міне-міне басты» дер,  
«Шын албасты шашты» дер.
- 1910 Әсіресе қатынға өш  
Бұл пәледен құтылар  
Жыны күшті бақсы дер.
- Істерін істеп шайтандар,  
Қуанысып жүрісті.  
Біріне-бірі «Аттарың  
Кім болад?» — деп сұрасты.  
Алдар айтты: «Жаңылтпаш»,  
Айтқысы келмей шын атын.  
Құр сыртымен жалпылдап,  
1920 Өтірік деп жанға қас.  
Қымсынады қыпылдап,  
— Атымды, — дейді, — сұрасаң,  
Атым еді біл — Тірі.  
Жаннан асқан орасан,  
Жылымды біл, Жылт — Тірі.  
Кімде-кім біл, кім Тірі?  
Біл, Тірі, жылт — Тірі,  
Кім Тірі? Сен бе Тірі? —  
Деп айтады шайтандар.
- 1930 — Түлен, Құлан атымыз,  
Шын шайтаннан затымыз.  
Бөле-қулық қолдаймыз,  
Міне, бір біздің ісіміз.  
— Айтпай атым мен қалдым,  
Бұланғанды қолдаған.  
Атам аты — Құлан,  
Өз атымды ұмытыпшын,  
Осы ат маған татымды.
- Ұлы дүбір жиылыс
- 1940 Хан аулында қаптаған.

- Ұрғашы-еркек, кәрі-жас,  
 Домбырашы, бишілер,  
 Сыбызғышы, күйшілер,  
 Түрлі-түрлі өнерші.  
 Қобызшы мен өлеңші,  
 Құмалақшы, жаурыншы,  
 Жайшы менен тамыршы,  
 Ешен, мұрит, тәуіптер.  
 Ақсақ, соқыр, кәріптер,  
 1950 Ғалым, залым, жақсылар,  
 Момын, надан, бақсылар.  
 Әсіресе сөз болған  
 Көп аузында бақсылар.  
 Сол бақсылар жайынан  
 Айтылсын мында біраз сөз.
- Ауырған соң жынданып,  
 Жындар үйір болады.  
 Қобыз алып қамданып,  
 Қуанып бақсы болады.
- 1960 Жын соққанын білген соң,  
 Кісен салып тастайды.  
 «Мұны үлкен жын соқты», — деп,  
 Бата алмаса, түзелмес.  
 Үлкен бақсы ізде дер,  
 Жынымен болса ақылдас,  
 Тәуір болар өзіне дер.
- Шапан беріп, бата алар,  
 Бір шапанды не қылсын.  
 Өзі бақсы атанар,  
 1970 Бал алған соң мақтайды.  
 Батагөйін мықты деп,  
 Басқа бақсы жақпайды.  
 «Түкке тұрмас тіпті» деп,  
 Түрлі ауру дерт бағар.  
 Бата алған соң жөнделіп,  
 Балын ашып, суша ағар.  
 Айтқан сөзі ем болып,  
 Қобызы мен асасын



- Оңдайлайды түзетіп.  
 1980 Әр ауылды қыдырып,  
 Бере жүрер батасын.  
 «Жақсы бақсы өзім деп,  
 Көрместі көрер көзім» деп,  
 «Бір өзіне мың кісі  
 Пар келмейді күшіне».  
 Саудың келер білгісі,  
 Тамаша етіп иісіне.  
 Ұрып-соғып қылышты,  
 Бойлатады ішіне.
- 1990 Жаны, сірә, тым күшті,  
 Жан жұқпайды үшіне.  
 Тесілмейді терісі,  
 Суырып алса, бітеді.  
 Қылыш орны жоғалып,  
 Ауырмай іштен өтеді,  
 Таңданарлық бұл бір іс.
- Селк етеді күбірлеп,  
 «Міне, жын» деп міңгірлеп.  
 Аусарланып бір-бірлеп,  
 2000 Еліктірер шеберлеп.  
 «Батпан» дейді инені,  
 Бақсы жыңды біледі.  
 Қара қоңыз көрінсе,  
 Бұқа дейді зорлығы.  
 Күбір-күбір сөйлейді,  
 Көзіңе жоқ дәнеме.  
 — Көзің жоқ па, ой? — дейді.  
 Жүр ғой, — дейді, — міне, міне!  
 Келгенді қарсы қорқытар,  
 2010 Жынымды жауып буам, — деп.
- Қобыз, домбыра, асамен  
 Бақсы бірге сарнайды.  
 Ойын-күлкі, дырдуға  
 Қыз бен жігіт жинайды.

Темір жалап қызартып,  
 Түксиіп түрін сазартып,

- 2020 Шектенбесе жақтырар,  
Біледі деп сырымды.  
Жаратпайды байқаса,  
«Көреді, — деп, — ізімді»  
Шамданды айт десе.
- Шыны бақсы шығады,  
Шаңыраққа секіріп.  
Жындыны бақсы бақпаса,  
Баға алмайды дені сау.  
Жын мен бақсы жатпаса,  
Жындардың жыны ұстайды.
- 2030 Молдадан қашар молда жын,  
Жәдігей құбыл жорға жын.  
Қожандай қожа шын,  
Монтайды монтаны,  
Шын ақ сүйек төре жын.  
Қорқады одан өзге жын,  
Бұған тұрмас жын шыдап.  
Жындар қашып жоғалар,  
Бақсының тілін құп алар.  
Отқа көсеп құр қолын,  
Сілтесе қолы тиеді,  
Жабықты қолы тыңдамас.
- 2040 Түрлі-түрлі жыны бар,  
Түрлі-түрлі оты бар,  
Түрлі-түрлі заты бар,  
Зіркілдейді бура жын.  
Кісінейді айғыр жын,  
Күжілдейді бұқа жын,  
Бақылдайды теке жын.  
Жеңсе алар бар жыны,  
Жынын қоймай жындының,  
Бақсының айттым бір шынын.
- 2050 Ұяты жоқ енді оның,  
Жол табылмай не қылды.  
Жынға, масқа емдетіп,  
Ауруға шақырдық,  
«Жан белгісі сенде», — деп.

- Хан аулына жиылды  
Түрлі-түрлі бақылар.  
Кей бақыға қарасаң,  
Дым зор екен денесі.  
Көзі бейне шаңырақ,  
2060 Қарашығы шар аяқ,  
Кірпіктері найза дақ.  
Мұрындары сеңгірдей,  
Танаулары үңірдей.  
Тісіне тісі сақылдар,  
Көрген кісі қалшылдар.  
Жолай алмай жақындап,  
Құлағы тұр салпылдап.
- Балгер, бақы шуылдап,  
Арадайын дуылдап,  
2070 Орнында тұрмай қобалжып,  
Қаруларын қамдасып,  
Бірін-бірі көрген соң,  
Бірін-бірі арбасты.  
Мақтан үшін аянбай,  
Бәр қимылмен оянсып,  
Қызуланып шайнасар.  
Шақыр-шұқыр азуын,  
Көздері оттай жайнасар,  
Бәрі бірдей адуын.  
2080 Омырауын жапқан ақ көбік,  
Бірдей-бірдей шабынған,  
Деседі бұған не қылған?  
Бақылар ойнап таласар,  
Жындарын тартып алысар.  
Жеңілген бақы қан қақсар,  
Бойында шыннан айрылып.
- Көп бақының ішінде  
Бір кемпір бар сарнаған.  
Шайтандардың істерін  
2090 Бақылықпен болжаған.
- Жалмауыздай пішіні,  
Түсі суық бір кемпір.

Кемпір емес кемітер,  
Кемпір сарнар кемсеңдеп.

Біреуді біреу тыңдамас,  
Бек қиын болды іс етпек.  
Бақсының бәрі жынға мас,  
Дым ұзын емес арбаңдар,  
Шабан емес барбаңдар.

2100 Жүгіре басып жорғақтап,  
Тайпала басып шойнаңдап,  
Ақ көбігі бұрқ-бұрқтап,  
Қырқ иірегім қырқ-қырқтап.  
Қазық аяқ аяғы,  
Қарға тұмсық мұрыны.  
Жан тітіркер сескеніп,  
Дым пішіні сұп-суық,  
Маңына бармас жан жуық.

2110 Екі ұрты қомжандап,  
Сөзінен сөзі туады.  
Сөйлетбейді сөзуар,  
Қадау тіс жоқ аузында.  
Кемсеңдейді сөйлесе,  
Сарнай түсіп тауып жүр.  
Бастан аяқ анықтап,  
Жорғақ қағып шауып жүр.

2120 Сарынды естіп төрт шайтан,  
Басалық десті кемпірдің  
Тез жалма-жан арынын.  
Кемпірді келе шақырды,  
Оңашалап өлтірмек.

«Мойынға, — десті, — алайық,  
Сізге дөража лайық.  
Хан үйіне барайық,  
Айтқаныңды қылайық.  
Шынымызды ханға айтып,  
Көп сөз етпей азайтып,  
Жазықты мойынға алайық.

- 2130 Сізде білсек ақыл мол,  
Сізге де, бізге осы жол».  
Лайық көріп бұл сөзді,  
Кемпір ханның үйіне  
Шайтандармен келеді.
- Қараса, үйде қара саба  
Блқылдайды іркілдеп,  
Үйде жаннан ешкім жоқ.  
Мұрын жарып барады  
Сары қымыздың иісі.  
Ішейін деп аузымен,  
2140 Кемпір еңкейе бергенде,  
Шайтандар кеп жабылды.
- Тықты апарып сабаға,  
Амалын тауып айлалап.  
Аяғы шықты сабадан,  
Кемпір өлді бағана.
- Хан қымыз ішпек болады,  
Үйге кісі толады.  
Сабадан қымыз құюға,  
Тегене алып қолына,  
2150 Бір кісі шиге барады.
- Қарғып кетті секіріп,  
Серейген көріп аяқты.  
Суырып алып көрісті,  
Өліп қапты бір кемпір.  
Әншейін емес, тек кемпір,  
Сиқыр кемпір екенін  
Танып хан енді шошыды.
- Кемпірдің тоғыз баласы  
Шетінен қырғын бәрі де.  
2160 «Жазамды енді беред, — деп,  
Шөлдеп өлген шешесінің  
Өлімін менен көред» деп,  
Құнын дейді алады.  
Жұртқа бүлік салады.

- Ұлы өлгеннің үстіне  
 Кемпір болды уайым.  
 Апалақтап хан састы,  
 Таба алмай істің орайын.  
 Кемпірді өлген еліне  
 2170 Апаруға неш адам  
 Шықпады елден бас байлап.  
 Жалданар жоқ жарлысы,  
 Ғешкімнің келмес барғысы.  
 Наразы болды ханекең,  
 Түкке тұрмас қарғысы.

### *Алтыншы тарау*

- Түлен, Құлан, Бұлан  
 Аңарын тағы сұрасып,  
 Бастарын бірге құрасып,  
 Алдап-алдап көп жанды,  
 2180 Көңілдері жайғасып,  
 Сырларын еппен сұрасып,  
 Алдарды алып ортаға,  
 Сөз қылады жайланып.  
 «Достылар», деп жылпылдап,  
 Құлықтары қылтылдап,  
 Сырттары тату, іші араз,  
 Татулардан тату-ақ.  
 Әлдері келсе біріне,  
 Бірінен аяр түрі жоқ.  
 2190 Перілерден басқа үшеуі:  
 — Қорқамыз десті қамшыдан,  
 Қорықпаймыз еш анттан.  
 Тікенектен үркеміз,  
 Маңайына жоламай,  
 Қаламыз тұрып анадай.
- Әбден тойып семірдік,  
 Талай басты кемірдік.  
 Азғырылса адамзат,  
 Жан кіреді жалаңдап.  
 2200 Екі жаққа алаңдап,

- Алатұғын нәріміз,  
 Араздасса екі адам,  
 Өтірікті айтып бақ.  
 Азғыруды күшейтіп,  
 Аянбай тарт өзіңе.  
 Адасқаны сандалып,  
 Ақырында болар жақ.  
 Біздерге олжа сондайлар,  
 Олжа шығар таластан.
- 2210 Төбелес пен ұрыстан  
 Төбелескен адамдар  
 Татуласып кетсе егер,  
 Шыға алмаймыз құмардан.  
 Бойдан кетпес тіпті арман,  
 Қайғы-қасірет қосылар.  
 Қатты қарнымыз ашады,  
 Берекеміз қашады.  
 Араздық дүр асымыз,  
 Татулық дүр қасымыз.
- 2220 Көңлімізге осымыз  
 Сондай көзім, досымыз.
- Алдар айтты: — Қорқамын қазылардан,  
 Қарын-қарын майларды лақтырса,  
 Есім шығып сасамын осылардан,  
 Тіпті қорқып кетемін үрей қалмай.
- Саба-саба қымыздан,  
 Жек көретін тамақпен  
 Қоршаласа қорқамын.  
 Дәл айтуға олақпын,  
 2230 Жорғалаймын, жортамын.  
 Осылардан қорқамын,  
 Шыр көбелек айналып.
- Шайтандарға жайды айтып:  
 — Өкпеледім, — дейді Алдар,  
 Сендерге, — дейді, — мен Жамбар.
- Арқаларыңда ала қап,  
 Өздерің гөне арқалап.

Жек көрдіңдер алалап,  
Сендерге жүр ем паналап.

2240 Арқалатпасаң ала қап,  
Болғаным ғой менің жат.  
Келіп едім сендерге,  
Жұртқа болып жаманат.

Өкпелетпей жолдасын,  
Ала қапты әкеліп,  
Алдарға енді береді,  
«Бейнеттеніп жүрсін, — деп, —  
Алаңғасар бейшара».

2250 Арқасында ала қап,  
Арттан еріп келеді.  
Қалың тікенді аралап,  
Алдар борт-борт желеді.  
Қапысын тауып ішіне,  
Тікенектің енеді.  
Тәуекел қып күшіне,  
Жатып алды қозғалмай,  
Шайтандар қалды болжамай.

2260 Үшеуі қарап артына,  
Алдарды алды қамасып.  
«Келер ме, — деп, — қартына»,  
Сипалайды қарасып.  
Шақырады «һай-һайлап»,  
«Жатыр ма, — деп, — адасып»,  
«Әлі кетіп жығылып,  
Тікенекке тығылып.

2270 Есі шығып, ебі қашып,  
Бұрауы кетіп, қарны ашып,  
Итмұрынға жармасып,  
Қалды ма әлде әдейі».  
Байқасты жайын білмек боп,  
Түріне Алдар қараса,  
Жатыс-тұрысы тамаша.  
Жалғыз өзі оңаша,



- Тарбиыпты тарбаңдап,  
Ала қабы баурында,  
Мықтап ұстап шартандап,  
Дәнеме жоқ жаурында,  
Жын қаққан ба, ауру ма?!  
Тікенекке кіріпті,  
2280 Шығар емес ол тіпті.  
Көлбеп жатыр мардамсып,  
Ала қапты алғансып.  
Кекеп жатыр шалғансып,  
Әбден өзі болғансып.  
Қорықпақ түгіл бұлардан,  
Күш айтады күркіреп.  
Айбат шеккен Алдардан  
Бу шығады бұрқырап.  
Қару қылды жасқанбай,  
2290 Лақтырды тас алып.  
Ала қапты алдап ап,  
Алдардың көнер түрі жоқ.  
Қорқытпақ боп Алдарды,  
Сары май мен қазыны  
Лақтырды Алдарға.  
Жылтыратып көздерін,  
Соғып жатыр, ар бар ма?  
Лақтырса түрлі асты,  
Қорыққансып бұғады.  
2300 Лақтырған сайын сары май, қазыны  
Баурына тығады.  
Басы-көзі май болып,  
Ойлағаны ол болып,  
Не қылса, көңлі жай болып,  
Қайтсе дағы шыдады.
- Көп айналдырды Көсені,  
Шайтандар әбден сандалды.  
Қорқытуға болмады,  
Тікенек — Көсе қорғаны.  
2310 Кетті олар бетіне,  
Шайтанды алдап, қазаққа,  
Алдаркөсе атанды.

*Ала қап*

- Ала қап пен алтынды ап,  
Көсе қалды жайына.  
Аузын ашып қараса,  
Таң қалғандай тамаша.  
Бірақ уыс ала қап,  
Түр салғандай алалап.  
Ішіне салсаң тоймайды,  
2320 Үлкейеді зорайып.  
Ақтарып ішін қараса,  
Мөлшер етіп санаса,  
Мың сан өкпе бар екен.  
Әлі кеппеген екен жанымен,  
Тамшылаған қанымен.  
Қанымен өкпе, жанымен  
Бәрін бірдей босатып,  
Иесін тауып салыпты.  
2330 Тірілтіп алып, қош айтып,  
Зияласып қалыпты.

*Жетінші тарау*

- Алтын тауып ат басындай,  
Қалыңдығын Алдар іздейді.  
Бай атасын тауып алды,  
Басына алтын жастады.  
Қатасын алып мойнына,  
Атасы айтты Алдарға:  
— Қызымды енді беремін.
- 2340 Жоғарғы елді шақырып,  
Жорға бие сояды.  
Төменгі елді шақырып,  
Топтан бие сояды.  
Алтынменен апсындатып,  
Күміспенен күмбездетіп,  
Ат шаптырып, той қылып,  
Ат жетерлік жұрт жиып,  
Арақ-сыра, бал құйып  
Алтын аяқ ыдысқа,

- 2350 Отыз күн қылып ойынын,  
Тойын етіп қырық күн,  
Сыңсытып қызын беріпті.  
Ойыншылар жиыпты,  
Қыздырмаққа қыз тойын.  
Аужаршылар сөз айтып,  
Бикеменен сөйлесті.

*Аужаршы:*

— Орынсыз неге жылайсың,  
Бұрынғының мұнасы, бикем.  
Нәкахланып қосылмақ, бикем,  
Әйел, еркек міндеті, бикем.

*Бике:*

- 2360 — Жыламай қайтып тұрайын,  
Атам қалып барады.  
Сары ауыздан шайқаған,  
Аялап мені өсірген  
Анам қалып барады.

*Аужаршы:*

- 2370 — Жылама, бикем, жылама,  
Көзіңнің жасын бұлама.  
Босқа да жылап не етесің,  
Жастығың баста тұра ма?  
Атаң қалса, ата бар,  
Күйеуің алмай тұра ма?  
Ана орнына ене бар.

*Бике:*

— Жыламай қайтып тұрайын,  
Сіңілім қалып барады.  
Жыламай қайтып тұрайын,  
Інім қалып барады.

*Аужаршы:*

— Сіңілің қалса, қайын сіңілің,  
Інің қалса, қайын інің.  
Жылама, бикем, жылама,  
Кем болды қай күнің?

- Бике:*  
— Інім қалса, қайын інім,  
2380 Сіңілім қалса, қайын сіңілім.  
Аға қалып барады,  
Бұзылады бұл көңілім.
- Аужаршы:*  
— Аға қалса, қайын аға  
Қорған болар келінге.  
Ағадан кейін ойлама,  
Қиын қыстау жерін де.
- Бике:*  
— Күндіз-түні сырласым,  
Жеңгеме жыламай тұрам ба?  
2390 Кірсем-шықсам жолдасым,  
Онсыз да дәурен сүрем бе?
- Аужаршы:*  
— Жеңге қалса, абысын  
Жеңгендей болар тиянақ.  
Ел-жұрт біліп дабысың,  
Өспеймісің ұялап.
- Бике:*  
— Жыламай жаным тұра алман,  
Туған жерім қалады.  
Мұндай дәурен құра алман,  
Өскен елім қалады.
- Аужаршы:*  
— Жерің қалса, барған жер  
2400 Өз жеріңнен қызықты.  
Жаман кісі қайғы жер,  
Ұстасын деп қыз қыпты.
- Өзіңнің көңлің қалады,  
Жасыңнан көңлің далада,  
Жаман болсаң ұялады,  
Қуанбас ата-ана да.

*Бике:*

- Еске түсіп езіліп,  
Көздерім жасы бұлақтай.  
Еріксіз көзге жас тізіліп,  
2410 Тоқтар емес жылатпай.

*Аужаршы:*

- Ілгері тілеу алдында,  
Ерің болар қойныңда.  
Бала болар баурыңда,  
Ерің хақы мойныңда.  
Бұрынғының салтында  
Қыз бала боп туған соң,  
Елі қалар артында.  
Ойлама, бике, уайымдап,  
Ата-анаң сенің қиналар.  
2420 Ержеткен қыз қиын деп,  
Бастарынан кешірген  
Ата-анаң болған өзіңдей.  
Бұрынғыдан мұра боп,  
Келе жатыр үзілмей.  
Сен ойларсың «күлсем» деп,  
«Барша, манат кисем, деп,  
Әлдилеп бөпе сүйсем» деп.  
Қабыл болсын ойыңыз,  
Құтты болсын тойыңыз.  
2430 Жаңа тілеу ниетте  
Бұл жылауды қойыңыз.

- Ата-анаңа барарсың,  
Шаруасына қарарсың.  
Әдеппенен тұрғайсың,  
Сабырменен сөз сөйлеп.  
Жақсы жауап бергейсің,  
Жылы сөзбен ептейлеп.  
Ертеменен тұрғайсың,  
Жаман болсаң тұрмайсың,  
2440 Шашылғанды жимайсың.  
Жай тұруды әдет қып,  
Жылы орынды қимайсың.  
Жөндемесең өзіңді,  
Еш адамға сыймайсың!

- Шаруаны бақтырар,  
Үйдің ішін қақтырар.  
Шаршадым деп сөйлеме,  
Үндемесең жақтырар.  
Енең айтар күлімдеп,  
2450 «Келінім жақсы, күнім» деп,  
«Бегрек жақсы көрем» деп.  
Алдыңа салып май берер,  
Үстіңе тігіп үй берер,  
Үйіңе кісі үймелер.  
Өзіңнен біреу күн көрер,  
Арқан есіп жүн берер,  
Шаруа қылып күн көрер.  
Бір-біріңді құрметтеп,  
Қызықпенен күнелтсең,  
2460 Келістіріп шаруаны,  
Күннен күнге түзетсең,  
Аз асыңды көптесең,  
Көп асыңды көл етсең,  
Аз болса да таза етіп,  
Қонағыңды жөнелтсең,  
«Жарым жақсы болды» деп,  
Алғаның көңлі жай болар.  
«Асым қалай болды» деп,  
Жарлы болса да бай болар.
- 2470 Жыртық етпе киімің,  
Ұқышты бол һәрнеге.  
Тыйылар істен тыйылып,  
Сонда болар сүйкімің.  
Ақымақты болмас үйретіп,  
Тексіз неме дегізбе.  
Һәркім жүрер үйретіп,  
Жамандық етіп өзіңе.  
Жаман әйел белгісі —  
Һәрнеден жоқ үлгісі.
- 2480 Ашылмайды ұйқысы,  
Күні бойы қыдырып,  
Шөп жабысқан шүйкесі  
Буылдық қылып иіріп,  
Шүйкесін қояр бір өріп.

Бар шадырлық өзінде,  
Ерінің құрыр жүйкесі.  
Шақырса дыбыс бермейді,  
Таң атқанша мыңқылдап.  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
2490 Қалса басы қайқайып.  
Жүріс-тұрысы бейне мас,  
Екі өкшесі шойқайып,  
Самай шашы бұрқырап,  
Екі қолтық жылтырап,  
Кекетеді қырқырап,  
Өзінің мүлкін танымас.

Тағы-тағы белгісі,  
Таптап өтер кебісі.  
Мұны дейсің кім кісі?  
2500 Десе болар өлі кісі.  
Қолын жумай, шеңбектеп  
Тамағын ұстай алады.  
Жүруге азар ерініп,  
Ас жағына барады.  
Домалақтап қолына,  
Бір тамағын алады.  
Қонағы көріп жиренер,  
Көзінің қырын жіберіп.  
2510 Алғаның сенің үйренер,  
Арамдыққа еті өліп.  
Кейде оның үлгісі,  
Шөміші болар құмғаны.  
Енді болар кім кісі?  
Шөмішпен итті ұрғаны  
Мұны дейсің қай кісі?  
Аяққа қолын малғаны  
Сан айтсаң да қылмайды,  
Тазалықта тұрмайды.  
2520 Ылғи осылай боп тұрса,  
Ер ажары мұқалар.

Алдар алып бай қызын  
Қанша жасау мүлікпен,  
Қайтты еліне тойлатып.

Жаңа түскен келіншек  
 Бай қызы бетін ашам деп,  
 Жаласысып сөз қып жүр.  
 «Мен ашам да, мен ашам!»  
 Қатын-қыздар, жігіттер,  
 Жаңа түскен келіншек  
 2530 Бет ашары басталды.

Аз насихат айтайын,  
 Мұны тыңда, жамағат!  
 Айтайын енді қайтейін,  
 Ұрғашыға, жамағат.  
 Ерлі-байлы болса да,  
 Біреуге-біреу аманат.  
 Ашпай соқыр көрмейді,  
 Айтпай жаман білмейді,  
 Өзі білер асылзат.  
 2540 Жүптіленбек белгісі —  
 Ата-ананың үлгісі.  
 Талаптанып тырмысар  
 Әйел, еркек һәр кісі.  
 Айтып-айтпай не керек,  
 Егер болса үлгісі.  
 Ұғып алар бек зерек,  
 Болмаса бір кем кісі.  
 Өзі жүрер еңіреп,  
 Мұны қылмас сөз кісі.

### *Беташар*

2550 Әйелі еркек міндеті,  
 Үлкен аға-ініміз.  
 Ұлы менен қыз ержеткен,  
 Мұны жана біліңіз.  
 Құтты болсын мүбәрәк,  
 Қонысыңыз, келіншек.  
 Қосағыңмен қоса ағар,  
 Өсіп-өніп, келіншек!  
 Еріңді сүй өлгенше,  
<sup>1</sup> ... өбіп, келіншек!

<sup>1</sup> Қолжазбада бір сөз өшіп қалған



- 2560 Дәулетіңіз кеңісін,  
Өршеленіп, келіншек.  
Күннен күнге молайсын  
Өсе беріп, келіншек.  
Кетпесін босқа һешкімге  
Намысыңыз, келіншек!  
Жұрттың біліп намысын,  
Табысыңыз, келіншек.  
Дәулетіңіз барында  
Танысыңыз, келіншек.
- 2570 Әй, ақ келін, ақ келін,  
Атың басын тарт, келін!  
Сауысқаннан сақ келін,  
Жұмыртқадан ақ келін.  
Алдыңғы түйең тартыншақ,  
Басқа соқпа, келіншек.  
Артқы түйең итіншек  
Көтке соқпа, келіншек!
- 2580 Басыңдағы ақ жаулық,  
Оның аты — кимешек.  
Қатын болып оңдырмас,  
Оны білмес, келіншек.  
Енді қайтып келмейді,  
Үйдегі күн, келіншек.  
Шаруаң тұр алдыңда  
Түйдегімен, келіншек.  
Қанағат ет дәулетің  
Аз да болса, келіншек.  
Күйеуіңді жақсы көр,  
Таз да болса, келіншек.
- 2590 Атаң сыйла кәрі шал,  
Жасы жеткен, келіншек.  
Қасиетті боласың,  
Қасіретте, келіншек.  
Ененді күт қартайған,  
Бүкірейген, келіншек.  
Жаман қатын шалқайып,  
Кекірейген, келіншек.  
Ерің сыйла жолдасың  
Өміріңе, келіншек.

- 2600 Бір қызықты барласаң,  
Өле-өлгенше, келіншек.  
Ұлыңды күт ержетер,  
Таза болып, келіншек.  
Үйретпесең, еңіретер,  
Жаза болып, келіншек!
- Ұзын арқау, кең тұсау,  
Қызыңды күт, келіншек.  
Үйретпесең, саған жау,  
Өзіңді күт, келіншек.
- 2610 Жақсы болса қормалың,  
Қайнағаң күт, келіншек.  
Қайның сыйла қолқанат,  
Жұмыскерің, келіншек.  
Бәрі саған аманат,  
Болсаң көрім, келіншек.  
Жақсы болса абысын,  
Тіпті қызық, келіншек.  
Жаман болса, ісіңді  
Қылар бұзық, келіншек.
- 2620 Жақсы болса сырласың,  
Қайын сіңлің, келіншек.  
Қайғыласың, мұңласың,  
Жаның сенің, келіншек.  
Қолғанатың келінің,  
Қызыңдай көр, келіншек.  
Онымен дос аруағың,  
Көзіңдей көр, келіншек.  
Ғұмырыңша сыйласаң,  
Досыңды күт, келіншек!
- 2630 Қиындықта қимасың,  
Осыны күт, келіншек.  
Қара жердің кемесі  
Түйеңді күт, келіншек.  
Қымыз — тамақ төресі,  
Биеңді күт, келіншек.  
Қарын-қарын сары май,  
Сиырды күт, келіншек.  
Ерің кетер танымай,

- Қымызды күт, келіншек.  
2640 Қой жүнінен баспана  
Үй ынтымақ, келіншек.  
Сабаң толар қасыңда,  
Ешкіні күт, келіншек.  
Ешкісіздің басында  
Ескі тымақ, келіншек.  
Ас — адамның арқауы,  
Егінді күт, келіншек.  
Айғыз-үйғыз жыртпасын,  
Жаман-жаман, еріншек.
- 2650 Жерін танып көріп сал,  
Төленбейді берімсек.  
Таң сәріден үйің жық,  
Аулың көшсе, келіншек.  
Ашуыңды ішке тық,  
Әуілдеспе, келіншек.  
Мыжырайтып үйіңді  
Тігіп жүрме, келіншек.  
Ерің болар күйінде  
Қылығыңнан, келіншек.
- 2660 Үйіңді бақ, бүтінде,  
Шоқ шығармай, келіншек.  
Үй тұрмасын түтінде,  
От шығарма, келіншек.  
Үйдің ішін қоқсытып,  
Ыбырсытпа, келіншек.  
Еркегіңді лоқсытып,  
Шыбыршытпа, келіншек.  
Түндігіңді жөндеп аш,  
Желге түзеп, келіншек.
- 2670 Далаң-дұлаң жалаңаш  
Желме «шу» деп, келіншек!

Арқан ессең, бос еспе,  
Бобыратып, келіншек.  
Жүкті арқан мен бостарға,  
Қабыратып, келіншек!

Жүнің жима үйіңе,  
Бұрқылдатып, келіншек.

Кимешекті айырма,  
Құрт ұрласып, келіншек!

2680 Үй жабдығы әр жерге  
Шашылмасын, келіншек.  
Ерің сыры әркімге  
Тасылмасын, келіншек!

Сырмағыңды қағып сал,  
Төсегіңмен, келіншек.  
Көзге түртпе әркімді  
Көсеуіңмен, келіншек!

2690 Бос илеме құртыңды,  
Бодалақтап, келіншек.  
Екі ұртыңды толтырып,  
Құр алақтап, келіншек!

Ыдысыңды ит жалар,  
Үйің бекіт, келіншек.  
Қажалақтап қидалар  
Зекімесең, келіншек!

Ергенекті бекітсең,  
Ит кірмейді, келіншек.  
Итті үйіңе көкіртсең,  
Жаман болар, келіншек!

2700 Шырақ болмас ер басы,  
Қойныңдағы, келіншек.  
Ер ажарын мұқатпай,  
Басыңды күт, келіншек!

Битті басқа ұқсатпай,  
Шашыңды күт, келіншек.  
Көз алдында қатырып,  
Былшық қоймай, келіншек.  
Үй қыдырып, сумаңдап,  
Жылп-жылп етпе, келіншек.

2710 Самай шашың дудырап,  
Жырқ-жырқ етпе, келіншек!

Көтере бас-аяғың,  
Тарқылдама, келіншек.  
Ашуыңды қолға алып,  
Ылпылдама, келіншек!

- Бақайыңды сорайтып,  
Сылқылдама, келіншек.  
Боларға да болмасқа  
Барқылдама, келіншек.  
2720 Болымсызға таласып,  
Шалпылдама, келіншек.  
Күндесіңмен өштесіп,  
Балталаспа, келіншек.  
Жайылмасын шаштасып,  
Алты Алашқа, келіншек!

- Үйдің іші толыпты  
Келін бетін көрмекке.  
Бетін ашпақ болыпты,  
Үлкен-кіші ермекке.  
2730 Жас келінге телміріп,  
Көздері оттай жайнапты.  
Беташарға еліріп,  
Бет ашады талапты.

- Анда-санда дуылдап,  
Басылады бүлк етпей.  
Жымыңдасып, құп тыңдап,  
Беташарға алғаны  
Қамшы дағы, орамал.  
Бетін сипап мақтанып,  
2740 Беташарға жиналған  
Орамалды қимайды.  
Жұлқыласып таласар,  
Бір-бір жапырақ жыртысып,  
Азырқанып күлісті.  
«Таласқанымыз осы-ау» деп,  
Осындай біл һәр істі,  
«Осы болмаса осы-ау» деп.

*Сегізінші тарау*

- Кемпір өлген аулында  
Хан жайына келейік.  
2750 Бір күні бір уәзір  
Ханға айтты: — Тақсыр, — деп, —  
Құп көрсеңіз бұл бір ер,  
Жасырар сізден жоқ сыр, — деп.  
Бәлен байдың күйеуі  
Жұртқа өшкере қайлалы.  
Табылар содан іс емі,  
Көрерсіз содан пайданы.  
Құтылтса сол құтылар  
Кемпірдің шатақ ісінен.
- 2760 Кемпір мен соны жұмсасақ,  
Орнына сол келтірер.  
Сіз айтқан соң тілді алар,  
Ер көңілді, кемсіз ер.
- Қуанғаннан осы хан  
Дереу алды шақырып  
Алдарды өз аулына.  
Алдарға айтты: — Баршы, — деп,  
Көп ақыны алшы, — деп.  
Осы кемпір өлгелі,  
2770 Тілімді алмас жалшы, — деп.  
Мені істен құтқарып,  
Сауап алып қалшы, — деп.
- Алдар айтты: — Барайын,  
Үлкен шенді маған бер,  
Үлкен шенді болайын.  
Кемпірге де сондай бер,  
Өлсем шенмен өлейін.  
Кемпірге де шен кигіз,  
Не болса да көрейін.  
2780 Істеген ісім көріңіз,  
Маған керек бір түйе.  
Кемпірді алып алдыма,  
Кетем сөйтіп жайыма.

- Даярлады түйесін,  
Алтын оқа шомдығып.  
Кемпір киді үлкен шен,  
Алдардан шені кем емес.  
Пысқан тамақ көп алды,  
Қоржынына құрт салды.
- 2790 Алдамақ деп бір талап,  
Кемпірді алды оқалап.  
Кемпірді алып келеді,  
Аяңдамай желеді.  
Барқыратып түйесін,  
Өкшесіне біз қадап.  
Жақын келді ауылға,  
Көрінді көп қауымға.  
Алдар қарар жалтақтап,  
Кемпір басы қалтақтап,
- 2800 Піскен тамақ салпақтап.  
Түйе желді тайтақтап.
- Кемпірді алды тірі қып,  
Биік қып тартып түндігін.  
Көтеріп басын қоқитып,  
Тіріден түрі кем емес.
- «Келді, — деп, — кеткен әжеміз»,  
Немерелері алдынан,  
Шөберелері артынан,  
Тағы да басқа балалар
- 2810 Жақындады жүгіріп.
- Салпылдаған тамаққа  
Балалар келе жармасты.  
Тамақты тартты әр жаққа,  
Кемпір жаққа қармас-ты.  
Шуылдасып таласып,  
Балалар жүр жармасып.  
Ауылдан көрді қарасып,  
Жармасып жүр жарасып.  
Енді Алдар тебінді
- 2820 Өкшедегі бізбенен.  
Тулады түйе біз кірген,

Тайрақтады секіріп.  
«Шөк, шөкті!» айтып зекіріп,  
Басқа да ұрып түйені,  
Алдар жатыр ыңранып.  
Тісін шұқып қанатып,  
Қанды көбік түкіріп,  
Құлығын ішінен ұнатып,  
Сілекейін шұбатып.  
2830 Басы астына қайрылып,  
Ақылынан айрылып.  
Тұрар-тұрмас әлі бар,  
Шығар-шықпас жаны бар.

Кемпір жатыр серейіп,  
Дүниеден көшіпті.  
Екі қолы ербиіп,  
Құлағандарды түйеден  
Ауылға алып келіпті.  
Алдар жатыр өлген боп,  
2840 Есін жиып тірілмей.  
Жиылған жан сасады,  
Өлі-тірісін біліспей.  
«Кемпір өлді, қазасы,  
Жасарын бұл жасады,  
Асарын бұл асады.  
Хан кісісі шын өлсе,  
Жұрттың кетер мазасы.  
Қылыңыздар бір кеңес,  
Өзі шенді кісі екен.  
2850 Жұртына тегі білікті,  
Бұл кісі егер шын өлсе,  
Елімізді хан қырар.  
Еліміздің бір үшін  
Бір үшінә тықсырар», —  
Деп жорыпты жиылған.

«Қартайғанда шен алып,  
Кемпір өлді қазадан.  
Құтылсақ егер тым жақсы,  
Мұнан еткен жазадан».  
2860 Әбігер болды тамам жұрт,



- Ақылын істің табалмай,  
Алдарға жақын барады,  
Естіді Алдар бар сөзді.  
Оңдалғанын ісінің  
Ішінен біліп жатады.  
Кемпірді қойды шынымен,  
Терең қазып тепкілеп.  
Кемпір еді Алдардың  
Бойындағы бар дерті,  
2870 Ауруынан тез оңалды.  
Елдің көзі ашылды,  
«Қалдық аман жанжалдан».
- Жазылып Алдар кетеді,  
Хан аулына жетеді.  
Ісін бітіріп алған соң,  
Босқа жатыр, нетеді?
- Хан қарсы алды Алдарды,  
Қонақ етті құрметтер.  
Кемпірдің де елі Алдарға  
2880 Олар дағы бопты ырза.  
Тәубе қылып ішінен,  
Жұртына Алдар қайтыпты.
- Түлен, Құлан һәм Бұлан  
Өштерін алмақ Алдардан.  
Қолдарынан түк келмей,  
Амалдарын тауысып,  
Қарғыс айтпақ болысып,  
Үлкен шайтан малғұнға  
Сөздерін айтпақ болыпты.  
2890 Біл, Тіріні ұғынып Былтыр,  
Алдады дейді Былтырды.  
Жыл Тіріні ұғынып — Жылтыр,  
Кім Тіріні ұғынып — Кемтер,  
Кісі дейді — Кемтер.  
— Іздедік, — дейді, — Былтырды,  
Табылмады қазақтан.  
Жоқты іздеп, әуре боп,  
Шықпадық, — дейді, — мазақтан.

- 2900 Малғұн нанбай бұларға,  
— Былтыр атты кісі жоқ,  
Неткен ақымақ өздерің,  
Өтірігінің үші жоқ.  
Сендерді Былтыр алыпты,  
Биыл қайдан табайын.  
Арлары әбден кетіпті,  
«Бер, — дейді, — мыналар сазайын».

### *Тогызыншы тарау*

- 2910 Алдарға жұрт шулады,  
Жолатпайды Шығайбай.  
— Шыны болсаң алдағыш,  
Алда, — дейді, — осыны.  
Бір қызы бар, бар да құш,  
Сымбаты мен бар сыны.

Шығайбайдың үйінен  
Қонған кісі құр кетпей,  
Қанша күтіп тосса да,  
Тағам татып, қылқ етпес.

- 2920 Не қылса да қылады  
Қонағына бір залал.  
Төбесінен ұрады,  
Қайтсе тауып бір амал.

- 2930 Маңайынан жүрмейді,  
Бір ұшқан құс болмаса.  
Шуақтауды білмейді,  
Жалғыз өзі оңаша.  
Таң қалғандай мінезі,  
Жылуы жоқ, сұп-суық,  
Шалдыртпайды бір өзі,  
Келтірмейді жұп-жуық.  
Өзіне-өзі төре өзі,  
Есігі де өзі, төрі де өзі,  
Елден шығып жүр өзі.

Шығар аң жоқ жұрт қуып,  
Болсын дейді бұған жұт.  
Ештеңе жейтін ол бір құрт,  
Қастығы оның болмас ұмыт.

- Сақтығы оның жан асқан,  
Қылп еткенді біледі.  
Кісі болса жанасқан,  
Тірсегінен іледі.
- 2940 Сараңдығы ел асқан,  
Ісі мәлім күллі елге.  
Бір кісі жоқ жаны ашыған,  
Жанның бөрі бірдей өш.

- Жұрт сөзі мен Алдардың  
Жайын Жәнібек естіпті.  
Шақыртып ап Алдарды,  
— Шығайбайды алда, — деп, —  
Алдай алмай қалма, — деп,  
Жазаға кіріптар боласың! —
- 2950 Деп бұйрықты береді.

Әз Жәнібек ханымен  
Серттесіп Алдар алды да:  
— Шығайбайды алдаймын,  
Алдамай оны қалмаймын, —  
Дейді, — оны алдау оп-оңай.

- Жетіп келді сол байға,  
Аты оның — Шығайбай.  
Қулығы сыймас бір сайға,  
/Алдар қоймас алдамай/.
- 2960 Сараңдықтан «шық бермес»  
Атаныпты жұртына.  
Алдар да бір ит көрмес  
Келді үйдің сыртына.  
Үеш нәрсе ерді бөгемес,  
Келе жатыр жұлқына.  
Сығалады үй тесіп,  
Телміреді көзі тесіп,  
Абайсызда білмекке.

- 2970 Сырттан үйді қараса,  
Қаблетті үлкен үй.  
Үй иесіне қараса,  
Ішіндегі бай да еді-ай.
- Үйді тесіп көріпті,  
Төртеу отыр төрт жерде,  
Шығайбай қазы тіліпті.  
Есікте емес, дәл төрде  
Қатыны отыр нан илеп,  
Қызы тырна жұлыпты.  
2980 Күңі отыр бас үйітіп,  
Көсеуі қысқа, зар илеп.  
Жылп етеді есіктен,  
«Кеш жарық», — деп кіріп кеп,  
«Татамын, — деп, — нәсіпті»,  
Әбден анық біліп кеп.
- Қылп еткенде, астына  
Олар асты тығыпты.  
Түк сезбеген кісідей,  
Болысып отыра қалыпты.
- 2990 Шығайбай сұрап Алдардан:  
— Келесің дейді қайдардан?  
Не естідің, не білдің  
Жақсы-жаман жайлардан?
- Күңі жатыр от үріп,  
Алдар жалт-жұлт қарады.  
Біразырақ отырып:  
— Көрдім, — дейді, — даланы,  
Келе жатсам алдымда  
Сары жылан жатыпты.  
3000 Сары қазы астында,  
Жуандығы дәл сондай.
- Артық-кем қып асырмай,  
Шын айтайын жасырмай.  
Ғешбір өтірік қосылмай,  
Хақиқаты осындай.

- Күң астында басындай  
Таспен ұрдым жіберіп.  
Бәйбіше астында нанындай,  
Былш етеді иленіп.  
Өтірік айтсам, жұлынайын
- 3010 Қыз астында тырнадай.  
Сезіктеніп секіріп,  
Жыланнан шошып жүрегім,  
Бәрі де рас, бәрі шын,  
Міне, осы көргенім.
- «Тіліңе шоқ түссің», — деп,  
Алыпты суырып астынан,  
«Піс, қазаным, бес ай», — деп,  
Қазанға салды бас, қазыны.  
Алдар нығайып отырды,
- 3020 «Отыр, көтім, он ай», — деп.  
Етігін шешіп лақтырды,  
«Бұған осы орай» деп.  
«Кер құланның терісін  
Келер жылы киейін.  
Басқа түссе бұл істі,  
Не болса да көрейін».  
Түні бойы шыдады,  
Түсірмейді қазанын.  
Түн ортасы ауғанда,
- 3030 Ұйқыға кетті үй-іші,  
Алдардың көр мазағын.
- Олар ұйықтап жатқанда,  
Қазаннан алды сыпырып  
Пісіп тұрған тамақты.  
Күңнің алды сыпырып  
Белдемшесін білдірмей,  
Қазанға апарып сап қойды.  
Жатса да аңдып Шығайбай,  
Қалды мұны байқамай.
- 3040 Әбден талып шыдамай,  
Ұйықтап кетіп оянып,  
Оятты бай қатынын.  
Күбірлейді ақырын:

- Ақырын, — дейді, — ақырын.  
 Жығылма, сүрінбе апырым-ай!  
 Білмей қалсын қонағың,  
 Естідің бе, қатыным?  
 Әкел бері түсіріп  
 Қазандағы асыңды.
- 3050 Отыңды әбден өшіріп,  
 Қараңдатпа басыңды.  
 Білесің тоқ-ашымды,  
 Жегізбей ит асымды.  
 Кимешегің кие сал,  
 Бұрқыратпа шашыңды.
- Қараңғыда қазаннан  
 Қатын түсірді белдемше.  
 «Жат жігіт, — деп — жазаңнан»,  
 Шығайбай отыр асығып.
- 3060 Піскен асты жегенше,  
 Жалтақтайды жан-жаққа.  
 Қолды салды табаққа,  
 Аузын үлкен ашады,  
 Қарамайды һеш жаққа.  
 Қапыл-құпыл асады,  
 Тамсанса, аузына дәмі жоқ,  
 Кір белдемше шайналмас.  
 Бай тісінің өлі жоқ,  
 Құр тамсайды қу далбас.
- 3070 Бай ұрысты қатынын:  
 «Бердің, — деп, — әкеп шандырды.  
 Бұдан басқа тағы бір,  
 Асың бар ма маңдымды?  
 Мынау шандыр оңдырмас,  
 Әкел, қатын, майыңды».  
 /Көсе жатыр күлімдеп,  
 «Шығайбайға қылдым» деп/.
- 3080 — Босаған тіске шандыр қас,  
 Шандырға жоқ жай, — дейді.  
 — Тамағымнан өтпейді,  
 Асат әкеп майыңнан.  
 Өрі-бері кетпейді,  
 Айрылдың, қатын, байыңнан.

- Қақалдым, — дейді, — желкеге ұр,  
Құсып жіберді қысылып.  
— Өлтірер, — дейді, — бұл құрғыр!  
Эзер түсті ақырда.  
Қатын берген шандырдың  
Дәмі бейне қанды ірің.
- 3090 — Тамақ болмас, дәмі жоқ,  
Шандыр бердің, өзің тоқ.  
Шандыр келді қай жақтан?  
Өзің жедің тәуірін.  
Маған бердің шандырды,  
Қазыны жепсің, маған жоқ,  
Қатын, сені ант ұрды.  
Қатын тұрды орнынан,  
Кебежеге ұмтылып.
- 3100 Алдар да тұр соңынан,  
Қақшиып кеп құлшынып.  
Кебежеден май алып,  
Қатын салды аяққа.  
Алдар да тұр таянып,  
Кетеді деп қай жаққа.  
Салған сайын қақшиды,  
Май орнына боқ салып.  
Сиырдың боғы былжырап,  
Толған аяқ қолында.  
Қатын барып апарып
- 3110 Шығайбайға береді.  
Боққа толған сол аяқ  
Шығайбайдың алдында.  
Шеңгел толды жас боққа,  
Қауып қалды арынмен.  
Лоқсып жатыр құспаққа,  
Арпалысты жас боқпен.  
— Боқты, — дейді, — бересің,  
Майың, байғұс, қай жақта?  
Боқты аяқпен келесің,
- 3120 Былжырап боқ аяқта.  
Лақтырды аяқты,  
Ашу кернеп Шығайбай,  
Аяқпенен бір салды.

- Қатын басы жарылып,  
 Қаны судай ағыпты.  
 Алдардың қылған бұл ісін  
 Шығайбай енді сезеді.  
 Бұрынғының үстіне,  
 Тіпті қорықты Шығайбай.  
 3130 Іштен күйді Алдардың,  
 Қорлығына шыдамай.
- Тойған Алдар ылқылдап,  
 Атын байқай барады.  
 Алдарды білер кім тыңдап,  
 Аяғын басар жымындап.  
 Бай атымен теңгеріп,  
 Атын әбден байқайды.  
 Осы ақылын жөн көріп,  
 Күліп басын шайқайды.  
 3140 Алдар аты қасқа екен,  
 Байдың аты қасқа емес.  
 Қасқасы гөне басқа екен,  
 Өңге түсті басқа емес.  
 Алдар алып боқ жақты,  
 Қасқасына атының.  
 Бай атына бор жақты,  
 «Қайтеді, — деп, — қарт зәлім!»
- Қапысыз болып жатады,  
 «Тимесін, — деп, — залалы».  
 3150 Енді дейді қайтеді,  
 Өз атын қылды бай аты,  
 Бай атын қылды өз аты.  
 Әбден талып ұйқыдан,  
 Тойған Алдар жығылды.  
 Басын жатыр тұйықтап,  
 Байды байқап қараса,  
 Бұйда пышақ қолға алып,  
 Көңілінде жамандық.  
 «Жарайын, — деп, — бір салып»,  
 3160 Бай да көрді теңгеріп.  
 Салыстырып екі атты,  
 «Жарсам» дейді түнеріп.



- Жұқа шаптан қасқа атты,  
Қасқа атты жарып жөнелді.  
Байдың діні тым қатты,  
Ысқырып тулап ат қалды.  
Маңдайы тұр жарқырап,  
Барысымен оятты,  
Бай Алдарды жұлқылап.
- 3170 «Бақпағаның ұятты,  
Жатырсың, — деп, — қорқырап.  
Көсілді байғұс аяғың,  
Жарылыпты қасқа атың,  
Даяр өне таяғың,  
Менде емес қой міндетің».
- Ұйқылы көзбен жүгірді,  
«Ұрды ғой, — деп, — апырым-ай!»  
Шошығансып сыртынан,  
Аттарға қарай жөнелді.
- 3180 Алды-артына қарады,  
Қос қасқа ат деп санады.  
Боқ қасқа болса менікі,  
Бор қасқа болса сенікі.  
Жарылыпты бір қасқа ат,  
Жарылыпты кімдікі?  
Әбден қарап Шығайбай,  
Енді білді өз атын.  
«Жарылыпты қап, бөлей!  
Жарылған ат менің атым».
- 3190 Таң атқан соң Шығайбай  
Жөнеледі қойына.  
Қойнында ыстық нан,  
Пісіртіп алған жолына.  
Сезіп қалды мұны Алдар,  
Құшақтады қоштасып.  
Келе байды қапсыра,  
Нанды етіне жапсыра,  
«Ит жегір» деп тастайды.
- 3200 Суырды нанды қойнынан,  
Алдар наннан қашпайды,  
Қағып алды қолымен.

Байдың қызы Біз-бике  
Екенін Алдар біліп ап,  
Кіріспек тағы бір іске,  
Тағы алдап байды бір соқпақ.

- Байдан Алдар біз сұрап,  
Көрсетеді етігін.  
Шұлғауы тұр бұрқырап,  
Шағады кем-кетігін.
- 3210 — Жүрмеуші едім жалаң аяқ,  
Бақайымды сорайтып.  
Біз бергізші аямай-ақ,  
Алайын етігім табандап.  
Біз бермесең, жатамын  
Атымды бағып тынығып.  
Бұйырса дәм татамын,  
Алмасам болмас шынығып.  
Жат деу қайда, сонда бай
- 3220 Ыршып кетті ширығып,  
— Бізді бер, — дейді аңдамай,  
Есі шығып ұйлығып.  
— Жатамын деп сен неме,  
Аузыңды тыймайсың.  
Жатқызамын мен неге?  
Жатамын деп ұялмайсың.  
Жама да бер бізімді,  
Жоғалт шапшаң көзіңді.  
Табаныңды жалтырат,  
Естімеймін сөзіңді.
- 3230 Бізім қалды үйімде,  
Қылпылдайды күйінде.  
Бәйбішеден ал, — дейді, —  
Қайта орнына сал, — дейді.  
Сұрамасты сұрайсың,  
Кетші менен ары, — дейді.

- Бермесіне лажы жоқ,  
Құтылсам деп Алдардан.  
— Менімен ермей, қал, — дейді.  
Қалса екен деп қасынан,
- 3240 Жек көріп-ақ тұр ішінен.

- Қарағысы келмей түсіне,  
Жөнеледі қойына.  
Алдар айтты: — Бай-еке,  
Қатының маған біз бермес.  
Мені етпе келеке,  
Бермек түгіл сөз бермес.  
«Бізім бер» деп дауыста,  
Алсын десең бізінді.  
3250 Сен кетесің алысқа,  
Естімейді сөзінді.  
Шапшаңырақ Алдардан  
Құтылмаққа бай енді,  
Кетсе екен деп антұрған,  
Берсем кетер тез деді.  
«Бізді бер» деп шыңғырды,  
Қатынына айқайлап.  
Шығайбайдың дауысын  
Қатын анық есітті.  
3260 Үйіне қатын он кірді,  
«Бермеймін» деп ойбайлап.
- Алдар қақты кеудесін,  
Күйеуімін деп қатынға.  
— Бай ақырып келмесін,  
Қараңыз, — дейді, — артыңа.  
Қызыңды, — дейді, — бересің,  
Бермесең кеп көресің,  
Кел, бәйбіше, отырма?  
Байдан алдым рұқсат,  
Бер деген тез қызыңды.  
3270 Естімеймін сөзінді,  
Байың әне «бер» дейді.  
Қызымды дейді тоқтатпа,  
Қаратпа дейді жоқ сәтке.  
Көнбей қатын көп тұрды  
Алдардың айтқан сөзіне.  
Алдар сөзбен қуырды,  
Келер деп іс кезіне.  
Байға қарап салды айқай,  
Бермейді деп Бізді-бикені.  
3280 «Бер» деп салды бай да айқай,  
— Бер, тез кетсін, бер бізді.

- Осылай деп бұйырып,  
Қойларымен бай әуре,  
Қойларын жүр қорғайлап.  
— Естідің бе? — деп Алдар,  
Сүйсіндірді сөзіне.  
Біз дегенді қыз, — дейді.  
Біз екені — біз, — дейді.  
Бөгелдірмей тез енді,  
3290 Біз бикені бер, — дейді.  
Алдар тіпті болмады,  
Бай айтты деп қызды бер.  
Бермесіне қоймады,  
Алып тынды Алдар ер.
- Алдар кетті жөніне,  
Тоқтамайды бір сағат.  
Жолы болған ісіне  
Қуанады жүз қабат.  
Келе жатса, алдында  
3300 Осылып жатқан қара жол.  
Аман-есен қалпында  
Керуен жатыр малы мол.  
Келіп еді керуенге,  
«Жалдан», — дейді Алдарға,  
Жалданады Алдар алдарға.  
Алдарға берді жүз өгіз,  
«Осыны жайып бақшы», — деп.  
Жақсы-жаман өгізін  
Бәрін бірдей «яқшы» деп.  
3310 Тышқақтатып айдады,  
Керуеннен оздырып.  
Ол күні күн де қайнады.  
Айдады жолды қаздырып,  
Уағдасында тұрмады.  
Құйрығын кесіп шолтитып,  
Өгіздерді қуып тастап,  
Келді қайтып ойқастап.  
Жүз өгіздің құйрығын  
Тегіс шанышты батпаққа.  
3320 Кім айтады сұмдығын,  
Батпақта деп айтпақ та.

- Жыбырлап тұр шаншулы  
Жер бетінде бір милы.  
Ұзынды-қысқа құрықтар  
Шошаяды һөртүрлі.  
Алдар жүйрік қулыққа,  
«Сүңгіді» деп айтпақ та,  
«Өгіздердің өздері  
Су ішем деп батпаққа».
- 3330 Алдар қазды айнала  
Құйрық шаншылған жерді кеп,  
Қазып жатыр «өк-өк» деп.  
Анда-санда «ха-халап»,  
Үсті-басы батпақ боп,  
Шөлдепті дейді «фах-фахлап».  
Керуенбасы Алдарға:  
— Қайда, — дейді, — өгізім?  
Жимай қалдым амбарға, —  
Қайран, — дейді, — семізім.
- 3340 Алдар айтты оларға:  
— Су ішем деп өгізің  
Сүңгіді дәл осы араға.  
Қайғырмашы сен өзің,  
Сенен басқа бай жоқ па?  
Жаман екен мінезің,  
Өгіз кетпес һеш жаққа,  
Қазып қайырам мен өзім.  
Көп жайған соң бек шөлдеп,  
Өте жеді құрғақ шөп.
- 3350 Баққаным жоқ өлсін деп,  
Семірт деген жарлықпен  
Мақтана жайдым тойғанша.  
Сүңгіп кетті зорлықпен,  
Шырқ иіріп қойғанша.  
Құйрықтары көрінген  
Өгіз қайда барады.
- Қазбаймын деп ерінген,  
Құйрығын жұлып алады.  
Тартпаңыздар құйрықтан,  
3360 Өгізден болса үмітің,  
Түкке тұрмас ұйлыққан.

Шыр айнала қазалық,  
Құйрықтан тартқан балалық.  
Құйрық кетер жұлынып,  
Құйрық жұлынса, өгіз жоқ.  
Өйткені тұр өгіздер  
Тек құйрыққа ілініп.

- 3370 Керуенбасы даңғойлау,  
Алпауыттау кісі екен.  
Пысып тұрған күйінде  
Қара күш мол елірген.  
Мақтанып тұр демігіп,  
«Суырдым, — деп, — талайды».  
Жүгіре басып талтақтап,  
Тамашамен атқақтап.  
Келе тартты құйрықтан,  
Күшті аямай, шірене.  
Шалқадан түсті жығылып,  
Батпаққа басы тығылып.
- 3380 Милығынан басы ене  
Жұлынған құйрық қолында,  
— Неткен, — дейді, — бос неме?

- 3390 Керуенбасы тағы да  
Күшін сынап өзінің,  
Жұлды құйрық бірнеше.  
Сөйледі Алдар жағына:  
— Ойпырым-ай, — дейді, — өзіңіз,  
Кісіге деп бірнеше  
Өгіз күшің бар екен,  
Бірақ ішің тар екен.
- 3400 Жалшы жүрер жан үшін,  
Жан сақтайтын мал үшін,  
Неге ақырдың мал үшін?  
Мына күшің тұрғанда,  
Кімге кетер намысың?  
Керегіне табыстың,  
Ғештемеден қорғанба,  
Енді кетті дабысың.  
Бырт-сырт жұлдың өгіздер
- 3400 Батпақта жатқан құйрығын.

- Бірақ енді үш өгіз  
Жер астына сүңгіді,  
Бізге үш өгіз жоқ деңіз.  
Тыңдасаң менің сөзімді,  
Кетпен салып алайық,  
Өгіздерді айнала.  
Кетпенменен қазайық,  
Көзің, міне, көріп тұр,  
Құр құйрыққа ілініп тұр.
- 3410 Құйрықтан енді тартпаңыз,  
Біз болармыз арманда,  
Айрылып қап бөрінен.
- Әкелейін мен кетпен  
Сатып дереу базардан.  
Өгізді алмай мен кетпен,  
Уайымдама, ажарлан.  
Базар жақын дөң асты,  
Көп жүрмеймін аз жерге.  
Тез бере көр жүз теңге,  
3420 Қыдырмаймын һәр жерге.  
Тентіретпе базарға,  
Маған беріп бір теңге.  
Сатып қару алайық,  
Қазықпен қазып өуре боп,  
Шатылуды қояйық.
- Осы күнде өгіздер  
Жердің астын көріп тұр.  
Жер астында теңіздер  
Мөп-мөлдір боп тұнып тұр.
- 3430 Теңіздер шөбі тамаша,  
Шөп иісін біліп тұр.  
Суырам деп бері тартсаң,  
Шөп, суды көріп ары тартар.  
Шолақ өгіздер оттап жүр,  
Құрықты өгіздер біліп тұр.  
Тезірек қазып алмасақ,  
Өгіздер кетер миға еніп,  
Айрылармыз көрнеу.

- 3440 Керуен басы еліріп:  
— Қурайша жұлдым құйрықты.  
Жаннан асқан мен мықты,  
Тап түбінен жұлып алдым,  
Шыдамас маған жан тіпті.  
Мақтанып Алдар сөзіне,  
Есі-дерті күшінде.  
Тағы да құйрық жұлуды  
Көңлі қалап ішінде.  
— Пәлі, — дейді, — жарайды,  
Әкел жігіт бар дағы.
- 3450 Дереву сатып кетпендер,  
Мә, жүз теңге ал дағы.  
Жолдастарым, үндеме,  
Мұны босқа кірлеме,  
Ақылы мол бір жігіт  
Құр әуре боп күндеме.

- Керуендер қалды сол жерде,  
Алдар кетті жөнімен.  
Базарды Алдар не қылсын,  
Өгіз айдап кетеді.
- 3460 Өңшең шолақ алдында,  
Бір бөгелмей желеді.  
Керуендердің қолынан  
Түк келмесін біледі.

- Келе жатса, алдында  
Шырқ иіріп қойларын  
Қылтиады бір тазша.  
Киімі жыртық дал-дүл боп,  
Самайы шор-шор сарғайып,  
Қылтияды жарбайып.
- 3470 Тілі сақау балдырап,  
Сәлем берді Алдарға:  
— Әлейкүм. — Уағалейкүм,  
Тазшам, — дейді Алдар да.  
Қиын емес алдауы,  
Қуанады жымыңдап.  
Күлмең, — дейді, — қылмыңдап,  
Келеді іштен пайымдап,



- Тазшаны алдап кетуді.  
Салған жерден көзіне  
3480 Түсе қалды самайы.  
Беп-белгілі өзіне,  
Келді істің қолайы.
- Самайың сары шаш өсіп,  
Тазшам, — дейді, — жүдепсің.  
Қалмағын, тез емдетіп,  
Жайлаған бастан құрт кетсін.  
Көздерің түбі шүңрейіп,  
Құр қарайсың алайып.  
Басың қышып меңірейіп,  
3490 Аурудан мұңайып.  
Талай тазды емдеген,  
Тазға басты бермеген,  
Таздан жазылдым мен дағы,  
Тазға үлкен мен дәрігер.  
Шормақтанып су шығып,  
Қызара бөртіп бу шығып,  
Сенен жаман таз болдым,  
Иістеніп ұшығып.  
Дәл өзіндей қойшы едім,  
3500 Жас мөлшерін жасында  
Жазылмайды-ақ деуші едім.  
Осы қотыр басымда,  
Жаман едім жасымда,  
Жан ілтифат қылмайды.  
Жаман тайым астымда,  
Құр тілге тіл зырлайды.  
Қойым жайып түр едім,  
Жетіп келді бір адам.  
Басым қышып жүр едім,  
3510 Ерігіп ем сұрадым.  
Дәрігер екен сол кісі,  
Әлі ұмытпаймын бүгіндей.  
Емін айтты сол кісі,  
Ем істеттім бөгелмей.
- Қойды иіріп қойды да,  
Ауыртпай алды шашымды.

Бір тоқтыны сойды да,  
Көп қып жазды басымды.

- 3520 Миын, құйрық, өкпесін  
Басыма тартты көп қылып.  
«Тазым, — дейді, — маған сен»,  
Жерге көміп текпілеп,  
Көзімді тартты басыммен,  
Қолыма беріп жас шыбық.  
Тойып алдым, ашпын мен,  
Екі бүйірім бір шығып.  
Өзі де тойды өзімдей,  
Май той қылдық далада.  
3530 Құлақ дейді көзіңдей,  
Білер естіп бала да.

- Шыбығыңды сілтесең  
Қолыңменен жан-жаққа,  
Зуылдамас қой жоқта.  
Зуылдаса, қойыңның  
Кетпегені һешқайда.  
Үйретейін, — дейд, — білмесең,  
Мұндайды бұрын көрмесең.  
Сілтеттірді шыбықпен,  
Қой бар да тұр зуылдап.  
3540 Иірді қойды басыма,  
«Басыңды, — дейді, — қасыма, —  
Көзіңді тартып ашпа», — деп,  
Ұстара салды шашыма.

«Көзіңді ашсаң жарамас,  
Өршиді дейді және таз.  
Таз иесі көзіңді  
Шығарад, — дейді, — қарасаң.

- Өз қарның ашса, қой қарны  
Бірге ашад, — дейд, — әй, тазым!  
3550 Ұмытып қап бұларды,  
Айрылма қойдан сен жазым».

Балқып ұйықтап қалыппын,  
Үш күн, үш түн қозғалмай.

Бейне айысқан алыппын,  
Дене мені болжамай.

Ұшып тұрдым орнымнан,  
Айрылдым деп қойымнан.  
Тапжылмапты орнынан,  
Қойлар бырт-бырт күйсейді.

- 3560 Қойымды салсам басыма,  
Майда шашты сүйкейді.  
Ақымнан бердім бір тоқты,  
Шынымды айтып байыма.  
«Енді қылшы таз мені»,  
Жазылып кеттім жайыма.

Ал емдесең, міне ем,  
Емденбесең, таз боп жүр,  
Тазша, сен бір менің нем?

- 3570 Қуанғаннан сонда таз,  
Ыршып түсті керіктен.  
Қойын иіріп, бір тоқты  
Алып ұрып сояды.  
Алдар мен қыз һәм тазша,  
Үшеуі етке тояды.  
Басын байлап тазшаның,  
Алдар кетті қойды айдап.  
Таз жатыр бір шұңқырда,  
Шыбығын ұстап қолына,  
Зуылдатып оң-солына.

- 3580 Қой жатыр деп қуана,  
Шыбығын сілтеп қояды.  
Алдар қойды дүркіретіп,  
Аман-есен құтылып,  
Өгіздері алдында,  
Бике және қасында,  
Қалған жоқ істен ұтылып.

Үш күн жатты сарылып,  
Керуен жүрді шыдамай,  
Тоса-тоса жалығып.

- 3590 — Көрмедік қылық мынадай,  
Біздер мазақ болдық, — деп,  
Бір зәлімге алдатып.  
Батпақ қазу азап деп,  
Жөнелді керуен шаңдатып.
- Үш күннен соң бір сорға  
Керуен келіп қонады.  
Тазша жатыр сол сорда,  
Жазылам деп қуанады.  
Шалқадан жатты көз тартып,
- 3600 Шұңқыр жерде жымыңдап,  
Шыбығын жатыр зуылдатып.  
Күлімсіреп, құнжыңдап,  
Жақын келді керуен.  
Адамдары ұмтылып,  
Аттары үрікті осқырып.  
Сескенбейді қымсынып,  
Тазша жатыр тып-тыныш.
- Керуенбасы дүрілдеп,  
Алдайтұғын қуың деп,  
3610 Хайламенен жатыр деп,  
Ақырады: «бұ кім?» деп.  
Қамап алған кісімен  
Тазшаның жоқ жұмысы.  
Бәркім өзі ісімен,  
Дабырмен оның не ісі.  
Көңлінде жазылмақ,  
Жын соғат деп көз ашса,  
Жатпай қайтсін бейне ақымақ,  
Өзі надан, өзі тазша.
- 3620 Келе тартты қамшымен  
Тазшаны жаман бір қосшы.  
«Талайдан соғып дөніккен,  
Алдамшы, — деп, — дәл осы».  
Қамшы өтіп етіне,  
Ойбай салды байғұс таз.  
Байлап алды сол жерде,  
Қимылдауға қалды аз.

- Құзырына келтіріп,  
Керуенбасы сұрады.  
3630 Тазша байғұс еңтігіп,  
Есі шығып тұрады.  
Балдыр-бұлдыр сөйлейді  
Бастан-аяқ көргенін.  
Енді тазша түсінді,  
Өтірікке сенгенін.
- Тазшаны алып керуендер,  
Алдардың түсті соңынан.  
Пәленді деп хақы жер,  
Берді дейді оңынан.  
3640 Естіп біліп біреуден,  
Алдардың қайда екенін,  
Құтылмас деп төлеуден.  
«Сығармыз, — деп, — жегенін,  
Қашқын қуып келді» деп,  
Жетті хабар Алдарға.  
Кім ойлайды өлет деп,  
Алдардай қу жан бар ма?  
Керуендер келісімен  
Алдар жатты оң жақта.  
3650 Сылқ етіп Алдар өлісімен,  
Жаназа айтты жан-жаққа.  
«Беттеріңді жырта бер,  
Дауыс қылып сыдырта бер,  
Қатындар, — дейді, — мен өлдім».  
Жығыла кетіп сұлады,  
Бетімді дейді жаба бер.  
Қатындары «мырзам» деп,  
Беттерін жыртты «ойбайлап».  
Керуендер қожандап,  
3660 Келсе тағы ұйылықты,  
Өлгенін Алдар біліпті.  
— Өліктен, — дейді, — не аламыз?  
Ұялып өлсе, құн сұрар,  
Пәле шақырып аярмыз.  
Өлікті үйде кім тұрар,  
Кел кетелік аманда,  
Жолығармыз пәлеге,

- 3670 Бізге бермес дәнеме.  
Босқа тұру жарамас,  
Жолымыздан қалармыз.  
Аман болса шара бас,  
Тағы да мал табармыз.  
Кісі өлген ауылдың  
Құр мазасын алармыз.
- 3680 Керуендер, тазша жөнелді,  
Алдар тұрды оң жақтан.  
«Алдар, — деп естіп, — тірілді»,  
Керуендер келді қайтадан.  
— Дау даулады керуен,  
Қылғаным жоқ серуен.  
Тірілуім себебі  
Болды дейді періден.  
Сүлдерім бар, жаным жоқ,  
Бұрынғыдай өлім жоқ.  
Қалқиып тұр демесең,  
Тірлігіме мәлім жоқ.  
Ақыңды қайтып берейін,  
Ақыңнан өліп-тірілдім.  
Өліп және көрейін,  
3690 Өліп көрмей не білдің?  
Қалған жан мен сүлдері,  
Сүлдері қалған, тірі емес.  
Сүлдерлінің күндері  
Шын тірімен бір емес.  
Бұрынғыдай сүйкім жоқ,  
Сүйкім түгіл икем жоқ.  
Өлмесем де өлді дер,  
Көп аузында күлкі етер.  
Өлді деген ат жаман,  
3700 Болдым ғой мазақ елге енді.  
Бұдан жақсы көмгені,  
Айрылды дер жанынан.  
Өлдім дегені — өлгені,  
Мұны оңай десеңдер,  
Өліңдер, көзбен көрейін.  
Өле алсаңдар мендей боп,  
Ақылдарың берейін.

Ақылдасып керуендер,  
«Төлейді, — дейді, — біз өлсек,  
3710 Қайтып, — дейді, — өлеміз?  
Өлген соң ол дүниеден  
Неғып, сірә, келеміз?  
Сұлдер қап, жан берерміз,  
Өлем деп өтірік шын өлсек,  
Жұртқа келемеж болармыз».

Жығылды жолға Алдардан,  
Құтылды Алдар олардан.  
Керуендер өтірік өле алмай,  
Қалыпты ақы алудан.

Ырза бопты Жәнібек,  
Алдардың айтса ісі көп.  
Көрсеткендер талай кеп,  
Осымен бітсін ертегі,  
3724 Ертеде өткен ер кебі.

## ҚОРҚЫТ

Арқаның арқар белін, қат-қат тауын,  
Жаннаттың Райхандай бие бауын  
Топыр ғып ауыр қытай, қалмақ қамап,  
Сауытты шапты төсеп омырауын.

Бой бермей өрши берді жанжал тасып,  
Төгілген жерге сіңбей қандар сасып.  
Кептірмей аттың терін жұлқыласты,  
Қазақ пен қалмақ, қытай ылайласып.

10 Жерден жын, дию-шайтан, ерке албасты  
Төкашпар жер Төңіріне иді басты.  
Көктегі періштемен үндес болып,  
Ылаңнан жер бетіне өмір шашты.

Балалап әрекеттен атты бүлік,  
Кінәдан керіс туды, ұлғайды ілік.  
Ғаламат жерге симай, көкке шықты,  
Сондағы жауламағы бір тіршілік.

20 Керемет кило сақал бәрі де ірік,  
Жейтұғын Жапшар жазған жамбас-жілік.  
Сиыспай көктен Кәрім, жерден ғалым,  
Алты мың алпыс алты болды түлік.

Ақ туы Пайғамбардың алды маза,  
Пақырға берді қысым, жазық, саза.  
Ораза, қатқам салат қабат жүріп,  
Аздан соң парыз шықты, ниеті қаза.

Халықтан безді рахат, қара қоғам,  
Сарнаған салауатпен дұғалардан.  
Қорқытқа мұның бірі ұнамайды,  
Жалғыз-ақ жаны керек сағалаған.

30 Бәсеңдеп кейде майдан, кейде ширап,  
Шатырлап шоқпар, найза, қару қирап.  
Қорқыттың алды көр боп, артында — жау,  
Дегенмен босатпады өлім шырмап.



Артылып ауыр-ауыр қару-жарақ,  
Қан жағып тартылғанда қайқы садақ.  
Ақ болат бауыздаудан семсер тиіп,  
Бір кезде ығысқандар аты — Қазақ.

- 40 Қорқыттың мүшел кез кеп түлегінде,  
Жорықтың қона-түнөп түнегінде.  
Үйіне Қорқыт қайтып келіп еді,  
Заманның астан-кестен түтегінде.

Тебінгі термен иі боп, терлік шіріп,  
Жүргенде жан жендетін кейін сырып.  
Жетпіс мың қанаты бар Ғәзірейіл  
Қорқыттың ата-анасын кеткен қырып.

Қорқыт: «Жан өшіккеннен Тәңір күшті,  
Өлім кеп әмірмен дәлдеп түсті», —  
Деп сарнап қара қобыз хабар беріп,  
Қозғады қасірет күйін өкінішті.

- 50 Шертілді шешен қобыз өздігінен,  
«Қан кешіп жүргенде, — деп, — үзеңгіден —  
Қамқорың анаң өлді, — деп сарнады, —  
Атаң жоқ жарып шыққан өзегінен».

Жалғыз-ақ демін тартты Қорқыт бұған,  
Қобыздың былдырынан шөкті тұман.  
Молаға қобызын алып жүре берді,  
Не десін оқиғаның болғаны аян.

- 60 Бұларға шатыр болған балшық мола,  
Қауымында өлгендердің елден шола.  
Басына «Мұсылман» деп тас қойыпты,  
Бұрынғы бабамнан деп қалған жора.

«Алланың әмірі» деп молла мүлгіп,  
Етін жеп қаралының басын шұлғып,  
Көмдіріп ата-анасын терең көрге,  
Жемтігін жер құртына берген құлғып.

Періште: — «Не істедің, — деп, — дүниеде?  
Құлыным қысымдамыз қараңғы үйде».

Әлсіз үн сол қабырдан естілгендей,  
«Жатырмыз, — дегендей боп, — ауыр күйде».

70 Таяқ жеп Мөңкірбайдан, қатты налып,  
Ғазабы ата-ананың жатқан жанып.  
«Мекем» деп армандаған әуел ұлға,  
Жатқан соң көр басында кетті талып.

Еңіреп деп жатса да: «Қамқор анам»,  
Демеді ата-анасы: «Келдің, қарғам!»  
Қабырдан сол бір кезде қылт етті өлім,  
Дегендей: «енді Қорқыт өзіңді алам».

80 Бар екен бір өлімде жетпіс мың бас,  
Жайпайтын тілдері ұзын құлаш-құлаш.  
Бәрі көз денесінің тасырайған,  
Түгінің өткірлігі қан шығармас.

Найзадай мұрттары үшкір, жап-жалаңаш,  
Қолында қанжары көп болат алмас.  
Түсі бір қара-тарғыл аждаһадай,  
Қандай көз көрсе мұны бадыраймас.

Дәптерін арқалап ап өлмек жанның,  
Қыршынын қимақ болып жас-қарияның.  
Қапшығы жан салатын иығында,  
Қасынан өткен кезде тас моланың.

90 Кезігіп тізімдегі Қорқытқа да,  
Дәптерді ашып оқып қорытқанда,  
Моладан бірақ ырғып қашты Қорқыт,  
Қорқытта қала ма ақыл қорыққанда?

Көр анау, қараңғы, ызғар сұры суық,  
Кереге, босаға, жоқ шаңырақ, уық.  
Бірдеме сияқтанған жын мекені,  
Кім барам дейді еркімен жақын-жуық.

100 Десек те тағдыр берген үлкен Аллаң,  
Ол бір сөз көңіл аулап жұбандырған.  
Төндіріп молла дәлелдеп айтса дағы,  
Жексұрын «Өлім» деген аты жаман.

Қорқытты қорқытқанда өлім «мен» деп,  
Қайтеді қан боп жаумай жасы көлдеп.  
Тағы да ата-анасы шақырғандай,  
«Қарағым, жатар орның мына көр!» — деп.

Қожалақ ғажайып боп осы кезде,  
Құбыжық қорқытып кеп тұрды көзде.  
Ақылын ала қаншық ажуалап,  
Бұрмалап алып ұшты қиял — кезбе.

- 110 Қорқыттың сол бір күнде болмай ырқы,  
Көрдің бе күңіренгенін қандай сиқы.  
«Кешу ап ата-анамды көмбедім», — деп,  
Қамады деген қиял иқы-жиқы.

Кезікті сүрлеуі жоқ жолдар шоқыр,  
Адамды асырмайтын тірі жұтқыр.  
Сол күннің әділетсіз заңы келді,  
Әлей-дүлей, ию-қию, қиқым-қоқыр.

- 120 Қорыққан Қорқыт бала өлім көріп,  
Ұрыдай қаныпезер жүрген торып.  
Содырлы сүреңі арық замананы  
Қорқыт та қияңқы оймен тұрды шолып.

«Апыр-ау тумаған ба, — деп, — ғадалат?  
Шектенді әлде бізде бар ғаламат.  
Қиналды, «қиындықты көреді-ау, — деп, —  
Келетін менен кейін көп жұрағат».

Торықты сұм ағымнан сонда жүрек,  
Жасы сел, аққан-ды қаны сүмек.  
Жол беріп жер, аспан-көк кесапатқа,  
Боп кеткен шұрық-шұрық бәрі шүмек.

- 130 Жоқ әлде үлкен жер-көк болмас солай,  
Ауызбен мөлшерлеуге келмес оңай.  
Қалайша, кім нанады тағдыр бермек,  
Ғаламға он сегіз мың жалғыз Құдай?!

Тұңғыық, шыңырау, шүңейт, қара түнек,  
Тұйықтан алай-түлей айсыз түбек.

Заманның жолы егіз ғой, жайлы қоныс  
Халыққа таппас па екем мұнан бөлек.

- «Өлімнен құтылармын, — деді, — қашсам,  
Болар ет елге де олжа айла тапсам.  
Өлімге, жанға жерік таптырмайын,  
140 Қалғанша тарамысым, жалғыз таспам».

Қашуға осыны айтып ыңғайланды,  
Азығын айран-сүзбе байлап алды.  
Маясын ботасынан ойнақтатқан,  
Ұзатып ұзақ сапар жолға салды.

Қасында серігі жоқ ерген елден,  
Сенгені қара қобыз, түйеменен.  
Безем деп бір дөңеске тұрды барып,  
Арқаның өлім жортқан түбегінен.

- Біржола үзсе де үміт ел мен жерден,  
150 Қимады, төкті жасын мөлдіреген.  
«Қош бол, — деп, — туған жерім!» қобызынан  
Арман күй кетті аңырап күңіренген.

Күжілдеп еңірей берді қара қобыз,  
«Кеттім, — деп — Сүбіхан жерге ие боңыз.  
Бауырың қарағай-тал, қалды әні», — деп,  
Қобызын қамықтырды тоқсан тоғыз.

- Аңқытты түйе үстінде Қорқыт күйші,  
Саусақтар кезек-кезек болды биші.  
Аңыратып жалыны ұшқан күй қозғады,  
160 Дегендей осы күйдің сырын түйші.

Көтеріле күй созылды жоғары өрлеп,  
Тұрғандай кетті даусы көк күркіреп.  
Асырып сонау аспан асқарынан,  
Бір мезгіл төмен соқты жерге үрлеп.

Төңіректі түнжыратып таңырқатты,  
Шөлдетіп, қамықтырып, шашырқатты.  
Көз көрмес ен аулаққа кетіп қалып,  
Қалқытып қайта оралтып арқыратты.

- 170 Кібіртіп кейде шабан шөмеңдетті,  
Желдіртіп, бүлкілдетіп, бүгжеңдетті.  
Жұлқынып, аласұрып, бірде тулап,  
Атой сап қуып-қашып, жүр-жүрлетті.
- Жаңбырдай майда, жұмсақ себеледі,  
Безектеп жылдамдатып жебеледі.  
Бейнесін осы арада бір көрсетті,  
Кеземін, кетем деген дүниені.
- Сол уақта пәрменінше сүмектетіп,  
Жіберді қос бармақпен шертіп-шертіп.  
Қарлантип қабағынан қар жаудырып,  
180 Сол жерде күй желісін кесті кертіп.
- Мұңдының мұңын қозғап, шерін жазып,  
Шерткен күй бөсеңдеді талмауланып.  
Бір күйіп, бір суыған жұрт жүрегін  
Асқақ күй алдаспандай тұрды жарып.
- Өрісін өрт ораған қыза сынап,  
Ыршытып жаспен көзін сыға бұлап,  
Айтқанда тұңғыш күйін қайғы киіп,  
Үн қосып кетті дүние улап-шулап.
- Селкілдеп, секелектеп селеулер де,  
190 Бүкшиді налығандай емендер де.  
Бырқылдап қара сулар бұрық-бұрық қайнап,  
Табиғат жан түршікті кезергенде.
- Қысылшаң сулар атты жылғалардан,  
Үніндей секілденіп жылаған жан.  
Түрленіп түнегінде отыра алмай,  
Қырандар кетті көктеп қиялардан.
- Сарнады жасыл жапырақ ду-күңгірлеп,  
Айталмай ашық сырын тілін күрмеп.  
Сарнап кеп жылауық кетеді өксіп,  
200 «Көрдің бе, сонау Қорқыт қалай тұр?» — деп.
- Көлдерді толқын ұрды жалтыр айна,  
Мұнайып меңіреуленді бар айнала.

«Мынау — күй, қара қобыз, қымбат Қорқыт,  
Барад, — деп, — қалай қиып бізді қайда?»

Қобыздың ширатып ап сонда әр қылын,  
Жыртылған ойды түзеп ырың-жырың.  
Бір ғажап сорғалатып күй жіберді,  
Тумаған ол заманда күй бізде бұрын.

210 Құбылтып, құйқылжытып, мөлдіретіп,  
Иіріп, шашыратпай дөңгелетіп.  
«Өмірге емен бұтақ, сәуле — күй» деп,  
Жіберді төгіп-төгіп көлкілдетіп.

Қорқыттың ең ақырғы тартқан күйі ед,  
Аманат ел мойнына артқан күйі ед.  
Болашақ бұлдыр күнде туатұғын,  
Сәлемі ұрпағына айтқан күйі ед.

220 Теңселтіп толқытты күй бар ғаламды,  
Таңданып тілсіз мақлұқ, жануарды.  
«Көрем» деп періште де қарағандай,  
Жұлдыздың алаңынан осы адамды.

«Болды, — деп, — мынау сарын бізге құнды»,  
Сықылықтап сайқал шайтан, жын да күлді.  
Қабат жер тереңіне ап қаттай берді  
Қобыздың қолқасынан шыққан үнді.

Ұялап бар дүниенің жүрегіне,  
Кетпестей батып, сіңді сүйегіне.  
Әлемге сүп-сүйкімді келді жайлы,  
Білмеймін қымбатты ма, киелі ме?

230 Заманның күйді асырып ар жағына,  
Бір күнде ел сүйсінер деп салмағына.  
«Жортуды қай тараптан бастаймын», — деп,  
Төңіректен тұрғанында жан-жағына.

Келеатқан көрді өлімді сүмелектеп,  
Жүр екен әлі қимай төңіректен.  
Қасында Ғәзірейіл періште бар,  
Келеді: «Жанын тартып, қанын төк!» — деп.

- 240 Салғанда күйден соқпақ дүниеге,  
Танданған дүние де түйеліге.  
Алам деп сол Қорқытты икемденген,  
Не дейін қорқау өлім көк бөріге.
- Қашпаса қояр емес өлім дажал,  
Бүйірден бұйрығы бар деген «қадал».  
Маясын бір-ақ тартып қашты Қорқыт,  
Артында ел қалды, соғыс-майдан, қамал.
- Ғәзірейіл ақылды екен ұзын сақал,  
Болса да қалды құмай мінез қатал.  
Босатпай өлім шалды желмаяны,  
Төбеттей қоңнан қаппақ қара жағал.
- 250 Қуды өлім, өңкелектеп Қорқыт қашты,  
Кейіндеп бірде қалып, бірде айқасты.  
Жалмауыз мешел мыстан Мәлік кемпір,  
Бұлар да жағаласты, қамаласты.
- Көбейді құрық, көздер бадырайды,  
Тақымдап тақап келді, айырылмайды.  
«Жұтам» деп жұтқыр көр аңырайған,  
Көбінсіз жалаңаштар қараңдайды.
- 260 Жендеттер Алла әмірімен қойған сайлап,  
Барады күнәһарды тозаққа айдап.  
Жандырып, жанын қысып, өртеп жатты,  
Жалыны жаһанамның бұрық-бұрық қайнап.
- Беті де бара жатқан соған таман,  
Жалғанның жазығынан мынау жаман.  
Арты — өлім, алды — тозақ кемпір қысқан,  
Қалады енді Қорқыт қайтып аман.
- «Тоқта!» — деп үн келеді әмірі Алла,  
Жалт етіп мойнын бұрад ол бұған да.  
«Аллаң кім, әмірің не? Тоқтамаймын, —  
Бұлыңғыр барам, — дейді, — бір тұманда.
- 270 Төңір-ау, аямадың, істедім не,  
Қолдарың, — дейді, — осымен иістене ме?

Өзіме ата-анамды ап салдың ауыз,  
Үстіме артқан жүгің кішкенеме?» —

Деп Қорқыт жаннан безді, көзін жұмды,  
«Көрмей-ақ өлейін, — деп, — қуған сұмды».  
Ертіске тулап жатқан кетті сүңгіп,  
Дос тартып дүлей, мылқау, тілсіз суды.

Не дейді Ертіс бұдан аққан қарғып,  
Шақырып шыңырауына алды тартып.  
Қажыған қайран мая шым-шым батып,  
280 Аяғын сермей алмай кетті қалқып.

Бітпей ме, не болды енді Қорқыт ісі,  
Осы ма берем деген елге үлгісі.  
Түйе мен Қорқыт түгіл, қобыздан да,  
Боп кетті қалмағандай қиындысы.

Осының көз алдаған быжып бәрі,  
Қорқытты, алды үрейін заты кәрі.  
Жалғыз-ақ мықты серті, алған беті,  
«Тарта бер, — дейді, — Қорқыт, мұнан да ары!»

Қорқытқа келсек, кеткен өлім қуып,  
290 Адымын аштырмады бөле қуып.  
Қысымға екі жақтап ала берді,  
Өлімнен қартайғанда ажал туып.

Апырым-ау, барады екен енді қайда,  
Барады пана болмай тау мен сай да.  
Қашады мола көрсе, «қабыр бар» деп,  
Істеп жүр өлмей, тірі өзір пайда.

Өлімнің қамауынан, судан шығып,  
Жасырып өзін-өзі ұрлап-тығып.  
Тағы да құбыла деп тарта берді,  
300 «Қайда ойпаты?» — дейді қуып, қыр да бұғып.

Ай өтті, жылдар кетті, мезгіл ұзақ,  
Кеткенде мұрт ұзарып, шаш пен тырнақ.  
Күні кәрі жолдасы өлім кеп тұр,  
«Дос болам, барар орның, — деп, — ұжымақ».



Қобызға салды қолын бар қаруы,  
Серігі елі-жері жан бауыры.  
«Ақырғы қоштасарым тірлікке», — деп,  
Көтеріп кетті тағы күй дауылы.

310 Қобызы күж еткенде, шегінді өлім,  
Бір минут тыныстады, болды көрім.  
Айбынды, айбарлы күй созылғанда,  
Болса да тұра алмады көкжал бөрің.

Қорықты, күйден өлім сезді Қорқыт,  
Жатса да, күй қолында жүрсе жортып.  
Сып етіп күй тынғанда, жетіп келіп,  
Кетеді күй қозғалса, кейін қорқып.

320 Аңдысып жүрді екеуі заман талай,  
Көріне сөзге келіп шабаланбай.  
Алмады, алдырмады, болды сырлас,  
Дегенмен ере берді өлім қалмай.

Сол бетте Қорқыт айдап қырға барды,  
Қырдан да әрмен өтіп Сырға барды.  
«Өлімді адастырып кетемін» — деп,  
Алатау, Алтайды да қырқалады.

Бір қатар Қорқыт жортты ылди мен өр,  
Демеді, өтті басып босаға-төр.  
Аты бар «Қорқыт» деген тасқа жазған,  
Кездесе берді алдынан қабыр мен көр.

330 Ғаламын қойған Алла бәрін көр ғып,  
«Бермейін жанымды, — деп, — тіпті қор ғып.  
Сұлтанын Өзіреттің шөліне», — деп,  
Желдіртіп желмаямен жөнелді орғып.

Сұлтанға келді, жетті, көлді шеттеп,  
«Енді өлім тартынар» деп кейіншектеп.  
Бәрі көл, айналасы сасыған жын,  
Өкінді келгеніне «Өзірет» деп.

Қорқытты өлім алды сонда иекке,  
«Бағын, — деп, — келе ғой, тоқта Құдіретке».

- 340 Қобызға аңсары ауып бұрды бетін,  
— Ажал, — деп, — берген пайдаң көп үмметке.
- Нанбаймын, жарамайды, Қорқыт, осың,  
Жоқ шығар қырық жыл ерген мендей досың?  
Сұраймын қобызыңды, тартқанды қой,  
Көргенде қастығымды, сонда шошын.
- Өлім-ау, әділ болсаң, алам неңді,  
Құнды боп өлтірдім бе мен әкеңді?  
Қырық жыл құдың талмай, сенем қалай,  
Ап-айқын алдайтының, малғұн, енді.
- 350 Мен жүрмін елден безіп, сенен үркіп,  
Шығып тұр «өлім» деген исің мүңкіп.  
Қосылып Ғазірейілмен обал демей,  
Талайдың қорқыраттың қанын бүркіп.
- Тоймайд, — деп, — қан мен жанға ол жалмауыз,  
Біздің ел қылатұғын бір сені аңыз.  
Дос түгіл, маңайыңа тақалмаймын,  
Егерде тап сол залым болсаң нағыз.
- 360 Ғаламды жаратқанда үлкен Құдай,  
Келмепті бір тілекте барлық ыңғай.  
Бірімен-бірі қарсы арпалысып,  
Мен көргем жатқандығын ерке жұбай.
- Бағынбай, күш кеткенше күресуде,  
Өзің шеш, мағынасын неге бұлай?!
- Мөлшерсіз сонау-сонау аспан теңіз,  
Ол кіммен жаралып ед басында егіз?  
Күш алып ай, күн, жұлдыз сол шолпаннан,  
Пайдалы болып отыр жерде семіз.
- 370 Тартылсын, оларда жоқ өзіл мен наз,  
Қарсы ғой күз көктемменен, қыс пенен жаз.  
Тарихын осылардың білемін деп,  
Өліммен боп келгенмін өмірі араз.
- Бірақ та құтылмаймын, барам жерге,  
Тап сендей жанды берем жеменгерге.

«Қорқыттың қашқан жолғы олжасы» деп,  
Мен өлем, қалсын белгім, қалсын елге.

Өлім де осы кезде жақын келіп,  
Қалыпты тұрғанында кінә теріп,  
Алдырмай қолға қобыз қапылыста,  
Өтпек қой жан шығардан бір-ақ періп.

380 Қорқыт та аңғалданбай, қобызды ұстап,  
Тұр еді: «Қалмайын деп қапылыстап».  
Қобызын тарта жылжып жүре берді,  
Дауыстап өлім қалды: «Сөзім тостап».

Қобызын тағы кетті күжілдетіп,  
Айтпайды бара жатыр қайда кетіп.  
Арманын табар ма екен әлі біраз,  
Сорлыны кездірейін күңіретіп.

390 Не істеп жүр түсінбедім Қорқыт осы,  
Бетіңмен адам жоқ қой деген жосы.  
Мен білсем, ертеңгі күн босқа өлетін,  
Қолынан түк келмейтін жанның босы.

Жоқ әлде қала ма екен өлмей, тірі,  
Қурамай өмірінің қызыл гүлі.  
Жануар, мақұлық ғалам бас исе де,  
Қорқытқа ұнамайды Құдай кілті.

Өзінің күнде кез боп өз қабыры,  
Қалады қай жерінде жан сабыры.  
Құты орнап, жүдеушілік осы кезде,  
Самайдың бадырайды бар тамыры.

400 Картайды, тозды киім, болды тырдай,  
Құлағы тебінгідей, арқа қырдай.  
Ұзарып он бақайдың тырнақтары,  
Көн шоқай аяқтағы қалды сыймай.

Бір қитық кәрілік келіп тағы айқасты,  
Өкетті әлін алып, қозғап басты.  
Бетінің сай-сайынан жастар саулап,  
Көздерін бөденедей ірің басты.

Дірілдеп осал көрінді денесі де,  
Шыныңмен, сабазды, өлім жеңесің бе?  
Артын шаш, алдын қауып, қырау сақал,  
410 Адамдық кетті өзгеріп бейнесі де.

Мұны да Алла ісі деп Қорқыт білмес,  
Білмеймін не себепті, неге күндес.  
Қартайып, арығы асып желмая да,  
Күн сайын жорту қалып, болды желмес.  
Ойлайды: «Болса жақсы күнім көрмес,  
Кіретін, тіпті, тәуір көр көрінбес.  
Он саусақ аман болсын күй күйлейтін,  
Өлім ап өмірімнің оты сөнбес».

Келгенде кейде қонып ретіне,  
420 Кейімей сондай болған кейпетіне.  
«Сол жер» деп атын дәлдеп айта алмаймын,  
Дүниенің барды әйтеуір бір шетіне.

Қашқан жан жай жүре ме күшін күтіп,  
Үдере безе бермей алға жетіп.  
Зорығып, титықтаған желмаясы  
Бір жерде кетті шөге әлі бітіп.

Не істемек, мекен болды қалың орман,  
Күндіз күн, түнде айы жоқ сығалаған.  
Арыстан, қабылан, аю бәрі осында,  
430 Ордасы ед қарақшының қан торыған.

Дірілдеп, жолбарыстар ыр-ыр етіп,  
Мастанып күштеріне есі кетіп.  
Ақымақ аюларды алып ұрып,  
Тулатып жатыр жарып, есінетіп.

Таласып бірі арсылдап, бірі ырсылдап,  
Шәуілдеп біреуі ұлып, бірі ыңылдап.  
Мөңіреп, біреуі үріп, біреуі ыңырсып,  
Жатқанын түсінбейсіз не мыжыңдап.

Бар екен мекен еткен өңкей сырттан,  
440 Табанда бірін-бірі жойып құртқан.

Қосылды бұларға кеп Қорқыт сорлы,  
Безгендей болып жүрген елі-жұрттан.

Қауіптің қамауында қалды кәрі,  
Рақымсыз Тәңірден де құлқын нәрі.  
Құдіреттің құбыжығы қырық мың болды,  
Жабылған бір Қорқытқа соның бәрі.

Арандай аузын ашып бар дүние,  
Көр мен қан болып кеткен қызыл шие.  
Болдырып, дымы құрып осы арада,  
450 Мойнын сап ақшелек кеп жатыр түйе.

Зорығып өкпе-қолқа, бауры шіріп,  
Қорқыттың қайран алып халін біліп.  
Әлсіреп пұшайман боп жатып қапты,  
Төс-табан, қары, бойы жерге кіріп.

Алдына ап басын-көзін сүйіп,  
Өртеніп бірде жанып, бірде күйіп.  
Тірлігін бір көшпелі елге санап,  
Үстіне отыр Қорқыт қасірет үйіп.

— Не болар екен, — деді, — енді заман? —  
460 Жалғаннан тайғанымас рас табан.  
Көр — анау, өлім — сонау, мая мынау,  
Не дейді қабылан, барыс, қасқыр маған?

Серігім — қуат-күшім, едің данам,  
Орнында бауырым, ағам, қамқор анам.  
Сенгенім, қара қобыз, бір сен едің,  
Бір маған өшіккенде барлық ғалам.

Жеткенде жер бұрышына кімде жалам,  
Сен өлсең, маған тірлік болғаны арам.  
Ошақтың бір бұтынан айырылған соң,  
470 Ақсаңдап екі аяқпен қайда барам? —

Деп зарлап, күңіренді кеп Қорқыт шалың,  
Жаруға тіпті тақап жүрек қабын.  
Күрсінді, ауыр, қатты жатқан түйе,  
Дегендей «қалың сор, — деп, — жамылғаның».

Жапақтап бота көзін мөлдіретіп,  
Қорқытты жас баладай еңіретіп,  
Жіберді төгіп-төгіп қара жасын,  
Адамдай қара көзден мөлтілдетіп.  
480 Аяныш көз қарасы кетті өзгеріп,  
«Қалдың, — деп, — жер түбінде жалғыз келіп».  
Кешкен дос қиындықты «қош» дегенде,  
Тілі жоқ, көзбен жатыр қасірет беріп.

Жабыңқы, жаутаңдады қабақ, кірпік,  
Ұшқалы тұрғаннан соң жаны қылпып.  
Алыпқа аласұрған қонды сол кез,  
Қолқадан құртамын деп ажал қырқып.

Аямас, баурай сығып ажал келді,  
«Енді ұш, — деп, — ал шыбыным», аузын керді.  
490 Искеп қойын-қонышын, сақал астын,  
Қорқыттың тізесінде жанын берді.

Тозғындап, сүреңі оңбай азған сайын,  
Өлім де жиі айналды шал маңайын.  
Келер шақ сәті түсер таянды ма,  
Демеді бұрынғыдай қорғалайын.

Сорлының сөнді сол кез түр-сыңайы,  
Тарылып бар дүниенің кең сарайы.  
«Алайық, ана жерде Қорқыт отыр»  
Дегендей демігеді бар маңайы.

Шөп те, ағаш жыбырлайды сол айнала,  
500 «Бармайсың ешқайда, — деп, — жақын қаза».  
Салбырап тұлымшағы бөле қаптап,  
Сол кезде, тіпті, жаман кетті маза.

Байланып, қаңтарылып, көніп жауға,  
Көз тігіп бұлт асылған асқар тауға.  
Отырды жоқтау күйін бітіре алмай,  
Арнаған құс қанатты қызыл нарға.

Кете алмай сарнай жылап, отыр қимай,  
Күйменен бірге төгіп жасын тыймай.  
510 Күңіrentті жан шыжытып жапан түзді,  
«Жалғанға жан едің, — деп, — жүрген сыймай!»

Қопарып қабырғасын төкті зарын,  
Алған соң сарын билеп ықтиярын.  
Қалдырып қалай кетсін, күні кеше  
Ыршыған оқ жыландай жануарын.

Деді: — Мен өкінбеймін келгеніме,  
Дариға-ай, жетсем болды дегеніме.  
Бірі едің екі көздің, кез кеп қалдың,  
Аңдысқан қу өлімнің көгеніне.

520 Қалдырып кетем сені бір-ақ адым,  
Ермейсің қарға адым жер жез қанатым.  
Тістерің сом балғадай, саурың айдай,  
Қаруым, балдағы алтын, ақ болатым.

Бір күнде боран-дауыл, жел боп ұштым,  
Бұл жерде қасірет киіп, қайғы құштым.  
Қайырылып шалқасынан сынды қанат,  
«Енді мен қайда барам, жалғыз достым?!»

530 Жерлерден нелер дүлей, тентек шалыс,  
Демедің өттің басып жақын-алыс.  
Ерігіп бой көтеріп құланмен де,  
Сан салдық Сарыарқада атой жарыс.

Мұны айтып аңқытты күй аңыратып,  
Дүниенің сай-сүйегін сырқыратып.  
Шуылдақ жыныс тоғай, бітік орман,  
Дыбысын бәрі қойып, қалды қатып.

Сыпыртып сипаттады қызыл нарын,  
Қобыздың құдіреттеніп сарнағанын.  
Құтыртып, құйқандатып ырғытты кеп,  
Жерлерден жан қысылған қарғығанын.

540 «Сонау бір Мәлік кемпір кезеңінде,  
Басыңды сонда тартып тежедім бе?  
Үдіре, тап осылай тартып ең», — деп,  
Саусағын бүгжеңдетті безеді де.

«Ғажайып қаптағанда иін тіреп,  
Күрсілге басып ең, — деп, — былай шіреп».  
Бос қылын егеп-егеп жібергенде,  
Дүние кетті сол кез ду-дүркіреп.

Аңырап, атылды күй көкке шалқып,  
Жалыны жер жаһанға-ай түгел шарпып.  
550 Үзілмей тіркес-тіркес кетіп жатты,  
Өлімге өурелеген қарғыс айтып.

Шыңдарға шыр айналып бұлттар шөкті,  
Арманын мұхит, дария суға төкті.  
Күн бетін күңгірттентіп қан талатты,  
Көргенде қасірет тартқан мүгедекті.

Қарағай төңірінген мылқау-тентек,  
Бұтағын ербеңдеттің қысқа келтек.  
Қоянның жаңа туған көк көжегі  
Құлағын қалқаңдатты селтек-селтек.

Кеткен соң топаңдап күй асау-алуан,  
560 Ыңыранды даңғой аю, долы қабылан.  
Бір-бірін жолбарыстар түрткіледі,  
Дегендей: «күресейік, кел, палуан».

Қабыландар арыстандай күрілдетіп,  
Тасқа ұрып тоңқалаңдап дүр-дүр етіп,  
Мінезбен нойыстанған ну теректі,  
Соғып жүр кеудесімен күтірлетіп.

Теңселіп, сілкіндірді тау еңсесін,  
Мылқау күз айтты өзінше бірдемесін.  
570 Сүзісіп арқарлар да бақ-бақ етті,  
Тілі жоқ, одан басқа ол не десін.

Алтын көз көк қырандар керді қанат,  
Белгісіз шықты аспанға, қайда барат?  
Алысып ардаң-күрдең көк бөлтірік,  
Қыңсылап, арыс-арыс етіп асай қабат.

Теп-тегіс сол күнгі замананы,  
Күрсінтті жанмен жанып аңырағаны.  
Бұлдырлап соның бөрі өте шықты,  
Қорқыттың шешілген жоқ өз арманы.

Күңгіренткен желмаяның аруағын,  
580 Осылай боп қалған екен жоқтау зарың.



«Заманның ай-күніне куә бол!» деп,  
Тозған жоқ ел есінде аңырағаның.

Сусындап, тойып алып ащы зардан,  
Үмітін біржола үзіп қызыл нардан,  
«Кетейін, безейін», — деп жүре берді,  
Көп ажал, қырық мың өлім осы арадан.

Еңіреп бірнеше күн толқып-толқып,  
Өлімнен нарын алған қатты қорқып.  
Армансыз боздап-боздап алды дағы,  
590 Баяулап жылжи берді желмей, жортып.

Айырылып аздан кейін ұрығынан,  
Жүреді жаяулықпен бұрыңғыдан.  
Үлдіреп бақайшықтар, өкше дүңкіп,  
Тас соғып қандар ақты жұлығынан.

Ой қуалап, жота қырлап, тоғай тынып,  
Жүргенде өне бойын қияқ жыртып.  
Баса алмай енді қадам, дал-дал болып,  
Екі аяқ шойқалаңдап қалды сылтып.

Қобызын тартар екен енді не деп,  
600 Дер ме екен дем бітер кез келді ме деп.  
Осы жерде көз бұлдырап жатты Қорқыт,  
Торсылдақ, түйе табан, жер қауын жеп.

Таңертең Үрпекбасқа, кешке таман  
Қан іздеп аң ардасы желсе салаң,  
Пышағын Жерұйықтан қылтылдатат,  
Жалғыз көз жалмауыздар жалаң-жалаң.

Біреуін бірі жұлқып қырқыратып,  
Жындарын сілкіп-сілкіп бұрқыратып.  
Әлсізін көк тұмсықтар шеңгелге алып,  
610 Төс етін түтіп жатыр шырқыратып.

Жас көлдеп қарсыласып, қан тамшылап,  
Тағдырға иілмейді «мені алшылап».  
Күшпенен өмір жоймақ әділсізге,  
Қарғыспен шығып жатыр үн қаңсылап.

Қарсылық Қорқыт емес, барлық жанда,  
Тірліктің тетігі деп ағар қанда.  
«Қорқыт-ау, тырысып қал осың жөн», — деп,  
Айтқандай бек ұнады аңғарғанда.

620 «Мұнан да әділдіктің өшкен заңы,  
Тәңір-ау, теңгергенің, — деді, — кәні?»  
Көр болып жер жарығы үрейін ап,  
Өлім боп қарайғанның кетті бөрі.

Ақылға сонда салды сұңғыла Адам:  
«Құрғақпен, — деді, — кездім, кетті мазам.  
Қалмаған қанжығалап қу өлімді,  
Қаңғыртам, енді дария сумен ағам», —

630 Деді де қамыс жинап қаттап-қаттап,  
Теңізге салды келіп байлап-матап.  
Желдіртіп желден озған маясындай,  
Үстіне алды мініп бір-ақ аттап.

Құтылып есін жиды ажалдан көп,  
Абалап қамалаған аларман боп.  
«Келмейді мұнда өлім, — деп, — су жыбыры»,  
Жұп-жұмсақ жүнді беттен сүйді шөп-шөп.

Тізгінін ағын алды, берді бетін,  
«Таптым» деп ой жұбанды іс ретін.  
Дегенмен аңқауланбай алақтайды  
«Мені аяп өлім жоқ кешіретін».

640 Үнемі аққаннан соң ылғи тулап,  
Босатты сыналарын қамыс-құрақ.  
Жарылып ортасынан дай-дай болып,  
Жазылып кетті сол кез бұған шумақ.

Сұрапыл сол уақытта жел де тұрды,  
Толқынды шегініп кеп толқын ұрды.  
Соғылып алма-кезек батып, шығып,  
Толқынның таласында Қорқыт жүрді.

Осылай бірде арқалап толқын жығып,  
Жүргенде әр қамысқа мінуге ырғып.

- Бұйрығы әлдекімнің кім біледі?  
650 Қолынан қара қобыз кетті шығып.
- Қайтейін, жүре берді ағында елтіп,  
Айырылып қобызынан жүрген шертіп.  
Сескенсін енді неден, жан шыға бер,  
Қу өлім қутың қағып келді жетіп.
- Шіркін-ай, шын қырқа ма өмірді енді,  
Дейміз бе тап осы жерде өлім жеңді.  
Жоқ, сонда қобыз айдап шықты аспанға,  
Салуға таянғанда семсерді енді.
- Өлімді көрді Қорқыт көкке кеткен,  
660 Айналып қобызынан беттетпеген.  
Өлімді көкке қуып шығарған соң,  
Баладай күлмеңдеді жаңа ержеткен.  
Қобыз да «қалмаймын» деп кетті бірге,  
Күйменен Қорқыт тартып күңгірлеткен.  
Жалғыз-ақ, Қорқыт күліп созды қолын,  
«Қобызға жіберме, — деп, — енді көктен».  
Екеуі жерге қайта оралмапты,  
Дейтұғын қария сөзі ертеректен.
- Тоқтасақ әңгімеге байқап енді,  
670 Қобыздан өлім қатты үрейленді.  
Қарамай алды-артына зытқан сайын,  
Күркіреп көк бұлтындай күңіренді.
- Аспанның кең асқарын даусы жарып,  
Өлім мен қобыз жүрді шыр айналып.  
Жамбасын жерге өлімнің тигізбеді,  
Болдырып, өлім болды әбден ғаріп.
- Қалмады қыр соңынан қайда барса,  
«Көрейін, мені алшы, — деп, — Алла жазса.  
Қар шыңнан бір асырмай тоқтамаймын,  
680 Жалынып-жалбарынсаң енді қанша», —
- Деп қобыз баураңқырап иекке алды,  
«Қалдырдым сен үшін, — деп, — Қорқыт шалды.  
Кеудемен аңырап кеп кейде ұрады,  
«Көрші, — деп, — жақсы болса, қорыққанды».

Өлім де өлер болды тыным алмай,  
 Күйзелді күйі кетті жерге қонбай.  
 Қысымға құдіретттей боп алған сайын,  
 Қорқыттан артық кетті сүреңі оңбай.

690 Осылай өлім қалды қиын жайда,  
 Күн тұрсын, жұма да, өтті жыл мен ай да.  
 Келетін орағытып мезгіл жетті,  
 Десеңдер сұрау қойып «Қорқыт қайда?»

Қорқыт қарт біраз болып дария Сырда,  
 Ботадай ойнақ салып жүрді қырда.  
 Алатау, Тарбағатай, Алтай барып,  
 Күдіксіз сайрандады әр қиырда.

700 Шулатып ну қамысын Шуға барды,  
 Қарсақбай, Қарағанды дуға барды.  
 Арқаның ерке тауы Қарқаралы,  
 Баса асып Баяндатып қуға барды.

Ұлы жүз үйсін-дулат, алшын, тама,  
 Аралап арғын, найман елді жара.  
 Есіл мен ерке Еділді өтті жарып,  
 Сахара төсін керген алтын саға.  
 Тұрды кеп Ақан шыққан Сырымбет деп,  
 Қол бұлғап шақырғандай «келе кет» деп.  
 Біржанның моласына зиярат қып,  
 Көлінде Бурабайдың жатты түнеп.

710 Шөмекей, жағалбайлы, қоңырат, қыпшақ,  
 Тағдырдан ел едің деп көрген қыспақ.  
 Шалқытқан өсиетіне ағасының  
 Құрметтеп ұғып апты сан құлыншақ.

Сырларын бастан кешкен не қиында,  
 Мәнерлеп әңгімелеп топ-жиында.  
 Баяндап күңгірт күннің уақиғасын,  
 «Қалғаны міні осы, — деп, — бар мийымда».

720 Ұрпағым, жұрағатым ұл мен қызға,  
 «Табысым кезген жолғы бол, — деп — риза!»  
 Қобызын дүрілдетіп көппен бірге,  
 Сіздермен қонақта отыр Қорқыт мырза.

## АЛАША ХАН

Хан болған бір заманда Алаша хан,  
Қараған қоластына бірқатар жан.  
Көп әскер бұл қазақтан жинай алып,  
Дұшпанын айдамаққа қылады қам.

Ұраны бұл қазақтың «Алаша» енді,  
Осы үш жүз сол алаштың баласы еді.  
Жау болып дұшпанымен шабысқанда,  
Сарыарқа екеуінің таласы еді.

- 10 Сол кезде Алаша хан — қазақ ханы,  
Неше мың жер қайысқан сарбаз саны.  
Алаш — Алаш, Алаша хан болғанда,  
Дұшпанға біздің қазақ не қылмады.

Айтайын әңгіме ғып сізге мұны,  
Болады ақыр қандай мұның түбі.  
Қартайып жасы жеткен мезгілінде,  
Бар еді Жошы деген жалғыз ұлы.

- 20 Жалғыз ұл падишаға Тәңірім берген,  
Тым көркем нұры өзгеше тамам елден.  
Өзі сұлу хан Жошы жаннан асқан,  
Сол кезде сегіз-тоғыз жасқа келген.

Хан Жошы жаннан асқан жаңа пері,  
Атасы жұрт билеген кемеңгері.  
Бір күні хан алдына жиналыпты,  
Өзіне қарап тұрған барлық елі.

Жиналды хан алдына мұның бөрі,  
Халайық үлкен-кіші, жас пен көрі.  
Қарауылшы, қазышы, уәзірлері,  
Кәмел би, қайраты асқан батырлары.

- 30 Бөрі кеп хан үйіне бас құрады,  
Сылқылдап әзілдесіп отырады.  
Ішкен соң сый-сыяпатпен тамақтарын,  
Халқынан «Жол білген?» — деп жөн сұрады.

— Ей, жұртым, отырмаңдар қарап босқа,  
Айбатты нөкерімсің дұшпан-досқа.  
Алдыма бірің қалмай жиналыпсың,  
Айтыңдар келіп едің не жұмысқа?

Халық айтты: — Ханымыздың қазір көрген,  
Нұрлы қып жалғыз ұлды Тәңірім берген.  
Бізге бер аз ғана күн жалғызыңды,  
40 Сол еді жұмысымыз сұрай келген.

Бізге бер аз ғана күн Жошы жанды,  
Тамаша жаудан саят қусын аңды.  
Қуалай арқар, құлан қызық көріп,  
Не түрлі бізбен бірге көрсін сәнді.

Қасына қанша халқы біз ерелік,  
Қызық пен қызметін бір көрелік.  
Аң қуып көңіл шері тарқаған соң,  
Қайтадан ертіп сізге өпкелелік.

Сыртында тілектес боп сіз тұрыңыз,  
50 Иланып осы ақылға ұмтылыңыз.  
Үйіңе балаң аман келгеннен соң,  
Сіз дағы ат шаптырып, той қылыңыз.

Хан айтты: — Жошым сақ жерен еді,  
Аз күнгі тірлігіме себеп еді.  
Ақ, әдепті үйреткен тәрбиелеп,  
Қызығын өзім көрсем керек еді.

Қап! Болмас-ты, берейін мен сендерге,  
Жалғызды менен сұрай келгендерге.  
Бір бала дәнемеге тығын болмас,  
60 Сендерден алып қалып бермегенде.

Жошының арты құйрық, алды жалсыз,  
Ажалды өлім келеді тым болжаусыз.  
Не қылайын, сейілге апарыңдар,  
Барса, тірі келмейді біздің жалғыз.

Барыңдар жалғызымды сейілге алып,  
Ер Жәнібек дайындап, тұрман тағып.

«Өлді» деп кімде-кімің естіртсеңдер,  
Аламын қылышпенен басын қағып.

- 70 Мынаған қуанды жұрт күліп-ойнап,  
Жалғызды алып жөнелді гүлдей жайнап.  
Естірткеннің алмақ боп басын қағып,  
Хан қалды халқыменен уағда байлап.

Баланы алып бір үлкен тауға барды,  
Тамаша таудан сейіл қуады аңды.  
Арқар, құлан қуалап қызық көріп,  
Жас бала неше түрлі көрді сәнді.

- 80 Ал бұлар тауға барып қуады аң,  
Атқан аң да көп еді арқар, құлан.  
Бір күні аң қуалап жүрсе бұлар,  
Бұрқырап құбыла жақтан көрінді шаң.

Қарады бұлар шаңға таң-тамаша,  
Мидай жазық, биттей жер емес таса.  
Жайылған көп құланның бастығы екен,  
Мың жарым ең кем болса, онан да аса.

Ал сонда бұлар қуып, құлан қашты,  
Қап-қара жердің жүзін тұман басты.  
Жошының мінген аты қолдан озып,  
Құланға жалғыз барып араласты.

- 90 Тарта алмай басқан бала керліктіріп,  
Қадала ат алып кетті-ау желіктіріп.  
Қуса да артқы көпке бір шалдырмай,  
Өкетті бүйірі қызып еліктіріп.

Не қылсын көп құланға жалғыз бала,  
Ажалға себеп болды Хақ Тағала.  
Көп құлан ортаға алып тістей тартып,  
Қылыпты жас баланы пара-пара.

- 100 Құланмен құлан болып аты кетті,  
Жалғызға осылайша дағдыр жетті.  
Ханға барып естірту қиын болып,  
Патшаның қара халқы болған дертті.

Патшаның бұл туралы зары қатты,  
Қайғысы жалғыз ұлдың жанға батты.  
Ханға барып естірту қандай қиын,  
Себебі, кімде-кімнің жаны тәтті.

Ел-жұрты бір бала үшін қайғы жеген,  
Айтсақ өліп кетеміз босқа неген.  
Ақыл таппай халық аңырып отырғанда,  
Бар еді бір домбырашы Тұма деген.

110 Бұл Тұма жаннан асқан домбырашы,  
Ән салып талай топта болған жаршы.  
Май тамған оң қолынан балды бармақ,  
Даусына жұрт таң қалған жөнсіз әнші.

Тұма айтады: — Ей, халқым, сөзіме ерсең,  
Сертімді менің айтқан қабыл көрсең,  
Мен барып ханның ұлын естіртейін,  
Екі ердің құнындай мал жинап берсең.

120 Жөн болса көпшілікке менің мұным,  
Бір өзіме бер екі ердің құнын.  
Өліп кетсем ас-атау, көр кебінім,  
Тірі қалсам, сол болсын алған тұлым.

Тұма бұлай бір сөзді айтып еді,  
Айтқан сөзі қолайлы секілденді.  
Бір патшаның жұртына шығын қылып,  
Екі ердің құнындай мал жинап берді.  
Мейлінше домбырасын күйлей алып,  
Алдына падишаның Тұма келді.

130 Тартады зарлы күйін Тұма қанша,  
Қабынып қайран жүрек басылғанша.  
Он саусағын жорғадай екпіндетіп,  
Домбырасын сөйлетті бейне адамша.

Алаша хан жалғыздан айрылғаны,  
Халқының ақыл таппай қайғырғаны.  
Домбырасын сөйлетіп адамзатша,  
Міне, ақын Тұманың зар қылғаны.



— Ей, хан ием, хан ием!  
Берген асың бал ием.  
Күндердің күні болғанда,  
Көп кісінің ақылы бір өзінде бар ием!

140 Ақылы үлкен данасың,  
Қиыннан ақыл табасың.  
Жеті атаңнан бері қарай  
Кең шапқан Тәңір шарасың.

Тәңірінің досты әулие,  
Олардың да алған баласын.  
Жошы жан еді жұлдызың,  
Маңдайда төжі құндызың.

150 Алаша хан атанып,  
Билеген ханым жер жүзін.  
Дұшманды қойдай айдап ең,  
Түні менен күндізін.  
Қосуға Тәңірім әкетті  
Бейіште сарай хор қызын.

Ажалға айла жабылса,  
Бұрынғы өткендер не етіпті.  
Бір сағатта Дәуіттің  
Отыз ұлын алып кетіпті.

160 Қайғысын Дәуіт зарлаған,  
Баласының қайғысы  
Көкірегінен қалмаған.  
Отызға балап Тәңірім,  
Бір перзент беріп алдаған.

Сүлеймен туып қуанды,  
Қайғылы көңілі жұбанды.  
Отызының қайғысын  
Көңілінен сонда шығарды.

Мінеки, дөтім тақсыр бас,  
Падиша бағлан болсаң да,  
Өлімге хайла табылмас,  
Дәлел, хаял қарындас.

- 170 Артыңда шулап қалады,  
Көріңе бірге бара алмас.  
Ақсары бас айтып сойсаң да,  
Кіреді жерге ғазиз бас.
- Баласыз арқар маңырауық,  
Опасыз дүние қолжаулық.  
Жалғыз ұлың өтіпті,  
Өзіңе болсын денсаулық!
- Сілкінтті осылай қара жерді,  
Ұлынан ханның өлген хабар берді.
- 180 Қылышын керегеден суырып алып,  
«Тұманы өлтірем» деп хан тап берді.
- Ақынды өлтіруге ойланып қас,  
Жендетке жан алушы болып ұқсас.  
Мойына өткір алмас тақағанда,  
— Дәт, — деді байқұс Тұма, — алдияр бас.
- Дәт айтқан падишаға Тұма ғаріп,  
Падиша тұра қалды құлақ салып.  
— Бейшара, дәтің болса, тез айт! — деді,  
Семсерін жалаң қаққан тартып алып.
- 190 Тұма айтады: — Өлсе өлген Жошы балаң,  
Бала үшін қайғырып болдың алаң.  
Мені өлтірем дегенің зорлығың ба?  
«Өлді» деп ауыз қашан айтты саған?
- Падиша райынан сонда қайтты,  
Қасіретпен «аһ» ұрып ішін жарды.  
— Сені өлтірмей қоямын қалай тірі?  
Сен болмасаң, қолыңдағы домбыра айтты.
- Ей, падиша! Өмір еттің қауым елге,  
Қаһар етіп отырсың қоймай демге.
- 200 Домбыра айтса басын ал, мә домбыраң,  
Құр күй тартып отырған нең бар менде?

Падиша мына сөзге тоқтай қалды,  
Не қыларын біле алмай ғажапланды.  
«Айтқанымнан қайтпаймын» деді дағы,  
Домбыраның мойынын жұлып алды.

Семсермен домбыраны бір-ақ басты,  
Көзінен қан аралас төкті жасты.  
Естіртуге бата алмай тұрған халық  
Ат қойып «Ой, бауырымдай!» шуылдасты.

- 210 Боялған қара терге Тұма зарлап,  
Әнменен жердің жүзін жүрген шарлап.  
Аздан соң есін жиып Алаша хан,  
«Хан Жошы, жалғызым!» деп кетті сарнап.

— Көзі ашып көрген құлыным,  
Босап кетті-ау буыным.  
Туған айдай жарқырап,  
Бөлекше еді-ау туымың.  
Туымың жұрттан бөлекше,  
Ақылға болдың ерекше.

- 220 Солқылдап барып жөнелдің,  
Жер гүлі жиде-желекше.

Құрдай көзім қызарды,  
Қу сақалым ұзарды.  
Жасым келіп сексенге,  
Еш қуат қалмай бөксемде,  
Томардай басым қуарды.  
Езіліп кеткен ет жүрек  
Енді неге жұбанды!

- 230 Баяғы дәулет маған жоқ,  
Балалы болар заман жоқ.  
Не темін жинап дүниені,  
Не болар енді, балам жоқ.

Айдың көзі тұтылды,  
Ақсауытым ұтылды.  
Маңдайға біткен жалғыз көз  
Ағарып шығып сытылды.

Айдың көзін бұлт алды,  
Ақ маралды жұт алды.

240 Ғайып боп ұшып жалғызым,  
Таба алмай шулап жұрт қалды.  
Белдеуден кетіп тұлпарым,  
Мінді жорға сұңқарым.  
Іздегенмен маған жоқ,  
Келмеске кетті сұлтаным!

250 Балқаштың көлін өрт алды,  
Жүректің басын дерт алды.  
Ұзатып өмір жасатпай,  
Жалғызды Төңірім ерте алды.  
Алды мен артын шолақ қып,  
Жал-құйрықсыз келте алды.

Осылай деп жылады байғұс ғаріп,  
Іші күйіп, жүрегі оттай жанып.  
«Көз қуаныш, таяныш, жалғызым», — деп,  
Екпетінен құлапты жерге барып.

Хан жылаудан босамай күндіз-түні,  
Халқының қараң болды көрген күні.  
Көшкенде үй сайманын артатұғын  
Бар еді бір Ақбілек деген пілі.

260 Не керек хан түскен соң мұндай кепке,  
Жазылмас душар болды хасіретке.  
«Мекеге барамын» деп жөнеліпті,  
Артып ап үй-сайманын Ақбілекке.

Хан кетті де, ел қалды болып мұңлы,  
«Тоқтаңыз» дей алмады айтқан тілді.  
Бетпақтың даласына барып еді,  
Мертігіп Ақбілектің белі сынды.

270 Бұрынғыдан екі есе болды ғаріп,  
Елге үкім ете алмай қайта барып.  
Бетпақтың даласында жатып алды,  
Ішуге су, жеуге от жоқ, бос қамалып.

Қалған елге бұл жайдан хабар барды,  
Не қыларын ел білмей, аң-таң қалды.  
Хан жатқанда қоя алмай басқа сайлап,  
Қалған ел де қайғырып бос сандалды.

Жазым боп Ақбілектің сынған белі,  
Артында хан қайғылы қалған елі.  
Ақыл таппай халық ақырып отырғанда,  
Тағы да домбырашы Тұма келді.

280 Тұма айтты: — Сендерге ақыл мен берейін,  
Жұмысты Тәңір арнаған мен көрейін.  
Маған тағы құнын бер екі ердің,  
Көшіріп падишанды әкелейін.

Тұма мұндай бір сөзді айтып еді,  
Айтқан сөзі қолайлы секілденді.  
Хан Жошының тұсында әбден байып,  
Домбыра алып Бетпаққа тағы келді.

290 Тұсына падишаның Тұма келді,  
Әр форммен күй тартып сынады енді.  
Басына көлеңкелеп шатыр тігіп,  
Әр күйді безектетіп тарта берді.

Тартқаны бұл Тұманың мұң мен зар-ды,  
Жырлайды неше түрлі қайғыларды.  
Төсекте есеңгіреп жатқан патша,  
Күйіне Тұма ақынның құлақ салды.  
Тартқаны бұл Тұманың қайғы мен мұң,  
Жырлайды қасіретті екпінді тым.  
Жатқан патша жұмсады бір уөзірін,  
— Үйге әпкел, халі-жайын сұраймын кім?

300 Біреу кеп: — Хан шақырад, — деді, — сізді,  
Шақыруға жұмсады жатып бізді.  
Шақырылған жұмыста жоқтау бар ма,  
Домбырашы Тұманы үйге енгізді.

Падиша таң қалады формын көріп,  
Қасынан отырғызды орын беріп.

— Бейшара, хал-жайыңды тез айт! — деді,  
Басылмай отырғанда бойда желік.

*Тұманың ханға жұмбағы*

— Бір күні айдалаға жаттым келіп,  
Бір алтын тауып алдым жолдан көріп.  
Біреу келіп таласты «менікі» деп,  
310 Менің бергім келмей тұр оған сеніп.

Хан, биін жер жүзінің араладым,  
Ешкімі бітірмеді билік беріп.  
«Жапанда жалғыз әділ сіз» деген соң,  
Тақсыр-ау, жаңа таптым іздеп келіп.

Патша жан-жағына қарап, жалғызының басына тартқан  
орамалымен көзінің жасын сүртіп:

— Менің билік айту әдетімде жоқ еді. Өулекінің биі ел  
қыдырып жүріп билік айтады деген сияқты, жалғанда бекер  
дауға иненің жасуындай билік айтқаным жоқ. Қазір менің  
билігімді алмай, екі өлтіріп кетерсің, — деді. Тұма:

— Жоқ, тақсыр, олай емес. «Хан екі сөйлесе — қатын» деген.  
Билігіңізді айтыңыз. Мен де сол билігіңізде тұрамын, — деді.

— Олай болса, алтынды тапқан қуанады, таныған алады. Ал-  
тынды иесіне беруіңе болады, — деді хан.

— Кәнеки, өтірік билік айтпағаныңыз? Алтынды тауып ал-  
ған сіз, себебі Жошы хан алтын еді, сіз тауып алдыңыз. Беру-  
ші иесі өзі танып алды. Танып алған алтын үшін, Бетпақтың  
шөлінде қамалып жатудың мүмкіншілігі жоқ, — деді. Сонда  
патша:

— Мені қайғыдан орап қайырдың, сен кім едің? — деп жөн  
сұрады.

— Мен домбырашы Тұма ақын едім, — деп барлық жөнін айт-  
ты.

— Тұма, мен сені тани алмай қалыпшын, енді қалған елге ха-  
бар айт, қайтамын, — депті хан.

Тұма халқын хабарландырып, патшаны ел ортасына көшіріп  
апарып қондырыпты. Патша ел-жұртын жиып, тағына мініп:

— Халқым, менің көздің ашуы, көңілімнің қарығы тарқады.  
Маған кешегі көп құланды айдап келіп, қырып беріңдер. Ішіне

кеткен көк ала тұлпарды көлбеңдетіп жүріп асына сояйын, — деді.

Ел-жұрты қайтерін білмеді.

— Менің балам өлгенді естірткенде, ақылын Тұма табады. Осы туралы Тұмаға ақылдасу керек. Егер ақылын ол таппаса, Тұманың басын аламын, — деп патша қатты қаһар етеді.

— Жарайды, олай болса мен ақылын табайын, маған қол-астыда қараған қыз-бозбалаңды жиып бер, — деді Тұма ақын.

Тұма сөйтіп қыз-бозбаланы жинатып алып, бес жігітті бір от қып, ортасына бес қызды қойып, айналады. Он бес күнде екі айшылық ор қаздырады. Бетін жұқалап шөппен жауып, ел-жұрты аба құрып құланға аттанады.

Көп құланды ордың жағасына айдап келеді. Мың жарым шамасындағы құланның көбі орға құлап, азы ордың жағасында ұйлығып тұра қалады. Себебі, жасына көп құланды бастап жүрген бастығы бір көрі құлан бар еді. Жасынан бауырына бала жоқ болып, сол жылы бір қодық пайда болған еді. Көрі құлан «Тым құрмаса осыларды алып кетейін, маған тұқым болар. Бауырыма біткен жас қодығым аман-есен кетсе, атым өшпес» деген ойға кіріп, бұза-жара жөнеледі. Халық жан аямай қимылдап, ұрыс қатты болды. Құлан адамнан құтыла алмаған соң, жерді тарпып қара тұман түсіріп жіберді. Адамдар адасып қалды. Көрі құлан былай шығып қараса, қасындағы құланның көбі өлімші жаралы болған. Бауырындағы қодығы оққа ұшқан, өзінің де оң жоқ санынан оқ тиіп әлсіреп жығылған. Сонда, жалғызын жоқтап және жолдастарымен қоштасқан ақсақ құланның зары екен:

— Жаратты Тәңір ақ қылып,  
Жапанға кеттік қаңғырып.  
Иесіз жүрген хайуанбыз,  
Әр шөптің басын бір шалып.  
320 Ұй қылдық таудың панасын,  
Кездірдің шексіз даласын.  
Көз көрім жерден қашушы ек,  
Адамның көріп қарасын.

Сорға, Тәңірі, кез қылдың  
Алаша ханның баласын.  
Ханның басы кез болды,  
Алтын басым жез болды.

- Бауырда жалғыз қодығым,  
Ажалың неден тез болды?  
Кенжелеп таптым қодықты,  
330 Жүрекке қайғы толыпты.
- Қадірлі туған жалғызым  
Құрулы торға жолықты.  
Қартайып көрген қодығым,  
Бөлекше еді форымың.  
Жас тақалған мезгілде,  
Табылсын қайдан орының?
- Қабырғамның майы жоқ,  
Жүрегімнің қаны жоқ.  
Баласы өлген кәрінің  
340 Жүрісінің сәні жоқ.
- Жылады осылай деп байғұс кәрі,  
Қасында қайғыланды қалғандары.  
Осымен біразырақ зарлап жатып,  
Аздан соң «Ал, қош бол!» деп дүние салды.
- Айрылып бастығынан қалған құлан  
Арқаға тоқтай алмай кете барды.  
Осы күнгі Хан тауы құлан өтпес,  
Ала тағы Бетпақ шөл сонан қалды.  
Жамағат, қате кетсе айып етпе,  
350 Осымен Алаша хан аяқталды.



## АСАНҚАЙҒЫ

(Жүсіпхан Жұртбаев нұсқасы)

Сөйлейін бір хикая тыңда, жұртым,  
Көңілдің өңгіме ашар қайғы бұлтын.  
Қызыл тіл саған дағы келді кезек,  
Үйлестір алтындай ғып сөздің сыртын.

Өтіпті бізден бұрын талай адам,  
Өлмей тірі қалған жоқ заманадан.  
Бай болсын, батыр болсын, патша болсын —  
Бәрі де өлім-туым жалғалаған.

- 10 Бар өмір екі есіктің арасында,  
Кезігер мезгіл жеткен шамасында.  
Адамзат атына ие болғаннан соң,  
Қаласың дүниенің жаласына.

Ал бұрын туып-өскен талай зат бар,  
Оларға бөлек-бөлек қойған ат бар.  
Түрлі тіл дүние айналған жерге ие боп,  
Солардың арасында аз қазақ бар.

- 20 Үш жүзге бөлінеді қазақ аты,  
Татардан бөлінеді арғы заты.  
Көрлі хан, қадырлы би, дәулетті бай,  
Қайғылы қариялы діл санаты.

Мекені ол уақытта Сырдың бойы,  
Сайрандап атрапты шалқып жатты.  
Руы Ұлы жүзде қаңлы заттан  
Бар екен бір саятшы Сәбит атты.

Үйі бар Сырдария жағасында,  
Заманы Ормамбеттің шамасында.  
Ау құрған, аң аулаған, ит жүгірткен,  
Қаңлының кедей-шаруа арсынында.

- 30 Сәбиттің басқалардан кәсібі жат,  
Істемес аңнан басқа еш қарақөт.  
Басында-ақ жалғыз қатын, баласы жоқ,  
Тағы да кемқос еді мал, қаражат.

Әдеті Сыр суына ауын салар,  
Ауменен машығы сол балық алар.  
Қырық күн сыртпен салып ауын суға,  
Не түссе, қырық күн кеше ауқат қылар.

Болған жоқ бұл кәсібі тіпті жаман,  
Жетіпті бір орталы жасқа таман.  
Қатыны жүкті бопты жапырақ жарып,  
40 Қураған гүл ашылып заманадан.

Сәбитке таң атады нұр шашылып,  
Қайғының қоршап жүрген бұлты ашылып.  
Жылаған бала үшін Сәбит байғұс,  
Көңілі кетіп еді-ау кер жасырып.

Ауырды Сәбит бір күн науқас шалып,  
Жатыпты ыңыранып төсек салып.  
Қоштасты қатынына сайып қыран,  
Меңдеген науқасынан көңілі қалып.

— Өсиет, ей, жолдасым, құлағыңа,  
50 Болмайды енді жалған тұрағыма .  
Қыдырған ой мен қырды қайран басым,  
Ажалдың іліндім мен тұзағына.

Жеті айлық бала қалды ішіңізде,  
Жаратқан сүйіндірсін ұзағына.  
Ұл туар менен кейін мезгіл жетіп,  
Бұл дәурен сізге барар бізден өтіп.  
Біреуі өліп, біреуі тірі қалмақ,  
Мирас бұл әуел бастан келер-кетіп.

Ұл туар мирасқор боп маған сізден,  
60 Ие бол нәрселерге қалған бізден.  
Орыныма тұтқа болар туған бала,  
Иншалла, көрмесем де көзімізбен.

«Асан» деп ат қойыңыз баламызға,  
Отыртып көре алмадым арамызға.  
Көре алмай өз көзіммен пәрзентімді,  
Қабырға жылай-жылай барамыз да.

- Ақсұңқар құсым қалды, құмай тазы,  
Мұны ұстар сері жігіттің өнерпазы.  
Тұлпар ат төрт аяғы жез тағалы,  
70 Мініске болдырмайтын қысы-жазы.
- Осыны өз көзіммен тапсыра алмай,  
Өмірдің, уа, дариға, болған азы.  
Жылаймын, армандаттың, жалған дүние,  
Жетеді біз пақырдың кімге назы?!
- Жолдасым, енді аман бол бізден бұлай,  
Сақтасын әр пәледен сені Құдай.  
Қайтпасқа қосымды артып жөнелген соң,  
Өтеді қалған күнің жылай-жылай.
- Әйелім, сабырлық қыл, нетбес іске,  
80 Қуғанмен ізін шалып жетпес іске.  
Болмасқа бордай тозба, белді байла,  
Адамзат ешбір қайла етбес іске.
- Артын сұра Алладан көп зарықпай,  
Жылап жасың біреуге өтпес іске.  
Қайғы шығып басыңды қаңыратпасын,  
Ем іздеме жарасы бітпес іске.
- Ұмытпа мен секілді жұбайыңды,  
Қуат көр жаратушы Құдайыңды.  
Өрне болса бақытыңнан көресін де,  
90 Еш уақыт жолдас қылма уайымды.
- Жөнелді осылай деп Құдай жаққа,  
Ұсынды иман айтып мойнын Аққа.  
Жылап болып қатыны жабдық қылды,  
Ақ жауып аруалатып қойғызбаққа.
- Кебіндеп жұрты қойды таза қылып,  
Қатыны жылап қалды наза қылып.  
Бұрынғы әдетімен қатын байғұс  
Жібермейді ауын судан қаза қылып.
- Әдетпен ауын бақты суға салып,  
100 Қарекет кәсібі үшін балық алып.

Өзі жүкті, тағы да қайғы басып,  
Әйтеуір зорға жүрер өліп-талып.

Мұныменен бірталай күндер өтті,  
Толған соң мезгіл келді, толғақ жетті.  
Ұл тапты толықсытып толған айдай,  
Сенімді бишараның бір үмітті.

110 Ұлының молла қойды атын Асан,  
Жүсіптей жүзі нұрлы көркем-әсем.  
Бойжетті, ақыл еніп, жасқа толып,  
Жабыдай жаман болып болмай бөсең.

Ержетіп он үш жасқа келген шағы,  
Өнерлі, оқымысты асқан бағы.  
Құс салып, ит жүгіртіп, мылтық атып,  
Ғәдеті аң құмарлық мұның дағы.

Аң қарап бір күн шықты сахараға,  
Өртүрлі аңдар болар кең далада.  
Бір белдің шыға келсе ар жағында,  
Бір нәрсе жарқырайды бір арада.

120 Көрді де жарқылдақты тамаша етті,  
Байқады, бір аз ғана сабыр етті.  
Таныды төрт аяқты аң екенін,  
Ал енді ит қосуға үміт етті.

Жіберді аңға қарай итін қосып,  
Өзі де тұра шапты алдын тосып.  
Көрген соң түз хайуаны тұра ала ма,  
Жөнелді о да самғап құстай ұшып.

130 Құмай ит еркін жетіп шала алмады,  
Қасында дәмелі боп қала алмады.  
Жеткенмен сұңқар құсы сыбап өтіп,  
Тұяғын тура барып сала алмады.

Ұстапты бір арада иті барып,  
Түсіпті құсы дағы жұмарланып.  
Ұстаса бір мысықтай нәрсе екен,  
Жөнелді қанжығаға байлап алып.

Келгені қайсы жақтан түспеді еске,  
Күн батып айналады мезгіл кешке.  
Барарын қайсы жаққа бала білмей,  
Жүгіртіп шыға келер бір белеске.

- Белестің біреу отыр аржағында,  
140 Шалшықтау талды қайнар бар жанында.  
Шаршаған кешке шейін атқа шауып,  
Ит қаста, құс қолында, аң жанында.

Сол үйге кіріп келді сәлемайлап,  
Ит бен құс, ат үшеуін үйге байлап.  
Сол үйде кемпір мен шал, бір жігіт бар,  
Тағы да бір қыз отыр гүл-гүл жайнап.

- Өлгі шал тұрды отырған, алды салам,  
— Аман ба, жолың болсын, — дейді, — балам!  
Кім баласысың, қай ру, қай жерденсің?  
150 Қайдан келдің, шырағым, кешке таман?

— Бұл жерге келгенім жоқ тура қастап,  
Аң құдым, кете алмадым жолға тастап.  
Осы жерге келгенде жаңа соқтым,  
Сол аң келді бұл жерге мені бастап.

Аң қарап бүгін шықтым, үйім Сырда,  
Фәдетім аң құмарлық қиын қырда.  
Саятшы атам — Сәбит, атым — Асан,  
Атағы мағлұм болған ой мен қырға.

- Шал қарап таңырқады бала сөзін,  
160 Қадалып аудармады екі көзін.  
— Тура айтшы, шырағым, жауабыңды?  
Бүгін шықтым дейсің бе сенің өзің?

— Ей, ата, бүгін шықтым, сөзіме нан,  
Жалған емес, рас, шын қуғаным аң.  
Жас бала едім бұрын жер білмейтұғын,  
Қайда кеттім білмеймін өзім де аң-таң.

Сонда қыз тысқа шықты есік ашып,  
Аяғын кідірместен жылдам басып.

- 170 Шықты да ит пен құсты, аңды көріп,  
Қыз қайта кіріп келді өңі қашып.
- Қыз келіп атасына: — Тоқта, — дейді,  
Құдайы қонақ екен, соқпа, — дейді.  
Қосылған ылғи асыл жұрнағы екен,  
Бұл күнде дәл осындай жоқ та, — дейді.
- Ат екен жылқы заттан нағыз тұлпар,  
Қолында ұстағаны екен сұңқар.  
Ит екен құмай тазы жетегенді,  
Жер басқан бір көргенде аңды сипар.
- 180 Бұлқайыр алтын жүндес алған аңы,  
Жібек жүн құбылмалы оның заңы.  
Бесеуі қосылышты бір араға,  
Өзі екен адамзаттың данышпаны.
- Бүгіннен бұрылады-ау қалмай бөрі,  
Келеді бұздырмауға кімнің өлі.  
Қосылған қиуадан ылғи асыл,  
Болып тұр осылайша ақуалы.
- 190 Бақ берген жаратқаны маңдайына,  
Ісінің тамашамын шамдайына.  
Ақылым жете алмай тұр бұл жігітке,  
Не істеуге бейшараның жағдайына.
- Кез болды осы жігіт қонаққа орай,  
Қонақты мұнан бұрын көрдік талай.  
— Себебін айтшы маған ұғындырып,  
Байқадың не себептен бәрін сынай?
- Осылар солай тұрса, таң атады,  
Қозғалмай тұрғандарын ұнатады.  
Ұйықтаса солай тұрып бөрі тыныш,  
Бойына бөрінің де қан қатады.
- 200 Қан қатса, бұзылады бөрі тегіс,  
Бұзылса түзелуі бір қиын іс.  
Дәл бүгін бұзылмасқа себеп қылса,  
Байғұсқа болар еді үлкен дұрыс.

Шал тұрып қызға қарап: — Балам, — дейді, —  
Тапсырдым бұл жұмысты саған, — дейді.  
Істеші себептерін бұзылмайтын,  
Жоғынды тауып бер деп маған, — дейді.

Қыз айтты: — Итін мұның суға байлау,  
Сұңқарын солқылдаған талға байлау,  
Аңын жерге көмдіріп кісі бойы,  
210 Жетектеп таң асырып атын жайлау.

Өзіне жұмсақ төсек беру керек,  
Бүлдірмесін осындайды болған зерек.  
Бір әйел бас-аяғын түгел сипап,  
Ұйықтатпай таң асыру бұған керек.

Бұларды бұлай қылу бұған қайда,  
Көрді де жалғыздықты мынандай да.  
Жігіттің бұзылатын жайы осындай,  
Ей, ата, мұны істейтін адам қайда?

— Ей, балам, итін байла суға апарып,  
220 Аңын да көмдір жылдам жерді қазып.  
Істей гөр білгеніңді аямастан,  
Жігіттің обалына біз қалмалық.

Итті суға байлады, құсты талға,  
Құрметпен жүгіріп жүр әлгі шал да.  
— Өзіңнен басқа лайық кісі де жоқ,  
Жігітті жатқыз, — депті, — төсек сал да.

Төсекке қыз салған соң, Асан жатты,  
Ықыласын әлгі үйдің мың ұнатты.  
Ұйықтатпай өне бойын таң атқанша,  
230 Уқалап түніменен қыз сипапты.

Таң атып оянады ертең тағы,  
Тиісті тұратұғын болған шағы.  
Әй-жай боп отырған соң байланысып,  
Өңгіме сөз сөйлейді шал баяғы.

— Жігітім, сөз айтамын, құлағың сал,  
Жалған айтып болмайды сөзімде хал.

Бар көргенім жалғыз қыз дүниеден,  
Сен маған күйеу болып, бұл баламды ал.

240 Баламның өз тұсында теңдесі жоқ,  
Қыз да болса ұлдай боп көңіліме тоқ.  
Баламды өз теңіне қосып өлсем,  
Онан соң дүние де арманым жоқ.

Көңілі саған, балам, толған сынды,  
Жалған емес, шырағым, сөзім шын-ды.  
Алла қосса, осылай уәде болмақ,  
Алмаймын деп сөзімді қылма мін-ді.

— Жарайды, — деп, — Асан да қабыл етті,  
Түзу лебін көрсетті алал ниетті.  
Бірі беріп, біреуі алмақ болып,  
250 Қыз тоқтап сол арада сөзі бітті.

Енді Асан жата берді күйеу болып,  
Алған соң шалдың қызын көңілі толып.  
Санаса келген күнін жай отырып,  
Қалыпты отыз сегіз күнге толып.

Ойына сонда түсті-ау ау салғаны,  
Басында шығып еді аң қуғалы.  
Анасы бір далада жалғыз қалған,  
Тағы да азды-көпті иен малы.

260 Қырық күнде судан алмақ аудың шарты,  
Бұрынғы аумайтұғын ата салты.  
Не түссе несібіне ырза болып,  
Қырық күнде бір ашылмақ аудың парқы.

Өкінді осыны ойлап Асан сонда,  
— Не болды маған? — дейді, — Құдауанда!  
<sup>2</sup>... туғанды мұнда болмайды екен,  
Алмасам ауды судан барып онда.

Сұрады Асан рұқсат шалдан барып:  
— Кетіп ем дарияға ауды салып.

<sup>2</sup> Қолжазбада бір сөз өшіп қалған



270 Қырық күндік шарты толған сол ауымның,  
Алмасам бола алмайды енді барып.

Шал айтты: — Саған рұқсат бере алмаймын,  
Жіберсем қайта сені көре алмаймын.  
Үш күннен соң көшемін бұл арадан,  
Бұл жерде сені күтіп тұра алмаймын.

— Ей, ата, бұл сөзіңнің бар-ды жөні,  
Өтірік деп айтпаймын мен де мұны.  
Бүгін барып бұл жерден, ертең ауды ап,  
Және қайтып келемін бүрсүгіні.

280 — Әй, балам, бүрсүгіні келе алмайсың,  
Уаданы түзу қылып бере алмайсың.  
Қаласың бір жұмысқа сен айналып,  
Онан соң қайтып мені көре алмайсың.

— Боламын, — дейді бала, — сертке берік,  
Жөнелді шал атасы рұқсат беріп.  
Үш күнге уәде байлап, қош айтысып,  
Жөнелді Сырға қарай бала жүріп.

290 Сырдағы үйге келді аман жетіп,  
Сағынып анасы да отыр күтіп.  
Судан ауды алмаққа ниет қылды,  
Сөйлесіп шешесімен сөзі бітіп.

Судағы бар үміті ауын алмақ,  
Не түссе, алып болып қайта салмақ.  
Шешесін соныменен бір уатып,  
Кешегі кәрі шалға қайтып бармақ.

Сүйрейді судан ауын сыртқа қарай,  
Әуре боп әлі келіп шығара алмай.  
Бір сандық ауға түскен кісі бойы,  
Екеуі аң-таң болды бұған қарай.

300 Шығарды ол сандықты судан қырға,  
Көрмеген мұндай сұмдық бұрын Сырда.  
Ішінде не бар, не жоқ, мағлұм емес,  
Әйтеуір балқығандай сырты нұрға.

Сандықтың тамаша етті қылған ісін,  
Кілтпен ашып көрді оның ішін.  
Ішін ашса, ішінде бір қыз жатыр,  
Бітпеген еш пендеге ондай пішін.

310 Ол қыздың келбеті туған айдай,  
Кірпігі оқ қадалған, қасы жайдай,  
Жіңішке зорға шығар нәзік дауыс,  
Мінезі толықсыған сары майдай.

Қолында осы қыздың жазған хаты,  
Адамнан артық екен инабаты.  
Қырық шілтен әулиенің баласы екен,  
Білінді кешікпей-ақ атар аты.

Сандыққа шілтен қызды салады екен,  
Сырменен төмен ағып барады екен.  
Кім алса судан ұстап осы қызды,  
Некесін Қызыр қиса, алады екен.

320 Қызықты қызды көріп Асан бала,  
Көрсетті не түрліні хақ Тағалла.  
— Некемді Қызыр қиса, тиемін — деп,  
Көрсетті сөз нұсқасын ол қыз және.

330 Ғашық болды Асан ер,  
Қызды көріп қызыл гүл.  
Тілі тәтті, сөз жұмсақ,  
Сайрап тұрған бір бұлбұл.  
Көлденеңнен кез болды,  
Бұрынғы жары былай тұр.  
Қылықты мінез, түрі жат,  
Мына қызға көңіл бөл.

Ғашық болды Асан жас,  
Ішке толып қайғысы.  
Ала қалса бұл қызды,  
Қатынға болар бай кісі.  
Тура келді Асанға,  
Кезіге ме жай кісі.

Қыздың түрі қызық-ты,  
Сырты жұпар, ісі май,

- 340 Қызыл жүзді, қара шаш,  
Екі көзі айнадай.  
Жіңішке бел, орта бой,  
Сымбаты бұған сайма-сай.  
Осындай қызды іздесең,  
Түспес қолға оп-оңай.  
Құйрығындай асылдың,  
Біріне бірі боп сыбай.  
Қиыстырған бұларды  
Өзі шебер бір Құдай.  
Қайғылы боп Асан ер,
- 350 Сөз айта алмай пәлен деп,  
Ойлағаны Қызыр боп,  
Тұра тұрсын осылай.
- Суына қайта апарып ауын салды,  
Мейман ғып әлгі қызды үйге апарды.  
Кеш болып отырған соң жай-жайына,  
Есіктен кіріп келген көрді шалды.
- Шал келді үйдегіге сәлем беріп,  
Бұлар да тұра келді шалды көріп.  
Орнығып отырған соң оң менен сол,
- 360 Сұрасты бір-бірінің жөнін біліп.
- Әуелі шал сұрады үйдің жайын,  
Харакат қолындағы жарлы-байын.  
Кемпір мен сен жігіттің жөнің бірге,  
Сізлерден заты бөлек мынау айым!
- Ау салған кәсібіміз біздің, ата,  
Күнелткен әдетімен Сырда жата.  
Қырық күнде ауды судан бір алушы ек,  
Сол ауға түскен бұл қыз бүгін, ата.
- Бұл қыздың сандығында қазына мол,  
Алуға рұқсатсыз бармайды қол.  
«Некемді Қызыр қиса, тием» дейді,  
Өзірге бізге берген жауабы сол.
- Өзі Шілтен әулие баласы екен,  
Көңілі адамзатқа барасы екен.

«Қызыр» деген сөзінің мәнісі аз,  
Болғанмен бар мен жоқтың арасы екен.

Бұл күнде Қызыр қайда табу бізге,  
Ол тақсыр көріне ме көзімізге.  
380 Бір кемпір, бір баланы ол не қылсын,  
Елсізде балық аулап жатқан түзде.

Шал айтты: — Сапар айлап шықтым түзге,  
Көңілімде арамдық жоқ Хақтан өзге.  
«Үмітсіз шайтан ісі болад» деген,  
Қызырды көрмеймін деп күдер үзбе.  
Некесін осы қыздың мен қияйын,  
Қызырдан қия алмай ма адам өзге?

Қызыр деп шалды айтады мен секілді,  
Балаға жан ашыған біз секілді.  
390 «Бірің ал, бірің ти», — деп бата берді,  
Екеуің көрінесің тең секілді».

Шығыпты бата беріп тысқа шалы,  
Шалының білінген жоқ ахуалы.  
Қонағы тысқа шығып жоқ боп кетті,  
Іздесе білінбейді еш хабары.

Шал кетті, бұлар қалды жай-жайына,  
Әркімнің өз жұмысы жағдайына.  
Кемпір сорлы қуанып, келінді боп,  
Келін де кемпірдің болды ыңғайына.

400 Сонымен бұл арада үш ай өтті,  
Бұрынғы шалдың қызы ойдан кетті.  
Бір күні Асан үйде отырғанда,  
Шелек ап кемпір ұзап суға кетті.

Келіншекке Асан айтты қалжың сөзін,  
Ықыласты махаббатпен қарап көзін.  
Жауабына еш жауап қайтармады,  
Адамдай ұнатпаған бұрып жүзін.

Асан айтты: — Сен неге қарамайсың?  
Бойыңа неге мені баламайсың?

- Келді де шапалақпен салып қалды,  
410 Баламасаң, маған да жарамайсың.
- Ей, Асан, неге ұрасың мені? — деді,  
Сүймесем келемін бе сені, — деді.  
Әкемнің айтқан серті осылайша,  
Тұрудың болмайды енді жөні, — деді.
- Әулие түгел өткен адамзаты,  
Олардан еш шыққан жоқ жаман аты.  
Бейуаз үш айғаша сөз айтпауға,  
Тапсырған атамыздың аманаты:
- «Абайла, асығыс қып өзі тисе,  
420 Қалжыңды айтпадың сөзі тисе.  
Тоқтамай қайтып келгін бізге, балам,  
Ашумен ажырайып көзі тисе».
- Секіріп қыз шығыпты шаңыраққа,  
Қарады мойнын созып атырапқа.  
— Үш айлық балаң кетті, бізге аманат,  
Жеткізіп береміз біз туған уақта.
- Қош, енді мырза, мұнда тұра алмаймын,  
Сөзіңе енді мойын бұра алмаймын. —  
Деді да көкке қарап құс боп ұшты,  
430 Қосылып саған қатын бола алмаймын.
- Аққу боп әлгі қатын аспанға ұшты,  
Әлеумет көріп пе едің мұндай істі.  
Айырылып қалғаннан соң әлгі қыздан,  
Түнеугі шалдың қызы ойға түсті.
- Ойланды: «Енді оған барайын, — деп,  
Байқайын қалай болар талайым, — деп.  
Отырған шығар олар мені күтіп,  
Тез барып қатынымды алайын» деп.
- Жөнелді арғымағын мініп алып,  
440 Білгелі өзі көрген жолға салып.  
Жұрты жатыр, өздері көшіп кеткен,  
Баяғы орнына көрсе барып.

Қонысы өзі көрген жатыр жайнап,  
Тегістеп көрген жерін көрсе абайлап.  
Мағлұм шал сол арадан көшерінде,  
Кетіпті бір шыбыққа қағаз байлап.

Қағазды шал жазыпты мағлұм айлап:  
«Кез келдің, балам, маған Құдай айдап.  
Өлімше құрмет қылдым, күйеу қылдым,  
450 Қолымнан келгенінше барын жайлап.

Уәйіс — менің атым деген шалмын,  
Мекенім арасында жоқ пен бардың.  
Кезесің, таба алмайсың енді міні,  
Қыдырған дүниежүзін жаһан салмын.

Баламыз жүкті болған сенен деймін,  
Көрмейсің еш жамандық менен деймін.  
Туған соң таза сақтап балаңызды,  
Жеткізіп өзіңізге берем деймін.

Айтарлық сөзім бітті, балам, сізге,  
460 Қош айтқан шалдың сөзі өзіңізге.  
Дүниелік жолдас емес ақыреттілік,  
Тиеді қияметте, балам, сізге».

Қол қойған Уәйіс деп шал уә ассалам,  
Сөз бітті осыменен қасыл калам.  
Асан ер зарланады айдалада,  
Мазмұнын мына хаттың білген заман.

— Айналайын, шал ата,  
Құлағыңды сал, ата?!  
470 Орныға келдім, зар болдым,  
Пана болмай дала, ата!  
Келгемін іздеп жұртыңнан,  
Бола алмады-ау мән, ата.  
Адасып жүріп кез болдым,  
Басында қуып аң, ата!  
Екі бірдей жарымнан,  
Айырылып болдым мен шата.  
Балалықпен болжамай,  
Басымнан өтті сан қата.

- 480 Жете алмадым сертіме,  
Дауа барма дертіме?  
Бұрынғымдай түзіліп,  
Ата ма маған таң, ата?!  
Елсіз жерде зар болып,  
Дүния маған тар болып,  
Іздегенім жар болып,  
Болды-ау басым даң, ата!  
Өтірікші атанып,  
Көп қайғыға маталып,  
Жол таба алмай шаталып,
- 490 Болды-ау мұндай заң, ата!  
Қос ғашық жар жолдасым,  
Жасы бірдей құрдасым,  
Жолдас болып аз ғана,  
Айырылып қалдым сор басым.  
Жолдас қылдың, Құдая,  
Қырық шілтен сырғасын.  
Кез келтіріп түнеттің  
Уәйістің ордасын.  
Қадірін білмей айырылдым,
- 500 Қосып ең Құдай нортасын.  
Қағып кетті қалың сор,  
Келісіп еді ұрғашым.  
Жар таба алмай бұ сынды,  
Ғашық жардай пішінді,  
Ертеңді-кеш зарығып,  
Жылаумен өтер бұ басым.
- Өкемді алып әуелде,  
Жетім қылдың, Құдайым.  
Мені күтіп неше жыл,
- 510 Шешем тартты уәйім.  
Бізден өзге көрді ме  
Қасіретті мұндайын?!  
Қос ғашық жар қайғысын  
Көңіліме алып жырлайын.  
Ашық алдым түн болды,  
Көзімді енді жұмбайын.  
Ұлы әулие, көрі аруақ,  
Ауысты сорға біздің бақ.  
Сөйле, енді, тіл мен жақ,
- 520 Бақытым болды мұндайын. —

Деді де қайта жүрді елге таман,  
 Үйіне қайтып келді есен-аман.  
 Айырылып екі бірдей ғашық жардан,  
 Іс бола ма ер басына мұнан жаман.

Қайғырып Асан үйде жата берді,  
 Көзінде жас, көңілі қайғы-шерлі.  
 Бір күні Асан түнде жатыр еді,  
 Тұсынан біреу келіп «Асан» деді.  
 530 — Асан атты шақырған кімсің? — деді,  
 Танымаймын жөніңді айт, сені — деді.  
 Адамбысың, жынбысың, перімісің?  
 Мезгілсіз шақырасың мені — деді.

— Қызымын Уәйістің болған қатын,  
 Машайық жаһан кезген ата затым.  
 Қырқынан шықты балаң құндағынан,  
 Мінеки, менде болған аманатың!

Асан да тұра ұмтылды — тоқтай тұр, — деп,  
 Аз ғана маған жаным мойның бұр? — деп.  
 Қыз кетті құстай ұшып ғайып болып,  
 540 — Сөйлеуге рұқсат жоқ, аман бол! — деп.

Далада бала жатыр шықса тысқа,  
 Қашқан қыз ілестірмес ұшқан құсқа.  
 Алып келді баланы құндағымен,  
 Баланы асырауға кемпір ұста.

Мұнымен өте берді бірталай күн,  
 Асанды шақырады тағы бір түн.  
 Оянды, жатыр еді ұйқылы-ояу,  
 Көтеріп басын сонда деді, — Бұ кім?

Мен, — деді, — Шілтен қызы, құлағың сал,  
 550 Бар еді арамызда аз ахуал.  
 Үйіңнің төбесіне қойып кеттім,  
 Тұр дағы, Асан мырза, балаңызды ал.

— Тоқта, — деп айғай салды оған және,  
 Сөзім бар айтатұғын біраз ғана.  
 Жүгіре шықса, қыз түгіл дөнеме жоқ,  
 Жөргекте жатыр екен бір жас бала.



- Баланы жөргегімен қолына алды,  
Ойлады бұрын болған ахуалды.  
Шешесі жоқ екі еркек жетім ұлды  
560 Тынымсыз сорлы шеше асырады.  
Ержетті жасқа толып екі бала,  
Панасы бастан-аяқ хақ Тағалла.  
Аман ғып енді Сырда отыруға  
Асанды жатқызбады қайғы, сәна.
- Сапарға даярлады Асан өзін,  
Қыдырып желмаямен дүниежүзін.  
Әр нәрсеге ат қойып «атансын» деп,  
Асанның жұрт біледі айтқан сөзін.
- Аралап дүниенің шетін шалған,  
570 Жатқызбай ойындағы қалың арман.  
Қасірет, қайғы қапшық болғаннан соң,  
Атанып «Асанқайғы» сонан қалған.
- Асанның айтқан сөзі жұртқа мәлім,  
Білгенше баяндадым ахуалын.  
Әр нәрсені бір көріп, баға беріп,  
Қайғырып жылайды екен соғып санын.
- Асан деп аты шыққан заманадан,  
Білмейді кім екенін оқымаған.  
Тарихын Ертегі ғып алып едім,  
580 Жасымда Қаратаулық бір қожадан.
- Жинадым Асанқайғы болған жайын,  
Бар сөзі түгел емес бізде дайын.  
Болған соң ақы қалам жазып едім,  
Тамыз деп ақ қағазға көздің майын.
- Бұл жинақ жазбақ міндет болды маған,  
Жері көп арасында ұнамаған.  
Сынап көріп түгелдей бас-аяғын,  
Нұрлыбек ендігісі міндет саған!  
Қажет жоқ соза беру алыс тартып,  
590 Тоқтасын сөз аяғы қасыл қалам.

## АСАНҚАЙҒЫ

(Илияс Ысқақов нұсқасы)

Айтпақшы ойдағысын бір қария,  
Болама айтпаған соң сөз жария.  
Болыпты бір саятшы Сәбит деген,  
Бойында атағы зор Сырдария.

Кісі екен ақпейілді, жүзі ашық,  
Жасынан аңшылықты қылған кәсіп.  
Мергендік, ит жүгірту, құс салуға,  
Еш адам оза алмаған одан асып.

10 Жүруші ед аңшылықты қылып кәсіп,  
Талаппен әр нәрсеге араласып.  
Басқа тапшы болса да, малға жарлы,  
Жүрмеген төменшіктеп көңілі жасып.

Атағы мергендікпен кеткен асып,  
Бай болмаса, мал үшін жүрмес сасып.  
Елудің шамасына келген шақта,  
Бақытына бір ұл бала болды нәсіп.

Қуанып тойын қылды барын шашып,  
Көңілге қуаныш кірді тасып.  
20 «Асан» деп баласының атын қойды,  
Сәбит пен бәйбішенің ақылы асып.

Жеткендей мақсатына ер тілегі,  
Езіліп елжірейді жан жүрегі.  
Өмірінің барлығын жұмсамақшы,  
Асан үшін ойы сол көңіліндегі.

Асан да бек келбетті көрер көзге,  
Сәбиттің баласы жоқ онан өзге.  
Ажал жетіп ер Сәбит дүние салды,  
Алпыстың шамасына келген кезде.

30 Сол кезде он жасына келген Асан,  
Аз да болса тәрбие көрген Асан.  
Жетімдік пен жесірлік басқа түсіп,  
Қата алмай бұғанасы қалған жасаң.

Ол кезде кім қорғайды ондай жанды,  
Көрем деп ойлаған жоқ мұндай халды.  
Малы да жоқ, тірлік етер халы да жоқ,  
Жүдеді, шаруа, тұрмыс нашарланды.

Ағайын да, дос та көп кеңшілікте,  
Басқа іс түссе, кім алар теңшілікке?  
Туысқаны, дос-жараны бәрі қашты,  
40 Түскен соң жетім-жесір кемшілікке.

Сол өмірмен бес-алты жылдар өтті,  
Асан бала он алты жасқа жетті.  
Мінерге ат, жарақ-сайман болмаса да,  
Тағы да аң аулауға талап етті.

Елінде маңайында аңшы да көп,  
Бос жүргісі келмейді Асан да тек.  
Шешесінің айтқаны ойында бар,  
Сөбитті айтушы еді «саятшы» деп.

Асаннан айықпайды жетімдік кек,  
50 Отырды жабырқанып үйіне кеп.  
Шешесі қасына кеп сөз сұрады:  
— Қарағым, біреу саған тиді ме? — деп.

Асан отыр мұңайып жабырқап бек,  
Анасы жүр бейшара уайым жеп.  
— Мінерге ат, ұстауыма мылтығым жоқ, —  
Деп күрсініп отырды, — қайтемін? — деп.

Анасы сол мезгілде ойға түсті,  
Бір әсер білінгендей тым-ақ күшті.  
— Шырағым, айтатұғын бір сырым бар,  
60 Талап қып ойыңа алсаң мұндай істі.

Сандықтан орап салған алды бір хат,  
Асанға бұл бір ғажап көрінді жат.  
«Көрсетпей ешбір жанға, тығып қой» деп,  
Тапсырған әкең маған бір аманат.

«Өзің де қағазды ашып көрме деген,  
Ержетпей Асанға да берме деген.

Ой-санасы өскенше жалғызыңның,  
Және де біреуге айтып жүрме деген.

70 Білерлік өзі өлмес халға жетсе,  
Ұмтылып бір нәрсеге талап етсе,  
Сонда бер осы хатты өз қолына,  
Болады арты өкініш жатқа кетсе».

Бар деген бәлен жерде бір ақсақал,  
Шырағым, мына хатты қалтаңа сал.  
Әкеңмен әрі жолдас, әрі достас,  
Ешкімге сырыңды айтпай сен соған бар.

Бұл хатты сол кісіге берсін деген,  
Сөзіне сол адамның ерсін деген.  
80 Жөнін айтса, көрсетер шын достығын,  
Ақылымен сол адамның болсын деген.

Аты еді сол кісінің Әбусадық,  
Әкеңнің осылай деп айтуы анық.  
Таймайтын уағдасынан адам еді,  
Шын дос еді, басқа сөз айтпас танып.

Тапсырғам сол кісіге төрт аманат,  
Бір ителгі, бір тазы, бір жүйрік ат,  
Бір мылтық және тағы қойдым арнап,  
Берерсіз деп Асанға болса қажат.

90 Қағазды Асан сонда қолына алды,  
Түспестей қып қалтаға мықтап салды.  
Атын-жөнін, жобасын әбден сұрап,  
Жас бала жалғыз жаяу кетіп қалды.

Анасы жалғыздығын уайым етті,  
Арада бірнеше күн мезгіл өтті.  
Тұспалдап жолыққаннан жөнін сұрап,  
Ауылына Садық шалдың барып жетті.

Сол тауды мекен еткен бірталай ел,  
Сайында аққан бұлақ, шалқыған көл.  
Сайранда саятшының бәрі сонда,  
100 Оған орай жерінің аңы да мол.

Жас бала тамашалы жерді көріп,  
Білмейтін, танымайтын елді көріп,  
Танданып жат дүниеге кез болғандай,  
Ойына алуан-алуан әсер беріп.

Тауып алды біреуден шалды сұрап,  
Шал да қылған сол тауды көптен тұрақ.  
Мұнан бұрын көрмеген жас балаға:  
— Қайдан жүрген баласың, — деді, — шырақ?

110 Жөн айта алмай бөгеліп тұрды тоқтап,  
Кісі емес бұрын мұндай көрген соқпақ.  
Танымайтын кісіден именді ме,  
Иә болмаса, тұрды ма әдеп сақтап.

Күгіп тұрды шал дағы біраз шыдап,  
Тұрған кісі секілді ішпен сынап.  
Өңі жүдеу болғанмен, қияпатын  
Шал да тұрды абайлап тым-ақ ұнап.

120 Шал да қыстап қайта сөз қайырмады,  
Сөйтсе де баладан көз айырмады.  
Отырғызып бір жерге: — Демінді ал, — деп,  
Алдына бір аяқ ас дайындады.

Тынықты шалдың берген тамағын жеп,  
Асанның ойында бар бірталай кеп.  
Шал айтты: — Күтемісің, жатамысың?  
Рұқсат енді, балам, өзің біл, — деп.

Демін алып азырақ бала жатты,  
Шалға жауап қайырып инабатты.  
— Ұғынарсыз, — деді да, — осы хаттан,  
Алып берді қалтадан аманатты.

130 Шал алып таң қалды хатты көріп,  
Көрген сайын балаға іші еріп.  
Екі қабат хатты оқып болғаннан соң,  
Бір күрсінді көзіне жасы келіп.

Шал айтты: — Шырағым-ау, Асанбысың?  
Сұрады барлық жайын қашанғысын.

Өңі жүдеу болғанмен мінез-құлқын  
Ұқсатты әкесіне бала түсін.

- 140 Көрген соң хат бетінен Сәбит атын,  
Шал дағы тым-ақ салды махаббатын.  
— Сәбиттің жалғыз ұлы сен бе едің? — деп,  
Сұрай келе баланың білді затын.

Шал түрегеп балаға келді жақын,  
Қолын ұстап, мейірі түсіп, қылды рақым.  
Сен түгіл басқаның да хақын жемен,  
Беремін әкең айтқан аманатын.

Соны айтты да Асанды ертіп алды,  
Үй артында бір сайға алып барды.  
Сырына бұрын шалдың таныс емес,  
Не екенін біле алмай аң-таң қалды.

- 150 Берік қып құлып салған темір қақпа,  
Тас қорған бөрі берік басқа жақта.  
Көрінді тастың іші бір өзгеше,  
Ішіне қақпаны ашып кірген шақта.

Ұқсайды тастың іші бау шарбаққа,  
Жіберді Асан көзін әрбір жаққа.  
Байлаулы бір орында қара тазы,  
Ителгі тұғырда отыр бір бұшпақта.

- 160 Қарады шал бұрылып Асан жасқа,  
«Ие жоқ мыналарға сенен басқа».  
Қара мылтық ілулі бар қарақта,  
Бір ат тұр елендеген қара қасқа.

— Шырағым, мына сөзге құлағың сал,  
Балалықпен ұмытпай ұғынып ал.  
Мұнан кейін сен мені көре алмассың,  
Әкең қойған аманат, міне, өзің ал.

Сәбиттің маған қойған аманаты,  
Бірнеше жыл күткенім достық хақы.  
Кешікпей енді ал дағы, үйіңе қайт,  
Мен сенен сұрамаймын еңбекақы.

- 170 Мына үшеуі жандының асылзаты,  
Түзу мылтық мергеннің салтанаты.  
Өле-өлгенше шығарма өз қолыңнан,  
Балалықпен айырылып қалма қапы.
- Әкеңнің көп тапсырып айтқан дәті,  
Мінеки, бүгін болды мұның сәті.  
Шал байғұс ынтасымен бата берді:  
«Құтты болсын өзіңе мұның арты!»
- Қара атқа Асан ерттеп мініп алды,  
Тазы мен ителгіні қолына алды.  
Мылтықты мойнына асып жөнелгенде,  
180 Шал да тұрып артынан қатты ұнады.
- Асан да жігіт еді ер сымбатты,  
Әдепті, әрі ойлы, инабатты.  
Қарасы үзілгенше көзі қимай,  
Шал дағы қозғалмастан тұрып қапты.
- Шалменен қош айтысып ол жөнелді,  
Кейде аяң, кейде шауып, кейде желді.  
Бір апталық жол жүріп жеткен жерден  
Күн батпай-ақ аулына жетіп келді.
- 190 Алдынан анасы да шықты жылап,  
Жалғызын көргенінше азар шыдап.  
«Қорыққан мен қуанған бірдей» деген,  
Отырды көңілі тынып, жайын сұрап.
- Бұл жұмыс жұртқа әшкере болып қалды,  
Көрмекке естігендер жетіп барды.  
Данышпан, тапқырлықпен ерте ойлаған  
Сөбиттің бұл ісіне қайран қалды.
- 200 Көрінді іс болғандай дос сүйіну,  
Ежелден көре алмайтын қас күйіну.  
Жақсы-жаман болса да мұндай іске  
Әуелден бір әдет қой жұрт жиылу.
- Асан да мылтық атып болды мерген,  
Құсбегілік, аң жайын жақсы білген.

Әкесінен артық деп шамалайды,  
Сәбиттің замандасы көзі көрген.

Жер танып аңшылармен көрді жолды,  
Аты мен аспабына көңілі толды.  
Мылтық түзу, құс-қыран өзіне сай,  
Тазысы мен аты да жүйрік болды.

210 Ешбір аң құтылмады көзі көрген,  
Аңшылық Асанға да бақыт берген.  
Тұсында құрбысының алды болды,  
Атағы асып кетті дүйім елден.

Сонымен үш-төрт жыл тағы да өтті,  
Асан бала жиырма жасқа жетті.  
Күн сайын абыройы жоғарылап,  
Дабысы жас та болса көпке кетті.

220 Нұрлы жүз, көзі өткір, жаны отты,  
Ары бар мейірімді, әділетті.  
Алады тез түсінік айтқан сөзден,  
Аузы сөйлер сөзге және де епті.

Көрмеге сырты сұлу, орта бойлы,  
Саналы және тапқыр терең ойлы.  
Сөзіне, ақылына, мінезіне  
Сол кезде көрген жанның көңілі тойды.

Бір күні шешесі айтты баласына,  
Көзінің ағы менен қарасына.  
Аналық мейірі түсіп, емшегі иіп,  
Ой салды жалғызының санасына.

230 Асан да қарай қалды анасына,  
Қараңыз шешесінің данасына.  
— Әкеңнің және де айтқан бір ісі бар,  
Ерінбей тілімді алып барасың ба?

Атадан жалғыз қалды сенің басың,  
Алпыстан асып кетті менің жасым.  
Алда ағаң, қарағым, артта інің жоқ,  
Иә болмаса, жанашыр қарындасың!



Атаның сен көрмедің тарбиясын,  
Тәуекелмен бір жүрген жалғыз жансың.  
Бас ауырып, балтырың сыздаса да,  
240 Сүйікті болғаны жөн бір жолдасың.

Асан білді естіген сөздің жайын,  
Аңғарып мағынасын қылды пайым.  
Жүзіне ұялғандай әсер кіріп,  
Бір қызарып, бір тершіп айтқан сайын.

Шешесі де байқады ұялғанын,  
Әйтеуір сөз мәнісін ұға алғанын.  
Айтайын ойымдағы бар сырымды,  
Сен білмейсің, қарағым, маған мәлім.

Айтпаймын жалған сөзді тіпті неген,  
250 Әкең сенің туғаннан қамың жеген.  
«Асанжан ержеткенде есіне сал,  
Онан бері адамға айтпа» деген.

Қарағым, сөзім мынау саған айтар,  
Әрненің ақылды адам сырын байқар.  
Шырағым, атыңа мін, аспабыңды ал,  
Бұл дағы бір керекті іс барып қайтар.

Ей, балам, сөзді асықпай ұғынып ал,  
Бар еді бөлен жерде тағы бір шал.  
Дос еді әкеңменен шын ниетті,  
260 Деп еді және айтысқан уағдасы бар.

Бір кезде о да болған ердің ері,  
Әрі аңшы, әрі есті, әрі сері.  
Жағасы Сырдарияның бір түбегі,  
Деуші еді сол кісінің тұрған жері.

Деуші еді сол кісінің аты — Қайып,  
Сөзімнен жалған шықса, маған айып.  
Сол шалмен өзің барып танысқанша,  
Сырыңды айтпағайсың жұртқа жайып.

Бар еді сол адамның жалғыз қызы,  
270 Оған да өтіп еді бала сызы.

Қоспақ боп екеуіңді ержеткенде,  
Байласқан қатты уағда айтқан сөзі.

Кісі ақыл-ойға ол да зерек,  
Жасында құрбысынан шыққан ерек.  
Өкеңнің айтуына қарағанда,  
Танбайтын уағдасынан болса керек.

Жастықта ол да жүрген сендей заулап,  
Бұл күнде жалғыз өзі жұрттан аулақ.  
Жас жетіп, ат үстінен қалғаннан соң,  
280 Естимін күн көред деп балық аулап.

Асан жас сөзді ұғып, ойда қалды,  
Көңілге әрбір түрлі толғау салды.  
Жеңдіріп аяғында санасына,  
Бармаққа шалды іздеп даярланды.

Аспабын қолына алды, аты дайын,  
Қара ат та желдей есті жүрген сайын.  
Бет алып шалға таман жүріп кетті,  
Ұғынып анасынан барлық жайын.

Зар желіп тоқтамастан Асан кетті,  
290 Арада біраз ғана уақыт өтті.  
Өркімнен жөнін сұрап Қайып шалдың,  
Қоналқалық мезгілде келіп жетті.

Көрінді сол түбекте бір балаған,  
Жиікте бір адам жүр жағалаған.  
Ешбір жан онан басқа көрінбейді,  
Іздеген шал осы-ау деп шамалаған.

Бұрылмай тура жүріп Асан келді,  
Бір шал жүр ау ұстаған, көзі көрді.  
Қармақ сап, ауға қарап отырғанда,  
300 Дауыстап арт жағынан сәлем берді.

Қайып шал отыр еді суға қарап,  
Балықтар жүр жем аңдып жанасалап.  
Тұтқиылдан бір дыбыс естіген соң,  
Басын шал жұлып алды тамашалап.

Шал дағы танушы еді аттың сынын,  
Байқаушы ед көрген жерден ердің сырын.  
Бұл күнде ат мінуден қалса дағы,  
Ұстаған нелер тұлпар бұдан бұрын.

- 310 Шал айтты: — Мен бір көрі адам, — деді,  
Ұмытпасам көргенім жоқ, балам, — деді.  
Айып етпе, шырағым, білмек үшін,  
Кім болады атаң мен анаң? — деді.

Аңшылыққа ұқсайды сенің түрің,  
Бұл жерге келіп пе едің мұнан бұрын?  
Балықшыдан басқалар мұнда келмес,  
Атың кім, қайдан болар тұрған жерің?

- 320 Бала айтты: — Сұрасаңыз, атым — Асан,  
Әкем өлген жетіммін әлдеқашан.  
Әкемізді «Саятшы Сәбит» дейді,  
Ақсақал: — Мен айтайын алдамасаң.

Әкең Сәбит, өз атың болса Асан,  
Естіп едім қалды деп сені жасаң.  
Айтқан сөзің шын болса, үйіме жүр,  
Бір шалды келемеждеп алдамасаң.

— Ата, мен мазақ қылып алдамаймын,  
Бір ауыз өтірік сөз жалғамаймын.  
Мейманмын, барып қонар танысым жоқ,  
Барыңа ырза боламын, таңдамаймын.

- 330 Шал жөнелді үйіне бетін бұрып,  
Асан да келе жатыр қасына еріп.  
Балағанның сыртына атын байлап,  
Шалмен бірге отырды үйге кіріп.

Айнала қамыс-қорған опыр-топыр,  
Төр алды ескі киіз қоқыр-соқыр.  
Үсті жүдеу болғанмен, өңі нұрлы,  
Бойжеткен от басында бір қыз отыр.

Асан да амандасты қызға қарап,  
Көзінің қиырымен жанамалап.

- 340 Шүкірлік дейді дағы ибаменен,  
Көрмеген жас жігітті тамашалап.
- Асан жас ұнап отыр қыз келбетін,  
Қалбақтап көрсетіп жүр шал да ниетін.  
Дайындап қонақасы құрмет қылып,  
Бір табақ әкеп қойды балық етін.
- Тынығып тойып алды тамақ ішіп,  
Қыздың да отыр Асанға көзі түсіп.  
Ас артынан қол жайды бата сұрап,  
«Қонақсың ғой, болсаң да жасың кіші».
- 350 Астан кейін жатуға даярланды,  
Қонаққа ат қасынан төсек салды.  
Күні бойы ат қағып шаршап қалған,  
Тыныққан соң тырп етпей ұйықтап қалды.
- Ерте тұрып шал кетті кәсібіне,  
Қармағын, ауын салып жәшігіне.  
Шай мезгілі болғанда үйге келді,  
Ілінгенін алды да нәсібіне.
- Жуынып қонақ бала қолы-басын,  
Ішіп-жеп болғаннан соң берген асын.  
— Бұйымтайың бар болса айт, шырағым?
- 360 Жүрем десең, әнеки, жолың болсын!
- Ата, мен жол көрмеген жас баламын,  
Ұялсам сыбағамнан бос қаламын.  
Ішімде анам айтқан бір сырым бар,  
Туралап сізге айтуға жасқанамын.
- Мұнымды жатқа айтуға жасқанамын,  
Көңілімді айтпай қайтып тия аламын.  
Сүйенер жан, сүйісер жарым да жоқ,  
Сондықтан мен бір жүрген дуанамын.
- 370 Соны айтып бір қуарып, бір қызарып,  
Мына сөз шал сүйегін кетті жарып.  
Азырақ төмен қарап ойға түсіп,  
Бала сөзін байқады шал да аңғарып.

Шал айтты: — Жасым келді жетпіс беске,  
Жастықты айтсам, бар мұңым түседі еске.  
Сөзің батты, шырағым, шымбайыма,  
Болмады енді шыдап сөйлемеске.

- 380 Әкеңмен неше жылдай болдым жолдас,  
Досына қалт ойлаған адам оңбас.  
Емеспін бұрыннан да екі сөзді,  
Сырымды айтпауыма енді болмас.

Шырағым, бұрын сені көргенім жоқ,  
Естуші ем, хал-жайыңды білгенім жоқ.  
Сәбит өзі өлгенмен, уағдасы өлмес,  
Көңілімді бөтен жаққа бөлгенім жоқ.

- Баламды сұраған көп, бергенім жоқ,  
Сөзіне басқа жанның ергенім жоқ.  
Дүние үшін ешкімге бас ұрмаймын,  
Азғырған, алдағанға көнгенім жоқ.
- 390 Сөзіме құлақ салсаң, енді, балам,  
Шартым бар айтатұғын, жаным, саған.  
Бұзбаймын уағдамды, мен беремін,  
«Алдайды» деп, шырағым, болма алаң.

Біз қартайған адамбыз кемпір мен шал,  
Шырағым, бұл сөзімді ойыңа сал.  
Шешеңменен ақылдас жылдам барып,  
Ұнасаңдар осы айтқан ақылымды ал.

- Арамыз алыс емес бірер-ақ бел,  
Бұл жақта да тұрады бірталай ел.  
Тауы жақын аңшыға аңы да көп,  
400 Шырағым, тілімді алсаң, осында кел.

Мен ешқайда бұл жерден бара алмаймын,  
Осыдан жайлы қоныс таба алмаймын.  
Көз алдымда тұрмасаң екі балам,  
Сендерді тағы көрмей тұра алмаймын.

Шал айтып бітірген соң барлық жайын,  
Аңғарып сөз мәнісін қылды пайым.

Бала да шешесіне қайтпақ болды,  
Бітіріп іздеп келген бұйымтайын.

- 410 Кешікпей өз үйіне келді қайтып,  
Көрген-білген шал жайын бәрін де айтып.  
Шешесі де қала алмай жалғызынан,  
Қосылды шалға келіп дәмі тартып.

Шал дағы тойын қылды тарбаң қағып,  
Асанның шешесі де жүр қуанып.  
Сырты қандай келіссе, іші де сол,  
Екі жас махаббатқа жүр қуанып.

- 420 Кемпір-шал сүйінбесін бұған нағып,  
Тіршіліктің қуаты жүрген бағып.  
Мінез-құлық сипаты екі жастың  
Сүйкімді болды өзгеше жұртқа жағып.

Сонымен бір-екі жыл бұлар тұрды,  
Қызықпен аңын аулап Асан жүрді.  
Тұңғыық алдағы өмір не қылғанын,  
Тыңлаңыз, айтайын мен басқа сырды.

Бір күні Асан тұрып аңға кетті,  
Келгенінше бірталай мезгіл өтті.  
Кешке жақын болған соң түрегеліп,  
Әйелі ас дайындау қамын етті.

- 430 Қолына шелек алып суға кетті,  
Арнадан су алуға еңкейіпті.  
Толтырып бір шелегін іліп алып,  
Шығарып қояйын деп кейін кетті.

Екі шелек толтырып айланғанша,  
Қайтайын деп үйіне ойланғанша.  
Аяусыз ажал кімге сыр айтады,  
Келтіріп кемеліне жайланғанша.

- 440 Арнаның айналасы қалың қамыс,  
Су алған жер қопаға емес алыс.  
Бір өзінен басқа мейірімі жоқ,  
Қапыда іліп әкетті бір жолбарыс.

Шал да келді кешігіп келмеген соң,  
Қалды шошып баласын көрмеген соң.  
Жүгіріп олай-бұлай ойбай салды,  
Жаны бар, амалы не өлмеген соң.

Жүгірді ойбайды естіп кемпір дағы,  
Оның да құры жаны қалды дағы.  
Қайта қолға келе ме өткен нәрсе,  
Асанның да сол еді қайтқан шағы.

450 Сорлы болған кемпір мен шалды көрді,  
Болғанын бір сұмдықтың және білді.  
Айрылып сүйгенінен оттай жанып,  
Іш күйген соң бауырлап жата берді.

Жылайды кемпір мен шал кезек-кезек,  
Айрылып көз нұрынан жанып өзек.  
Асан да бас көтермей жатып алды,  
Кісідей алты ай жатқан бейне сүзек.

460 Бір күні келді Асанға құрбылары,  
Замандас, өрі жолдас тұрғылары.  
Жұбатып тұрғызуға жалынады,  
Аяйды үлкен-кіші, жас пен көрі.

— Қайғырма, Асан бала, көтер басты,  
Өткізбе қайғыменен бекер жасты.  
Шырағым, түрегеліп көңілің көтер,  
Жігітке сонша уайым жарамас-ты.

Өтеді бәрімізден дүние шолақ,  
Жалғанда адамзаттың бәрі қонақ.  
Көтеріп көңіліңді, атыңа мін,  
Қайтесің, болған шығар тағдыр сол-ақ.

470 Асанды ақыл айтып уатады,  
Әрбірі әрбір сөзбен жұбатады.  
Аспабын қолына алып тауға шығып,  
Жүргенді ат үстінде ұнатады.

Бір күні үйде отырып дем қыстығыш,  
Азырақ келейін деп тауға шығып.

Жақындап бір биікке келгенінде,  
Бір киік тұра қашты жатқан бұғып.

Көрген соң ол киікті кетті қуып,  
Жақындап «а» дегенше келді жуық.  
480 Мойнында алтындаған қарғысы бар,  
Көрген жоқ мұндай аңды өзі туып.

Көрмеген бұрын мұнан аң құтылып,  
Тәуір-ақ жетемін деп салды ұмтылып.  
Есі-дерті қарғылы киік болып,  
Қайғысы ойдан кетті ұмытылып.

Қара атты жетемін деп қамшылады,  
Аққан тер сауырынан тамшылады.  
Қу аяқ, бір ішек, бір киік екен,  
Дарытып маңайына шалдырмады.

Осынша ұмтылса да қағып тақым,  
490 Шағулы жерге келмес біраз жақын.  
Атуға мылтығымен көрді қимай,  
Өліп қалар оқ тиіп болып зақым.

Орғиды салған сайын белден белге,  
Қуа-қуа бір сусыз шықты шөлге.  
Не құтылтып кетпейді, не жетпейді,  
Бізасы өтті мұның Асан ерге.

Қара ат та жеткізбейтін шапса желге,  
Киік те келтірмейді айла етерге.  
Қуады күні бойы бір дамыл жоқ,  
500 Сонымен шығып кетті елсіз жерге.

Жалықпай Асан қуып, киік қашып,  
Алдағы бір белестен кеткен асып.  
«Шыныменен жеткізбей кете ме?» деп,  
Асан да шықты атына қамшы басып.

Лезде көз жаздырып қалды адасып,  
Таяу-ақ шығып еді араласып.  
Ұшқан құс та құтылып көрген жоқ ед,  
Не болды бүгін саған қара басып.



510 Сол жерде тұрып қалды таңға қалып,  
 Ыза боп, әрі шөлдеп, ашуланып.  
 Қараса ар жағында бір ауыл тұр,  
 Ойлады: «Жөн сұрайын сонан барып».

Байқамай шығып кеткен елден жырақ,  
 Ауылдан ішейін деп сусын сұрап.  
 Ит үрген, дүбірлеген дыбысты естіп,  
 Боз үйден бір шал шықты оқшауырақ.

Ел жөнін сұрамаққа шалдан келіп,  
 Алдына жақын келді сәлем беріп.  
 Қиналған аты терлеп өңі жүдеу,  
 520 Асаннан жөн сұрайды шал да көріп:

— Ат-тоның жат, өзің жат кім баласың?  
 Атың неге қиналған мұнша жаман?  
 Елің кім, ауылың қайда, жерің қай жер?  
 Шырағым, кім болады ата-анаң?

— Аң құған мен саятшы аңдамасаң,  
 Қуып ем бір киікті әлдеқашан.  
 Ауылым Сырдарияның жағасында,  
 Әкем — Сәбит саятшы, атым — Асан.

530 Сол кезде шыға келді үйден бір қыз,  
 Сымбатты, орта бойлы, раушан жүз.  
 Асаннан көз айырмай тұра қалды,  
 Әдеппен деді дағы «есенбісіз?!»

Шал тұрды ойға түсіп сөзін байқап,  
 Тамсанды біраздан соң басын шайқап.  
 — Сонша алыстан күнбе-күн қайтып келдің,  
 Ей, балам, мына сөзің кімді алдамақ?

— Ата, мен ешкімді де алдамаймын,  
 Еш сөзге өтірік қосып жалғамаймын.  
 Аң қызығы байқатпай кетсем керек,  
 540 Қанша алыс кеткенімді аңдамаймын.

Қыз тұрып сол уақытта аз ойланды,  
 Асанның алды-артынан бір айланды.

«Жандының төртеуі де асылы екен,  
Есіл ер өледі-ау», — деп назаланды.

Қолында қара ителгі, қара сұңқар,  
Астында қара қасқа аты нағыз тұлпар.  
Қара тазы құмайдан туған екен,  
Өз басы анық бекзат адамға ұқсар.

550 Шапса озар қара тұлпар мың мен саннан,  
Көрген жоқ мұндай жігіт осы маңнан.  
Суытуын таппаса төртеуі де,  
Бірі қалмай өледі осы таңнан.

«Жігіттің айтқан сыры бекер емес,  
Әке, сіз, таласпаңыз қылып егес.  
Анық жүрсе тұлпарға алыс жер жоқ,  
Қонақ болсын осында бүгінгі кеш».

560 Тіктірді бір ақ отауды көгал жерге,  
Кез болған мұндай сапар Асан ерге.  
Сол түні істегенін мен айтайын,  
Қараңыз, мына қызды-ай кемеңгерге.

Мамықтап мамық көрпе төсек салып,  
Шақырып үш жас қызды қасына алып,  
Көтеріп ат үстіне кілемменен,  
Жатқызып төсегіне өзі апарып.

Бірі бас, бірі аяқта екі жас қыз,  
Сипатып қол-аяғын бір дамылсыз.  
Бір қызға қол орамал берді дағы:  
«Қатты ұйықтатпай, желпінтіп отырыңыз».

570 Тұлпарды бір балаға жетелетіп,  
Бір көгал, бір тастаққа жүрді ілбітіп.  
«Қатты жүрме, тоқтама таң атқанша.  
Және тұрып қалмасын ұйықтап кетіп».

Қолына бір солқылдақ алды құрық,  
Бір айла тапты және ойлап тұрып.  
Өзеннің арнасына шаншып қойып,  
Тұйғындай әкеп қойды тік қондырып.

- 580 Бар еді үй жанында аққан бұлақ,  
Жағалай жағасында балдыр-құрақ.  
Құмайды әкеп байлады шалғын жерге,  
Бұлақтың ағысына жақынырақ.
- Төрт жерден төртеуіне орын сайлап,  
Әрбірін өз еркімен қойды жайлап.  
Таң атқанша өзі да дамылдамай,  
Кезек-кезек аралап жүрді абайлап.
- Сарғайып мезгіл болып таң да атты,  
Тынығып ұйқылы-ояу бұлар жатты.  
Жатқызып әрбіреуін жайлы жерге,  
Ұлы сәске болғанша дамылдатты.
- 590 Соншалық құрмет қылды Асан ерді,  
Тамағы мен сусынын баптап берді.  
Тамақтанып, тынығып болғаннан соң,  
Асанды өз үйіне алып келді.
- Сергіп бұлар келді кемеліне,  
Кемеңгер қыздың кез боп демеуіне.  
Ырза боп шал мен қызға рұқсат сұрап,  
Асан да қайтпақ болды өз еліне.
- 600 Қыз сонда жайын айтып Асан ерге,  
Оңаша алып барып аулақ жерге.  
Жамағат, құлағыңды салып отыр,  
Сөйлескен мынау екі кемеңгерге.
- Сөзі өлмес білімдінің өлсе де өзі,  
Артқыға болар үлгі келсе кезі.  
Толқынын жас жүректің жасыра алмай,  
Асанға қыздың мынау айтқан сөзі:
- Айтуға ұялсам да жүрек сырын,  
Көруге ынтық едім мұнан бұрын.  
Үңіліп махаббаттың тереңіне,  
Тауыстым көп қадалып көздің нұрын.
- 610 Малға бай, менің әкем баладан кем,  
Әрі ұлы, әрі қызы жалғыз-ақ мен.

Не байлар, не мырзалар келсе дағы,  
Ешбірін өз бойыма көрмедім тең.

Деуші еді әкемізді Жаманқұл бай,  
Дәулетке төрт түлігі бәрі де сай.  
Жасында о да өзіндей сері болған,  
Бұл күнде малын бағып жүреді жай.

620 Көруге даңқынды естіп болдым құмар,  
Жүрегім махаббатым қылды ынтызар.  
Сәулесі ғашықтықтың көрмей түсті,  
Тағат жоқ айрылуға енді шыдар.

Мен тарттым махаббаттың көп күйігін,  
Ұмыттым сені көріп бәрін бүгін.  
Келтіріп сені қалай көремін деп,  
Киіктің асырадым ең жүйрігін.

Асырап жақсы баптап үш жыл күттім,  
Сынайын деп тау-тасқа көп жүгірттім.  
Ымбалменен жатқызып жүргіземін,  
Кей уақта тіпті алысқа тастап кеттім.

630 Біреуді бір жүйрікке мінгіземін,  
Тұрғыдан бас бақтырып тұрғызамын.  
Өзім тура үйіме қайтып келіп,  
Анаған аңшы қылып құғызамын.

Жат деген жерде жатад тап қозғалмай,  
Кетпейді ешбір жаққа барып алмай.  
Аштан өлсе де орнынан қозғалмайды,  
Бір жау нәрсе үстіне келіп қалмай.

640 Көргенде жат нәрсені тұрмас тоқтап,  
Белгілі үйге келер оған соқпақ.  
Құғыздым неше рет аңшыларға,  
Астына талай саңлақ бердім баптап.

Болса да қандай жүйрік жеткізбейді,  
Алдына бір нәрсені өткізбейді.  
Қандай аспап болса да нелер күдір,  
Бір жеріне еш зақым еткізбейді.

Сонымен неше рет көрдім сынап,  
Естідім сіздің жерді деді жырақ.  
Адасып сонша алыстан кете ме деп,  
Қорғанып күдіктеніп біразырақ.

650 Әркімнен біліп алдым жөнін сұрап,  
Есептесем талай жер сіздің тұрақ.  
Жүйрікке алыс жер жоқ деген бар ғой,  
Байладым тәуекелге белді бір-ақ.

Жол көрген, өзі ысылған бір адамды  
Ойладым: «сенімді-ау, — деп, — осы жанды».  
Жалындым сырымды айтып ағатайлап,  
Алсаң да берейін деп мың мен санды.

660 Бармаймын ақы алам деп, ей, шырағым,  
Асанның білуші едім мен тұрағын.  
Салт атқа осы арадан бірнеше күн,  
Мықты ат пен дайындап бер жол-жарағын.

Кешікпей киікті алып жөнеліпті,  
Арада бірнеше күн жол жүріпті.  
Жігіт ед ер көңілді айласы бар,  
Азырақ сізді күтіп бөгеліпті.

Ауысып сіздің қоныс өзгеріпті,  
Сүйтсе де іздеп жүріп кез келіпті.  
Жүруші ем көлеңкеңе ие болып,  
Көңіліме бір келтірмей өзгелікті.

670 Сәті боп сапарыңа кез болыпты,  
Кешікпей орайына тез болыпты.  
Өлсем де бүгін менің арманым жоқ,  
Дертіме еткен ісім ем болыпты.

Мен жүрдім күйіп-жанып іштен зарлай,  
Сырымды үш жыл жүрдім сыртқа жаймай.  
Көңілде бар тілегім осы болды,  
Шыныменен кетем бе деп бір көре алмай.

Сен едің ойлағаным күндіз-түні,  
Айтқаным өтірік емес, сөздің шыны.

- 680 Берсем де қазір жанды, арманым жоқ,  
Тілегім қабыл болды бүгін, міне.
- От салды махаббатың жүрегіме,  
Байланды ғашық дертің сүйегіме.  
Саяңнан үміт кеткен мен ғаріпті  
Жеткізбей кетемісің тілегіне.
- Қыз сөзін тыңдап Асан түсті ойға,  
Кез болды кезіп жүріп мұндай тойға.  
Терең ойлап тексеріп толғанғанда,  
Тағы да бір ауырлық түсті бойға.
- 690 Асанның өзге жаннан ойы бөлек,  
Ақылға жас та болса сондай зерек.  
Шет жерге көрмеген жат алып келген,  
Кез болып қашқан киік болып себеп.
- Ой шалқып жер-жиһанды шарықтады,  
Аспанның әлемінде қалықтады.  
Дүниенің шарқы поляк айналасын,  
Кезгенде жүйрік желден қалыспады.
- 700 Тереңге қауас болып кейде сүңгіп,  
Кейде жай баяуласа, кейде мүлгіп.  
Тапқандай яқұт-маржан тереңінен,  
Мұхиттың тұнығына тұрса үңіліп.
- Алыстан құлаш ұрып ойлағаны,  
Ақылдың тереңіне бойлағаны.  
Махаббаттың төлеуін немен таппақ,  
Әжім салмай, кір шалмай жайлағалы.
- Ауыр боп қыз еркіне қоймағаны,  
Екі айтып серттен қайтып таймағаны.  
«Осы сөзбен тоқтатып қарайын» деп,  
Мінеки, қызға жауап байлағаны:
- 710 — Кез келдім, мейман болдым, ей, перизат,  
Болғандай жаным ырза қылдың құрмет.  
Емгендей бір емшктен қарындас бол,  
Жар деме, жақыным деп қыл мархабат.

Менің бұл жүрген жаннан ойым бөлек,  
Екенсің сен де әйелден шыққан зерек.  
Өлшеусіз маған еткен қызметіңді  
Орайын мен де сондай етсем керек.

720 Әуелден өзім жалғыз, ойым жетім,  
Қаяулы, дертті жүрек бойлар шетін.  
Мен сені жар дос демей жан дос дейін,  
Мәһарбан тілегім сол менің ниетім.

Жақыным жанды ерткен мағшұқ жар,  
Асықсын көріскенше тым ынтызар.  
Күйігін сондай жардың тартқан жанмын,  
Шаққандай мұңды мұңға айтпағым бар.

Тарқамас және айтпасам көңілімнен зар,  
Жүректе ерте шалған қасіретім бар.  
Суынып ыстық жүрек салқын тартқан,  
Кіршіксіз жас жүрекке келе ме пар.

730 Жар досын жан жүрегі сағынбай ма,  
Жас бұлбұл сайраса, гүл жарылмай ма.  
Ем табар жас жүректің жарасына,  
Бір сүйген өзің теңдес табылмай ма?!

Мен кештім бұл сапарда бірталай жол,  
Көңілімде әлденеше арманым мол.  
Келіп-кетіп жүрейін жақыным деп,  
Гүлбану, бер рұқсат, тілегім сол.

740 Асан сөзі қыз көңілін жұбатпады,  
Сылтау сөзді місе қып ұнатпады.  
Орныққан жас жүрекке махаббаты,  
Жарасына ем іздеп шыдатпады.

— Құмармын үш жыл бұрын атағыңа,  
Қайғың сусын атыңды жат алуда.  
Серт бергем көрмес бұрын «жарым сен» деп,  
Ар бармас екі сөзді атануға.

Әуелде ынта қойған жарым сенсің,  
Жасыруға болмайды мәлімденсін.

Сия ма бір жүрекке екі сүймек,  
Орын жоқ басқа жанға, жаным сенсің.

750 Жанды адам қаза жетіп бір өлмей ме,  
Бір себеп ажалына кез келмей ме?  
Әгарда мен қайғыңмен өле қалсам,  
Мойныңа адам қаны жүктелмей ме?!

Мен тірі жүрмек емен сенен қалсам,  
Дүние жат сенсіз маған қайда барсам.  
Серт қылғам «жаным сүйген жар-досым» деп,  
Опасыз жан атанам қайтып алсам.

760 Дүниеден арманым жоқ сертке жетсем,  
Жетпесем өлгенімді арман етпен.  
Жүруге енді маған дүние харам,  
Дертіме дауа бермей мақрұм етсең.

Түйіліп төмен қарап екі көзі,  
Батқандай шымбайына қыздың сөзі.  
Тұңғиық түпсіз ойдың түкпірінен  
Қауастай маржан теріп алған кезі.

Өртүрлі салды ақылмен ойға жұбау,  
Қалмады ашылмаған жастан сыр-ау.  
Жылытып жас жүректің ыстық қанын,  
Жұбатпаққа байлаған сөзі мынау.

770 — Адаммын мен жаралы әжім шалған,  
Сонда да өткен істі қылман арман.  
Ей, Бану, тілегіңді өтер едім,  
Анам бар өзі кәрі үйде қалған.

Кемпір-шал менің де бар ата-анам,  
Олар да бейшара боп қалған адам.  
Жүргенде мұндай істе өле қалса,  
Обалына екі жанның тағы қалам.

780 Мен өзім жас болсам да жаралы жан,  
Басымнан ауырлықты кешірдім сан.  
Келейін ата-анамның халін біліп,  
Гүлбану, бер рұқсат, сөзіме нан.



Кемпір-шал қайғы жұтқан ғаріп еді,  
Оларды да қасірет шалып еді.  
Алданып мен киікпен ұзап кеттім,  
Ала алмай менен хабар қалып еді.

Көрейін оның халін жылдам барып,  
Гүлбану, ренжіме бұған налып.  
Әгар де ол екеуі тірі болса,  
Келейін мен анамнан рұқсат алып.

790 Білейін екеуінің халін көріп,  
Кетейін уағдамды саған беріп.  
Жол жүруге жараса тірі болып,  
Тұрармын оларды да ала келіп.

Гүлбану мына сөзге ойға түсті,  
Жүректе махаббаты сондай күшті.  
Тоқтамасын білген соң, рұқсат берді,  
Басына алды тілеп ауыр істі.

800 Қыз дағы тоқтамасын білді абайлап,  
Аспабын, жол азығын берді сайлап.  
«Жарым, — деп, — қияметтік» қол ұстасып,  
Босатты уағдасын қатты байлап.

Сүйісіп қайта-қайта амандасты,  
Байласып құрбандыққа ғазиз басты.  
Жүрегің, махабатың, мейірімің  
Айрылуға қимайды екі жасты.

Шын беріп уағдасын атқа мінді,  
Уағда алып Банудың көңілі тынды.  
«Өзімдік» деп бір-бірін иемденіп,  
Күтпек болды алдағы біраз күнді.

810 Қош айтып өз жеріне кетті қайтып,  
Тұрмады бұдан былай сөзді ұзатып.  
Көтеріп қолтығынан аттандырып,  
Қалды артында бір-екі зарын айтып.

— Ел жайлаған сары бел  
Басынан самал еседі.

- Құбақай дала қоңыр шөл  
Күзегі елдің деседі.  
Көп отырмас бұл жерде,  
Күзекке таман көшеді.  
Жайнаған ұқсап гүлдерге,  
820 Сенімен өмір өседі.  
Келмей қалсаң ағарда,  
Қайғымен гүлім өшеді.  
Жеткенше көзім хабарға,  
Махаббат уын ішеді.
- Тұлпарға қамшы басты Асан енді,  
Кейде аяң, кейде шабыс, кейде желді.  
Болғанмен қанша ғашық шыдатсын ба,  
Ауылына бірер күнде жетіп келді.
- Асықты ата-анасын көргенінше,  
830 Хабарын бастан кешкен бергенінше.  
Қайда кетіп қалғанын жан білмейді,  
Ел-жұрты аң-таң болды келгенінше.
- Далада амандасты тұрған жанға,  
Білдірді біреу барып кемпір-шалға.  
Өлгеннен де Асанның қайғысымен,  
Түсіпті екі сорлы ауыр халға.
- Көрген соң елжіреді ата-анасын,  
Көзінен тоқтата алмай аққан жасын.  
Асанға құры қарап кемсеңдейді,  
840 Төсектен көтере алмай өзер басын.
- Көзінен жыласа да жас шықпайды,  
Бірде ұғып айтқан сөзін, бірде ұқпайды.  
Сөйтсе де ымбалменен ұғындырып,  
Жоғалып бірнеше күн кеткен жайды.
- Тұра алмай төсегінен жатып алды,  
Бірталай екі ауруды күтіп қалды.  
Жетсе де қызға айтқан уағдасы,  
Кете алмады тірі тастап кемпір-шалды.

850 Күн сайын халі бітіп нашарланды,  
Асанды ескі қайғы қайта шалды.  
Ала алмай бойын жиып шал мен кемпір,  
Дегенде екі ай жарым дүние салды.

Асан да әлі бітті, қатты жылап,  
Есі ауып төсегінде жатты сұлап.  
Жұбатып, елі-жұрты көңіл айтып,  
Қойыпты ата-анасын таза арулап.

Ауырлық жас басынан талай өтті,  
Ойлады қызға берген қатты сертті.  
Өтсе де уағдасынан бір жарым ай,  
860 Бір барып қайтайын деп талап етті.

Белгілі Гүлбануға жолғасқаны,  
Есте бар уағда беріп, достасқаны.  
Басына анасының келіп тұрып,  
Мінеки, өз жерімен қоштасқаны.

### *Жеріне*

— Саятшы Сәбит атанып,  
Әкем сайран кешкен жер.  
Артында жетім мен қалып,  
Кіндігімді кескен жер.  
Балдырған қамыс мезгілде,  
870 Басқа ауырлық түскен жер.  
Талапты мініп сол күнде,  
Талпынып өрге өскен жер.  
Жылқының мініп тұлпарын,  
Алысқа құлаш ұрған жер.  
Қыранның ұстап сұңқарын,  
Не қалыңға салған жер.  
Жүйріктің ертіп құмайын,  
Қалаған аңды алған жер.  
Айырып жастың жұбайын,  
880 Қайғыны басқа салған жер.  
Қайта айналып келгенше,  
Сендер дағы аман бол!

### *Тауларға*

- Биік таулар асқарым,  
 Сағымданған қоңыр бел.  
 Орғытып қырдан асқаным,  
 Мінгенім тұлпар жүйрік жел.  
 Жүйрік мініп орғытып,  
 Қырқадан қырға асқаным.  
 Тастан тасқа орғытып,  
 890 Қияңды қырқа басқан бел.  
 Шытырман гүлің жайқалып,  
 Салаңнан бұлақ аққан бел.  
 Жорғадай суы тайпалып,  
 Қақ жарып аққан өзен-сел.  
 Қара тұйғын жетелеп,  
 Қайырып түлкі қуған бел.  
 Кезеңін тауып төтелеп,  
 Тұрғыдан тосып тұрған бел.  
 Кешікпей қайтып келермін,  
 900 Оған шейін аман бол!

### *Көлдерге*

- Толқының бұйра шалқар көл,  
 Бір кезде сенде тұрағым.  
 Айдының үлкен, суың мол,  
 Жағалай біткен құрағың  
 Жайқалады соқса жел.  
 Жылқының мініп пырағын,  
 Айнала сайран шапқан көл.  
 Тұйғынның ұстап қыранын,  
 Көңіліме суың жаққан көл.  
 910 Қаз бенен тырна қиқулап,  
 Не қыранды салған көл.  
 Қоңыр дабыл қолға ұстап,  
 Талайын шүйіп алған көл.  
 Оралып қайта келгенше,  
 Шалқар көл, сен де, аман бол!

Кетпекке зиярат қып ата-анасын,  
 Еске алып жан жүрегі жар-жолдасын.

Айналып үш моланы кете алмады,  
Ағызып жүр, тыя алмай көздің жасын.

- 920 Кете алмай әрлі-берлі жүрді айналып,  
Не қылса бір ниетті жүр ойланып.  
Бекітіп көңілін қатты, «қош» деді де,  
Кетуге бет түзеді ыңғайланып.

Жерімен, еліменен амандасып,  
«Шу!» деді тұлпарына қамшы басып.  
От шықты жануардың табанынан,  
Лезде неше қырдан кетті асып.

- Барам деп ғашығына көңілі лепіп,  
Тұлпарын орғытады ентелетіп.
- 930 Алыс жер шын жүйрікке болмайды екен,  
Біреп күнде кешікпей келді жетіп.  
Жар үшін күн-түн қатты ат терлетіп,  
Айтысқан уағдалы күн кеткен өтіп.  
Ауыл жоқ, жұрты жатыр өзі көрген,  
Күзекке мезгілінде көшіп кетіп.

Жоқ екен ол арада ешбір адам,  
Қалмаған жан-жануар қыбырлаған.  
«Егерде көшсе, қайда барады?» деп,  
Асан да Гүлбанудан сұрамаған.

- 940 Шықты да бір биікке тұрды қарап,  
Суретін жаралыстың тамашалап.  
Жүйрік ой дүние жүзін аралады,  
Көңілге неше қиял келді анталап.

Қыстығып, қапаланып тұрды аңырып,  
Дыбыстаса тас сөйлеп тұр жаңғырып.  
Өткен іс көрген түстей күңгірт тартып,  
Денесі тұр табжылмай ой қаңғырып.

- «Ұмытпасам осы ара емес пе еді,  
Өзі болса Гүлбану келмес пе еді».
- 950 Сондағы бірге жүріп сөйлескені  
Ойына, көз алдына елестеді.

Сөйлесіп жалғыз өзі тау, жартасқа,  
Тілдесер ешнәрсе жоқ сенен басқа.  
«Жүрегің қатып қалған кәрі жартас,  
Бекінгенсің уайым ойламасқа.

Тұрасың бедірейіп, тіл қатпайсың,  
Мен сөйлесем, сөйлейсің тыңдатпайсың.  
Мен тек тұрсам сен де тек аңырайып,  
Банудың кеткен жағын неге айтпайсың?

960 Таң атса, жарық күнмен нұрланасың,  
Күн батса, көлеңкемен сұрланасың.  
Тұрғанмен ешбір жанға жауап қатпай,  
Түн бойы қабақ түсіп мұңланасың.

Бұрандап сылдырайсың аққан бұлақ,  
Өтірік күлімдейсің мені сынап.  
Көңілді қайырмайтын жайдары-ақсың,  
Сүйтсе де тұра алмайсың ақпай шыдап.

970 Ағасың күні-түні қылмай тұрақ,  
Дымыңнан нәр алып тұр гүл мен құрақ.  
Айтпайсың, күлімдейсің сықақ қылып,  
Мен тұрсам Гүлбануды сенен сұрап».

Көрінді көз ұшында бір шалқар көл,  
Желменен толқындаған суы да мол.  
Кешегі Гүлбанудың кеткен жағын  
Сұрасам, біле ме екен, жаным-ау, сол.

«Шалқар көл тілегімді беремісің,  
Мазақтап сен де мені күлемісің.  
Хабар бер, мен жолаушы жоқ жоғалтқан,  
Банудың кеткен жағын білемісің?!

980 Саянда талай жәндік сағалаған,  
Қаз, тырна хабаршың бар жағалаған.  
«Тез келмей, уағдаңнан кеш қалдың» деп,  
Ұқсайсың сен де мені табалаған».

Торықты тау мен тас та тіл қата алмай,  
Шалқар көл, аққан бұлақ жұбата алмай.  
Затына жаралыстың назын айтты,  
Жүйрік ой, өткір тілін тоқтата алмай.

### *Тауларға*

- Мақтанасың биік тау,  
Сұлумын деп өзгеше.
- 990 Құр зорлықтан не пайда,  
Панаңа ешкім келмесе.  
Гүл-шешек шашқан саяңнан  
Миуаңды ешкім термесе.  
Сайраған бұлбұл ғашық боп,  
Гүліңді жарған көрмесе.  
Еңбегі күшті ерлерге,  
Астынан кенін бермесе,  
Уағдаласқан ғашық жар  
Белгі қып саған келмесе,
- 1000 Ондай таудан не пайда?!

### *Өзендерге*

- Сарқырап аққан өзен су,  
Өзінді тым-ақ мақтайсың,  
Ол мақтаннан не пайда?  
Жағалай құрақ болмаса.  
Айнала біткен көк орай  
Жағалап ел қонбаса.  
Пайдалы жанға тәтті су  
Арнасына толмаса.  
Ерлер мінген тұлпарлар
- 1010 Тұнығына қанбаса.  
Жағалай жүріп сайрандап,  
Жарынан хабар алмаса.  
Кездеспек жарға белгі боп,  
Айтысқан сөзден танбаса,  
Өзен-су сенен не пайда?!

*Көлдерге*

- Айдының үлкен шалқар көл,  
Күні-түні шалқисың.  
Көрмекпіз одан не пайда,  
Қаз, тырна жайлап қонбаса.  
1020 Соққан желмен жайқалған  
Балдырған қамыс болмаса.  
Көк дауылпаз қолға алып,  
Зырқыратып тұлпарын,  
Саятшылар салмаса.  
Дабылдатып сұңқарын,  
Қаз, үйрек, қуын алмаса,  
Ондай көлден не пайда?!

*Шөл дала*

- Сағымданған құба бел,  
Көз жетпес дүние дала жер.  
1030 Ай жүрсем жетпес шетіне,  
Құлашын жайған мидай шөл,  
Қайысқан елің болмаса.  
Көсілген кең салаңда  
Жайылған малың болмаса.  
Сахаралы сары жайлау  
Құлан киік болмаса.  
Жүйрік мініп, қыранмен  
Төтелеп мерген қумаса,  
Ондай жерден не пайда?!

*Өзіне арнап айтқаны*

- 1040 — Сайрандап сені жайлаған,  
Кермеге жүйрік байлаған,  
Ел еркесі ерке өскен,  
Жайрандап жастар жайнаған,  
Ел үшін еңбек сіңіріп,  
Халқынан ер ұл тумаса,  
Жанын қиып жұрт үшін,  
Егескен жауын қумаса,



- Сары қарын жас бала  
Қамы үшін жанын қимаса,  
1050 Үлкен аға, кіші іні  
Береке қылып тұрмаса,  
Көріп, кәсер, момынға  
Жаны ашып мойнын бұрмаса,  
Ондай ұлдан не пайда?!
- Ақыл, білім ізденіп,  
Дүние сырын сезбесе,  
Көңілдің мініп тұлпарын,  
Әлемді шарлап кезбесе,  
1060 Рахаттан аулақ безбесе,  
Малды сатып ар үшін,  
Жолына салып бермесе,  
Жанды сатып жар үшін,  
Уағдасында өлмесе,  
Шын жүрекке билетіп,  
Ынта қойып сенбесе,  
Сол жүректі тайдырмай,  
Айтысқан жерге келмесе,  
Ондай жардан не пайда?!
- 1070 Соны айтып біразырақ ойға қалып,  
Байқастап көш сүрдеуін тауып алып,  
Не болса да Бануды іздемек боп,  
Тұлпармен зырқыратып кетті салып.
- Тоқтамай, дамылдамай күні бойы,  
Ынтасы Гүлбануге жетпек ойы.  
«Айтысқан сертке жетпей қалам ба» деп,  
Тоқтатпайды ақыл, ар-абыройы.
- Тұлпарын орғытады ой мен қырдан,  
Жар үшін жалғыз басын қылып құрбан.  
1080 Жағалап өлкені өрлеп келе жатып,  
Байқады бір киікті оттап тұрған.
- Ойлады: «Ұстауға айла қылайын», — деп,  
Сезініп қашса, артынан қуайын, — деп.

«Болса да өзі хайуан хал тілі бар,  
Бануды біле ме екен сұрайын», — деп.

Даланың тіл қатады киігіне,  
Ғашықтық шыдай алмай күйігіне.  
Үміт шіркін тағы да ойлатады,  
«Банудың кеткен тастап киігі ме?»

- 1090 Соны ойлап жақынырақ келді жетіп,  
Басбағып таса жермен төтелетіп.  
Бар сенгені баяғы момын хайуан,  
Секірді дыбысты естіп секем етіп.

Киік ырғи жөнелді көре сала,  
Асан да қуып кетті іле-шала.  
Екі жүйрік құлаштап зымырағанда,  
Бұлдырап қалып жатыр тау мен дала.

- 1100 Киікке келе жатып тіл қатады,  
Ойын айтып көңілін жұбатады.  
Сондағы алтын мойын қызыл киік,  
Кездесіп қуғанына ұқсатады.

«Ей, киік, сен келесің менен қашып,  
Жақындасам, қаласың сонша сасып.  
Саятшылық жол емес, залал етер,  
Көңілімді жүрген жанмын қайғы басып.

Жан болсам мен зиянсыз, қашпаймысың,  
Маңыңа жақындасам, саспаймысың.  
Соңыңнан күндіз-түні ере берсем,  
Ауылына Гүлбанудың бастаймысың?

- 1110 Жапанда сайран үшін жүргенім жоқ,  
Жарқырап жас күнімнен күлгенім жоқ.  
Өгар білсең, жөнін айт Гүлбанудың,  
Кеткенін қай тарапқа білгенім жоқ.

Әлде бастап сен мені келемісің,  
Банудың кеткен жағын білемісің?

Ұстасам да азат қып қоя берсем,  
Жарымнан хабар әкеп беремісің?»

1120 Қуғалы бір недәуір уақыт өтті,  
Киікке болдырарлық мезгіл жетті.  
Тұлпардың тізесіне шыдай алмай,  
Дымы құрып бүк түсіп жата кетті.

Тұлпардың екпінімен ағып өтіп,  
Бұрылып, қайта оралып келді жетіп.  
Талықсып шаршап жатқан хайуанды  
Есіркеп тұрып қалды біраз күтіп.

Көңіліне түсіп тұрды бір мархабат,  
Толғанды іші жанып неше қабат.  
— Жануар, жіберейін азат етіп,  
Тапсырам бірақ саған бір аманат.

1130 Еркің бар, ей, хайуан, қайда барсаң!  
Сөзімді ұмытпассың есіңе алсаң.  
Айтарсың көргеніңді, жануарым,  
Киігін Гүлбанудың көре қалсаң.

Көрінсе, осы араға кел дегейсің,  
Хабарын Гүлбанудың бер дегейсің.  
Жете алмай уағдасына күйіп-жанып,  
Асан іздеп далада жүр дегейсің.

1140 Ішпейді дәмін татып ас дегейсің,  
Көзінен ағызып жүр жас дегейсің.  
Адасқан бейшараға жөн тауып бер,  
Тағы барып алдынан қаш дегейсің.

Тиместен ол киікті қоя берді,  
Жалғыздық бір басына талай көрді.  
Жападан жалғыз өзі ел таба алмай,  
Далада бірнеше күн қаңғып жүрді.

Түспейді күндіз-түні Асан аттан,  
Кез болды бір өзенге ұзын аққан.

Жағалап сол өзенді келе жатып,  
Жолықты көп түйеге бір шал баққан.

- 1150 Қуанды ел шетіне келгеніне,  
Бір шалды түйе жайған көргеніне.  
«Жасы көрі адам ғой көпті көрген,  
Сұрайын, білсе, салар жер жөніне».

Соны ойлап аттан түсті қасына кеп,  
Ұйықтамай, аттан түспей, жүдеген бек.  
Ат арыған, жүзі де сондай жүдеу,  
Шал сұрады: — Не ғып жүрген адамсың? — деп.

- 1160 Отырды аттан түсіп шал қасына,  
Аз емес түскен қайғы бір басына.  
— Адаммын мен жолушы жоқ іздеген,  
Сөзімнің тоқтасаңыз расына.

Жоқшы ғып ишаратпен шалға өзін,  
Қария отыр құлақ сап тыңдап сөзін.  
Еті арық болса да түрін байқап,  
Аттан шал айырмайды екі көзін.

Байқады шал да аңғарып бала сырын,  
Танып білмесе де мұнан бұрын.  
«Не қылса бір қиялмен жүрген жан ғой», —  
Деп ойлайды көрген соң жігіт түрін.

- 1170 — Шырағым, атың арық, жүзің сары,  
Үйде жүрсең секілді жанның бары.  
Шеккендей бір қайғының ауырлығын,  
Байқаймын көпті көрген мен бір көрі.

Жаһангез жалғыз жүрген дарамысың,  
Не елінен адасқан баламысың.  
Келдің бе қашық жерден мұнша жүдеп,  
Бет алып сонша алысқа барамысың?

Қуалап жөнін сұрап шал қоймады,  
Баланың жал сөзіне шал тоймады.

- 1180 Адам ғой көпті көрген ақыл айтар,  
«Сырымды айтайын» деп ой ойлады.
- Соншалықты қызықты емес айтатыным,  
Айтсам, көп толып жатыр іште мұным.  
Айтысқан бір серт үшін елден бездім,  
Сол үшін жүрмін қаңғып көрмей тыным.
- Жасымнан мен сорлымын қайғы жеген,  
Жаным ауру, көзге сау сыртқы денем.  
Бір дауа сол дертіме бола ма деп,  
Үмітпен құр далбаса іздеп келем.
- 1190 Бұл жерді емес едім бұрын көрген,  
Шыққалы бір ай болды өз елімнен.  
Сіз секілді адамнан сұраймын жөн,  
Барма екен деп іздеймін көрген-білген.
- Кешірген жас басымнан уақиғам көп,  
Айта берсем, шығады бір талай кеп.  
Іздегенім Жаманқұл байдың ауылы,  
Айтты дағы күрсінді «Гүлбану» деп.
- 1200 Мен жүрмін бірталайдан қайғы тартып,  
Қысқаша шалға ұқтырды сырын айтып.  
Басынан кешкен жайын айтып берді,  
Жібермей сөз аяғын сонша ұзатып.
- Әкесі жас шағында өлгендерін,  
Кемшілік жетім қалып көргендерін.  
Жанашырсыз, жақынсыз, ағайынсыз,  
Зарығып сол бір кезде жүргендерін.
- Біле алмай ешбір нарсе қалғандарын,  
Әбусадық шалды іздеп барғандарын.  
Тапсырған әкесінің аманатын,  
Садықтан аман-есен алғандарын.
- 1210 Үйіне қайта оралып келгендерін,  
Жол көріп аңшылықты білгендерін.

Сол күнде құрбысынан озық шығып,  
Сайрандап Сыр бойында жүргендерін.

Қайыптың қызын алып тұрғандарын,  
Аз дәурен онда тұрып сүргендерін.  
Жарының қайғысымен кезіп жүріп,  
Қу аяқ алтын киік құғандарын.

1220 Киіктің адастырып кеткендерін,  
Ауылына Жаманқұлдың жеткендерін.  
Шығандап ел-жұртынан адасқанда,  
Зорығып өлер халға жеткендерін.

Ғашық қыз сондай айла еткендерін,  
Қонақ қып тағы сыйлап күткендерін.  
Жарым деп Гүлбанумен сөз байласып,  
Қайта оралып келмек боп кеткендерін.

Қайта кеп ата-анасын көргендерін,  
Олардың қайғыменен өлгендерін.  
Қоштасып еліменен, жеріменен,  
Жұртына Гүлбанудың келгендерін.

1230 Бітіріп Асан болды сөз аяғын,  
Қолға алды жерде жатқан шал таяғын.  
Ұшымен таяғының жер шұқылап,  
— Жүрісің ауыр екен, ей, қарағым!

Шығады сөйлей берсе көп әңгіме,  
Айтпасын жақсы сөзді білсе неге.  
— Шырағым, білгенімді мен айтайын,  
Ұнамаса, мына шал мылжың деме.

1240 Сексеннен асты жасым осы күнде,  
Өмірім малшылықпен өтті мүлде.  
Жас күнде мен де сендей саятшы едім,  
Бұл күнде күнім үшін жайдым түйе.

Көп жүріп білуші едім жердің жайын,  
Көңіліме жүрмесем де бәрі дайын.

Бұл жерің келе жатқан Үйсін жері,  
Естігем жоқ Жаманқұл деген байын.

Мынау түйе Байторы байдың малы,  
Тұсында байлықпенен асқан сәні.  
Осы өзенді жағалай түгел Үйсін,  
Қоңырат деген ел болар онан ары.

- 1250 Ойлаймын Жаманқұл бай қоңырат елі,  
Көбірек шөл болады қоңырат жері.  
Малы көп бай шөл жерде отыра алмай,  
Кетеді Арқа жаққа елдің дені.

Бұл жерден алыс тұрар Арқа бөлек,  
Екі орта шөл болады дөп-дөңгелек.  
Шөл жерде құрғақшылық отыра алмай,  
Мал жайы үшін сол жаққа кетсе керек.

- Естуші ем қоңыратта Жаманқұлды,  
Айтуға аямаймын қызыл тілді.  
1260 Жол жүрсең күн-түн қатып дамылдамай,  
Арада өткізерсің неше күнді.

Бірақ биыл, шырағым, бара алмайсың,  
Адаспай тура тауып ала алмайсың.  
Иен дала, елсіз жер, атың арық,  
Тіл алмасаң, өзіңді арандайсың.

Серігі ер жігіттің — мінген аты,  
Жалғыздың кімге жетер айтқан даты.  
«Күйсіз көлік жүгірмес» деген бар ғой,  
Шөлге осал болады жылқы заты.

- 1270 Мен кәрімін сұңғыла көпті көрген,  
Жолдасың жоқ, шырағым, қасыңа ерген.  
Тіл алсаң, биыл қысқа осында бол,  
Ақылым менің, балам, саған берген.

Айтамын бұл сөзімді өзіңді аяп,  
Таяқ жер деген мақал жүрген саяқ.

Өлмегенге, шырағым, алыс емес,  
Мінеки, болып қалды қыста таяп.

1280 Өмір жолы көндірер айдауына,  
Сөзімнің тоқта, балам, байлауына.  
Жаз шығып бір-екі айда қоңыраттар  
Келеді өзің көрген жайлауына.

Ұқпасаң, бұл сөзімнен жиренерсің,  
Ұқсаң, ақыл кәріден үйренерсің.  
Асықпай бірер айға дамылдасаң,  
Атың да, өзің дағы күйленерсің.

Адамға ауыр болар көрмеген жол,  
Баласың бір басыңа арманың мол.  
Мейлің жүр, мейлің тоқта, зорламаймын,  
Жалғыз-ақ менің білген ақылым сол.

1290 Шал бітірді сонымен айтып сөзін,  
Қаратып бала отыр жерге көзін.  
Көп ойланды, толғанды, шыр айланды,  
Шарықтап көңілі кетті дүние жүзін.

«Зымғатып тұлпарменен кетсем, дейді.  
Ауылына Жаманқұлдың жетсем, дейді.  
Жан жарым Гүлбанудың қолын ұстап,  
Дертіне ем жүректің етсем, дейді.

1300 Шөлдерден күн-түн қатып жүрсем, дейді,  
Жар үшін қиындыққа көнсем» дейді.  
Сондайлық жүрек тербеп асығады,  
Жетпесем де, жолында өлсем, дейді.

Кей уақта шал сөзіне ерсем, дейді,  
Біраз күн аял етіп тұрсам, дейді.  
Кетер ед барлық қайғым жүрегімнен,  
Тірлікте Гүлбануды көрсем, дейді.

Сол оймен қалмақ болды шал қасында,  
Ақыл сөзін кәрінің алмасын ба.



Иланып шал сөзіне тұрып қалды,  
Дұрыс сөз көкейіне қонбасын ба.

- 1310 Сол елге таныс болды қыстай жүріп,  
Ел менен жердің жайын әбден біліп.  
Әкеп тастап кетеді аңның етін,  
Анда-санда оралып шалға келіп.

Қыс өтіп, жаз боларлық мезгіл жетті,  
Алтын күн жарқыратып нұрын төкті.  
«Мезгілім жүретұғын болды ғой», — деп,  
Кәріге қош айтуға Асан кепті.

- 1320 Күн жылынып, жоғалды қыстың зары,  
Жұмылып шаруасына жанның бөрі.  
Жүргенде жұрттың бөрі шаруа қуып,  
Асанның көңіліндегі жалғыз жары.

Болды деп кезім енді елге қайтар,  
Сертінен жігіт емес өлсе тайқар.  
— Жарымды іздемекке бел байладым,  
Ақылың бар ма, ата, маған айтар?

Көзін сүрітті, түйілтіп шал қабағын,  
Бір жөтеліп кенеді шал тамағын.  
— Қайырлы сапар болсын қайда барсаң!  
Аман бол мұнан былай қош, қарағым!

- 1330 Айтысқан сөзіңе жет, жарыңды ізде,  
Асықпа, табысарсың, күдер үзбе.  
Бұл бетінде ұшырап кез болмаса,  
Ақылым айтатұғын мынау сізге.

Бір соқпай кетіп қалма сонда бізге,  
Кетпегейсің бос қаңғып жапан түзге.  
Қайда кетер бетінді білдіре кет,  
Түбі керек болады өзіңізге.

Шалменен қош айтысып жүріп кетті,  
Сонда көрген жайлауға қойды бетті.

- 1340 Былтырғы өзі көрген ел шетіне  
Бірнеше күн-түн қатып келіп жетті.
- Биік тау өзі көрген сайқын дала,  
Сайынан өзен аққан неше сала.  
Қонған ел жағасында, қаптаған мал,  
Байқаса тауға шығып Асан бала.
- Туралап көп ауылға бара алмайды,  
Өз бетімен шын ақыл таба алмайды.  
Жансыздап ауыл жөнін сұрағанмен,  
Жарының бір хабарын ала алмайды.
- 1350 Адам жоқ бұрын мұның жайын білген,  
Бұл елде таныс та жоқ бұрын көрген.  
Дел-сал болып далада келе жатып,  
Кез болды бір қатынға тезек терген.
- Сарыкідір, тым көрі емес, орта жаста,  
Еш адам көрінбейді онан басқа.  
Ат тоны өз еліне ұқсаспайды,  
Таңданып қарай қалды Асан жасқа.
- Жақындап Асан оған келді таяу,  
Асан тұр ат үстінде, қатын жаяу.
- 1360 Амандасып азырақ тоқтап тұрды,  
Байыпты адам сияқты сөзі баяу.
- Ойлады «жігіт-ау, — деп, — көрмеген жат,  
Нұсқасы жөне бөлек астындағы ат».  
— Бұл елдің адамына ұқсамайсың,  
Айтсаңыз жөніңізді болмаса ұят?
- Ұят емес жөн сұрау, — деді, — жеңге,  
Ешкім жоқ бұл арада сізден өзге.  
Жоқ іздеп жүрген қаңғып жолаушымын,  
Дәм айдаса, жүрмейді қайда пенде?!
- 1370 Жан болса адасқанды салар жөнге,  
Мен бір ақыл-ойдан қалған кенде.

Мал түгіл жанымды да қияр едім,  
Бір дәру себеп болса еткен емге.

Әйел де адам еді сөз танырлық,  
Басына түскен жан-ау бір ауырлық.  
— Тарығып сонша неге сөз айтасың,  
Біреуден көріп едің қандай қорлық?

1380 Боласың жасың кіші бізге қайын,  
Сөзің жанға тиеді айтқан сайын.  
Өзің әйел демесең, ей, жігітім,  
Білген сөзді мен сенен аямайын.

Ойлы адам сөз мәнісін қылар пайым,  
Іздегенге демеймін болар дайын.  
Тілге нансаң, жасырман білгенімді,  
Өз сырынды ұқтырып айтшы жайын.

Асан тұр қатын сөзін байқайын деп,  
Іздеп жүрген жұмысын айтайын деп.  
Не болса да ашылсын істің беті,  
Болмаса сыр білдірмей қайтайын деп.

1390 — Ой, жеңге, жүзің жылы, сөзің майда,  
Жан емен ат терлетіп жүрген жайға.  
Танысым жоқ, білмеймін елдің жайын,  
Жаманқұл деген байдың ауылы қайда?

— Байқасам, жеңіл емес жүреген ісің,  
Қайнағамыз болады айтқан кісің.  
Әдепсіздік келінге атын атау,  
Бар еді ол кісіде не жұмысың?

1400 — Келіп ем өткен жылы сіздің елге,  
Асығып киік қуып мына белге.  
Үйіне қонақ болып кетіп едім,  
Сол себепті сұраймын сізден, жеңге.

Қатын айтты: — Демеймін сөзің жалған,  
Ол кісің жоқ бұл елде көңіліңе алған.

Ағайын-туысқанға өкпелі боп,  
Келе алмай жайлауына, кейін қалған.

Жайлауға биыл көшіп келмегені,  
Оның жоқ елден қорлық көрмегені.  
Бар жазасы сорлының — жалғыз қызын  
Үйсіннің бір байына бермегені.

1410 Үйсінде Сейіп деген бар еді бай,  
Әрі би ел бастаған дәулеті сай.  
Сейіптің жалғыз ұлы Марқат мырза,  
Бануды аламын деп келді сұрай.

Құдалық сөз салады Жаманқұлға,  
Жаманқұл теңемейді қызын ұлға.  
Аларлық қалың малын айтып қойсын,  
Қанша алса да шыдаймын берер пұлға.

Мына сөз Жаманқұлға ауыр болып,  
Жиналып ақылдасты ауыл болып.  
1420 «Мұнан артық бересің енді кімге?»  
Беруге ұйғарысты қауым болып.

Әлі айтқан жоқ Жаманқұл «көнемін» деп,  
«Ойланып, ақылдасып көремін деп.  
Бану өзі ұнатса, не қылайын,  
Ұнамаса, айтпаймын беремін» деп.

Жауап берді Жаманқұл құр көңіл қос,  
Бұл сөзін ұнатпады ағайын-дос.  
Әке берсе, қызда ерік бола ма екен,  
Мазақ болар, құр сөзді айтасыз бос.

1430 «Мұнан артық бересің енді кімге,  
Бермесең, тұра алмайсың бізбен бірге.  
Бүгін, міне, аяғың жетіп отыр,  
Басың жетіп көрмеген мұндай жерге».

Шал қалды сонда дағы ырық бермей,  
Өкпелетіп ағайыны кетті көрмей.

Майдалап Бануге де айтса дағы,  
Жүре берді сөздерін құлаққа ілмей.

- 1440 Құдалыққа сөйлесе келген адам,  
Есерсоқ, әділетсіз, бәрі надан.  
«Тым болмаса жөн жауап айтпады» деп,  
Сейіпке шағыстырды онан жаман.

Сейіп бай үйде отырып ашуланды,  
Елінің ақсақалын жиып алды.  
«Бір адым жер малына бастырмасын,  
Өтпесін» деп жайлауға кісі салды.

Ешкімнен көрген емен мұндай қорлық,  
Менімен жерін айтсын тұрысарлық.  
Жаудыр, — деп, — бар пәлені Жаманқұлға»,  
Еліне жиып алып қылды жарлық.

- 1450 Жаманқұлға ешкім жоқ көмек болған,  
Бала жоқ не шығады жалғыз шалдан.  
Білмеймін онан кейін не болғанын,  
Көше алмай сол себепті кейін қалған.

Асан естіп болған соң қатын сөзін,  
Не екенін біле алмай тұрды өзін.  
Дүние қозғалғандай шыр айланды,  
Улы жас басып кетіп екі көзін.

- 1460 Сұрланып қызыл жүзі, есі ауып,  
Өксиді демін тартып ауық-ауық.  
Мақсұтын іздеп жүрген қатын білді,  
Кеткенін естігенде есін танып.

Есіркеп қатын дағы тұрды налып,  
Өлімнен де көңілге келді қауіп.  
Қолымен бетін сипап, есін жиыды,  
Бұршақтап ыстық жасы көзін жауып.

Көзінен қатынның да жасы ағып,  
Шыдасын нәзік көңіл әйел нағып.

Асанды ақыл сөзбен жұбатады:  
— Іздеп барсаң, қайтарсың жарыңды алып.

1470 Алыс жол ер жігітке өзі сауық,  
Іздей берсең, аларсың бір күн тауып.  
Әрі шөл, әрі алыс, өзің жалғыз,  
Жүрмегейсің, қарағым, қапы болып.

Жүрерсің аз дегенде бір-екі ай,  
Шөлі көп екі арада құм бірталай.  
Ел өтеді жайлауға қар суымен,  
Жүрмейді ұшқан құс та мұнан былай.

Қылар ем дәм татқызып үйге қонақ,  
Болса да дәулетім жоқ, қолым шолақ.  
1480 Аяймын біреу қастық қыла ма деп,  
Болған соң еліміздің жайы сол-ақ.

Кете алмай тұрып қалдым сені қимай,  
Жүрегі елжіреді жасын тыймай.  
Тым кешігіп қалдым деп асығыстап,  
Қош! — деді де жөнелді ұзақ тұрмай.

Асан дел-сал сол жерде қала берді,  
Әйелден біраз ғана хабар білді.  
Дамылдамай түн қатып күні-түні,  
Баяғы түйе жайған шалға келді.

1490 Бұрыннан мұның жайы шалға аян,  
Таныды да Асанға келді таяң.  
Естіген, көрген-білген өңгімесін  
Асықпай атасына қылды баян.

Болған соң Асан айтып сөзін тамам,  
— Ұзаққа кеткен екен ісің, балам.  
Толғауменен көрия ақыл айтты,  
Асан жақын отырды шалға таман.

Сонда көрия толғайды,  
Толғамасқа болмайды.  
1500 Өз сөзінен басқа сөз

- Көпті көрген көрінің  
Көкейіне қонбайды.  
— Мен көрімін, көрімін,  
Тілімді алған жастарға  
Ақыл берер көрімін.  
Өзінде сана бар болса,  
Жасаған Ие жар болса,  
Айтқан жермен жүре алса,  
Ар қылмай бойға тіл алса,  
1510 Ақылға дауа дәрімін.  
Жақсылы-жаман аралап,  
Елді көрген көрімін.  
Жүйрік мініп саралап,  
Жерді көрген көрімін.  
Қаршыға ұстап жағалап,  
Көлді көрген көрімін.  
Желмая мініп желдіріп,  
Шөлді көрген көрімін.  
Суыққа жүрсе қажымас,  
1520 Нарды көрген көрімін.  
Сен секілді жылаған  
Жарды көрген көрімін.  
Жас қартайып, мінеки,  
Бүгінгі елдің қорымын.
- Сен бұл кеткеннен кетерсің,  
Күдірден талай өтерсің.  
Құс ұшса күйер қанаты,  
Ат жүрсе күйер тұяғы,  
Бір үлкен шөлге жетерсің.  
1530 Ебелек қаңбақ болмаса,  
Үзіп жер атқа шөбі жоқ,  
Ұрттам ішер суы жоқ,  
Онан қайтып өтерсің.  
Тұлпар жүйрік шапқанға,  
Ұзақ шөлге шыдамас,  
Тұнықтан жүріп қанбаса.  
Аштыққа жылқы шыдамас,  
Бетегелі көк майса,  
Шалғын аунап тоймаса,  
1540 Қайтіп оны күтерсің,

- Жылқы жүрер жер емес,  
 Анау тұрған бел емес,  
 Ұзақ шөлден өте алмай,  
 Мақсұтыңа жете алмай,  
 Жылауменен өтерсің.  
 Тілімді алсаң, шырағым,  
 Ақылымды айтайын.  
 Ыстыққа жүрсе шөлдемес,  
 Қатты жүрсең қажымас,  
 1550 Ақырын жүрсең арымас,  
 Күндіз жатсаң ұзамас,  
 Түнде жатсаң қозғалмас,  
 Тамағы бар шөкімдей,  
 Аз болса да қанағат,  
 Тілімді алсаң, қарағым,  
 Тұлпарды сат та, желмая ал,  
 Мақұл көрсең сөзімді.  
 Білгенімді айтайын,  
 Айтқан тілді алмасаң,  
 1560 Сені зорлап қайтейін.
- Асанға қиын тиді шалдың сөзі,  
 Жылаудан босамайды екі көзі.  
 Жасынан жанға өлшеген жалғыз аты,  
 Іс болды оңай емес мұның өзі.
- Жарын ойлап көңіліне қайғы сыймай,  
 Атын және тұрады іші қимай.  
 Білмейді дел-сал болып не қыларын,  
 Көзінің ағызады жасын тыймай.
- 1570 Иланды шал сөзіне Асан сонда,  
 Қанаты әрі серік алыс жолда.  
 Ат түгіл жар үшін жанын қимақ,  
 Тоқтады соны ойлап әрең зорға.
- Кәрінің көпті көрген тілін алды,  
 Көп берсе де алмайды басқа малды.  
 «Тұлпарды желмаяға сатамын» деп,  
 Отырған бір тайпа елге хабар салды.



- 1580 Тұлпардың жүйріктігі елге мәлім,  
Шалдан басқа білмейді мұның мәнін.  
Деген соң жалғыз түйе тұлпарбасы,  
Әкелді бәрі де айдап түйе малын.
- Жарын көрмей көңілі тына алмайды,  
Түйенің Асан жайын біле алмайды.  
Не жақсы атан, інген әкелсе де,  
Шал жаратып ешбірін құп алмайды.
- Бар екен бір кедейде жалғыз інген,  
Өзі қысыр ботасы туып өлген.  
Жүруші ед сауын сауып, сусын қылып,  
Бар көлігі сол еді жаздай мінген.
- 1590 Ойлады: «Мен де мініп барайын, — деп,  
Шалға салып көрсетіп қарайын, — деп.  
Алмаса нем кетеді барғаным,  
Ұнай қалса тұлпарын алайын», — деп.
- Құбалау тығыз жүнді бозша інген,  
Өзі жас, тым-ақ жүрдек лепілдеген.  
Жылан бас, сұңғақ мойын, сида аяқ,  
Арасы өркешінің қашық келген.
- 1600 Иесі де емес сырын білген,  
Шал тесіле қарады көрген жерден.  
Аяқ-басы дөңгелек шаршы ғана,  
Жүрісі тым-ақ тиыш майда желген.
- Бір-бірлеп түйелерін шал сынады,  
Асан қарап қасында тек тұрады.  
Не әдемі байлардың түйесінен,  
Жалғыз інген жарлының шалға ұнады.
- Бере алмайды Асан дағы атын қиып,  
Ұнамаған түйесін берді жиып.  
Түйелері жарамай қалған байлар  
Қайтты үйіне көре алмай іші күйіп.

1610 Асан түр таңырқанып шал ісіне,  
Ой түседі неше алуан бала ішіне.  
Асанға шал айтады: — Ал, шырағым,  
Мынау інген жарайды жүрісіңе.

О дағы ырза болсын түйесіне,  
Тұлпарды ноқталап бер иесіне.  
Желмая деп қазақтың айтатыны —  
Түйенің жүрістісі, білесің бе?

1620 Мінгенің желмаяға емес ұят,  
Мініп көрші жүрісін біраз сынап.  
Шыққыр көзім шықпаса мынау түйе  
Боларлық мал жүріске аттан зият.

Азырақ байқады да мініп көріп,  
Жүрдек майда желісін жүріп көріп.  
Қоштасты тұлпарына амандасып,  
Ноқталап иесіне беріп тұрып.

1630 Көзінен сүйіп құшақтап,  
Асан тұрып толғайды.  
Толғанып тұрып жырлайды,  
Өткендегі басынан  
Мұңын айтып жырлайды.  
Жасынан серік жалғыз ат,  
Толғанып іші қимайды.  
— Ей, қара атым, қара атым,  
Алысқа жүрсем — қанатым,  
Күндіз мінсем — сән атым,  
Түнде жүрсем — қайратым.  
Жалғыз жүрсем — серігім,  
Көппен жүрсем — көрігім.  
Қызығын көрген көп жылдар,  
Еңбегі сіңген, төл атым,  
1640 Бағамды төмен көрді деп,  
Бір түйеге берді деп,  
Ренжи көрме, төл атым!  
Берейін деп бергем жоқ,  
Сенен жақсы көргем жоқ,  
Жан қиярлық жар үшін,

- Беріп тұрмын, амал жоқ,  
Ренжи көрме, төл атым!  
Алысты жақын қылғызған,  
Құлан, киік қуғызған,  
1650 Қашқан құсқа ілесіп,  
Қалаған жерге жеткізген,  
Не қиыннан өткізген,  
Жанға өлшеген, төл атым.
- Сонда кәрі сөйледі,  
Сөйлегенде не дейді.  
— Ей, Асаным, жылама,  
Көздің жасын бұлама,  
Ал дағы мына түйесін,  
Ренжітпей иесін,  
1660 Тұлпарды оған бер, — дейді.  
Алыс жүрсең, шаршатпас,  
Жорғадай майда жүрісі бар,  
Жүк артсаң, нардай күші бар,  
Қарның ашып, шөлдесең,  
Сусын болар сүті бар,  
Желмаяға мін, — дейді.  
Айта бермей зарыңды,  
Іздеймін десең жарыңды,  
Кешікпей енді жүр, — дейді.  
1670 Сен бұл жүргеннен жүрерсің,  
Талай бейнет көрерсің.  
Жайқалған шалғын жағасы  
Өзенді де көрерсің.  
Қиялаған асусыз,  
Кезенді де көрерсің.  
Ыстыққа да күйерсің,  
Суыққа да тоңарсың.  
Жар үшін жанды қинасаң,  
Бөріне де шыдарсың.  
1680 Аман-есен өте алсаң,  
Адаспай тауып жете алсаң,  
Қызылқұм деген шөл болар,  
Ұрттап ішер суы жоқ,  
Жұлып жер малға шөбі жоқ,  
Бір шөлге кез боларсың.

- Онан арман кете алсаң,  
Сарысу деген өзен бар.  
Сол өзенді жағалап,  
Отырған қалың ел тапсаң,  
1690 Сұрай-сұрай жөн тапсаң,  
Қаратауға барарсың.  
Сол тұстан іздеп қарарсың,  
Маңдайда бағың бар болса,  
Сонан тауып аларсың.  
Жүрмекке Асан ойланды,  
Кәрі толғап болған соң,  
Толғағаны кәрінің  
Көкейіне қонған соң,  
Қош айтысып, көрісіп,  
1700 Ырзалық бата берісіп,  
Жүре берді жолына.  
Амандасып болған соң,  
Қаруын алып қолына,  
Желмаясын желдіктеп,  
Үстіне мініп алған соң,  
Сол жүргеннен көп жүрді,  
Жар үшін қайғы жеп жүрді.  
«Ажал жетіп өлмесем,  
Өзімен өзі серттесіп,  
1710 Не қылсам жетем» деп жүрді.  
Кеткенін біліп елінен,  
Ұзаған соң жерінен,  
Артына қарап жануар,  
Бозінген зарлап боздайды.  
Сыбызғыдай зырлаған,  
Зарлы дауыс боздаған  
Асанның мұңын қозғайды.  
Сүйегі балқып елжіреп,  
Қосылып бұ да жырлайды.  
1720 — Ей, бозінген, бозінген,  
Сен айрылып жерінен,  
Артыңа қарап боздайсың.  
Мен айрылып елімнен,  
Адасып және жарымнан,  
Әуре сарсаң жүргенде,  
Мұңлы, шерлі үніңмен

- Дертiмдi менiң қозғайсың,  
Сүйегiмдi балқытып,  
Зарлы үнмен боздама.
- 1730 Көңiлiмдi жасытып,  
Дертiмдi iштен қозғама.  
Жерiңнен кеткен сен зарлы,  
Айрылған жардан мен зарлы,  
Екi зарлы қосылып,  
Жол табалық азғана.
- Соны айтып, Асан зарлап жүре бердi,  
Күн-түнi желмаямен желе бердi.  
Ой мен қыр, тау мен тастың бәрiн кезiп,  
Онан да өтiп құм дала шөлге келдi.
- 1740 Құм төбе аралады құрғақ белдi,  
Не де болса тоқтамай жүредi ендi.  
Азық бiтiп, қарны ашып, әрi шөлдеп,  
Көз бұлдырап көрмейдi алыс жердi.
- Сонда тұрып азырақ ойға түстi,  
Бойына жиып алып қайрат күштi.  
Желмаяға ебелек терiп берiп,  
Ұрттам сүт түйесiнен сауып iштi.
- 1750 Ұшқанын бiлдi көзi қарайған соң,  
Қысылып дымы бiтiп тарайған соң.  
Ақылын жиып алып толғанады,  
Бiр құлақтай сүт iшiп нәр алған соң.
- Сонда Асан толғанды,  
Өмiр жайын ойланды.  
— Шаршап жолға жүрмеген,  
Тиыштық қадiрiн бiле ме?!  
Тоңқатып түн көрмеген,  
Ұйқы қадiрiн бiле ме?!  
Аштық зарын тартпаған,  
Ас қадiрiн бiле ме?!
- 1760 Шөл азабын тартпаған,  
Шарбат жайын бiле ме?!  
Ұзаққа тартып жол жүрiп,

- Еңбек қылып мол жүріп,  
 Шаршап келіп ұйықтасаң,  
 Онан рахат түн бар ма?!  
 Қарның ашып зарығып,  
 Жей алмай тамақ тарығып,  
 Мезгілін тауып ас жесең,  
 Онан тәтті дәм бар ма?!  
 1770 Ыстықта кезіп шөлдесең,  
 Шөлдеп шөлге кез келсең,  
 Бір жұтым су болса да,  
 Онан дәмді нәр бар ма?!  
 Жол азабын көп тартып,  
 Уайым-қайғы жеп тартып,  
 Сүйікті жарға көріссе,  
 Қызықты онан жар бар ма?!
- Айрылғалы көп болды анау шалдан,  
 Жерлерін ұмытпайды сұрап алған.  
 1780 Сағымданып көзіне бұлдырайды,  
 Алыста бір биік тау мұнарланған.
- Ойланды: «Анау тауға барайын, — деп,  
 Басынан қарауылдап қарайын», — деп.  
 Зырлатып желмаясын боздатады,  
 «Ерте барып ел тауып алайын», — деп.
- Туралап тауға келді тоқтамастан,  
 Бұл жолда не қиындық кешті бастан.  
 «Өткен күнде белгі жоқ» дегендейін,  
 Бейнетке жазған бір ұл бала жастан.  
 1790 Аяңдап шықты Асан тау басына,  
 Жұмыс қой тілеп алған сау басына.  
 Алыстан мұнартқан көрді түтін,  
 Жолаушы ел көрген соң бармасын ба.
- Ел екен толып жатқан қалың қопыр,  
 Ауылдың айналасы жиын топыр.  
 Аттылар түйеліге көз салмайды,  
 Жағалап Асан жалғыз келе жатыр.

- Мал емес арық түйе көзге татыр,  
Үстінде кірлі киім ескі қоқыр.
- 1800 Бір адам көзіне іліп сөйлеспейді,  
Қой жайған өгіз мініп бір қойшы отыр.
- Жағалап қойшыменен жақындасып,  
Аз ғана сөзге келді жөн сұрасып.  
Ерігіп күні бойы тұрған қойшы,  
Жалпылдап тұра қалды амандасып.
- Өзі жүдеу, астында арық інген,  
Сұрасын елдің жайын енді кімнен.  
Өгіз бенен түйені мал демейді,  
Олай-бұлай шауып жүр атқа мінген.
- 1810 Қойшыға сездірмейді Асан жайын,  
Тамызып қойшы отыр сөздің майын.  
— Бұл қай ел, жиылған топ немене?  
Ұқтырып маған айтшы, ағатайым.
- Бұл топты сұрасаңыз, мен айтайын,  
Құмар болсаң баяндап таратайын.  
Мәнісін бұрын өзің естімеп пе ең,  
Сейіп би мен Жаманқұл байдың жайын?
- Қойшыға Асан қарап тұра қалды,  
Айтқан сайын телмеңдеп құлақ салды.
- 1820 Естігенде Жаманқұл деген сөзді,  
Қорықты ма, қуанды ма, естен танды.
- Қойшы кетті әңгіме сөзін бастап,  
Қалдырмай естігенін бірін тастап.  
Естігенше асығып сөз аяғын,  
Жағына қолын төсеп отыр жастап.
- Мынау жиын кісі емес әншейін жәй,  
Айта берсем әңгіме бар бірталай.  
Анау тұрған Жаманқұл байдың ауылы,  
Ұл бала жоқ кісі еді дәулеті сай.

- 1830 Бар еді сол кісінің жалғыз қызы,  
Нұрлы еді жұрттан асқан оның жүзі.  
Ақыл-ойға еркектен артық еді,  
Елге жаққан сүйкімді қыз мінезі.
- Анау тау қыстайтұғын байдың жері,  
Ар жағы шымыр, сиқым, үйсін елі.  
Сейіп деген бір бай бар сол үйсінде,  
Такаппар тым-ақ қатал кеткен кері.
- Үйсін мен Жаманқұлдың жері шектес,  
Сыртынан анау таудың бұлар өтпес.
- 1840 «Балама жалғыз қызын бермеді» деп,  
Өшігіп Жаманқұлға болды кектес.
- Гүлбану баласына қойды тимей,  
Отқа жақын тұра ма қолы күймей.  
Малмен сатып ала ма махаббатты?  
Не қылсын тұрғаннан соң көңілі сүймей.
- Жинады Сейіп елдің би мен байын,  
Қолы жеткен өзі би бөрі дайын.  
Елінің маңайдағы бөрін жау қып,  
Сорлының тишын алды күн-күн сайын.
- 1850 Бір жағынан малына салып ұрлық,  
Қол күшпенен және де қылып зорлық.  
Жалғыз шал көмегі жоқ есі шықты,  
Дегендей өтпес пышақ бойға қорлық.
- Жалғыз боп ағайыннан қалғаннан соң,  
Тал түсте малын талап алғаннан соң,  
Бейшара Гүлбануды бермек болды,  
Шама жоқ, жалғыз өзі талғаннан соң.
- Жүз-жүздеп қалың малын айдап барды,  
Құда тамыр елінен жиып алды.
- 1860 «Қызын бермек болды, — деп, — қорыққанынан»,  
«Той қылам» деп еліне хабар салды.



Іс болды есер байға мақтанғандай,  
Адам бар ма мақтаннан сақтанғандай.  
Дүние-мал қанша әкеп төксе дағы,  
Жаманқұл зар жылайды көңілі жанбай.

Лажысыз бермек болды, тойын қылды,  
Күйеу кеп, ел жиылды, ойын қылды.  
Сыр бермей еш адамға жүруші еді,  
Істің мұндай болғанын Бану білді.

1870 Күні бойы қозғалмай үйде жатып,  
Сөйлеспейді ешкімге жауап қатып.  
«Бануды кешіктірмей аламын» деп,  
Үйсіндер сауық сап жүр дуылдатып.

Той қылмақ елдің бәрін таңырқатып,  
Алмақшы махаббаты малмен сатып.  
Сүймегенін Банудың бір сезбеген,  
Бұқадай күл тарпыған бұрқыратып.

Той болды Қынаменде неше күнге,  
Күдер үзді Гүлбану елден мүлде.  
1880 Қайда кетіп қалғанын жан білмейді,  
Көрінбей кетті жоқ боп жалғыз түнде.

Өлгені, тірі екені мәлім емес,  
Сырына оның ешкім қанық емес.  
Кетіпті «тимеймін, — деп, — бір наданға,  
Жүрек сүйген ол менің жарым емес».

Мынау топ қызды іздеп жүрген дулап,  
Әкетсе біреу алып жаулап қумақ.  
Адамға да кеткенін сездірмеген,  
Мыналар жүр сандалып босқа шулап.

1890 Асанға батып кетті қойшы сөзі,  
Қып-қызыл жасқа толды екі көзі.  
Есалаң адамша жалтақтайды,  
Не болғанын біле алмай өзін-өзі.

Кей уақта есінен танғызады,  
 Көзінен қанды жасын ағызады.  
 Қойшы да шошып қалып сасқанынан,  
 Аузына сусын әкеп тамызады.

1900 Сол жерден бас көтермей жатып алды,  
 Ел қайтарды ауылына кешкі малды.  
 «Кейбіреудің пәлесіне қаламын» деп,  
 Ешкімге айтпай қойшы да кетіп қалды.

Қозғалмай талып жатты ұзақ түнде,  
 Өлі-тірі екенін білмей мүлде.  
 Таң сәулесі кіргенде, есін жиып,  
 Шыққан күнмен көтерді басын бірге.

Тағат қып тұра алмайды биттей тоқтап,  
 Желмая жүр айналып қасында оттап.  
 Кетерін қай тарапқа біле алмайды,  
 Сол жерде зарланады жарын жоқтап:

1910 — Он жасыма жете алмай,  
 Әкемнен жетім қалып ем.  
 Он бесіме келгенде,  
 Шешемнің айтқан сөзімен  
 Тапсырған әкем аманат  
 Тұлпарын тауып алып ем.  
 Жиырмаға келгенше,  
 Астыма жүйрік мініп ем.  
 Қолыма қыран құс ұстап,  
 Не қызықты көріп ем.

1920 Жиырмаға келген соң,  
 Ел-жерді танып білген соң,  
 Өзіме теңлес жар іздеп,  
 Қайып шалға барып ем.  
 Жиырмадан асқанда,  
 Көңілді қайғы басқанда,  
 Киік қуып кездесіп,  
 Уағда байлап, сөз қосып,  
 Ата-анамнан кете алмай,  
 Айтысқан күнге жете алмай,

1930 Адасып сенен қалып ем!

Артыңнан іздеп барам деп,  
Іздесем қайдан табам деп,  
Тұлпарды беріп астымнан,  
Желмая сатып алып ем.

Дамыл алмай күн-түні,  
Рахаттан безіп ем.  
Қиындық бастан кешіріп,  
Дүниені шарлап кезіп ем.  
1940 Бір-ақ рет кездесіп,  
Жүзіңді ғана көріп ем.  
Қайта айналып келмекке,  
Уағдамды беріп ем.  
Мұндай іске кез болдым,  
Сағынып, жарым, келіп ем!

Қарағым, мәлім емес қайда кеттің?  
Көп тартып бейнетіңді зорға жеттім.  
Көзіме сағынғанда бір көрініп,  
Тым болмаса сонан соң кетсең еттің.

Сен өлсең, мен де артыңнан өлер едім,  
1950 Жолыңа жалғыз жанды берер едім.  
Жүзіңді бір көруге көзім жетсе,  
Болса да не қиындық көнер едім.

Қимаймын өлді деуге аузым барып,  
Тән бойым өртенгендей қайғы шалып.  
Көзіммен өлгеніңді көрмеген соң,  
Ойлайды тірі ме деп көңіл ғаріп.

Жар үшін күндіз-түні тынбай зарлап,  
Далада жалғыз өзі жүрді сарнап.  
Асан да сырын айтпай бірге іздесіп,  
1960 Аралап талай жерді жүрді шарлап.

Елдер көп жерлерді кезсе керек,  
Ұйқыдан күндіз-түні безсе керек.  
Білетін жердің жайын айта жүріп,  
Сырын да табиғаттың сезсе керек.

Ішкі сыр, сыртқы мұңы елден бөлек,  
Мұңлы, қайғы өмірмен кетсе керек.  
Қараңғы хан мен бидің заманында  
Сондай зарлы талай жан өтсе керек.

1970 Жер аралап, шөл кезіп, Арқа барған,  
Болмапты бармаған жер ойына алған.  
Асанқайғы деген сөз халық аузында,  
Рәсім боп кейінгіге сонан қалған.

Заманның ертеде бір өткен ері,  
Орта Азия, Сарыарқа жүрген жері.  
Шешен тіл шебер сөзге өрнек салған  
Қазақтың аты шыққан кемеңгері.

1980 Дулаған араласып жүрді көппен,  
Елеусіз түйе мініп, киген шекпен.  
Үлкендерден жер жайын сұрастырып,  
Ел арасын білдіртпей байқайды еппен.

Үйсіндер елге әйгілеп хабар салып,  
Күдікті деген жердің бәрін шалып.  
Таба алмай жалыққан соң қайтып кетті,  
Қалыңға берген малын жиып алып.

Қалай кетіп қалғанын жан білмеді,  
Шығын болды, шаршады, ат терледі.  
Бос далақтап шабудың жөні де жоқ,  
Сонан кейін торығып іздемеді.

1990 Іздегенмен табылар емес жөне,  
Білмегендер «көрдім» деп айта ала ма.  
Күдер үзді де, өзгеден ұмыт болды,  
Жалғыз-ақ ұмытпайтын Асан ғана.

Жүреді көрінгеннен Асан сұрап,  
Байыздап еш араға қылмай тұрақ.  
Сейіптен құтылғанға қуанса да,  
Кемпір-шал баласы үшін жатыр жылап.

- Келгенде қозысына қой маңырап,  
Тыныстаса дымы құрып біразырақ.  
Қозы барып енесін аймаласа,  
2000 Кемпір көріп, кетеді қайта аңырап.
- Сиыр келіп ауылға мәңіресе,  
Бұзауын жалап тұрып еміренсе,  
Тағат қылып еш адам тұра алмайды,  
Шал төгіп тарам жасын еңіресе.
- Кісінеп жас құлын-тай шұрқыраса,  
Енесі айналсоқтап қырындаса,  
Сүйегі еріп, жүрегі елжіреді,  
Болғаннан соң баласы көзден таса.
- Тұрғанда ертеңді-кеш түйе боздап,  
2010 От салар іштеріне дертін қозғап.  
Сорлының жылауменен әлі бітті,  
Бейшара өлмесе де, өле жаздап.
- Кемпір-шал жылауменен жата берді,  
Қайғысы күн-түн сайын арта берді.  
Күз болып, салқын түсіп, қар жауған соң,  
Жайлаудағы ел күзекке қайта келді.
- Орнығып мекеніне қонды қайта,  
Жаманқұл кетті жүдеп қайғы тарта.  
Алдына келді ағайын жиналысып,  
2020 Өкпелі болса дағы көңіл айта.
- Боп қалған айырылғалы жылға таяп,  
Жаманқұл жалғыз елден қалған саяқ.  
Жалғызынан айырылып, жаны күйіп,  
Жан ашыған адам жоқ байғұсты аяп.
- Әрі ыза, әрі қайғы бойын жеңді,  
Кемшілік пен қорлықтың бәрін көрді.  
Біреу пайда, біреу мал, біреу асқа  
Аяғансып ағайын бәрі келді.

2030 Жаманқұл жатып алды төсегіне,  
Ел-жұрты алмаған соң есебіне.  
Келем деп сорлы шалдың ауылына,  
Ілініп кетпегейсің кеселіне.

Өкпесін бәйбіше отыр еліне айтып,  
Шыдасын көрінген соң айтпай қайтып.  
Кеткен соң жау қолына жалғыз тастап,  
Торыққан біржолата көңілі тайқып.

Ұялып сөйлей алмай жанның бәрі,  
Отырған жиылысып жас пен кәрі.  
Әйел ғой не дегенмен көңілі жұмсақ,  
2040 Толғанып сонда еліне айтқан зары.

### *Айымбике кемпірдің толғауы*

— Қоңырат деген ел едің  
Екі атаның баласы.  
Көк пенен көктенші  
Алыс емес арасы.  
Мал менен басқа өскен соң,  
Асып еді шарасы.  
Байлар — шаншар, Құлшығаш  
Рудың басы — ағасы.  
Тоқболат, Бошман, Жаманбай  
2050 Қаратау толған саласы.  
Қара көсе, жетім, сансыздың  
Оразгелді, Көбішпен  
Тобына сыймас даласы.  
Сендер де талай ел едің,  
Үйсінге болдың қарашы.  
Бастарыңды қорғаштап,  
Дұшпанға қылдың табашы.  
Жат қолында жалғыз қап,  
Сөгілгендей жағасы.  
2060 Шығарып есін даң қылды  
Сейіптің жапқан жаласы.  
Ызамен ішін қан қылды  
Үйсіннің салған пәлесі.  
Көмек болар ешкім жоқ,

- Кеткен соң шалдың шамасы.  
 Қаңқиып тұрған Қаратау  
 Болады кімге панасы?  
 Жер алмақ болды еріксіз,  
 Өшкен соң елдің қарасы.
- 2070 Болмайтұғын болған соң,  
 Сонан басқа дауасы.  
 Аламын деп той қылды  
 Сейіптің жынды баласы.  
 Жаудай байлап алған соң,  
 Кімнің болар таласы.  
 Бануым жүрді сыр бермей,  
 Сүймесе де ықыласы.  
 Көрінбей кетті бір түнде,  
 Батқан соң жанға ызасы.
- 2080 Жас та болса кеудеде  
 Артық еді санасы.  
 Мынау шалға серік ед  
 Ақылының данасы.  
 Сорлыға жатыр дерт болып,  
 Жазылмастай жарасы.  
 Кеудемді керген қайғымен  
 Кемпірдің кетті бағасы.  
 Жоғалған соң Гүлбану,  
 Қайғымен өліп кетпегей,
- 2090 Мынау жатқан сорлы шал.  
 Ісің қапыда өтпегей,  
 Сөзіме, жұртым, құлақ сал.  
 Сорлы деп бізді аясаң,  
 Қу кемпірді еске ал.  
 Керек болса, мінеки,  
 Иесіз жатыр мына мал.  
 Бануымды сағынып,  
 Кетті күшім, есім дал.  
 Бануымды іздесек,
- 2100 Жылқыда бар жібек жал.  
 Қаншасын ұстап мінсеңдер,  
 Нелер жүйрік тұлпар бар.  
 Керек қылсаң ұстауға,  
 Дүние бізден табылар.  
 Бар малымды берейін,

- Күн болса болар бір хабар.  
 Жігерлі жігіт бар болса,  
 Осыған айла жол табар.  
 Өліп қалса, денесін  
 2110 Тауып бер, жұртым, көрейін.  
 Тірілмесін білген соң,  
 Құшақтап жатып өлейін.  
 Алаң қылмай көңілімді,  
 Келмесіне сенейін.  
 Басыма түскен қайғыға  
 Үлажсыз шыдап, көнейін.  
 Тірі болып табылса,  
 Бар малымды берейін.  
 Қуанар күнім бар болса,  
 2120 Өкпеледім демейін.  
 Ақсарбас айтып бабама,  
 Зорланып мен де тілейін.  
 Қабыл болса тілегім,  
 Қуанайын, күлейін.  
 Мұнан басқа сендерге,  
 Жұртым-ау, енді не дейін?!.
- Еліне мұңын айтып зарланады,  
 Кемпір-шал енді кімге алданады.  
 Үза көрген, қайғымен жүрек күйік,  
 2130 Айтпауға оған несін арланады.
- Кемпір-шал зарын айтып жылап отыр,  
 Мұңлы адамдар көз жасын бұлап отыр.  
 Көзінен жас шықпаған қатты жандар  
 Қалайша жаны күймей шыдап отыр.
- Кемпір-шал көп жылаудан талығады,  
 Еліне «іздендер» деп жалынады.  
 Үлкендер жиналысып ақылдасты,  
 Іздегенмен қай жөннен табылады.
- Даладан таба алмаспыз жоқты қарап,  
 2140 Мал емес сұрау салар жұртты аралап.  
 Ізделік жиналысып ақыл қосып,  
 Кетпесін әшкере боп жұртқа тарап.



Хабар айтып қоңыраттың баласына,  
Рудың басы есепті ағасына.  
«Құпия ақылдасып сөз қосалық,  
Дұшпанның қалмағаймыз табасына».

Жақында жиналмаққа атқа мінді,  
Белгілеп дүйсенбі деп сәтті күнді.  
Көрмесе де баласы табылғандай,  
2150 Азырақ шал-кемпірдің көңілі тынды.

Рудың жиналысты ағалары,  
Сол күндегі бастаушы даналары.  
Әрбіреуі әртүрлі жору айтты,  
Білімнің келгенінше шамалары.

Біреу айтты: — Изделген бұдан бұрын,  
Арқаның арылтып ед талай жерін.  
Қаратаудан Сарысу, Сырға шейін,  
Кезгенде еш таппаған оның сырын.

Біреу айтты: — Өлмесе жүрген шығар,  
2160 Қорлық көріп ызамен күйген шығар.  
Ақыл-айла, білімге зерек еді,  
Жөнін тауып бір жерде тұрған шығар.

Біреу айтты: — Ызамен өлген шығар,  
Ажалдың құрығына көнген шығар.  
Жоқ па екен сыр айтатын бір адамы,  
Бір сезім сондай біреу білген шығар.

Ұйлығып бір-біріне жұрт қарасып,  
Кәрі-жас, әйел-еркек араласып.  
Қарайды шал мен кемпір ел аузына,  
2170 Ақылдан бұрын қалған мүлде адасып.

Бір жігіт түрегелді көпке қарап,  
Аузына қарай қалды жұрт анталап.  
— Сөзімнің қата болса, айып етпе,  
Берейін көргенімді сізге санап.

Сіздерге мәлім емес менің жайым,  
Аузыма бір ауыз сөз келді дайын.  
Банудың біраз сырын білуші едім,  
Қабыл көрсең мәнісін мен айтайын.

2180 «Айт-айт» деп отырған көп мақұлдасты,  
Ентелеп бәрі соған жақындасты.  
Жігіт ед сөйлер сөзге тілі шебер,  
Бір-бірлеп әңгіменің бетін ашты.

Жайлауға елдің көшіп барған кезі,  
Шырайлы көрінді елге жігіт жүзі.  
Үйіне шақырды да Бану мені,  
Сондағы мынау еді айтқан сөзі:

2190 «Ағатай, сізге азырақ мұң айтамын,  
Онымды қалжың емес, шын айтамын.  
Жүректе шешілмеген бір сырым бар,  
Ойлай берсем, дертімді ұлғайтамын.

Кемпір-шал, әкем менің дәулетке бай,  
Жалғыз-ақ ұл бала жоқ оған орай.  
Ұлдан кем әке-шешем көрмесе де,  
Талай байлар жіберді мені сұрай.

Өсірді еркелетіп бір басымды,  
Өткіздім қызық көріп жас жасымды.  
Бір қиял ой жеңді, есімді алды,  
Білген соң бір орында тұрмасымды.

2200 Демеймін мал мен сәнді қызықтаймын,  
Керек болса, өзімде бәрі дайын.  
Келісті, қанша сәнді болса дағы,  
Сырын көрмей сыртына қызықпаймын.

Махаббат жүрегіме бір сыр салды,  
Оныменен қоймады, бойымды алды.  
Сыртынан даңқын естіп бір жігіттің,  
Көруге ынтам соған құмарланды.

Сыртынан естісем де, жері алыс,  
Болмаса айтқан сөзім сізге шалыс.

- 2210 Ағатайлап, құшақтап көп жалынды,  
Бір хабар алып берсең, болса таныс.
- Бар дейді бір саятшы Асан деген,  
Естігенім болмаса көрген емен.  
Бір көруге құмармын сол жігітті,  
Білсеңіз, хабар әкеп берсең екен.  
Туралап мұнда кел деп шақырмаймын,  
Сыр-сипатын байқамай бас ұрмаймын.  
Мал, дәулет, сән-салтанат керек емес,  
Кедейсің деп бойымды қашырмаймын.  
Көңілім сүйсе, қайтпаймын уағдамнан,  
2220 Онымды тағы сізден жасырмаймын.
- Көңіліңе болса сөзім ұнағандай,  
Іс емес адам дәті шыдағандай.  
Неше жылдай үйреткен киігім бар,  
Жүректі ер, жүйрік тұлпар сынағандай.
- Өлкеде осы отырған бірталай ел,  
Талапты толып жатыр жас жігіттер.  
Жүрегім лайықтап сізді тапты,  
Алдынан сол киікті қашырып бер».
- 2230 Соны айтып назар салып көп жалынды,  
Жолыңа беремін деп бір малымды.  
Бармауға жал сөз айтып байқап едім,  
Кейіс қылып ренжіп, шын налыды.
- Асанды бұрын бірер көріп едім,  
Біраз күн аң қуысып жүріп едім.  
Қия алмай Гүлбанудың айтқан сөзін,  
Құғызып сол киікті келіп едім.
- 2240 Кісіге сыр айтпасқа бекіп едім,  
Өз айтқан уәдеме жетіп едім.  
Асанмен білмеймін де не болғанын,  
Онан соң жолыға алмай кетіп едім.
- Мен, міне, көпке айттым білгенімді,  
Біраз күн арасында жүргенімді.

Асан алып кетпегей деп ойлаймын,  
Сіздерге айтып тұрмын көргенімді.

Тигенде жігіт сөзі құлағына,  
Жасын сұртті кеңкілдеп жылады да.  
Басын алды көтеріп төсегінен,  
Тегінде мына бір сыр ұнады ма.

2250 Шал айтты: — Айтқан сөзің сенің рас,  
Жайлауда келіп еді бір жігіт жас.  
Жатып ед бірнеше күн қонақ болып,  
Берген соң қонақасы ата-мұрас.

Тұлпар сынды сүйекті, қара атты,  
Аңшылық аспабы да салтанатты.  
Гүлбану қатты күтіп, сыйлап еді,  
Осы үйге қонақ болып он күн жатты.

2260 Тоқталды осыменен шалдың сөзі,  
Ендігі кемпірде тұр жұрттың көзі.  
Өз білгенін айтайын деді дағы,  
Кемпір де өз көргенін айтты өзі:

— Байқаушы ем Гүлбанумен сөйлескенін,  
Білмеймін бірақ онда не дескенін.  
Жігіт ед сұңқар сүйек, бекзат мінез,  
Көргем жоқ үйде жатып бел шешкенін.

Еліне амандасып қайтып кеткен,  
Онан кейін бірталай мезгіл өткен.  
Сонан бері ол жігіт келген емес,  
Күз болып, ел күзекке көшіп кеткен.

2270 Гүлбану кеткен күнін санаушы еді,  
Өзінің жақынына балаушы еді.  
Ел көшетін мезгілге таянғанда,  
Сол жаққа дамыл алмай қараушы еді.

Көз көрмей, денем сезбей мен не дейін,  
Тірі болса кетті деп қам жемейін.  
Анау-мынау нәрсені сылтау қылып,  
Бір жұма көшіріп ед елден кейін...

Тоқталды осы сөзбен жұрт аңырып,  
Оныменен тұрған жоқ, жоқ табылып.  
Асанның да тұрағын жан білмейді,  
2280 Қайда барсын қаңғырып бос сабылып.

Жиналған үйдің арты бала-шаға,  
Қыз-қатын бәрі де жүр тамашаға.  
Бір қатын жасы кіші бір қайнысын  
Көп ішінен шақырды оңашаға.

Отыр деп үй ішінде қайнағалар,  
Ұялмаса келінге өсек тағар.  
— Осы биыл жайлауда көріп едім,  
Айтайын көргенімнен мен де хабар.

Ел барып жайлауына қонған кезде,  
2290 Шығып ем тезек тере жапан түзге.  
Далада бір жігітке кездесіп ем,  
Порымы біздің елден көрінді өзге.

Азырақ амандасып келдім сөзге,  
Сыпайы жігіт еді көрер көзге.  
Аз ғана жөн-жосығын сұрасқан соң,  
«Сөзім бар айтатұғын, — деді, — сізге».

— Жан едім кезіп жүрген құла түзде,  
Әңгіме толып жатыр айтсақ бізде.  
Ел жөнін білмеген соң жөн сұраймын,  
2300 Ауылын Жаманқұлдың білесіз бе?

Сөзінің ыңғасынан жайын білдім,  
Әңгіменің басындағы барын білдім.  
Қимадым жас жүрегін жандыруға,  
Білгенімді жасырмай айтып бердім.

Сөзімді бастан-аяқ ұғып алды,  
Бір ауыр сұрғылт қайғы бетін шалды.  
Өзім шошып, өкіндім айтқаным,  
Өңі ағарып делбе ауруы сияқтанды.

2310 Менің сөзім өкпесіне оқтай тиді,  
Сұрланды, бір қызарды, жанып-күйді.  
Аяқ-қолы керіліп, жүзі тершіп,  
Өксігін тартып, азар есін жиды.

Басын сүйеп жұбатқы сөзімді айтып,  
Тұрмадым одан кейін көп ұзарып.  
Кешігіп қалған екем, кеш боп қапты,  
Арқалап тезегімді кеттім қайтып.

2320 Онан кейін білгем жоқ еш хабарын,  
Аударған сияқты еді тым назарын.  
Қосылмаса тірлігі екіталай,  
Соншалық салған екен ынтызарын.

Көргенін мынау әйел көпке салды,  
Бір емес, тағы дәлел болып қалды.  
Онан басқа ешбір жан көрген емес,  
Ел ұйлығып дел-сал боп таңға қалды.

Әр адам білгенінен сөз сөйлемек,  
Біреуі олай, біреуі былай демек.  
Ең тапқаны бәрінің осы болды,  
Асанды өз елінен болды іздемек.

2330 Іздесе ел соңынан жеткен шығар,  
Білдірмей бір айласын еткен шығар.  
Байласқан ғашық болып сөзі болса,  
Бануды алып жеріне кеткен шығар.

Асанды өз еліне іздеп барсын,  
Мекенін Сыр бойынан тауып алсын.  
Жер жөнін білетұғын және таныс,  
Бәріне мына Қален басшы болсын.

2340 Қален айтты: — Ерінбей мен барамын,  
Күндіз-түні жүрсем де жол табамын.  
Бірақ менің сіздерге айтатыным,  
Қауіп көп қорқынышты екі араның.

Алыс жол жаугершілік жүре алмайды,  
Аз адам көпке қайрат қыла алмайды.

Сырға шейін барлығы Үйсін елі,  
Кімнің қас, кімнің досын біле алмайды.

Айтамын мен де ойымды сол себепті,  
Сейіп отыр ішіне сақтап кекті.  
Аз дегенде бірер жүз кісі керек,  
Қыс ішінде жөн демеймін іздемекті.

2350 Мынау сөз де көрінді көпке мақұл,  
Іздемекке далбаса бір бос тақыл.  
Әр нәрсенің жобасын білгендейсің,  
Басқа жөнмен іздейтін бар ма ақыл.

Бастаған кісі емеспін бұрын көшті,  
Ағалар, маған салма ауыр істі.  
Ақылым менің көптен артық емес,  
Өйтсе де бір әңгіме ойға түсті.

2360 Біз Құлшығаш қоңырат руынан,  
Дос та емес ек үйсінге бұрынғыдан.  
Аяғында залалы шалға тиді,  
Шеткері ел ішінен тұруынан.

Үйсіннің асып кетті өктем ісі,  
Кек алуға жетпейді шалдың күші.  
Дейтұғын Күлік, Түмен бәйбішенің  
Бірге туған бар еді екі інісі.

О дағы қоңыраттың бір табынан,  
Жасқанып қорыққан емес жау жағынан.  
Абыройлы, айдынды, өзі батыр,  
Қылышын суырғанда қынабынан.

2370 Жайлаған Шудың бойын қара көсе,  
Дұшпаннан кегін алған әлденеше.  
Жанын аяп мұндайдан тұрған емес,  
Намыскер жібермейтін жатқа есе.  
Желекті найза қолда, садақ белде,  
Жайнайтын оттай көзі жауын көрсе.

Менің айтқан сөзімді жөн көрсеңдер,  
Алды-артын ақыл-оймен теңгерсеңдер.  
Жанкүйер ең жақыны мына шалдың:  
Күлік батыр, Түменге жіберсеңдер.

2380 Қабылдап Қален сөзін көп тұрады,  
Кемпір-шал қуанғаннан қатты ұнады.  
Бір жігітті мінгізіп мықты атқа,  
Күлікті тез келсін деп шақырады.

Дейтұғын пысық жігіт Қайыпберген,  
Жері таныс өзіне талай көрген.  
Бұрында Жаманқұлдың қолқанаты,  
Шаруасына әлденеше барып келген.

2390 Асығып күндіз-түні дамыл алмай,  
Бір мезгіл белін шешіп ұйықтай алмай.  
Ат көшінен он күнде зорға жетті,  
Ер екен, қайратпенен жүріп талмай.

Білген соң сұрастырып ауыл жөнін,  
Күлік те білетұғын мұның тегін.  
Ел жайынан әңгіме айтып отыр,  
Келтіретін жігіт ед сөздің ебін.

Әуелі кемпір-шалдың амаңдығын,  
Шаруа малы баяғыдай тамамдығын.  
Е дегеннен шошытып айтпайын деп,  
Іркіп отыр елден көрген жамандығын.

2400 Бір хабар алмасаңыз мұнан бұрын,  
Болмайды жасыруға сөздің сырын.  
Өткен жылдың жазында елімізде  
Айтайын бір уақиға болғандығын.

Бануды сұрап Сейіп барғандығын,  
Құдалыққа жаушыны салғандығын.  
Бермекке Құлшығаш боп ұйғарса да,  
Жаманқұл ырық бермей қалғандығын.



«Қыз бермесе жеріменен өтпесін» деп,  
Жылқысын Жаманқұлдың алғандығын.  
Елі өкпелеп айырылып кеткеннен соң,  
2410 Жалғыз шал шыдай алмай талғандығын.

Бануды қорыққан соң бергендігін,  
Үйсіннен сондай қорлық көргендігін.  
Жас шағы емес, көмек жоқ қарсы тұрар,  
Еріксіз бейшараның көнгендігін.

Мал айдап қалыңмал деп топ-тобымен,  
Бануды аламыз деп келгендігін.  
Болжаған істің артын біреуі жоқ,  
Көрсетіп жүр мақтанға сенгендігін.

Гүлбану өз жұмысын бітірген соң,  
2420 Жер соғып аяғында сенделген соң,  
Келгенде осы араға бөгелектеп,  
Міңгірлеп, төмен қарап бүгежектеп.

Батырға тура айтуға бата алмады,  
Ашу кернеп кете ме деп көңілі кек деп.  
Батыр отыр аудармай көзін тіктеп,  
Үй-іші тыңдап отыр болып етпек.

Іздеп келген жұмысы сол болған соң,  
Жасырсын ба, майдалап айтады ептеп.  
Күйеу келді ілуге той мал айдап ұрын,  
2430 Ескі қазақ салтында ол бір ырым.

Махаббаты күйеуді сүймеген соң,  
Жоқ болды ешкімге айтпай Бану сырын.  
Бүйтеді деп ойламаған оны бұрын,  
Болмады айтпауыма сөздің шынын.

Жас болса да ақылға артық еді,  
Данышпан, ойы зерек ұрғашының.  
Адам жоқ Гүлбанудың сырын сезген,  
Өмірден махаббатсыз мүлде безген.

2440 Өлді ме, не болмаса тірі жүр ме,  
Ешкім жоқ ол арасын көрген көзбен.  
Малын алып айырылды Сейіп бізден,  
Сабылып іздеп жүрді жапан түзден.

Кетудің жолын тапқан ақылменен,  
Табылсын ба, талығып күдер үзген.  
Елік белі, есерге ар бола ма,  
Су мүйіз бұқадай-ақ тамды сүзген.

Ал енді ел жайлаудан келгеннен соң,  
Жоқтығын Гүлбанудың көргеннен соң,  
Алдына шал-кемпірдің келді бәрі,  
2450 Қия ма туысы бірге болғаннан соң.

Жаманқұл еліне айтты өкпе, зарын:  
— Бір шалды отқа тастап кеттің бәрің.  
Дүниенің енді маған керегі жоқ,  
Алыңдар бөліп-бөліп, міне, малың.

Айырылып жалғызымнан кетті сәнім,  
Сағынып Бануымды күйді жаным.  
Айтатын, елім, саған мұңым мынау,  
Тауып бер тым болмаса өлсе тәнін.

2460 Ел жиылды «Бануды іздейік» деп,  
«Өлді — деп босқа күдер үзбейік деп.  
Бір ауыз сырын білер жан бар ма екен,  
Далаға құр қаңғып кезбейік» деп.

Бір жігіт Қален деген үйге кіріп,  
Бір ауыз сырын айтты көпке келіп:  
— Асан деген жігітке ғашық еді,  
Жүруші еді ынтасын соған беріп.

Мұндай сөз сезілмеген бұған шейін,  
Шал ойына кемпірмен келді бейім.  
Бір әйел көргендігін тағы да айтты,  
2470 Қаленнің көргенінен бір жыл кейін.

Онан кейін еш адам көрген емес,  
Гүлбанудың жанға сырын берген емес.  
Ел жатыр енді Асанды іздемек боп,  
Тигеннен соң осы сөз құлаққа елес.

Бұл хабар көптен болған жұртқа таныс,  
Байқасақ Асан жері тым-ақ алыс!  
Қыс боп қалды, екі ара қорқынышты,  
Сол жері шаруаға келді шалыс.

2480 Сырға шейін тағы да жалпақ үйсін,  
Сақтандық қыла ма деп жанжал шабыс.  
Жау таяғы өтейін дегеннен соң,  
Қоңыраттар жіберді қылып намыс.  
Жұмысым осы менің сізге келген,  
Кісі едің қоңыратта сіз бір арыс.

Талдап айтып бітірдік қонақ сөзін,  
Түменнің білуші еді ол мінезін.  
Кеткенде ашу кернеп тұла бойын,  
Қан басып кетуші еді екі көзін.

2490 Азырақ сөз басылып болды жым-жырт,  
Бір тыншу үй ішіне түсті күңгірт.  
Шаншылып екі мұрты, қас түнеріп,  
Шырайын ішке салып, тартты сұрғылт.

Садақ пенен найзаға қойды қарап,  
Саусағын шытырлатып кезек тарап.  
Өлгендей ұрыспай-ақ жүрексіздер,  
Сол бейнемен ақырса көзін қадап.

2500 Жараған қарт бурадай тісін қайрап,  
От болып арыстандай көзі жайнап.  
Жауы кеп көз алдында тұрмаған соң,  
Ерлікпен өз ашуын алды койлап.

Қаранып жан-жағына, бір тамсанып,  
Сыртқы ызғарын ішіне тартып алып.  
Шын батыр артық сөз сөйлемейді,  
Үндемей төсегіне жатты барып.

Көтермей қайта басын бір жатқан соң,  
Ақыл жеңіп ашуды таратқан соң,  
Кісіні не туралы жібергенін,  
Күлікке барып айтты таң атқан соң.

2510 Күлік, Түмен Банудың нағашысы,  
Үйсіннің батпаған жоқ оған да ісі.  
Барармыз айға шейін тірі болсақ,  
Деген соң қайтып кетті келген кісі.

...Он бес кісі жолдас қып Түмен батыр,  
Далаға салтанатты тікті шатыр.  
Асынған қару-жарақ бір топ кісі,  
Ауылына Жаманқұлдың келе жатыр.

2520 Ешкімнен именбейді, өзі мықты,  
Дұшпанын қарсыласқан жерге тықты.  
Түмен батыр екенін білгеннен соң,  
Алдынан кәрі апасы жылап шықты.

Бауыры апасымен құшақтасып,  
Қарап тұр жиылғандар анталасып.  
Әйелдің әдеті ғой бұрынғыдан,  
Бар мұңын айтатұғын жырға қосып.

Талайдан бауырларын көрмегенін,  
Олардың да біреуі келмегенін.  
Өлі-тірі екенін кемпір-шалдың,  
Жақын тұтып хабарын білмегенін.

2530 Барлық мұңын айтады онан кейін,  
Басынан Түмен келген күнге шейін.  
«Хал-жайы сорлы апаңның осы болды,  
Қарағым, енді саған мен не дейін».

Қайғыменен көңілі қалған жасып,  
Өксігенін тоқтатты азар басып.  
Түмен батыр келген соң елдің бәрі,  
Қошаметпен кеп жатыр амандасып.

Құрметпен сауық салып салтанатты,  
Үйінде жездесінің бір ай жатты.

- Сөз мәнісін білетін шешендері  
2540 Баяндап бастан-аяқ батырға айтты.
- Беруге батыр жауап асықпайды,  
Көңілін шал-кемпірдің жасытпайды.  
«Табам, — деп, — жер үстінде тірі жүрсе»,  
Үмітпенен жұбатып, шошытпайды.
- Шыдамды, аузы берік, сабырлы ма,  
Елден асқан қайраткер, қажырлы ма.  
Тіс жарып еш адамға сөйлемейді,  
Гүлбану әлде бұрын табылды ма?!
- Издеуге ат терлетіп ерінді ме,  
2550 Бір жерден бір белгісі көрінді ме.  
Кемпірді «табамын» деп қуантады,  
Өз бойына, өз күші сенімді ме?
- Ешкімге батыр ашып сыр бермейді,  
Ойлағаны не екенін жан білмейді.  
Еліне Түмен батыр қайтам десе,  
Зар тұтып кемпір жылап жібермейді.
- Астына арық құба түйе мінген,  
Жыртық жең, кірлі жаға киім киген.  
Бақсы ма, дуана ма, қайыршы ма,  
2560 Не болмаса қонақ па кешке келген?
- Сыртында ескі шекпен түйе жүні,  
Кісі деп елеген жоқ түйеліні.  
Түйесін байлап қойып қарап тұрды,  
Айтпайды «үйге кір» деп ешкім мұны.
- Жиылған байдың аулы бір көп кісі,  
Жағалай толған қонақ үйдің іші,  
Қонақ жоқта келсеші «қаңғырған» деп,  
Білінді бәйбішенің реніші.
- Бір қарап байдың дағы түсті көзі,  
2570 Жас жігіт жүдеу тартқан оның өзі.

Сүйек-саяқ, сорпа-су берерсің деп,  
Есіркеп байдың айтқан сол-ақ сөзі.

Тоқтады бай сөзіне қабақ шытып,  
Жатырмыз бірталайдан қонақ күтіп.  
Бұрын көрген кісі емес танымайды,  
Кетпесе шал мен кемпір мүлдем ұмытып.

2580 Қонған жоқ бұл ауылға мұнан бұрын,  
Ойлайды диуана деп сыртқы түрін.  
Қайыршы ма, қайғылы сәркардан ба,  
Әйтеуір ұға алмайды ешкім сырын.

Жиырмалап үй ішінде қонақ жатыр,  
Құрметтісі ішінде Түмен батыр.  
Бөрінің де өз саны лайықты,  
Түйеліде киім жоқ іске татыр.

Ақылы үйлеспейді басқа жанға,  
Ашылып сөйлеспейді еш адамға.  
Түйіні шешілмеген ауыр жұмбақ,  
Бір сыр бар-ау тегінде байқағанға.

2590 Шам жаққан соң қонақтар сауық салды,  
Біреуі қолдарына домбыра алды.  
Екеу-екеу қосылысып бозбалалар,  
Түрлентіп сорғалатты бұлбұл әнді.

Шырқаған әсерлі үн көкке шықты,  
Аспан жарып, шың кезіп орағытты.  
Кейде ащы, кейде қоңыр, кейде нәзік,  
Құбылтып неше алуан құйқылжытты.

2600 Мың толғаулы бұлбұлдың әуезіндей  
Баяулатып аяғын тамылжытты.  
Құлақ керіп, ой кеңіп, бой шымырлап,  
Еріксіз естігенде жанды ертті.

Үйсіз, отсыз болмаса іш қараңғы,  
Жанды адамның көңілі бір селт етті.  
Күлмейді, сөйлемейді, орнын таппай,  
Күткендей келешектен бір үмітті.

Өзінен басқа адам шеше алмайды,  
Ойы не, үміті не, нені күтті.  
Кейбіреу қоңыр салқын күйге шертіп,  
Қозғады жүрек қанын ойды еліртіп.

2610 Жалын сөніп қалмаса қан суалып,  
Оятқандай ұйқыдан жан тербетіп.  
Тоғыз перне, екі ішек, он саусақтан  
Шыққан үн бойды алғандай елжіретіп.

Толқынын тамылжытып сорғалатса,  
Алар ед тас болса да бойын ерітіп.  
Оларға жалғыз қонақ елікпейді,  
Секілді түпсіз ойды тұрған күтіп.

2620 Өнге салды, күй тартты білгендері,  
Тыңдасты ермек үшін үлкендері.  
Қонаққа шеткі отырған домбырасын  
Ұсынды басылған соң күлгендері.

— Өн салу, күйге шерту білемісің?  
Білмесең, тамақ үшін жүремісің?  
Қонақ кәде дейтұғын әдетіміз,  
Айта алмасаң осыған көнемісің?

— Менде жоқ, ей, ағалар, ондай өнер,  
Жөн сөзге үлкен түгіл бала көнер.  
Ойын-күлкі басымнан ерте қашқан, —  
Дегенде, мазақ қылды үйдегілер.

2630 Түменнің біреу тұрып жолдасынан,  
«Қартайған адамбысың жас басыңнан?»  
Түйелінің сырына жете алмады,  
Тегінде ойы бөлек басқасынан.

Түк білмеймін дегенің жарамас-ты,  
«Айт-айт» деп жан-жағынан қамаласты.  
Сөзге келсе ешкімнен жеңілмейді,  
Қалжыңдасып, қағысып, шамаласты.

Кісі жоқ мұның жайын аңғарғандай,  
Сөзіне естігендер таң қалғандай.

— Түк білмесең, қотыр торғай ертегін айт,  
2640 Не болмаса білгенің бар ма сондай?

— Онша әуес емес едім ертегімен,  
Қинадың білмегенге мені неген?  
Бір-ақ ертек болушы еді бар білгенім,  
Ұмытпасам айтайын, тыңдаңыз, мен.

Сөзімді жібермеске сонша ұзатып,  
Шегініп басқа сөзге кеттім қайтіп.  
Ертекші — өзіміздің саятшы Асан,  
Байқарсыз ертегіні де берсем айтып.

Кірісіп әңгімеге кетті сөйлеп,  
2650 Бұрыннан жүрмесе де сауық күйлеп.  
Түсінікті сөзбенен, әсерлі үнмен,  
Еріксіз тыңдаушыны алды билеп.

— ...Есепсіз өткен бұрын бір көп заман,  
Өтіпті сол заманмен бірталай жан.  
Мергендік, аңшылыққа аты шыққан  
Болыпты Асхат деген саятшы адам.

Басынан болған екен баладан кем,  
Мергендікте болмапты бір адам тең.  
Елу жасқа келгенде бір баланы  
2660 Кейінгі әйелінен көрген екен.

Бала зары кетпеуші еді бұрын ойдан,  
Көрсең соң қуанышқа көңілі тойған.  
Шамасынша той қылып, елді жиып,  
Баланың «Саяхат» деп атын қойған.

Мен оны кісі емеспін көрген көзбен,  
Естіп ем ертек болып қалған сөзден.  
Саяхат мағынасында араб тілі,  
Айтады жолаушыны жаһан кезген.

Келгенде алпыс жасқа әкесі өлген,  
2670 Кезі еді Саяхаттың оңға келген.  
Аты өзге әңгіменің заты өзге емес,  
Айтады кемшілікті өзі көрген.



- Әбу Садық шалды айтты одан кейін,  
Қайыптың қызын алған кезге шейін.  
Тілінен бал тамғандай сорғалатып,  
Тыңдаушыны өзіне тартты бейім.
- Кезікті жерге келсе қайғы шалған,  
Мұңды сөзбен тарқайды іштегі арман.  
Екі шалдан бітіріп әңгімені,  
2680 Сөйледі өмір жолын басқа салған.
- Басқа сөзден бұл сөздің жөні бөлек,  
Байқамай ма тыңдаған болса зерек.  
Онан кейін не көрді, қайда жүрді,  
Сіздерге қысқашалап айтсам керек.
- Жар үшін қайғы тартып жанып-күйіп,  
Кез болды айдалада жалғыз киік.  
Аңқұмарлық әдетпен қуып кетті,  
Оның арты байғұсқа болды күйік.
- Атын атап адамға сездірмейді,  
2690 Талдырып тыңдаушыға бездірмейді.  
Аты басқа болғанмен әңгіменің  
Ішкі сөз, сырт бейнесі өзгермейді.
- Әңгіме мына жерден басталғанда,  
Адасып ол киіктен бос қалғанда,  
Көрінген бір ауылға кезі келіп,  
Құрметтеп бір сұлу қыз қарсы алғанда.
- Ол қыздың баяндайды күткен жайын,  
Ағылтып ағызады тілдің майын.  
Еңсесі кемпір-шалдың есі кетті,  
2700 Түйелі әңгімесін айтқан сайын.
- Сөйлейді талдап-талдап ентелетіп,  
Болар ма қызыл тілге мұндай жетік.  
Тартқандай аппараты құдежніктің,  
Келтірді көз алдына елестетіп.
- Тартынсын ба айтар жер кез келгенде,  
Қызыл тіл, өткір алмас безелгенде.

Болады әрі сусын, әрі дауа,  
Еріні махаббаттың кезергенде.

2710 Қызбенен қайтып кетті уәде етіп,  
Жігіт болса келмей ме сертке жетіп.  
Көрген түстей бір бұлдыр ойын керіп,  
Кемпір-шал жылап жатыр есі кетіп.

Бұл әңгіме кейінге қайта оралды,  
Не болғанын біле алмай кемпір-шалды.  
Екі қайғы қат-қабат бойын жеңіп,  
Кәрілер көтере алмай өліп қалды.

Мезгіл өтті, күз болды, қыс тақалды,  
Сорлыға өмір жүгін ауыр салды.  
Үш мола, ел мен жерге амандасып,  
2720 Қаңғырып көшкен жұртқа қайта барды.

Көрген жоқ бетін бұрын, таба алмады,  
Қайғылы ой, мұңлы көңіл алаңдады.  
Зарын айтып, жалынып сұрағанмен,  
Бір жауап табиғаттан ала алмады.  
Өзен-көл, тау мен дала, орман-жартас,  
Бетін түзеп бір жолға сала алмады.  
Сипатын, мінез-сырын айтса дағы,  
Дүлей күз, меңіреу түнек қозғалмады.  
Торығып ой жұмбағын шештіре алмай,  
2730 Жүре берді, жолынан қала алмады.

Бұлдырап көзге күңгірт өткен заман,  
Қайғысы ауырланды онан жаман.  
Сейіл ме, сергердең бе жан білмейді,  
Елсізде жүрді қаңғып жалғыз адам.

Бетімен келе жатып, бос сенделіп,  
Жолықты түйе жайған шал кез келіп.  
Шалдың берген ақылын, жақсылығын,  
Айтқанда кетті әңгіме бір өзгеріп.

2740 Онан кейін әйелге кез болғанын,  
Кешікпей сондай хабар тез болғанын.

Саяхат жөн таба алмай жүрген кезде,  
Қыз басында көп әңгіме сөз болғанын.

Сол қыздың сонан кейін жоғалғанын,  
Білген жоқ таппағанын, табылғанын.  
Өлі болса, бір жерде қалған шығар,  
Тірі болса, білмеймін кім алғанын.

2750 Жұқсы болса сөзімді жұрт бағалар,  
Жаман болса сынаушы мін таба алар.  
Бар білгенім болған соң айтып бердім,  
Ертегім осыменен бітті, ағалар...

Құмар боп ертегісін жұрт тыңдайды,  
Байыпты жігіт екен сөзге ыңғайлы.  
Біреуі «атың кім?» деп сұрап еді,  
Жасырам ба, айтайын, атым — Қайғы.

Ұқпағандар мазақтап күліп жатты,  
Байқағанды сөзіне таңырқатты.  
«Қайғы үстінде туған соң, әкем өліп,  
Қайғы» деп шешем мені қоя сапты.

2760 Басында бір қайыршы қонақ көрді,  
Қызыл тіл ішкі нәрден хабар берді.  
Қатарына қонақтың отырғызып,  
Оны да көппен бірге құрметтеді.

Түйелі қала тұрсын өз жайына,  
Көшейік басқа сөздің ыңғайына.  
Не шығады аузынан, не айтады,  
Ел Түменнің қарайды райына.

2770 Қайтпаққа айналған соң ел жағына,  
Ұл едің туған қалап жұрт бағына.  
«Қайтесің біз сорлыны», — деді кемпір,  
Көзінің жасын төгіп жылады да.

Ақыл айтып апа менен жездесіне,  
Қош айтысып ауылының өзгесіне.  
Түмен батыр аузынан уәде берді,  
Жаз шыққан соң ел жиып іздесуге.

Керікпен кер заман келген шақта,  
Мастанған біреу малға, біреу баққа.  
Ол ару өлі ме екен, тірі ме екен,  
Кеткенін енді айталық қай тарапқа.

2780 Әйел де толып жатыр талай дана,  
Тар жерде табылғандай іске шара.  
Өзінен күш кеткенін білгеннен соң,  
Бір ақыл ерте ойлапты Бану бала.

Шақырып бір жігітті алып келіп,  
Тамақ, киім көп нәрсе ақы беріп.  
«Көрінбей еш адамға, сырыңды айтпай,  
Барып келсең қайтеді ерлік қылып».

— Нағашым қара көсе — Күлік, Түмен,  
Сұраймын көп жалынып аға сенен.  
Бір ауыз жауап сонан алып келсең,  
2790 Астыңда мінген атты тағы берем.

Сәлем айт Күлік, Түмен нағашыға,  
Мен қалдым дос-дұшпанның табасына.  
Ішінде алтын шелтік тоты құс ем,  
Тауықтың жетпей қалдым бағасына.

Көз жасымды ескеріп бірің келмей,  
Тірідей мына отқа саласың ба?  
Арқа сүйеу тірегім, ер нағашым,  
Құтқарып мені тордан аласың ба?  
2800 Зорлыққа басты байлап, лайық десең,  
Сейіптің қолыңнан бер баласына.

Көрінбей, сырын айтпай жүріп кетті,  
Күндіз жатып, жүрісті түнделетті.  
Жайлауда жақынырақ болады екен,  
Бес түн қатып ауылына келіп жетті.

— Ауылы осы, — деді Түмен батыр,  
Көгалда тігулі тұр бір ақ шатыр.  
«Рұқсат болса, қонамын» дегеннен соң,  
Біреуі бастап шатырға келе жатыр.

- Күн ерте, мезгіл емес қонақ қонар,  
2810 Сөйтсе де ретім бар қонақ болар.  
Оңашалап өзіне айтатұғын  
Батырға бір құпия жұмысым бар.
- Батырға айтқан сөзін айтып келді,  
Барған жігіт жүгіріп қайтып келді.  
Асығып жұмысың не дегеннен соң,  
Сәлемін Гүлбанудың айтып берді.
- Түмен естіп бұл істі ашуланды,  
Күлікті де шақырып қасына алды.  
«Қол жиямын, шабамын Сейіпті» деп,  
2820 Елінің адамына хабар салды.
- Ел үрпиді, кенеттен жау келді ме,  
Немесе Ерсін бұзылып, ер өлді ме.  
Бәрі келді жиылып шақырған соң,  
Бір нәрсе асатынан кез келді ме.
- Хабарға мына жігіт бұрын келген,  
Кісі жоқ бұрынырақ хабар берген.  
«Шабамын Сейіп бидің ауылын барып,  
Қалмасын еркек кіндік атқа мінген».
- Мақтанған адам шығар біткен малға,  
2830 Аулақта қожандаған жалғыз шалға.  
«Кісісіне жолықпай жүрген шығар,  
Бар жылқысын алармын жалғыз таңда».
- Қайтпаған жаннан беті аңғал батыр,  
Дайындап қару-сайман жиып жатыр.  
Күліктің онан гөрі тоқтамы бар,  
Күтетін кісі еді істен ақыр.
- Күлік айтты: — Жиылып біз барамыз,  
Барған соң тек қайтпаспыз, жылқы алармыз.  
О дағы қарап жатпас біз алған соң,  
2840 Екі елдің арасына от саламыз.
- Ер еңбегі, ат тері бізге қалып,  
Арада өуреленіп сандалармыз.

Шыбын өлер екі нардың арасында,  
Обалына Жаманқұлдың бос қалармыз.

Ұнасақ бір ақыл тұр маған келіп,  
Құтқарам десең оны шамаң келіп,  
Сездірмей еш адамға күн-түн қатып,  
Қоялық Гүлбануды мұнда әкеліп.

2850 Іздесе Сейіп өзі келіп тапсын,  
Тілесе жылқыны алсын, мейлі шапсын.  
Сонан соң байқасалық үйсінменен,  
Қолынан не келсе де қылып бақсын.

Барармыз найза-шоқпар, атты баптап,  
Ода шығар алдыңмен қару саптап.  
Барар жер жоқ, отырса көмегі жоқ,  
Кетпей ме Жаманқұлды дұшпан таптап.

2860 Жиылып еліменен ақылдасты,  
Күліктің айтқан сөзін мақұлдасты.  
Елу кісі елден көп еместігін,  
Бара сала шабыспақ ұнамасты.

— Осыған Күлік батыр өзі жүрсін,  
Осылай істеу керек, жанса-күйсін.  
Бір себепсіз оған да соқтықпайық,  
Шыдаса Сейіп келіп өзі тисін.

2870 Бір жорға жетегінде келе жатыр,  
Жеделдетіп, жақындап ел шетіне.  
Сайына бір биіктің тоқтады ақыр,  
Тынығып осы арада біз жатамыз,  
Ат оттатып, сергітіп, сұлатамыз.  
Жігіт болсаң хабар бер кеш болған соң,  
Жұмыс бітсе, осы түнде түн қатамыз.

Көрінбей өз жайына жүріп кетті,  
Ондай сұйық жүріске өзі де епті.  
Жігіт болсаң, әнеки, осындай бол,  
Түн болған соң Бануды алып кетті.

Бануды бауырына Күлік қысты,  
Күлікте қайратынан айла күшті.  
Несіне сөзді енді ұзартайық,  
Әйтеуір ақылменен бітірді істі.

2880 «Жесірім» деп Үйсін іздеп көп сандалды,  
Ата-анасы қайғысын жеп зарланды.  
Зорлықпен мал орнына кеткенінен,  
Өлгенін оңай көрді сұлу арлы.

Мұнысын еш адам да сезбей қалды,  
«Жар жолына берем, — деп, — жалғыз жанды».  
Махаббаттан бір үміт, сөуле күтіп,  
Бекініп бір берікте жатып алды.

2890 Бұл әңгіме артқы жағын қайта шалған,  
Банудан қуанышты хабар алған.  
Оқушының көңілінде қалған шығар,  
Түмен келіп, еліне қайта барған.

Болады қазақ халқы ертекқұмар,  
Бос сөз жоқ жайылып жұртқа шығар.  
Естігенін, білгенін ертек қылып,  
Біреуінен біреуі ауызша ұғар.

Сүреңсіз түйе мінген бір жас адам,  
Ауылына Жаманқұлдың қонақ болған.  
Басында сықақ қылып айт десе де,  
Сөзі дәмді болған соң құлақ салған.

2900 Ішінде бірер жігіт талабы бар,  
Бас-аяғын түгендеп ұғып алған.  
Қайғының ертегін айт дейтін болып,  
Естуге құмартып ел таң қалған.  
Естілмеген жаңа сөз қандай қызық,  
Жайылды бір әңгіме жұрт таңданған.

Түменнің қасындағы бір жолдасы,  
Ауып еді ертекке бар ынтасы.  
Бөрінен сол жақсырақ ұғып еді,  
Шын кетіп естігенде ықыласы.

- 2910 Үйіне біраздан соң қайтып келді,  
Білгенін, естігенін айтып келді.  
Әңгіменің кезегі келген жерде,  
Қайғының ертегі деп айтып берді.
- Таралды бірден бірге, көп ауызға,  
Қайғының ертегі деп түсті аңызға.  
Бай үйінде қонаққа келген біреу,  
Айтқан соң естілмей ме Бану қызға.
- Банудың өзге елден ойы бөлек,  
Ақылға жас күнінен сондай зерек.
- 2920 Бір-бірлеп өткен күндер елестеді,  
Бір сырды әңгімеден сезсе керек.
- Толғанып тоқсан түрлі ойға кетті,  
Ой толқыны қозғады ішкі дертті.  
Бірде қауіп, бірде үміт, бірде тілек,  
Тұныққан ой құлағын елеңдетті.
- Көрмесе де емес ед көңілі ұмытқан,  
Үміт оты жүрегін жоқ суытқан.  
Қорқыныш па, әйтеуір, қуаныш па,  
Қозғалды жүректегі бір ыстық қан.
- 2930 Айтқан кім деп ертекті ізерлейді,  
«Әңгіме екен, — деді де, — жаңа шыққан»,  
Қонақ келсе соны айт деп жалынды.  
Қайғының ертегінен бар ма ұққан,  
Соңына сол ертектің түсіп алды,  
Бір асыл қазынасындай жерге тыққан.
- Күндіз жүрсе, көп ойды ойланады,  
Түнде жатса, мың түрлі толғанады.  
Сырты сау болғанменен, іші дертті,  
Бір суынып, бір қызып, бір жанады.
- 2940 Кім екен сол ертекті айтқан кісі,  
Көрер ме еді қандай екен оның түсі.  
Кей уақытта қуанышты үмітпенен,  
«Асанның өзі ме?» деп ойлайды іші.



Күн сайын жүдей берді, қайғы жеңіп,  
Қуаты да азайды, нұры кеміп.  
Күндіз-түні төсекте жата берді,  
Ішпейді тамақты да мейірленіп.

2950 Сыртқы адам біле алмайды оның сырын,  
Бір өжім шалды жүзін, алды нұрын.  
Нағашы жеңгесі де қолындағы  
Сезуші еді сөзінен күні бұрын.

Нағашысы байқады жүдегенін,  
Күн сайын ауруының үдегенін.  
«Ауру ма, ата-анасын сағынды ма,  
Табамын не болса да тілегенін».

Түмен батыр айтқан соң бөйбішеге,  
— Қарағым, жүдеп кеттің мұнша неге?  
Ауру болсаң дәрігерге қаратайық,  
Болмаса мұқтажбысың бірдеңеге?

2960 Көңілге алған нәрсеңді тартынбай айт,  
Тілегінді бермейді екем деме.  
Бір сен үшін нағашың жанын қияр,  
Олар тірі тұрғанда, еш қам жеме.  
Сездірген бұрын сырын жеңгесіне,  
Ниетін ерте түскен кеудесіне.  
Неше рет түйдірген ойдағысын,  
Сыр ашып айтпаса да өзгесіне.

— Сырым жоқ бұрын менің ашылмаған,  
Жайым ғой қалай жүрген айтқам саған.  
2970 Қайғының ертегісін естіген соң,  
Қосылды қайғы үстіне қайғы жаман.

Тайсалтуға болады тап келген соң,  
Махаббат басым екен ұялғаннан.  
Асанды тірі күнде бір көрмесем,  
Күтпеймін басқа үміт бұл жалғаннан.

Өзі айтты ма, өзгеден үйренді ме,  
Естісем ауызба-ауыз сол адамнан.

Мен секілді зарлы ма, иә мен бе?  
Ұқсайды осы ертектің сыры маған...

2980 Банудың осы болды жауап сөзі,  
Мөлдіреп жасқа толды екі көзі.  
Бір қызарып, қуарып, сұрғылт тартып,  
Неше алуан құбылды нұрлы жүзі.

Бәйбіше айтты батырға бастан-аяқ,  
Бірін де қалдырмады некен-саяқ.  
Өлімнен де қаупі бар дегеннен соң,  
Елжіреп ер жүрегі кетті аяп.

Тиген соң құлағына мына бір сөз,  
Күлікті өз қасына алдырды тез.  
2990 Не қылсаң да Қайғыны тауып әкел,  
Жер үстінде бар болса болар бір кез.

Қасына сегіз жігіт жолдас қосып,  
Жабдығын дайындады жиып ілез.  
Ағынды, аңғал батыр тоқтасын ба,  
Ақкөңіл, саудыраған бала мінез.

Күліктің ер Түменнен ақылы артық,  
Жіберді бір жұмысты мойнына артып.  
«Қолға түссе кешікпей жетермін» деп,  
Жөнелді сауық салып, шеру тартып,  
3000 Қарумен сайлап алған баптап атты,  
Тоқтамай, дамылдамай күн-түн қатты.  
Көрген жандар түрінен қаймығады,  
Айбатты батыр еді салтанатты.

Бұрында неше келген ат терлетіп,  
Қамы үшін жиенінің ерлік етіп.  
Апа менен жездесін көрейін деп,  
Ауылына Жаманқұлдың келді жетіп.

Шал-кемпір қуанады келгеніне,  
Біргалай болып еді көргеніне.  
3010 Көріліктің үстіне қайғы басып,  
Өлім-әсер кіргендей өңдеріне.

Жүрісінен оларға сыр айтпайды,  
Әжім салып көңілін мұңайтпайды.  
«Жаз шыққан соң іздесек, табамыз» деп,  
Уатып шал-кемпірді жылатпайды.

— Осы елде жігіт бар ма Қайғы деген,  
Қайғы деп оның атын қойды неден?  
Маңайда болса маған шақырып бер,  
Тұрағын оның ешкім біле ме екен?

3020 — Осында жүруші еді келіп-кетіп,  
Ел ішінде қыдырып күнелтіп.  
Сырты көзге жабайы болғанымен,  
Сөйлер сөзге тым шебер аузы жетік.

Сыр бермей еш адамға жүреді екен,  
Істің бетін жансыздап біледі екен.  
Мергенге теке атқан жер ыстық деген,  
Орнына Гүлбанудың келеді екен.

Астына арық түйе мінеді екен,  
Үстіне жыртық шекпен киеді екен.  
3030 Біреу барып, шақырып алып келді,  
Өзгелер мазақ қылып күледі екен.

Батырға сәлем берді үйге кіріп,  
«Осы ма — деді, — Қайғы Күлік көріп?»  
«Осы жігіт» деген соң үйдегілер,  
Қатарға отырғызды орын беріп.

Өңі жүдеу, сырты да көзге қораш,  
Сиықсызда сын бар ма деген рас.  
Жүрісінен, сөзінен, мінезінен,  
Байқағанға жайнап тұр бір асыл тас.

3040 — Өнерің қолдан келер бар ма білген,  
Жас адамға ұнамас текке жүрген.  
Баға алсаң түйемізді жайғызайық,  
Түйе жайын біледі түйе мінген.

Қайғы да «құп» деп қалды «бағайын» деп,  
Мал бағып, табыс, пайда табайын деп.

Өзі дағы бармаққа құмар еді,  
«Сәтінен кез болған соң, барайын», — деп.

3050 Мақсаты пайда үшін бармақ емес,  
Ойлағаны: «Сол жақты шалайын, — деп.  
Бірге бағып, көзінен таса қылмай,  
Желмаясын семіртіп алайын, — деп.

Күйленіп, азық-түлік жинап алып,  
Бір кезіп дүниені қарайын, — деп.  
Жарыма жалғыз ауыз сертім үшін  
Жанымды жанған отқа салайын, — деп.  
Табылмаса жалғаннан күдер үзіп,  
Өртеніп біржолата жанайын», — деп.

3060 Ойда жоқ жалғыз жүріп пайда таппақ,  
Малын бағып, болмаса байға жақпақ.  
Жаз шыққан соң іздейді дегенді естіп,  
Бірге іздесіп Банудан хабар таппақ.

Бақпақ болып уәдесін берді қатты,  
Түйесімен келеді, мінбейді атты.  
Мал бақтырам дегенін сылтауратып,  
Қайғыны Күлік батыр алып қайтты.

Барған соң кешікпей-ақ тауып келді,  
Нәр барын аржағында танып келді.  
Күлік батыр жүрістің жөнін тауып,  
Керегін ағасының тауып берді.

3070 Ішінде көп қонақтың бір түйелі,  
Мәлім емес ешкімге оның жөні.  
Қонақ кәде дейтұғын әдетімен,  
Айт дейді қонақтарға бір ертегі.

Ертеқұмар сол үйге болды жиын,  
Үй иесі берген соң қонақ сыйын.  
Кәсіліп ешбіреуі айта алмады,  
Жүрексізге сөз бастау қандай қиын.

Адамға түк білмеудің өзі намыс,  
Жақсы әңгіме болады көпке таныс.

- 3080 «Қайғы ертегін білетін кісі бар ма?» —  
Деп қойды біреу тұрып құлақ-қағыс.  
  
Саяхаттың ертегісі болған аңыз,  
Оны жақсы білетін Қайғы нағыз.  
Осы сөзге келгенде ыршып тұрды,  
Ішінде шымылдықтың жатқан бір қыз.  
  
Бір түрге сонда дүние өзгергендей,  
Алыс үміт алдына тез келгендей.  
Үміт пе, қуаныш па, қорқыныш па,  
Әйтеуір бір мақсатқа кез келгендей.
- 3090 Аспанның жымыңдаған жұлдызындай,  
Ғашықтың бір сәулесі көрінгендей.  
Қозғалды тебіреніп жатқан дене,  
Қайғының топырағына көмілгендей.  
  
Қол-аяғы икемге азар келді,  
Дарына махаббаттың керілгендей.  
Секілді айналасы жайнаған нұр,  
Інжу-маржан шашуға төгілгендей.
- 3100 Сүйегіне сіңісті ауыр сырқат,  
Дәру тауып бойынан сергілгендей.  
Тән ауру ма, ойы ма, жан ауру ма,  
Денеге болды тынысы жеңілгендей.  
  
Қайғы деген жігіттен көз алмайды,  
Тереңге, шыңға шығып телміргендей.  
Сондағы көрген өңі, сырт бейнесі  
Бүгінгіге толықты сенім бермей.  
  
Көзіне көзі түссе, тым өзгеше,  
Жайнап тұр жүрек сыры сезілгендей.  
Алыс ой, ұзақ үміт оралғанша,  
Махаббат сыр беріп тұр сенілгендей.
- 3110 Сол үйге талай қонақ қонып отыр,  
Әңгіме үшін жиналған толып отыр.  
«Саяхаттың ертегін айтып бер» деп,  
Қайғыға жалынышты болып отыр.

Қайғы шалған секілді өңі сарғылт,  
 Қыз бейнесі көңілді болып отыр.  
 Көзінің құйрығымен көп қарайды,  
 Әлденеге ойында жорып отыр.

3120 Бір минутте қозғалып неше қиял,  
 Ойдан орап қияны шолып отыр.  
 Қарақаттай қадалған қара көзі  
 Ақылын ұрлайын деп торып отыр.

«Ой бөлініп жаңылып кетем бе», — деп,  
 Сақтықпен өзін-өзі қорып отыр.  
 Мүдіртпей не өзгертпей әңгімесін,  
 Әсерлетіп, екпіндеп соғып отыр.

Еріксіз көптің бойын билеп алды,  
 Тіпті ұғымсыз болмаса көңілі соқыр.  
 Қуанышы қысқа, мұңы көп әңгіменің,  
 Аяғында бірталай жорық отыр.

3130 Сөйлеуге де ауызы келмей қалды,  
 Қызды іздеп кез келгенде жүрген топыр.  
 Жан ала ма, әңгіме жар бере ме,  
 Оқушы осы арасын ұғып отыр.

Ышқынып біразырақ демін алып,  
 Кеткендей бір нәрсеге қатты налып.  
 «Тапқанын, таппағанын білмеймін», — деп,  
 Есеңгіреп кетіпті естен танып.

3140 Сертіне жете алмады қалайынан,  
 Сорлының болды ма екен талайынан.  
 «Түйем қайда, Бануды іздеймін», — деп,  
 Бұйдасын сипалайды маңайынан.

Көзінен жаспен бірге қан сорғалап,  
 Құйылды аққан тері самайынан.  
 Бұл іске отырғандар таңға қалды,  
 Қалтадан бір орамал жұлып алды.  
 Сұрткенде орамалмен аққан терін,  
 Төсекте жатқан қыздың көзі шалды.

- 3150 Төсектен көрген жерде ұшып түсті,  
Болар ма ғашықтығы мұндай күшті.  
Ұяттан махаббаты басым болып,  
Ешкімнен ұялмай-ақ барып құшты.
- Сағынышты салқын бет бетке тиді,  
Отына махаббаттың жанды, күйді.  
Арт жағын айтпаса да түсінікті,  
Аузынан шөпілдесіп бірер сүйді.
- Баса алмай өксіктерін, көп жыласты,  
Кім сөксін шыны ғашық ондай жасты.  
Сондағы Бану берген қол орамал  
Пердесін барлық сырдың бір-ақ ашты.
- 3160 Екі жас жүре тұрсын күліп-ойнап,  
Бұғаудан босанғандай көңілі тынып.  
Мынау іс асатынан болғаннан соң,  
Оңаша ақылдасты Түмен, Күлік.
- Амал, ой ойламайды батыр аңғал,  
Көрсетер жауға қайрат болса жанжал.  
Ат жаратып «Асанды іздеймін», — деп,  
Еліне мезгіл еді хабар салған.
- 3170 Шақырған соң елінің бәрі келді,  
Істің мұндай болғанын және білді.  
Той қылып Түмен батыр қолдан беріп,  
Құрметіне жастар да ойнап-күлді.
- Күйеу деп құрметтейді Асан ерді,  
Банудай алғаннан соң кемеңгерді.  
«Қыз қылып өз қолымнан ұзатам», — деп,  
Басына үй, алдына мал салып берді.
- Күліктің басқасынан ақылы асып,  
Тапқанға бейнет қылмай көңілі тасып,  
«Балаңды әкеледі, — деп, — қуантуға»,  
Жіберді кемпір-шалға жатқан жасып.
- 3180 Берген соң Түмен батыр рұқсатты,  
Жалпылдап екі кісі тұра шапты.

Шал мен кемпір аясын одан несін,  
Тоғыз түйе, тоғыз ат сүйінші апты.

Көшіріп салтанатпен Түмен батыр,  
Тіктірді далаға әкеп неше шатыр —  
«Өз қолымнан апарып саламын», — деп,  
Көлік бастап ауылға келе жатыр.

3190 Шал-кемпір сорғалатып жасын көзден,  
Қарасы көрінген соң жапан түзден,  
Шал келді жиырма бестегі мүшесіне,  
Өлгені тірілгендей күдер үзген.

Өксігі басылған соң көңілі тынып,  
Ел жиып, малын шашты, тойын қылып.  
Еліне Күлік батыр қайтып кетті,  
Неше күн тарқаған соң ойын қылып.

Жеткен соң мұратына Асан жатты,  
Кемпір-шал шаруа түзеп малын бақты.  
Қыз табылып, Асанның алғандығын  
Сейіпке біреу барып хабарлапты.

3200 Сейіптің естіген соң іші күйді,  
Дереу тұра шаптырып елін жиды.  
«Қылмаса айтқанымды қуарған шал,  
Берермін сыбағалы оған сыйды».

Тарылып, ызаланып, ашуланды,  
«Қайтер екем?» дегендей қубас шалды.  
«Қайырсын жесірімді айыбымен», —  
Деді де Жаманқұлға кісі салды.

3210 Именіп бұрынғыдай жауап бермей,  
Елшісін кісі екен деп көзіне ілмей,  
«Естімеймін сөзін», — деп қатты ақырып,  
Кісісін қайырыпты сөзіне көнбей.

Сөзін естіп Сейіпке елші барды,  
Қолына қоймайын деп жалғыз малды.  
«Сорлы шалдың қылығын қарашы?!» — деп,  
Жылқысын бір-ақ түнде айдап алды.



Бұл істі қоңыраттың бәрі білді,  
Жиылып еркек кіндік атқа мінді.  
Бір байының жылқысын бұлар да алып,  
Ұлғайысып араға бүлік кірді.

- 3220 Түменге және кетті бір шапқыншы,  
Болды деп бүліншілік елдің іші,  
Ағынды, ашуы тез Түмен батыр,  
Қол бастап жинап келді бес жүз кісі.

Жасаққа сол бетімен жетіп барды,  
Ауылын Сейіп бидің қамап алды.  
«Айтқанымды қыла ма, тұрыса ма,  
Жауабын тез берсін», — деп хабар салды.

- 3230 Түменнің ел қорқады айбарынан,  
Келгенін білмей қалды қай жағынан.  
«Бізге айтатын батырдың жұмысы не?» —  
Деп сұрады қорыққанның салдарынан.

«Алдыма Сейіп биің қазір келсін,  
Келмесе қайратымды менің көрсін.  
Бұрынғы-соңғы барымта бәрі қайтып,  
Тағы да елу түйе айып берсін».

Батырдан қорыққан соң бітім тапты,  
Тиіспекке уәдесін берді қатты.  
Жаулап алған малының бәрі қайтып,  
Және де жеті тоғыз айып тартты.

- 3240 Малына Жаманқұлдың жер жетпейді,  
Үйсін қуып жеріне беттетпейді.  
Қоймады не қылса да дұшпандығын,  
Көңілінен Сейіп бидің кек кетпеді.

Жыл сайын малы жұтап өле берді,  
Жаз жайлауға үйсіндер өрлетпеді.  
Қыстауға тар, жазға шөл тиышы кетіп,  
Іші жау ел үйсінге сөз өтпеді.

Екі ғашық жеткеннен соң мұратына,  
Сол жердің орнықпайды тұрағына.

- 3250 Ақылы екі жастың үйлеседі,  
Ішпенен бірін-бірі сынады да.
- Бір күні Асан айтты Гүлбануға,  
Ойланып біразырақ тұрады да.  
Өзінің көңіліндегі ойын айтты,  
Әйтеуір бір ақылды ұнады ма?
- Қыстауға кең, жаз жайлы жайлау тапсақ,  
Шалдың салсақ ұнай ма құлағына.  
Айтады шалға келіп ақыл-ойын,  
Гүлбану да бұл сөзді ұнатты да.
- 3260 Шал естіп мына сөзді, көп ойланды,  
Көңілі тоқсан толқып, жүз толғанды.  
«Не болса да елімен көрейін», — деп,  
Адамын Құлшығаштың жиып алды.
- Кеткенін жаудан тиыш, жерден күйіс,  
Алдына ағайынның әкеп салды.  
«Қысы жоқ, жазы шөл боп бітетұғын,  
Қай жерге сыйғыза алам мынау малды?»
- Жақсы қоныс, кең жайлау жерге кетем,  
Демеңдер бізден қашып кетіп қалды.
- 3270 Менімен бірге кетем дегендерің,  
Қамдай бер осы бастан шаруаңды.
- Жері тарлар қосылып ермек болды,  
Кейбіреулер артынан көрмек болды.  
Жабдықпенен неше жігіт жолдас алып,  
Асан бастап жер іздеп жүрмек болды.
- Көп жүріп Асан білген жердің жайын,  
Көргені, естігені бәрі дайын.  
«Тоғай көрген болды үйші» деген,  
«Ел кезгенде сыншы» деп айтқандайын.
- 3280 Жасынан жігіт еді дүние кезген,  
Жалғыз жүріп сезім алған жапан түзден.

Қайда барды, қай жерді мекен қылды,  
Айтайық ендігісін, тыңда, бізден.

Қасына он бір жігіт алды ертіп,  
Азық-түлік жабдығын түгендетіп.  
Туралап Қаратауды жүріп кетті,  
Желмаяның шудасын желпілдетіп.

3290 Басына Қаратаудың шығып өзі,  
— Жайлау, қыстау, өрісті шалды көзі.  
Жер емес қыс пен жазға бірдей орын,—  
Деп сынап бірер ауыз айтқан сөзі.

*Қаратауға келгенде:*

— Қаратау еншіңе алған құсың көкек,  
Бауырың қара от, ойпаң, шөбі көкпек.  
Бір түйеге болмаса төрт түлік мал  
Қыстауға тар, жазғы шөлде не күнелтпек.  
Аты ерте қартаяр жер азғыны,  
Адам ерте қартаяр ел азғыны,  
Бетеге, көде, шалғын жусаны жоқ,  
Ебелек, көкпек, қаңбақ шөп азғыны.  
3300 Жайласа Қаратауды бір-екі ай,  
Отырса Сыр бойында ала қыстай,  
Сонда ғана болар еді малға жайлы,—  
Деді де жүре берді көп тұрыспай.

*Шымкент, Сайрамға келгенде:*

— Ел байытпас жақын болса базарлы жер,  
Көбейтпес ел өсімін мазарлы жер.  
Қазақта да мақал бар бұл туралы,  
Байқасақ Асан сөзі соған келер.

*Сыр бойына келгенде:*

— Секілді мынау Сырдың басы байпақ,  
Аяғы жайылыңқы болар тайпақ.  
3310 Боларлық екі ауылға қонысы бар,  
Жер еді бұрында өзі жүрген байқап.  
Ұзын аққан өзеннің өне бойы,  
Керек екен деп тұрды басын шайқап.

*Шуга келгенде:*

- Өзен екен айнала жері борбас,  
 Жағасы қара қамыс, аң, жолбарыс,  
 Пышағын қынабынан алып ет жемейтін,  
 Көжесі көп баланың іші қуырылмас.  
 Еркегі ат, әйелі жат болатұғын  
 Жер екен бұл араға тұрып болмас.
- 3320 Асанның айтқан сөзін ұғып алып,  
 Жалықпай ере берді өмір жолдас.

*Жетіқоңырға келгенде:*

Деген жерге келгенде Жетіқоңыр,  
 — Мәуіті екен арқаға болар өңір.  
 Онан басқа сөз айтпай жүріп кетті,  
 Артық сөз болмаған соң оған теңер.

*Торғай өзеніне келгенде:*

— Өзен екен аққан суы бал татыған,  
 Еті бар-ақ шабағы май татыған.  
 Қыстауға тар, жайлауға өрісі жоқ, —  
 Деді де өте шықты суатынан.

*Терісаққан өзенін көргенде:*

- 3330 Келгенде өзеніне Терісаққан,  
 Суынан ұрттап алым дәмін татқан.  
 — Тұздығы екен Сарыарқаның, — деді дағы,  
 Жүріп кетті түк айтпай басқа жаққа.

*Қара қойын Қарлыны көргенде:*

- Қара қойын Қарлытау керіліп тұр,  
 Жылқының жал-құйрығы төгіліп тұр.  
 Лайықты жылқыға жер болғанменен,  
 Бір жұтқыш бауырында көрініп тұр.  
 Қыс болғанда бораны ашылмайтын,  
 Екендігі басыңнан сезіліп тұр.
- 3340 Соққанында бөрі «менің тамағым» деп,  
 Айдаһар аузын ашып емініп тұр.

*Нұраға келгенде:*

— Жер екен ат семіртер алты күнде,  
Тоқтатты онан кейін сөзді мүлде.  
Тіс жарып енді басқа сөз айтпады,  
Артық сөз қоса алмадық бұған біз де.

*Есілге келгенде:*

— Өзен екен қыры бірдей суыменен,  
Жарлысы болар бірдей байымен тең.  
Су жайылып, мұз басып, қыс болғанда,  
Өрісі малға тараң болады екен.

*Сілеті мен Жаңашардың тұзын көргенде:*

- 3350 — Екенсің қара аттың төбеліндей,  
Ананың сүйген ерке көбеніндей.  
Алдыма өңгерем бе, бөктерем бе,  
Айналаң тебінгінің көлеміндей.  
Тартамын қай жарама мына тұзды,  
Әйтпесе жер екенсің тілегендей.

*Ерейменге келгенде:*

- Жерден жеті есік бар Ерейменде,  
Келіп ем көзге сырты ерейгенге.  
Боларлық малға жайлы қоныс па деп,  
Көрейін деп алыстан серейгенге.
- 3360 Қыс болғанда, байыздап жылқы тұрмас,  
Жылқы тұрса биеде құлын тұрмас.  
Ораздының жайлауы Шиырлының  
Қыстауы бұл бір өзі ерейген тас.  
Екі жағын қыстаған ел малды болып,  
Шарасы мұндағы елдің малға толмас.  
Соңынан жауап айтпай ере берді,  
Бұзбайды не десе де он бір жолдас.

*Өлеңті өзеніне келгенде:*

Әуелі еш нәрсе айтпай өлеңдетіп,  
Кеткенде біраз жерге мұнан өтіп,

- 3370 Сұрады жолдастары қасындағы:  
 «Кеттіңіз неге үндемей ағып өтіп?»  
 — Қопалы өзен екен қоныс болар,  
 Жер емес тайыншасы қысыр қалар.  
 Айраны ерте шығып әдеттеніп,  
 Кеу тамақ деп балаға атау тағар.  
 Тоқты торым ұрлығы үзілмейтін,  
 Ел іші өтірік-өсек сөзге толар.  
 Соны айтып, өлеңдетіп өткендіктен,  
 Өлеңті ат сонан қалған ұзын хабар.

*Шідерті өзеніне келгенде:*

- 3380 Көргенде тоқтап тұрды Шідертіні,  
 — Жер екен топырағы асыл, суы шыны.  
 Бір айда майға бітер арық аттар,  
 Тоқтатар тұсағандай бос жылқыны.  
 Маясын тұсап біраз жатқан екен,  
 Шідерті деп атанды сонан, міне.

*Баян тауына келгенде:*

- Көргенде Баян тауын қарап тұрып,  
 Басына жалғыз өзі көрді шығып.  
 — Ат ерін алмайтұғын бір жер екен,  
 Отырар мұны қалай қоныс қып.
- 3390 Бір көрген бұған қайта келмейтұғын,  
 Кісідей ант қылады көрмейтұғын.  
 Тұзы бар бауырында қара тікен,  
 Бір қонғанды бір жұма жібермейтін.

*Ертіске келгенде:*

- Көрем деп ұлы Ертісті тура келді,  
 Байқастап жағасында біраз жүрді.  
 — Тойдым деп бала қарап отырмайтын,  
 Жер-ау деп алдын ойлап болжап тұрды.  
 Сиырдың мүйізіндей тікірейіп,  
 Кәпірдің құлағындай түр үрпііп.
- 3400 Күнінде сол кәпірден жылайды-ау деп,  
 Кейін бұрды маясын іші кейіп.

*Семей тауға келгенде:*

— Қысы суық, жазы ыстық осынау жердің,  
 Әйелі семіз, ері арық мұндағы елдің.  
 Төс табаны төрт елі атанменен,  
 Төсегінен түңілген жүрер ердің.  
 Басы мынау меңіреу дүм қарағай,  
 Жылқының ұясы екен, япырм-ай.  
 Азырақ қоныс болар жерлер екен,  
 Түбінде қайтеді дейсің орыс алмай.

*Шыңғыс тауына келгенде:*

- 3410 — Құтырған тауына екен топырағы,  
 Оған шыққан отырар шөбі тағы.  
 Ол шөпті жеп семірген мал құтырып,  
 Етін жеп, сүтін ішкен адам дағы,  
 Жер екен ұрыс-жанжал көп болатын,  
 Көп төгілер өзінде ердің қаны.  
 Шыңғыстың сайы толған ырыс екен,  
 Тауының басы толған ұрыс екен.  
 Еркегі ұры болғанда, әйелі қар,  
<sup>3</sup>.....

*Түңлік өзеніне келгенде:*

- 3420 — Он екі тұтам қазылық ой Түңлік,  
 Жағасы маңырап жатқан қой түңлік.  
 Құлағы тұтам қарыс шығып тұрған,  
 Ені тар ұзын аққан бой Түңлік.

*Қызыл тауға келгенде:*

Басына Қызыл таудың шықты барып,  
 Қарады алды-артына көзін салып.  
 — Тоқты қысыр қалмайтын бір жер екен,  
 Тау-тасы қой боп жатқан ыңыранып.  
 Жақсылықта шыбар жері көк баялыш,  
 Жамандықта шұбайтұғын көк баялыш.

<sup>3</sup> Қолжазбада бір өлең жолы өшіп қалған

3430      Сені желкем шұқыры көрсін дейтін,  
Жер екен уай гуарыш, уай гуарыш!

*Алатауға келгенде:*

— Түні суық, күні ыстық жер даласы,  
Ананың емшегіндей сай-саласы.  
Төрт елі топырақ асты алтын екен,  
Ішпей-жемей тоятын айналасы.

Алатауды бөктерлеп қайтпаққа бет алғанда жолдастары Асанға: «Алатаудың шығыс жағынан тараған жеті өзенге бармайсыз ба?» — дегенде, Асан: «Қалмақ пен қазақ тыныштықпен отыра алмайтын жері ғой және ол өзендердің өзіне барып жеткенше тыныштықпен барып жете алмайды ғой», — депті.

*Қарқаралыға келгенде:*

— Қалқайған қарқаралы қайранды тау,  
Мекен қылған ел көрер пайдаңды тау.  
Ешқайда сені тастап бармас едім,  
Сені бірақ алады-ау кәпірлер жау.

*Кент бұқтыға келгенде:*

3440      — Мынау тұрған қарағай, тау Кенті екен,  
Еліне жегізетін май, женті екен.  
Қазанға салған қақпақ, желі тоқпақ,  
Түп-түгел шаруаның кенті екен.

*Абыралы-Жалаулыға келгенде:*

— Мынау ма Абыралы-Жалаулы тау,  
Сары қиы сарыағаштай қалаулы тау,  
Жерінің мүк, жусаны асыл екен,  
Бір түбі бір тоқтыға балаулы тау.

*Шөлге:*

— Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан жүрер,  
Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан жүрер.



3450 Бстық пенен суыққа шыдайтуғын  
Күндіз-түні бел шешпес ұлан жүрер.

*Үшқарадан өткенде:*

Тоқтамай Қызыл тауға аттаныпты,  
Үшқара деген жерге тақалыпты.  
Артына үш бұрылып қарағаннан,  
«Үшқара» деп үш биік аталыпты.

*Шілікті көргенде:*

Үш қақпасы бар екен, төртіншісі болғанда,  
Жатқа бермес жер екен.

*Сулы Келесті көргенде:*

— Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен.

*Жиделі-байсыңға келгенде:*

3460 Сонан кейін Жиделі-байсын жаққа,  
— Қонысқа жайлы шүйгін бастамаққа.  
Сарыарқаны түбінде орыс алар, —  
Деп ойланып кетпекке бір жыраққа.  
Қысқы өріс, жайлауға қонысы кең,  
Қағусыз ен далаға апармаққа.  
Үш жылдай малды ту қып балалатпай,  
Болмасын деп Бөгеті көшкен шақта.  
3467 Сондағы ұнап қайтқан жері екен сол,  
Тоқтапты қозы маңырақ, қой маңыраққа.

# Топонимдік аңыздық жырлар

## ЕСЕКҚЫРҒАН

Бір жұлдыз атаныпты Есекқырған,  
Іңірден шақырайып ерте туған.  
Айтайық сол жұлдыздан біз бір аңыз,  
Естіген ертелі-кеш ойдан-қырдан.

Бұл аңыз басталады ескі сөзден,  
Белгісіз кім айтқаны көне кезден.  
Қырылған ханы дағы, қарасы да,  
Жұрдай боп тән орайтын қара бөзден.

10 Бұл жентек сағым алған алтын-жезден,  
Сықылды қисық ағаш шыққан тезден.  
Елімнің есте қалған ертегісі  
Қанды жас селдей аққан екі көзден.

Қоныстан жұртым ауып, желдей кезген,  
Түңіліп елден, жерден, ханнан безген.  
Қан жұтып, зар еңіреп, қуғын-сүргін,  
Бәріне қорлық-зорлық түгел көнген.

20 Момын жұрт қойын құрттап, құртын езген,  
Қырықтық, қылбұрауды еті сезген.  
Қолында алып-сатар мал мен мүлік,  
Құрылып таразы да болып безбен.

Жүрген жан бас көтермей қара жерден,  
Өгіздей иығы кетіп тартып өрден.

Аш-арық, аш-жалаңаш қатын-бала,  
Әруақ кебін жамылып шыққан көрден.

Әңгіме сол бір тұстан бір ертегі,  
Ертек те шындығынан сыр шертеді.  
Нелер жыр, талай аңыз ұмыт болып,  
Түскені біздің қолға бір бөлтегі.

- 30 Бір патша отыр тақта итін құшып,  
Есегі қызықты оған көзі түсіп.  
Қасына жақын келді тақсырының,  
Аңғармай қалғанының іші пысып.

Ит жатыр патшасының тізесінде,  
Тұмсығы алтын-күміс кісесінде.  
«Мен саған бұл тазыдан жақынмын ғой,  
Үстіме күнде мініп, түсесің де», —

- 40 Деп ойлап хан иығына асты аяқ,  
Ақырын салмақ салмай, тақсырды аяп.  
«Жақтырмай қабақ шытып, зекіп қалса,  
Азырақ хан иемнен жермін таяқ.

Немесе мені дағы құшақтар ол,  
Патша ғой ел билеген, рахымы мол.  
Сарайда есіркесе тайраңдармын,  
Ұмыт боп тұсау, кісен есікте тұр».

Үміті сорлы есектің ақталмады,  
Қасқырдай «арыс» етті хан қақпандағы.  
«Есектің көзін жоғалт, тұқымын құрт!» —  
Деп патша бура болды ақпандағы.

- 50 Есекті бауыздатты: «Басынды, — деп, —  
Құлағын қасыма кеп қасынды», — деп.  
Көрген жұрт қайран қалды әміршіге,  
«Хан неге бұнша бүйтіп ашынды?» — деп.

Не теңі еркелемек көк есекке,  
Жүргенде тесік өкпе, құр есепте.

Орны есік көзі, босағада  
Жататын иттен төмен су сенекте.

- Итке хан үргені үшін қарғы таққан,  
Есектен отықтағы артық баққан.  
Естісе-ақ дыбыс-сыбыс хабар беріп,  
60 Үй қорып ертеңді-кеш ханға жаққан.

Бұл кепті түсінбеген байғұс есек,  
Жатса да жамбасына қар-мүз төсеп.  
Әл біліп, өзгелерді күндегенше,  
Деп жүрмей, қара бастың қамын жесек.

«Тек жүрген — тоқ болады» дейді қазақ,  
Қарны тоқ ешкімге де болмас мазақ.  
Тең болмай терезесі, «теңесем» деп,  
Әлсіздер мықтылардан шеккен азап.

- Өткен күн ойлап тұрсаң, ол бір ғажап,  
70 Аңдасаң ой-шұңқырын жіті қарап.  
Аз екен хан мен патша қиянатсыз,  
Бір-бірлеп саусағыңмен көрсең санап.

Шежіре сырын шерткен өткен күннің,  
Жұлдызын атап берген айсыз түннің.  
Ат қойып аң-құсқа да бұл адамның,  
Аңдыған жолын, аузын апан, іннің.

- Білсеңіз, есек ханды басынбаған,  
Құлағын желкесімен қасынбаған.  
Ханына жағынудың білмей жолын,  
80 Сорлының содан бағы ашылмаған.

Өлді де есек қалды әлін білмей,  
Тадам деп оңай мәнсап жайға жүрмей.  
Күштіге жақпайтынын ойламапты,  
Абалап күні-түні ит боп үрмей.

Есекке айтқан мысық сонда былай,  
Отырған хан қасында көзін қысып.

Қарғылы ит мысық жаққа ырылдаған,  
Мияулап сөйлегенде тілі қышып.

- 90 Мысық па құйрық бұғып жол таппайтын,  
Өнері көп қой оның алдатпайтын.  
Төбетке мұрт шиырып, ол бір пырс еткен,  
Аңдатып түрін оған қарматпайтын.

Мияулап сөйлеген ол пипың басып,  
Қолымен бетін жуып, шеке қасып.  
— Төбетім, көп үрем деп үй күзетіп,  
Кетпесін асың суып, ұйқың қашып.

- Есектер, көсілмеңдер мақтағанға,  
Мықтылар бір туласа, жығар жарға.  
Құласаң жар астына омақасып,  
100 Шоқиды көз майыңды құзғын-қарға.  
Ісіне әміршінің шара бар ма?  
Хан иең қаһар тігіп отқа салса,  
Кетпексің күлің ұшып тозаң-шаңға.

Жүресің күй таңдамай күшің адал,  
Болған соң егі, сүтің бәрі арам.  
Тарамыс, көке, жасық етің сенің,  
Қап-қара қу ағаштай сіңір-тарам.

- Есегім, ендігі әрі есірмессің,  
Көргенің бұл қорлықты кешірмессің.  
110 Ханыңыз тақтан түсіп қалған күні,  
Жегіліп ол малғұнды көшірмессің.

Жүреді тыста мысық көзін қысып,  
Мауықса, аунақшиды қолтығы ысып.  
Білді ол «сөз бен билік күштіде» деп,  
Болса да аузы қисық, мұрны пұшық.

Ит, мысық таласқаны бір саптаяқ,  
Есекке ашылмас сор — қамшы, таяқ.  
Өңезге үймелеген шыбындай боп,  
Жүретін бәрі бірдей ханды жанап.

- 120 Ит, мысық күнін көрген ыдыс жалап,  
Қалады дүрдиісіп, ішсе шалап.  
Еті де, сүті де арам, не жүні жоқ,  
Есекті кім санасын малға балап.

Шешуге бір ертекті қылдым талап,  
Ішінен көп жұмбақтың алдым қалап.  
Айта алмай білгенімді, көргенімді,  
Жүруші ем алды-артыма жалтақ қарап.

- Мұным бір күдігім ғой көз жетпейтін,  
Көзіндей бәсең ине жіп өтпейтін.
- 130 Шешетін жер мен көктің жұмбағы көп,  
Көзімнен, көңілімнен бір кетпейтін.

Жайына көзін қысып мысық кеткен,  
Түбіне көк есектің күшік жеткен.  
Бір түннен шақырайып жұлдыз шыққан,  
Аңыз бар үлкендерден бұрынғы өткен.

Істейді ит иттігін әрқашанда,  
Құмайы тазысы деп таңдасаң да.  
Мияқ та таққа мінсе, хан атанған,  
«Жан-ау» деп көзінді оған салмасаң да.

- 140 Үреді ит қатты абалап алдасаң да,  
Шағады жылан-шаян арбасаң да.  
Шай ит, мысыққа ас болмас-ты,  
Өзегін өлмесін деп жалғасаң да.

Құламас тақтан патша қарғығанмен,  
Тісіңді көрің тігіп қайрағанмен.  
Есекке салпақ құлақ не кешірім,  
Есікке мықын байлап, матағанмен.

- Патшаның зығырданы қайнағандай,  
Бақылдап көк шыға құр ойнағандай.
- 150 Жүйкесі жұқарғанда әміршінің,  
Болады қан-жынға әсте тоймағандай.

Билігі патшалардың ашуында,  
Атқан оқ құлан-киік қасуында.  
Бейнеті ақылсыздың ажалымен,  
Асқақтап әлін білмей асуында.

Ит дағы алжымақшы көп үрген соң,  
Есек те титықтамақ көп жүрген соң.  
Хан дағы тесілмекші қатуланып,  
Сыртқы жұрт келемеждеп көп күлген соң.

- 160 Сөз бар ғой «ел құлағы — елу» деген,  
Көз дағы жіті келмек көруменен.  
Болмақшы сөйлей-сөйлей адам шешен,  
Қатады ит тұяғы желуменен.

Тіздеде отырған ит көп сыр білген,  
Ханның сөзін, ығын ішке түйген.  
Қожасын қоримын деп үрсе дағы,  
Нелер көп құлаққа елдің жаман тиген.

- Патшаға мәңгібақи кім жағады,  
Қит етсе, итаршыға мін тағады.
- 170 Төбеден Құдай ұрды дей бер, шырақ,  
Түйілсе әміршінің қас-қабағы.

Атанған бір жұлдыз бар «Есекқырған»,  
Тұсында залым патша, бір антұрған.  
Итті де «көп үрді» деп өлтіріпті,  
Жендетке қылыш қайрап дайын тұрған.

Өлгені ит, есектің түнгі бір шақ,  
Мұндай шақ көп болады, сөзіме бақ.  
Құрылған тор-тозақтан құтылмасаң,  
Қарақтап сауысқаннан болсаң да сақ.

- 180 Бейнетті елемейді ит пен есек,  
Болса да мұз бенен тоң оған төсек.  
Діңкесі құрып жүрсе, өң мен түс не,  
Өлгені, тірілгені болмай есеп.

Есте жоқ, есепте бар бәрі солай,  
Қалғандай мал тезегі кеуіп жолай.  
Қашанда бос орынға дәмелі көп,  
Табам деп одан олжа тегін оңай.

Ит, есек хан қасына таласы сол,  
Ішетін асы-суы болған соң мол.  
190 Шығармас тегін олжа, тауға ешкімді,  
Болды енді, міне, екеуі ақыры қор.

Ит, есек таусылмаған қырғанменен,  
Қайтпаған беті дағы сынғанменен.  
Аң мен мал кете алмаған тұрағынан,  
Хан, патша ұрып-соғып қуғанменен.

Ит, есек титыңдаған азап шеккен,  
Өткен соң сөз сүйектен, таяқ еттен.  
Аянар ештемесі қалмағанда,  
Патшаны алған олар бір күн беттен.

200 Сықылды есек пен ит шыққан өрттен,  
Әлдебір жаңа тұрған ауыр дерттен.  
Ашынып қан жұтқандай болғаннан соң,  
Бір күні хан иесін қапқан, тепкен.

Осылай есек пен ит арын жуған,  
Жабылып хан әулетін күнде қырған.  
Ел жатып, от сөндіріп, түндік жапқан,  
Шағында жылтылдап бір жұлдыз туған.

Аспанда жымыңдайды Есекқырған,  
Адамға бір жұмбақ сөз жерде тұрған.  
210 Осылай аты қапты бір жұлдыздың,  
Кезінде бір патшаның Құдай ұрған.

Жұлдызды неге атаған Есекқырған,  
Биіктен жерге қарап төніп тұрған.  
Сұм патша көк есекті түнде құртса,  
Есек те хан тұқымын түнде қырған.



- Атанған содан жұлдыз Есекқырған,  
Танадай тым-тырыс түн құлаққа ұрған.  
Аяғы боп қан төгіске қым-қуытта,  
Сескенген жұрт жылаған айғай-шудан.
- 220 Есесі талай кектің түн жамылған!  
Есек, ит хан ордасын құлатқан шақ,  
Түн еді жұлдыз шығып, бұлт арылған.  
Бір жұлдыз сол түні де төніп тұрған,  
Атапты жұрт оны да «Есекқырған».  
Әйтеуір есекке бір жұғысы бар,  
Әйтпесе мұндай атақ қайдан туған?
- Тағы бір ескі аңыз бар есте жүрген,  
Жөргектен әркімдер-ақ ішке түйген.  
Қырылып кірешілер көп есегі,
- 230 Дейтұғын қария сөзін құлаққа ілген.  
Бір ханның малайлары кіре тартпақ,  
Есекке базаршылар жүгін артпақ.  
Туғанда таң жұлдызы жол шығуға,  
Ас ішіп қызыл іңір, ерте жатпақ.
- Жел тұрған сол күн түні бір қырынан,  
Лезде дауыл соғып, бұлт сырылған.  
Түнеріп, төңкерілген көк әлемі,  
Сықылды қарауытып ай тұтылған.
- Жылт етіп бір бүйірден жұлдыз туған,  
240 Ішінен ала бұлттың көкті буған.  
«Туды, — деп, — таң жұлдызы» жүргіншілер,  
Түн іші әбігер боп, ерте тұрған.
- «Таң ата тұрдық» десіп жүріп кеткен,  
Кірекеш қайтпақшы ма алған беттен?!  
Жетпек боп сәске түсте бір өзекке,  
Түн іші бірнеше сай кешіп өткен.
- Қара күз, қараңғы түн, таң атапты,  
Бірде қар, бірде жаңбыр, жол қатқақ-ты.  
Адасып ізден шығып, қырдан құлап,
- 250 Көп есек, жүргіншілер қан-қақсапты.

Есекті кірекештер қатты айдаған,  
Жеріне тез жетпек боп сөз байлаған.  
Алжасып таң жұлдызын көрдік десе,  
Көргені басқа жұлдыз бұлт торлаған.

Адасқан базаршылар жарға құлап,  
Асты саз, суы терең, қалың құрақ.  
Титықтап түніменен зорыққан соң,  
Көп есек жарға құлап, қалған сұлап.

260 Таң ата таң жұлдызы бірақ туған,  
Көрпесін көктен түннің енді сырған.  
Түн түсе ерте шыққан бір жұлдызды,  
Содан да атапты жұрт: «Есекқырған».

Биік жар, асты ағын су сарқыраған,  
Топырлап есек құлап арқыраған.  
Өзенге діріл қаққан сәуле түсіп,  
Елесі судан жұлдыз жарқыраған.

270 Су беті майда толқын қалтыраған,  
Жер қара, өзен ғана жалтыраған.  
Бұйым да, көлік те апат, көп кіреші —  
Ханның қылышынан қансыраған.

Атанған осы жолда «Есекқырған»,  
Қалған соң есек шықпай судан, құмнан.  
«Қазына, байлығымды құрттыңдар», — деп,  
Ордадан уәзірлерін патша қуған.

Түтіккен қаһарлы хан күйіп-пісіп,  
Булыққан ашу қысып, алқымы ісіп.  
Сазарған бір қызарып, бір қуарып,  
Кеткендей екі беті, аяғы үсіп.

280 Ханның да, жыланның да ордасы бір,  
Орданың түкпірінде қордасы тұр.  
Дарға асқан уәзірлерге, үмбеттерге,  
Көз жұмып хатым оқып молдасы жұр.

Болмасты берекесі үрейлі елдің,  
Жараспас мерекесі малы кемнің.  
Келеді шөбі тақыр құмдауыттың,  
Батпағы терең болар таяз көлдің.

Хандары қатал болмақ сорлы елдің,  
Су шықпас құдығынан қуаң жердің.  
Тепектеп қанша жүрсе жеткізбес-ті,  
290 Сағымы бұлдырлаған бұраң белдің.

Астында зындан тұрмақ алтын тақтың,  
Қайтуы қиын емес мал мен бақтың.  
Аңыздың ізін қуып айтқан болдық,  
Бір шеттен қиянатын өткен шақтың.

Сөздері көне көздің көбі жұмбақ,  
Жұмбақты шешсең ғана көңіл тынбақ.  
«Ақбозат», «Үркер», «Шолпан», «Жеті кезеп»,  
Аттары көп жұлдыздың тұр сыр ұрлап.

«Құс жолы», «Қойгелді» мен «Темірқазық»,  
300 Жатады түнде көктен жұлдыз ағып.  
«Жұлдызым жоғары» деп жориды жұрт,  
Тұрғандай әлденеден көңілі қалып.

Көз жетсе, сөз жетсе де бұл бір ертек,  
Жұрт момын, әрі аңқау, патша тентек.  
Сол тұстан аспан жұмбақ, жер қайғылы,  
Қайырдық сөзімізді қысқа-келтек.

Заманнан жер де, көк те жұмбақ боп тек,  
Адам да бір-біріне көрініп жек.  
Мезгілден өтіп кеткен аңыз айттық,  
Жазылмас көкіректе қатқандай кек.

Кезінен бір көп шерттік Есекқырған,  
Төбеден мал мен жанды Құдай ұрған.  
Аңыз бенен шындықты біле жатар,  
314 Көз тастап өткен күнге мойын бұрған.

## ЕДІЛ МЕН ЖАЙЫҚ БАТЫР

- Еділ атқа мінеді,  
 Құла жүзде құландай  
 Жолсызбен жүріп келеді.  
 Кейінгі туған Еділден  
 Алабында Оралдың  
 Жайық батыр дер еді.  
 Елдің айтқан хабарын  
 Жайық естіп біледі.  
 Еділ батыр Жайықты
- 10 Түсінде анық көреді.  
 «Қайтсең де іздеп бір көр», — деп,  
 Түсіне аян береді.  
 Жасы кіші болса да,  
 Айтуына халықтың  
 Батырлығы тең еді.  
 Қайтсе де жеңіп алмаққа,  
 Табанына салмаққа,  
 Бұларға дұшман көп еді.  
 Еділ батыр Жайықпен
- 20 Бас қосуға құмартып,  
 Сұрау салып жүреді.
- Еділ шықты елінен,  
 Жайықты іздеп табуға.  
 Тірі күнде жайықпен  
 Бір кездесіп қалуға.  
 Бел байлады Еділ ер  
 Жайықты іздеп баруға.  
 Дайын еді ер Жайық  
 Еділ үшін өмірден
- 30 Өртеніп, күйіп, жануға.
- Жайық та жүрді Еділдің  
 Сыртынан естіп атағын.  
 О да ойлайды өзінше:  
 «Жайықтай батыр ағаны  
 Іздемей қайтып жатамын».  
 «Тірі болсам, дүниеде

- Іздеп барып Еділдің  
Қолынан дәм татамын.  
Ертеде туған ер екен,  
40 Іздемей қайтып жатамын!»

- Деген оймен Жайық та  
Атына ер салады,  
Қолына қару алады.  
Даланы кезіп іздеумен  
Аз жер жүріп барады.  
«Медет бер!» деп далада,  
Алланы еске алады.  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Азап тартып, шөл жүріп,  
50 Біраз тыныс алуға,  
Бір өзенді табады.

Арыстан айбат ер Еділ  
Дем алып сонда қонады.  
Қатты шаршап қалады,  
Біраз жатып тынығып,  
Қатты ұйқыға барады.  
Қауіп қылмай еш жаннан,  
Жаны рахат табады.

- Еділді іздеп табуға,  
60 Басына ойран салуға,  
Қапшылыста кездесе,  
Қанын ішіп қануға.  
Қолына түссе оңаша,  
Сүйегін күл қып жағуға,  
Аттанды іздеп Қара дәу,  
Айтып келмес қастас жау.

- Адам жеңбей арыстан,  
Көп адаммен алысқан.  
Қылышынан қан тамған,  
70 Бірнеше күн жол жүріп,  
Кездесуге Еділмен  
Іздеп келді алыстан.

Өзі перен пері еді,  
Алыстан көрсең қарасын,  
Қозғалған таумен тең еді.  
Танауынан шыққан дем  
Соққан бір дауыл, жел еді.  
Аузынан шыққан ақ көбік  
Тасыған шалқар көл еді.  
80 Естіген адам сыртынан  
«Қар дәу алып» дер еді.  
Жекпе-жек келген дұшманын  
Шақ келтірмей жеңеді.  
Атын естіп бұл дәудің  
Қауіптенген көп еді.  
Кездескенде мың сан қол,  
Қара дәудің алдында  
Шабылған шөппен тең еді.

Бір үлкен төбе секілді  
90 Қара дәудің бүрігі.  
Бұл жүрген малға ұқшамайды  
Астындағы керігі.  
Еділ батыр далада,  
Қасында жоқ серігі.

Бөктерлей шапқан тұлпардың  
Ізіне дәу түседі.  
Қанағат, ауқат алмаққа,  
Бес өгіз еті, жүз қой жеп,  
Бір көлдің суын ішеді.

100 Астындағы керігі  
Еділдің кеткен ізіне  
Тура бастап салады.  
Құрал-сайман, жарағын  
Қолына мықтап алады.

Түн ортасы ауғанда,  
Батыстан дауыл, жел соқты.  
Анау-мынау жел емес,  
Ұйқы-тұйқы мол соқты.

- Еділ тұрып орнынан,  
110 Боз тұлпарға ер салды.  
Тұрмады тұлпар осқырып,  
Батыр туған ер Жайық  
Жан-жаққа қарап зер салды.

Сонда Еділдің көзіне  
Түп орнымен қозғалып,  
Көшкен бір тау көрінді.  
Ұсақ-түйек таулардың  
Бәрі астына көмілді.

- Қиын-қия құз тастар  
120 Басқанынан атының  
Уатылып төгілді.  
Маңдайында екі көз  
Қараңғы түнде жарқырап,  
Табақтай болып көрінді.  
Қара дауыл керігі  
Қия жерден қырқалап,  
Жүрген сайын семірді.  
Бұлақтай атап теңізден,  
Бес мың құлаш керілді.

- 130 Дәуді көріп Еділ ер  
Сауыттарын киінді,  
Бір Аллаға сыйынды.  
Қайратын жинап бойына,  
Алатын құстай түйілді.

- Қара дәудің Еділ ер,  
Алдынан қарсы шығуға,  
Кездескен жерде сол дәуді  
Жерге ұрып тығуға.  
Іздеп келген сол дәудің  
140 Сүйегін күл қылуға.  
Ұмтылады ер Еділ  
Тамаша әлек салуға.  
Жауды өлтіріп ер Еділ,  
Мақтанып елге баруға.

Ақырады Қара дәу  
 Күркіреген күндей боп.  
 Аузынан шыққан ақ көбік  
 Бұрқырады жүндей боп,  
 Өзендегі сеңдей боп.

- 150 Сол арада Еділ ер  
 Есіне алды Жайықты,  
 Кім болжайды ғайыпты?  
 Ажал тура келсе де,  
 Ерлер қашан қаймықты.

Дәуге қарап ақырып,  
 Темір сауыт оранды,  
 Қолына алды құралды.  
 Дәуге қарсы шабуға  
 Салды айғай ұранды.

- 160 Сонда тұрып Қара дәу,  
 — Бетіңнен, Еділ, қайт! — деді, —  
 Атыңның басын тарт! — деді. —  
 Өлер жерің кез болды,  
 Далада шіріп жат! — деді.

Ажалың келді, өлерсің,  
 Қайратымды көрерсің.  
 Жаныңнан қорықсаң, Еділ ер,  
 Айтқаным көнерсің.  
 Қара дәудің қолынан

- 170 Өлуіңе сенерсің.

Еділ тұрып сол жерде:  
 — Өлер болсам, өлермін, —  
 Мықты болсаң, Қара дәу,  
 Қайратыңды көрермін.  
 Күл-талқан қылып, жерге ұрып,  
 Қара жермен теңермін!

Ашуланып Қара дәу,  
 Атына қамшы басады,



- Қайраты қатты тасады.  
180 Еділ дағы сол жерде  
Қайратқа қайрат қосады.
- Боз тұлпар сонда ышқынды,  
Ышқынып, қатты пысқырды.  
Атаңа нәлет, Қара дәу  
Ер сасарлық іс қылды.  
Еділден бұрын Қара дәу  
Талай жанға күш қылды.  
Қара дәудің қолында  
190 Талай жандар қиналып,  
Талай жандар күңіреніп,  
Бөрің дағы Қара дәу  
Тіршіліктен тыс қылды.
- Еділ батыр сол жерде  
Мұны ойына алмайды.  
Сонша жүрек қорқумен  
Сірә, күйсе, жанбайды.  
Қолма-қол барып белдеспей,  
Елдің айтқан сөзіне  
Еділ батыр нанбайды.  
200 Салмақтап күшін толғайды.
- Ашуменен Қара дәу  
Жақын келді Еділге.  
Кішігірім таудай жан  
Белдесуге жеңіл ме?
- Қара дәудің қараса,  
Қолтығында қысулы  
Таң қалғандай бір сұлу.  
Анықтап байқап қарасаң,  
Жалғыз-ақ онан күн сұлу.  
210 Қасы-көзі қиылған,  
Мұнан бұрын ел көрген  
Сұлулардың бөрінен  
Мына сұлу — шын сұлу!

Шынымен байқап қарасаң,  
Тал бойында міні жоқ.  
«Ай» деп аузын көресің,  
«Күн» деп көзін көресің.  
Қуат болса денеңде,  
Жолында соның өлесің.

220 Жібек талдай созылған  
Иығында алтын шаш.  
Қасы қара сызылған,  
Көзі — інжу, гауһар тас.  
Ақыл менен келбеті  
Мұнан ешкім артылмас.

Сымға тартқан күмістей,  
Мінсіз бойын көресің.  
Ол қыз тұрса алдыңда,  
Жүрегіңді басқаға  
230 Қайтып қана бөлесің.  
Еділді көріп зарлады:  
— Неге келдің, ағатай? —  
Бұл кәпірдің қолынан  
Мезгілсізден өлесің.

Менің де қырды елімді,  
Ойран қылды жерімді.  
Қолтығына қысып ап,  
Сындыра жаздап белімді.

Тілді алсаң, ағатай,  
240 Қарсыласпа мұнымен.  
Қопарып тауды лақтырад,  
Ашуланса шынымен.

Мұнан артық сөйлеуге  
Қара дәу ерік бермеді.  
— Ер болсаң, кел, — деп Еділге,  
Құлашын қатты сермеді.  
Тіл қатқанға сұлуға

Қара дәудей жауыздың  
Бойын ашу кернеді.

- 250 — Қала? — деді Еділге, —  
Батырсынған жігітке:  
— Атыспақ керек бола ма?  
Алыспақ керек бола ма?  
Ат үстінде найзамен  
Салыспақ керек бола ма?  
Бұл өнерім жақпаса,  
Қылыш алып қынаптан,  
Шабыспақ керек бола ма?  
Еш болмаса, белдесіп,  
260 Шалыспақ керек бола ма?

Еділ тұрып сол жерде:  
— Ей, Қара дәу, Қара дәу,  
Неге келдің бұл жерге,  
Қорқарың бар өлімнен?  
Естуші едім сыртыңнан,  
Өлімтік жеп семірген.

- Ат үстінде алысып,  
Найзаменен салысып,  
Қылышпенен шабысып,  
270 Жағаласып белдесіп,  
Мазақ па саған көрінген!

Маған бері қарағын,  
Садағымды аламын.  
Қанша батыр болсаң да,  
Басыңа қайғы саламын.

- Атып сені жықпасам,  
Қара жерге тықпасам,  
Артымдағы халқыма  
Не деп қана барамын!  
280 Атқан оққа жығылсаң,  
Басыңды кесіп аламын.

Қара дәу тұрып, ал сонда,  
— Батырсынған Еділ ер,  
Әуелгі кезек менікі,  
Соңғы кезек сенікі.  
Садағымды алайын,  
Басыңа қайғы салайын.  
Кезегімді беріп тұр,  
Атып байқап қарайын.

- 290 Еділ айтад: — Қара дәу, —  
Іздеп келген кім еді?  
Мен, сірә, іздеп барғам жоқ,  
Соғыспақ болып сенімен  
Іздеп келген сен! — деді. —  
Өзің келіп тиістің,  
Осы айыпты мойныңа ал,  
Кезегімді бер, — деді.

- Осы сөзге жығылып,  
Қара дәу кезек береді.  
300 Батыр туған Еділ ер  
Қара дәуге төнеді.  
Қайраты мен ақылы  
Еділ ердің кең еді.  
Сол кездегі батырдың  
Қайсысынан кем еді.

- Садағын оқтап безеді,  
Көздеудей-ақ көздеді.  
Бұл мөлшерде Еділдің  
Толып тұрған кезі еді.  
310 Батырсынған Қара дәу,  
Бір пәленің боларын  
Сонда ғана сезеді.

Табандап қатты тартады,  
Қайраты тасып артады.  
Астындағы керігі  
Тастақ жерде сіресіп,  
Тізесінен батады.

- «Дәл жүректің басы, деп,  
Сыбағаң сенің осы, деп,  
320 Мен халықтың досы деп,  
Сен адамның қасы», — деп,  
Табандатып атады.

Садағының оғы сарт етті,  
Қара дәудің көзінен  
Жасыл оты жарқ етті.  
Ауытқи аттан ол кетті.

- Қақ жүректің қасынан,  
Оң иықтың басынан,  
Ауыз омыртқа астынан  
330 Арнадай болып оқ өтті.  
Тасыған судай сарылдап,  
Оқ тиген жерден қан кетті.  
Ат үстінде ауытқып,  
Қара дәу тұр арылдап:  
— Кезегімді бересің, —  
Көресіңді көресің!  
Сол қолымда қайрат бар,  
Алысуға көнесің!

- «А» дегенше болмай-ақ,  
340 Батыр туған Еділдің  
Қасына жетіп келеді.  
Еш нәрсені тыңдамай,  
Сол қолмен келіп іледі.  
Еділ батыр, Қара дәу  
Бірін-бірі іледі.  
Бұларды көріп сұлу да,  
Құдайдан тілек тіледі.  
«Жарығым қайтып сөнеді,  
Зорлығына Қара дәу  
350 Қандай адам көнеді.  
Еділ сынды батырды  
Қара дәу кәпір сол қолы  
Қайтып қана жеңеді?»

Тісіне тісін егеді,  
Көзінің жасын төгеді.  
Қара дәудің бір қолы,  
Еділ сынды батырды  
Састырып қатты бөгеді.

360 Қара дәудің бір қолы  
Еділді қатты үйірді.  
Аспандаған бетімен  
Аяғы жерге түйілді.  
Еділ батыр, ал, сонда,  
Қайратына сыйынды,  
Жалғыздық жанға қиын-ды.  
«Қара дәудің бір қолы,  
Берер ме екен сыйымды», —  
Деп қайратқа мінеді,  
Ойға бір қайла келеді.

370 Ашадан қолды салады,  
Қара дәудің шатына  
Қолы жетпей барады.  
Еділ сынды батырды  
Қара дәудің бір қолы  
Көтеріп алып барады.  
Барлық күшін салады,  
Қара дәу естен танады.  
«Бере тұр мәдет, Құдай!» — деп,  
Қара тауды таудай ғып,  
380 Көтеріп жерден алады.

Күндей болып күркіреп,  
Арыстандай арылдап,  
Қара дәу барып құлады.  
Тұрмақ болып Қара дәу,  
Басын жерге ұрады.  
Тілек тілеп сұлу да,  
Шүкір ғып Хаққа тұрады.  
Ер Еділдің қайраты  
Жүрегіне ұнады.  
390 Асыл туған бұл ердің  
Қайратын қатты сынады.

Еділ айтты: — Қара дәу, —  
Неше шаптың елімді,  
Кездесе алмай жүруші ем,  
Бүгін алдым кегімді.  
Салмағыңды салып ең,  
Сындыра жаздап белімді.  
Кесіп алып басыңды,  
Жем қыламын құзғынға,  
400 Қазбай тастап көрінді.  
Көлденең көрген сұлуға  
Қара дәудің үстінде  
Еділ батыр қарасы  
Тау басында отырған  
Лашындай көрінді.

Қара дәудің сол жерде  
Басын кесіп алады.  
Кескілеп, шауып қылышпен,  
Борша-борша қылады.  
410 Сөйтіп барып Еділдің  
Жүрегі өбден тынады.

Атына қайта мінеді,  
Еділ батыр сұлудың  
Қасына жетіп келеді.  
Ақтұйғындай сұлуды  
Анықтап келіп көреді.  
Қызға көңілін береді.  
Сұлулығы бұл қыздың  
Еділ сынды батырдың  
420 Жүрегіне қайтсе де,  
Ғашықтық сезім береді.  
Қызды байқап қалмаққа,  
Көңіліне жақса Ақтұйғын,  
Өмірлік етіп алмаққа,  
Өлеңдетіп төнеді:

— Қалайсың, аманбысың, қарындасым!  
Қалайша сүйген жардан айырылғансың?

- Дүние де ғашықтықтың ісі қиын,  
Ажалға сала алмайды ешкім тыйым.
- 430 Өткен іске несіне қайғырасың,  
Басың жас, қайыры болар, шын тілесей,  
Несіне өле жаздап қаймығасың?
- Бұл батыр неге сонша кекеді екен,  
Кекеген сөз көкейден кете ме екен.  
Ақылды, данышпан, — деп ойлап едім,  
Ағаттық сіздей жаннан кете ме екен?  
Жөн сұраспай, келе сап кекетесің,  
Батырдан күткен үмітім бекер екен.
- 440 Қызы едім мен бір ханның еркелеткен,  
Өз жасым он алтыға биыл жеткен.  
Қара дәу үш күн, үш түн елім шауып,  
Зорлықпен мені еріксіз алып кеткен.  
Басқа түскен пәледен құтқарғанға,  
Сүйіп ем мен де сізді шын жүрекпен.
- Әкем хан мал мен басқа бірдей толған,  
Он жеті ағам бар еді маған қорған.  
Соғысып дәу қолында өліп кетті,  
Мені айырып алам деп болып құрбан.  
450 Жігіт болсаң, елімді бір көрсетші,  
Артымда кім бар екен тірі қалған?  
Қыз жылап сол арада кемсендеді,  
«Ағажан, сонан кейін жоқ — деп, — арман».
- Жаны ашып Еділ сонда қайырылады,  
Қыз естен талаусырап айырылады.  
Білген соң сыр жағдайды Еділ батыр,  
Қызды аяп қайта жауап қайырмады.
- 460 Қолына тиді батырдың  
Ақтұйғын аппақ білегі.  
Ақтұйғын қалды ессіз боп,  
Лүпілдеп соғып жүрегі.  
Еділ батыр сұлудың  
Шыққан тегін біледі.



Бес жастағы баладай,  
Алал ниетпен сұлуды  
Ат үстінен іледі.  
«Сабырлық бер, — деп, — жүрекке»,  
Еділ Хақтан тіледі.  
Өзінің туған еліне  
Қызды алып келеді.

- 470 Қыз әкесі бар екен,  
Айтқанындай елге хан екен.  
Ақтұйғындай сұлуға  
Талай адам зар екен.

- Сұлулығы Ақтұйғын  
Талай елге таралып,  
Атағы сұлу жетіпті.  
Бірнеше ханның мырзасы  
Алуға талап етіпті.  
480 Құдалыққа сөйлесіп,  
Ел жиналып жатқанда,  
Қара дәу алып соғысып,  
Тартып алып кетіпті.

Ақтұйғын сұлу жолында  
Сан мөлшерсіз адамдар  
Жандарын құрбан етіпті.  
Ақтұйғын сұлу батырға  
Айтқанына жетіпті.

- Отыз күн ойын қылады,  
490 Қырық күн тойын қылады.  
Молдаларды шақыртып,  
Некесін оқып қияды.  
Бірін бірі сүйісіп,  
Жандарын пида қылысып,  
Еділ менен Ақтұйғын  
Бірнеше айлар тұрады.  
Көңілдері ұнады.  
Сағынса да Жайықты  
Еділ батыр шыдады.

500 «Ұмыттың ба мені, Еділ!» — деп,  
Бір күн түнде түсіне  
Түсті Жайық есіне.  
Тамақ ішпей жатыпты,  
Ертеңгі күн кешіне  
Еділ айтты: — Ақтұйғын, —  
Бар сырымды мен сенен  
Жасырайын несіне.

Мен елімнен шыққанда,  
Іздеп шықтым Жайықты.  
510 Алла салса басыңа,  
Кім болжайды ғайыпты.  
Сыртынан естіп Жайықтың,  
Талай дұшман қаймықты.  
Ерлікпенен ер Жайық,  
Атағын жұртқа жайыпты.

Бұл өлкеде мені де  
Аңдыған дұшман көп еді.  
Тірлігіме менің де  
Талай дұшман күйініп,  
520 Талай достар сүйініп,  
Мен үшін қайғы жеп еді.  
Айтқан сөзі ағаның  
Маған ақыл, ем еді.  
Аян беріп түсіме,  
«Іздеп кел, — деді, — Еділім! —  
Бір көрсең деп, — еді.»

Ақтұйғын сұлу сөйлейді,  
Батырдың қарап бетіне.  
Сұлудың көзі жетіп тұр  
530 Тоқтамайтын ниетіне.

— Ай, батырым, батырым!  
Дүниенің көрдім қапылын.  
Біраз тоқтап, тым құрыса  
Айтып кетші ақылың.

Қара басың бір күнде  
Мың сан қолға татыдың.

- Енді тірі көрем бе,  
Алдыңда жан берем бе?  
Өзіңнен басқа адамға  
540 Өлсем дағы ерем бе.  
Төбемнен алтын қойса да,  
Алдауына сенем бе?  
Тым болмаса, бытырым,  
Бүгінше аял ете гөр!  
Арыздасып, қоштасып,  
Мен сияқты бейбақтың  
Көңілін аулап кете гөр.

- Бұл сөзге көңіл бұрады,  
Ақтұйғын қолқа сұрады.  
550 Көзі қимай сұлуға  
Бір күнше қонып жатпаққа,  
Аял етіп тұрады.  
Сабырлық қылып Аллаға,  
Сүйген жардың қасында  
Бір күнде болса ер Еділ  
Сабырлық қылып шыдады.  
Еділ ердің көңіліне  
Сұлудың сөзі ұнады.  
Таң сарғайып атқанда,  
560 «Оянып сұлу кетер», — деп,  
Киімін қымтап орады.  
Ұйқысы сұлу қанғанша,  
Оянып өзі тұрғанша,  
Қару-жарақ, сайманын  
Дайындатып қояды.  
Ойдағы арман, қайғыны  
Ерлікпенен жояды.  
Жол азыққа алдырып,  
Қысырдың тайын сояды.  
570 Талай сапар жолдарда  
Суды қанға бояды.  
«Тәуекел!» деп Тәңірге,

Қызығына тірліктің  
Еділ батыр тояды.  
Арғымақты алдырды,  
Үстіне ер салдырды.  
«Өз еркімен тұрсын, — деп, —  
Көңілін маған бұрсын» — деп,  
Қарайлап тосып тұрады.

- 580 Ақтұйғындай балдырды,  
Сол сұлудың қайғысы  
Ер жүрегін талдырды.  
Ақтұйғындай сұлудың  
Сүйіспендік қайғысы  
Ер жүрегін жандырды.

- Ұйқысы қанып, нұрлы бет  
Ақтұйғын сұлу оянды.  
Дайындалып Еділ ер,  
Жүретін мезгіл таянды.
- 590 Ақтұйғындай сұлуға  
Жол жүруі батырдың  
Жүрегіне аян-ды.

- Сұлу тұрып орнынан,  
Жібек шашын тарады,  
Алды-артына қарады.  
Жүргелі тұрған батырдың  
Иығына артыла,  
Мойнына құшақ салады.
- 600 Ақша жүзі албырап,  
Көзіне жас алады.  
Жүректе қайғы, құса боп,  
Көзінің жасы домалап,  
Көгал жерге тамады.  
Еділ батыр жүрмекке,  
Көк арғымақ мойнына  
Жібек арқан тағады.

Бәйшешектей мөлдіреп,  
Қызғалдақтың гүліндей

- Екі беті албырап,  
610 Иығы түсіп салбырап,  
Буыны құрып салдырап,  
Еділ ердің күйігі  
Сұлудың сымбат денесін  
Күйдірет те, жандырад,  
Сұлуды естен тандырад.
- Жүрейін десе Еділ ер,  
Сұлуды көзі қимамайды.  
Жүрмейін десе сапарға,  
Жайықсыз көңілі тынбайды.
- 620 Сонда тұрып Еділ ер  
Жүректі біраз ашпаққа,  
Мауқын сөйтіп баспаққа,  
Құшақтап тұрып сұлуды,  
Сонда батыр жырлайды:

— Қанатын жайса арғымақ,  
Құстай болып ұшамын.  
Бір сен үшін, Ақтұйғын  
Жазылмайтын құсамын.

- Көк арғымақ баурынан  
630 Талай жерде қан ақты.  
Дүниеде таппадым  
Мұнан артық қанатты.  
Жылама, көздің жасын ти,  
Мені Құдай әуелде  
Бір сен үшін жаратты.  
Ажал жетсе далада,  
Қаза тауып өлермін.  
Қарсы келген дәу болса,  
Талайын қанмен бөгермін,  
640 Қанын судай төгермін.  
Ажал жетпей Құдайдан,  
Мезгілсіз қайтып сөнермін.  
Тірі болсам дүниеде,  
Жайықты көріп келермін.

Ажал жетіп өлмесем,  
Ақтұйғын, сені бір күнде  
Қайта айналып көрермін.

Әй, Ақтұйғын, Ақтұйғын!  
Сүйіп алған жар едің.  
650 Қарсыласқан жау келсе,  
Қарсы шапсам бір өзім,  
Мың сан қолға пар едім.  
Өзіндей жармен тұруға,  
Мен жасымнан зар едім.

Өсіп тұрған гүлімсің,  
Жанып тұрған нұрымсың,  
Жанға қысым келгенде,  
Аузымдағы жырымсың.

Сені өмірде қия алман,  
660 Көздің жасын тия алман.  
Батыр болдым жасымнан,  
Талай іс өтті басымнан.  
Қош-аман бол, Ақтұйғын!  
Кетемін енді қасыңнан, —

Деп атына мінеді,  
Жолдассыз жалғыз жүреді.  
Бұрылмады артына,  
Қамшы басты атына.  
Ұзақ жолға бет алып,  
670 Қайратқа сүйеп қайғысын,  
Түсті батыр қалпына.  
Сол кеткенен кетеді,  
Талай қия құздардан  
Қырқалай кесіп өтеді.  
Аз ғана жер жүрген соң,  
Көңілді батыр көтерді.

Еділ ер соныменен бара берді,  
Сүйген жары артында қала берді.

- Еділді іздеп елінен Жайық шықты,  
680 Жаратып мықынынан Танагерді.
- Танагер шапса тізгін тартады екен,  
Жүрісі шапқан сайын артады екен.  
Жол жүріп неше күндей Жайық батыр,  
Демалып бір өзенде жатады екен.
- Жатқан жері қарағай, қалың ағаш,  
Мына жағы Үңгір тау, биік жартас.  
Жезтырнақ, дию-пері мекендейтін,  
Жәндіктер неше түрлі адамға қас.  
Жайбарақат дем алып батыр жатты,  
690 Сезініп, ешнәрседен қауіп қылмас.  
«Бір аң атып» жесем деп батыр жатты,  
Ет жемеген неше күн қарны аш.  
Түшіркеніп дем алып жаңа ғана,  
Тиіп еді ұйықтауға шалғынға бас.
- Сол арада ер Жайық ызғап кетті,  
Жақын жерден бір хайуан дүбірлетті.  
Дүбірлеген дыбысқа қараймын деп,  
Жайық батыр оянып тұрып кетті.
- Ер-тоқымды, тұсаулы жалғыз құлан,  
700 Үркіп келед елеңдеп онан-сонан.  
Ұстамақ боп байқады алды-артынан,  
Ұстатпады бұлтақтап бұлан-талан.
- Ашулы батыр садақ қолына алды,  
Қос оқпен сығалап қырына алды.  
Ойқастап бет алдына келгенінде,  
Құланды құлшындырып басып қалды.
- Бүкшиіп дір-дір етіп құлан тұрды,  
Оқ өтті қос өкпеден сегіз қырлы.  
Азық үшін құланды атып алып,  
710 Жаратқанға Ер Жайық шүкір қылды.  
Құланның етін турап, қарынға сап,  
Көмді да қоламтаға, көңілі тынды.

Үстіне қарағайды қойды жағып,  
 Қазансыз ет пысырды қайла тауып.  
 Отты өртеп үсті-үстіне жағып жатыр,  
 Иенде ешнәрседен қылмай қауіп.

720 Ет пысты бір уақытта буы шығып,  
 Ішіне сүйек-саяқ қойған тығып.  
 Күйер деп ыстық еттен қауіп қылмас,  
 Асады оңды-солды қолын сұғып.  
 Ет пен сүйек бөлініп арсаланып,  
 Тәтті боп пысқан екен әбден бығып.

Сол мезгілде бір әйел келіп жетті,  
 Аяқ басқан жүрісі тіпті епті.  
 «Япырым-ау, сіз не деген жан едің?!» — деп,  
 Өтірік таңданғансып сық-сық етті.

730 Отырды пышақпенен мүжіп сүйек,  
 Сыбанып шынтағынан екі білек.  
 «Бір асылды асылға салуын», — деп,  
 Әйел тұр монтансып күлімсіреп.

Етті жеп, жапыраққа қолын сұртті,  
 Таңырқап әлгі әйел тағы да үрікті.  
 «Япыр-ай, майды майға сұртуін,» — деп,  
 Аяңдап келе жатыр жақын тіпті.

Сезініп сонда батыр ашуланды:  
 — Көрмедім өзім туып сендей жанды. —  
 Өлесің жақындасаң, кет, жөнел! — деп,  
 Қылышын шаппақ болып қолына алды.

740 — Иә, батыр, ашуланба, кетейін мен,  
 Бұл жерде сеніменен болмаспын тең.  
 Байымның мінген атын сойып жедің,  
 Мықты болсаң, мен сені кейін көрем.  
 Жайық батыр сен болсаң, білдім енді,  
 Тірі болсақ, жазаңды бір күн берем.



Жаман ғой, Жайық батыр, құлқыныңыз,  
Байымның атын сойып жұтуыңыз.  
Өлтірсең бірімізді өлтірерсің,  
Құрытар тұқымыңды тұқымымыз.

- 750 Мұны айтып, әлгі әйел кетті тайып,  
Көзді ашып-жұмғанынша болды ғайып.  
— Пері ме, сайтан ба? — деп ойлап қалды, —  
Жан жүрмейтін бұл жерде, бұл жүр неғып? —

Деді да, Жайық ойлайды,  
Ойланып қатты толғайды:  
«Анық дұшман осы екен,  
Қашуға бұдан болмайды.  
Белгісіз жерде кез болса,  
Жазым қылмай қоймайды.

- 760 Бір қайла ойлап табайын,  
Бүгінше мұны бағайын.  
Егер келсе бұл жерге,  
Тарттырайын сазайын.  
Қиындық, қатер істердің  
Көрдім ғой мен де талайын.  
Елсіз, күнсіз, құла жүз,  
Жан жүрмеген маңайым.  
Сәтін салса бір Құдай,  
Жаудан кекті алайын», —

- 770 Дегі ойланды Жайық та,  
Көз жетпейді ғайыпқа.  
Қысылшаң істен қысылып,  
Батырлар, сірә, тайып па?

Қолына садақ алады,  
От басына әкеліп,  
Қарағайды сұлатып,  
Үстіне киім жабады.  
Бір таса жерде отырып,  
Ұйықтамай қарап бағады.

- 780 Түніменен отырып,  
Жезтырнақты күтеді.  
Түн ортасы болғанда,  
Жай түсіп, күн күркіреп,  
Жаңбыр жауып сіркіреп,  
Бұршақ ұрып дүркіреп,  
Қараңғы тұман түтеді.
- Сол мезгілде шыдамай,  
Батыр да мызғып кетеді.  
Ұйықтауына батырдың  
Біраз мезгіл өтеді.
- 790 Көзін ашып қараса,  
Таң сөгіліп келеді.  
Елеңдеген алыстан  
Бір қараны көреді.  
Келе жатқан сол қара  
Алды-артына қарамай,  
От басында жабулы  
Қарағайға төнеді.  
Жайық та аңдып дұшманын,  
Садағын оңдап кезеді,
- 800 Жебелі отты безеді.
- Сол мезгілде әлгі жау  
Құлашын кең кереді.  
«Осы жатқан Жайық» деп,  
Өзіне өзі сенеді.
- Тарбайтып саусақ жаяды,  
Қаршылдатып тістерін,  
Біріне бірін егеді.  
Жарты құлаш боп кетті  
Ұзын саусақ жебелі.
- 810 Болат па, жез бе, темір ме?  
Сыптығыр үшкір саусағын  
Жайық батыр көреді.
- Арандай аузын ашады,  
Қайраты қатты тасады.

«Ызаң өтті, Жайық!» деп,  
Қарш еткізіп саусақпен  
Қарағайды басады.

Қарағай сонда қарс етті,  
Он арқан бойы жерлерге  
820 Жаңқасы ұшып ол кетті.  
Жайық батыр сол жерде  
Сұрады Хақтан мәдатты.

Іздеп келген жезтырнақ  
Сонда ыржиып күледі.  
Үстіндегі киімді  
Қолмен сығып, бүреді.  
«Еті қалды қолымда,  
Уатылып сүйегі».  
Жинастырып жаңқаны,  
830 Бір жерге өкеп үйеді.

Жайықта шыдап бағады,  
Үйіп қойып жезтырнақ,  
Алды-артына қарады.  
«Күл қылам!» деп сүйегін,  
Астынан от жағады.

Қарағай лаулап жанғанда,  
Қатты күлді қарқылдап,  
От өртенді жарқылдап.  
Күлкісіне залымның  
840 Жаңғырды тау шартылдап.

Сонда тұрып ер Жайық,  
Аллаға шүкір қылады,  
Садақтың бауын бұрады.  
Көремін деп қызығын,  
Көп уақыт шыдады.  
«Өртедім, — деп, — сүйегін»,  
Жезтырнақ дұшман сықылдап,  
Мақтан күлкі қылады.

- 850 Табандап садақ тартады,  
Қайраты ердің артады.  
Бейғам күліп тұрғанда,  
Садақпен Жайық атады.
- Жезтырнақ барып құлады,  
Орнынан қайтып тұрады.  
Жасырып бойын көрсетпей,  
Өрлеп қашып жыраны.  
Қашқан бетін байқап ап,  
Артынан Жайық қуады.
- 860 Қан ағып жатыр жосылып,  
Жүрген сайын шашылып.  
Арасымен тасаның  
Жезтырнақ қашты асығып.  
Кетіп барад жезтырнақ,  
Сүйретіп қолын асығып.
- Жолға түсіп зарлады,  
Жығылып, сірә, қалмады.  
Көріп алып мекенін,  
Құртуға тұқымын,  
Артынан Жайық қалмады.
- 870 Жезтырнақ жолда тұрмады,  
Атуға тағат қылмады.  
Қуғанынан жеткізбей,  
Сай-саланы қырқалап,  
Көз ілеспей зырлады.
- Батыр туған ер Жайық  
Қосқа қайтып келеді.  
Танагерге ер салып,  
Қумақ болып артынан,  
Атына қарғып мінеді.
- 880 Ойға бір іс келеді,  
Кешегі атқан құланның

Қалған етін көреді.  
Қайта түсті атынан,  
Қалған етті пысырып,  
Бірін баптап жегелі.  
«Ас — адамның арқауы»  
Деген сөз бар мақалда,  
«Қандай күн басқа келеді?»

890 Деген оймен пысырып,  
Етке әбден тояды.  
Қалған етін терекке  
Қақтап іліп қояды.

Біраз мезгіл өткенде,  
Күн түс ауып кеткенде,  
Атқа қайта мінеді.  
Жолға түсіп «Алла!» деп,  
Қан аққан ізбен жөнелді,  
Жолда біраз бөгелді.

900 Сол кеткеннен кетеді,  
Бірнеше қырдан өтеді.  
Астындағы Танагер  
Соққан бір желге теңелді.  
Жүрісіне атының  
Батырдың өзі сүйсініп,  
Шапқан сайын кенелді.

Еті қызып Танагер,  
Арандай аузын ашады.  
Ұстаған қолды шыдатпай,  
Ауыздықты басады.  
910 Жауға аттанған Жайықтың  
Қайраты судай тасады.  
Жайықтың бет алдынан  
Талай жыртқыш аңдар да  
Сасқалақтап қашады.  
Қаша алмаған аңдарды  
Танагер баптап басады.

- Жаудан кекті алмаққа,  
 Табанына салмаққа,  
 Жайық сынды батырдың  
 920 Көңілі судай тасады.  
 Бір мезгілдер болғанда,  
 Жайықтың тура алдынан  
 Бір үлкен жартас көрінді.  
 Екпінімен Танагер  
 Жүз арқан бойы керілді.  
 Жетіп келсе жартасқа,  
 Тастан қақпа жонылған,  
 Ішінен құлып салынған.  
 930 Көзін салып қараса,  
 Жанып жатыр ішінде от,  
 Будақтап түтін ағылған.  
  
 Жетіп келіп қақпаға,  
 Айғайлады ер Жайық:  
 — Бұл қақпада кім бар? — деп,  
 Шыға келді бір жігіт:  
 — Күзетіп тұрған мен бар, — деп. —  
 Асықысың өлімге,  
 Әйтпесе, мұнда нең бар? — деп.  
 Жалғыз көзді жезтырнақ  
 940 Осы болар қақпасы.  
  
 — Сондай бір алып ер бар, — деп,  
 Жайық айтты сол жерде —  
 Ашып жібер қақпаны.  
 Өзіңе мәлім, жігітім,  
 Жайық сынды батырдың  
 Өзер іздеп тапқаны.  
 Мен келемін сол дәудің  
 Басына қылыш шапқалы,  
 Мойнына арқан таққалы.  
 950 Айтқаныма көнбесе,  
 Жетелеп елге қайтқалы.  
 Қақпаны ашты сол жігіт,  
 Басқа жауап қатпады.

— Жайық батыр сен болсаң,  
Кел, қақпаға ең, — деді. —  
Зорлықпен жұмсап отырған  
Тұтқын едім мен, — деді.  
Мен де өзіңе тілектес,  
Жайық батыр, сол дәуді,  
960 Не қылсаң да жең! — деді.  
Осы дәудің қолында  
Бірнеше тайпа ел, — деді.  
Осыларды босатсаң,  
Сауабына қаласың,  
Бұл сөзіме сен! — деді.

Қақпаға Жайық кіреді,  
Құдайдан дәрмен тіледі.  
Бір оқиға боларын  
Сонда байқап біледі.  
970 Белгісіз нәрсе бұларға,  
Кімді кімнің жеңері.  
Заманында ер Жайық  
Талай жауды талқандап,  
Топыраққа теңеді.

Қақпаның түрін көреді,  
Ой жүректі бөгеді.  
Жезтырнақтың ұрқында  
Жайық үшін жоғалмас,  
Сүйегінен кетпейтін  
980 Арылмас үлкен кек еді.

Бір есік тұр жартаста  
Тас қып жабулы,  
Тастан құрсау салулы.  
Екі адам тұр қасында  
Қол-аяғы таңулы.  
Сол адамның мойнында  
Темір арқан шалулы.

Жайықты көріп екі адам,  
Қамығып қатты жылады.  
990 Қабағында қайғы бар,  
Қатты уәйім қылады.

— Батыр туған ер Жайық,  
Бітімің ерге лайық.  
Бізді босат кәпірден,  
Жолыңа құрбан қылайық.  
Тілегің тілеп, ер Жайық,  
Хаққа дұға қылайық.

Жайық тұрып сол жерде,  
Жартасқа қадам басады.  
1000 Тас есікті қолымен  
Бірақ тартып ашады.

Сонда есік ашылды,  
Кіріп келіп ер Жайық,  
Қараңғы үйге атылды,  
Ердің ісі батыл-ды.  
— Ұйықтап жатқан жалғыз көз,  
Жаның болса бойыңда,  
Көтер, — деді, — басыңды!

Жалғыз көзді жезтырнақ  
1010 Сонда басын көтерді.  
Ешнәрсе алмай ойына,  
Тәкаппарсып жөтелді.

— Ершігесіп сен неме,  
Неге аласың мазамды?  
Тартарсың енді сазаңды!  
Басыңды кесіп қылышпен,  
Келтірейін қазаңды, —

Деп орнынан тұрады,  
Қатты ашу қылады.  
1020 Тырнақтарын тарбитып,  
Жайықты келіп ұрады.

Жезтырнақтар жабылды,  
Денесіне батырдың  
Көп тырнақтар салынды.  
Жайық та Хақтан тілейді:  
«Қалдыр, — деп, — Алла жанымды!».



- Жанжал-ұрыс болады,  
Жайық батыр қылышпен  
Талайын сілтеп ұрады.  
1030 Жайық батыр қолынан  
Жезтырнақтың талайы  
Қаза тауып құлады.  
Жайық батыр тізеден  
Қызыл қанды кешіп жүр,  
Еш адамға белгісіз  
Аяғы қалай тынары.
- Тырнағымен жезтырнақ  
Жайыққа жара салып жүр.  
Жезтырнақтар жабылып,  
1040 Жайықтан кекті алып жүр.  
Жан аямай Жайық та,  
Қылышын қанға малып жүр.  
Кім екенін Жайықтың  
Жезтырнақтар танып жүр.  
Жайық жалғыз, жауы көп,  
Төтеп беріп соларға,  
Жайық та қатты талып жүр.  
«Еділді көрмей өлем» деп,  
Іші күйіп, жанып жүр.
- 1050 Бір күн, бір түн жезтырнақ  
Жайықпен ұрыс салады.  
Халі бітіп, қалжырап,  
Жайық та естен танады.  
Денесінің барлығы  
Алпыс жерден жаралы.  
«Құдай мәдат бермесе,  
Жеңілдім», — деп Жайық ер  
Қатты кейіп налады.  
Жайық жалғыз, жауы көп,  
1060 Келтірмей тұр шаманы.
- Жан алқымға келіп тұр,  
Ажал жетіп, төніп тұр.  
Еділден сөзді бастайын,  
Тыңдаушы, сөзге мойын бұр.

Бірнеше күн жол жүріп,  
Арып-шаршап шөл жүріп,  
Еділ келді қонаға  
Жайықтың жатқан жеріне.  
«Бұл маңайда не қылса,  
1070 Батыр Жайық болмасын.  
Мені іздеп сол батыр,  
Осы араға қонбасын».

Деген оймен ер Еділ  
Жан-жағына қарады,  
Етті көріп қалады.  
Оты сөнген қараса,  
Қайтадан от жағады.  
Ет қақтап жеп алып,  
Түспек болып ізіне,  
1080 Ойға бір іс алады.  
Қақтап етке тояды,  
Қалғандарын орнына  
Қайта іліп қояды.  
Ізге түсіп жүрмекке,  
Не болса да көрмекке,  
Атына ер салады.  
Ат та демін алады,  
Есіл туған ер Еділ  
Ізге түсіп барады.

1090 Қырқаны кесіп көлденең,  
Жазық жерден жайылып,  
Бір-ақ аттап барады.  
Ізімен барып тұлпардың,  
Сол қақпаны табады.  
Сол мезгілде жезтырнақ  
Жайық сынды батырды  
Шалқасынан салады.  
Жан алқымға барады,  
Жайық естен танады.  
1100 Рақымы жоқ жезтырнақ  
Саусақтарын тарбитып,  
Кеңірдектен ұрмаққа,  
Қолды оңтайлап алады.

- «Тарт қолыңды Жайықтан!»  
Деген дауыс саңқ етті,  
Болат қылыш жарқ етті.  
Жезтырнақтың басына  
Өткір алмас сарт етті,  
Ұшып басы ол кетті.
- 1110 Талайдан бейнет көрісіп,  
Зарығысып жүріскен  
Екі батыр көрісіп,  
Арманына бір жетті.
- Екі батыр, екі дос,  
Бірін-бірі көрісті.  
Сүйісіп, қатты жыласып,  
Құшақтап қолтық керісті.  
Жезтырнақтар қирады,  
Батырлар алды жеңісті.
- 1120 Көздің жасын төгісті,  
Тірі күнде батырлар  
Арманына жетісіп,  
Иіліп сәлем берісті.  
«Бұдан былай Құдайым,  
Ұзатсын деп ұрысты» .
- Көп адамдар сол жерде  
Тұтқын болып қалыпты  
Жезтырнақтың қолында.  
Екі батыр босатты,
- 1130 Бостандық етіп оны да.  
Разы болып ел кетті,  
«Құрбанбыз» деп батырлар,  
Сіздер үшін жолыңда.
- Батырлар тізе қосады,  
Көңілдері тасады.  
Жауды қырып біткен соң,  
Құшақтасып, сүйісіп,  
Көңілдерін басады.  
Еділ, Жайық батырдың

1140 Екпіні судай тасады.  
Жезтырнақтың қолында  
Тұтқын жандар босады.  
Қос тіккен жерге қайтып кеп,  
Құланның қалған етін жеп,  
Біраз күн өмір жасады.  
Тұтқыннан босап барғандар  
Істің неден тынғанын  
Елге барып шашады.

1150 Жайық батыр елінде  
Қарамес деген хан еді.  
Өзі арам, рақымсыз,  
Қара ниетті жан еді.

Сол хан естіп хабарды,  
Қорқып қатты сасады.  
— Жайық батыр, сені, — деп,  
Азуын қарыш-қарыш басады.  
Бас уәзірі Жантайлақ  
Келіп ақыл қосады.

1160 Бас қосып, ақыл қылады,  
Ақыл ханға ұнады.  
Еш адамға белгісіз  
Аяғы немен тынады.  
Үш күннен қалмай көшуге,  
Елге жарлық қылады.  
«Жезтырнақпен жау болдық,  
Жайық батыр өліпті.  
Тезірек жерден көшпесек,  
Қалған елді қырады».

1170 Үш күнде ел көшеді,  
Еш адамға белгісіз  
Көштің қайда тұрағы.  
Батырлар жатыр далада,  
Неден уайым қылады.  
Не болса бірге көрмекке,  
Өмір бойы бір жүріп,  
Тамаша өмір сүрмекке,  
Батырлар да шыдады.

- Қайрасаң асыл өтеді,  
Жанысаң болат кеседі.  
1180 Екі батыр қосылып,  
Көңілдері өседі.  
«Арман болмас дүниеде  
Өліп кетсек деседі.  
Тірі күнде әркімнен  
Дүние-пәни көшеді.  
Тізе қоссақ екеуміз,  
Қандай жаулар болса да,  
Құртылар өсегі», —
- Деген сөзбен батырлар  
1190 Уайымсыз жатады.  
Қалың шатқал ішінде  
Ерігіп садақ атады.  
Атқан оғы қайрылмай,  
Қарағайға батады.  
Елді ұмытып, сауық қып,  
Қалың шатқал ішінде  
Сайрандап олар жатады.
- Еділ айтар Жайыққа:  
— Баралық, батыр, еліңе,  
1200 Кешегі жүрген жеріңе.  
Сен де барып амандас,  
Ауылдағы теңіңе.
- Еділ батыр, елімде  
Қарамес деген ханым бар,  
Қызыл қара атты жарым бар.  
Барғың келсе еліме,  
Алыс емес жақында,  
Күншілік жерден табылар.
- Қарамес бізге хан, — деді,  
1210 Рақымсыз жан, — деді.  
Шамасы келсе өлтірет,  
Айтқанын хан келтірет,  
Бұл сөзіме нан, — деді.  
Ақылы жоқ, ары жоқ,

Қасықтай алал қаны жоқ,  
Тәкашпар, қорқау, паң, — деді.

- Олай болса, батыр-ау,  
Сол ханды барып шабалық.  
Бүйтіп босқа жүргенше,  
1220 Қапысын сөйтіп табалық.  
Қолындағы мал-мүлкін  
Олжа қылып алалық.  
Хан болатын біреуді  
Ел ішінен табалық.

- Жайық батыр сол жерде  
Қиналып қатты ойлады,  
Ой түбі таяз болмады.  
Жайық батыр басына  
Талай ойлар орнады.  
1230 «Өз елімді шабамын,  
Онан не ақыл табамын»,  
Бұл жағын да толғады.

Жайық айтат: — Еділ-ау, —  
Өз елімді шаппақпын,  
Ұры отын жақпақпын.  
Туысқанды қырып сап,  
Онан не ақыл таппақпын?  
Жалғыз ханның басы үшін  
Талай елді атпақпын.

- 1240 Бұлай ойран салғанша,  
Елге шауып барғанша,  
Қарамес ханды өлтірсек,  
Иманын бойға келтірсек.  
Бар халықты жинап ап,  
«Хан өлді» деп естіртсек.

Осылай ақыл табайық,  
Сүйегін өртеп жағайық.  
Қараместің хандығын  
Қолынан сөйтіп алайық.

- 1250 Осыған ақыл қояды,  
Уайымды да жояды.  
Қалған етін құланның  
Пісіріп жеп тояды.
- Аттарына мінеді,  
Елге таман жүреді.  
Шашақты найза қолға алып,  
Жамбасына тіреді,  
Садақты белге іледі.  
«Әмсе сақта, Құдай!», — деп,
- 1260 Алладан мәдат тіледі.  
Бір күншілік жол жүріп,  
Ел қалған жерге келеді.
- Келсе батыр елі жоқ,  
Шалқып жатқан қоныста  
Қонған елдің бірі жоқ.  
Басқан іздің кірі жоқ,  
Із табылар түрі жоқ.  
Тас, ағаш, қайың, қарағай  
Айтатұғын тілі жоқ.
- 1270 Құлазып қонған жұрт жатыр,  
Кешегі күннің бірі жоқ.
- Екі батыр сол жерде  
Таң-тамаша қалады.  
Ызасына Қарамес  
Жайық күйіп-жанады.  
Маңайынан із шалып,  
Іздестіріп қарады.  
Байлаулы жатқан жерінен  
Қызқараны табады.
- 1280 Кірпігі жатыр қимылдап,  
Жайық ерді көрген соң  
Көзінен жасы тамады,  
Өлсіреп қатты налады.  
Қол-аяғын шешкен соң,  
Халі бітіп, қиналып,

- Жан-жағына қарады.  
Жайық батыр жарына  
Аздап тамақ береді.  
Аузына дәм барған соң,  
1290 Есін жиып алған соң,  
Көтеріп басын алады.  
Талықысып кетіп тағы да,  
Тізесіне Жайықтың  
Өзер басын салады.
- Бір мезгілде әлденіп,  
Қызқара айтты көргенін.  
«Жайық өлді» дегенге  
Халықтың бәрі сенгенін.  
1300 Жезтырнақпен соғысып,  
Жезтырнақтың жеңгенін.  
Жезтырнақтан ел қорқып,  
Аударуға қонысты,  
Амалсыздан көнгенін.  
Іздемек болып Жайықты,  
Қызқара атқа мінгенде,  
Хан жарлығы бойынша,  
Байлап жаза бергенін.
- Қызқара сонда білмеді  
Көштің қайда кеткенін.  
1310 Жалғыз-ақ соны сезеді,  
Ұрып жығып, байлап ап,  
Етіне жара еккенін.  
«Көзі көрмей қалсын» деп,  
Көзіне құм сепкенін.
- Мінгестіріп атына  
Қызқараны алады.  
Елді іздеп таппаққа,  
Қарамес ханды шаппаққа,  
Екі батыр қырқалап,  
1320 Даланы кезіп шабады.  
Кешкіріп күн батқанда,



- Қонып жатқан қонысқа  
Бір тайпа елді табады.  
«Құдайы қонақ бізбіз», — деп,  
Ұлықсат сұрап бір үйге  
Екі батыр қонады.  
«Батырларға құрмет», — деп,  
Сұрап қонған үйлері  
Қонақасы сояды.
- 1330 Жөн сұрасып білген соң,  
Үй иесі сезеді  
Еділ, Жайық батырды.  
Елін шауып Тобыл хан,  
Таппай жүрген ақылды.  
Жаудан күшің аспаса,  
Жеңіп салмақ баспаса,  
Жау қайтармас ақыңды.
- Батырларды сезген соң,  
Қонақ үйдің қожасы
- 1340 Ханға хабар береді.  
Ханға хабар берген соң,  
Батырларды білген соң,  
Хан аттанып келеді.
- Еділ, Жайық батырым!  
Бойларыңда бәрі бар  
Қайрат пенен ақылың.  
Осы күнде болмай тұр  
Сендерден басқа жақыным.
- Қалмақ алды жылқымды,
- 1350 Қолымдағы мүлкімді.  
Ойсыратып шауып тұр,  
Қарауымда халқымды,  
Бұзып кетті салтымды.  
Құртып кете жаздады,  
Ұрпағым мен артымды.  
Сырттағы малға тоймады,  
Қазына еді, қамтыды.

- Қолында кетті сол жаудың  
Халқымның күміс-алтыны.  
1360 Сол қалмақтың ішінде  
Бір батыры бар екен,  
Күшті екен тіпті қарқыны.  
Аты — Тоғын батырдың,  
Тау ұшырып, тас жарад  
Тоғын батыр қарқыны.  
Бойын ашу кернепті,  
Ісіп-кеуіп алқымы.  
Осы жауды шауып бер,  
Сен сияқты батырдың  
1370 Тимей ме біздей пақырға  
Жақсылық лебіз салқыны.  
Тоздырып кетті елімді  
Осы жаудың толқыны.  
Мен отырып ойлаймын,  
Сіздей батыр адамның  
Болмайды ғой қорқуы.
- Еділ, Жайық сол жерде  
Қалмақты қарсы шаппаққа,  
Тобыл ханға келісті.  
1380 Қалмақты шауып келуге,  
Қатты уәде берісті.
- Тобыл хан елін жияды,  
Көзінің жасын тияды.  
Уәде берсе батырлар,  
Ғазез жанын қияды.  
Он бес мың адам жинауға,  
Еліне жарлық қылады.  
Жиырма мың адам жиналды,  
Жиырма мың адам ішінен  
1390 Еділ менен Жайықтай  
Батыр таппай Тобыл хан,  
Сонда қатты қиналды.  
Жоқтығынан батырдың  
Қалмақтан қазақ қиралды.

- Жауға аттанған жігіттер  
Артында қалған еліне  
Қоштасып қатты көрісті.  
«Қандай халда болам?» — деп,  
Көзінің жасын төгісті.
- 1400 «Тәуекел ісі» деп батырлар,  
Жылағанды жақтырмай,  
Жариялап сөгісті.  
«Қалмақтан кетпес кегіміз,  
Аламыз, — деп, — жеңісті».  
Ақсақалдар жиналып,  
Ақ батасын берісті.  
Еділ менен Жайыққа  
Ырза болды көп халық,  
«Жігіт-ақ» деп келісті.
- 1410 Жиырма мыңға бас болып,  
Екі батыр жөнелді.  
Батырлардың аттары  
Жүрген сайын кенелді.  
Ойпаң жерден орғытып,  
Жыралау жерден ырғытып,  
Аттап кетіп барады  
Бірнеше үлкен кезенді.  
Қалмақтан кекті алмаққа,  
Басына қайғы салмаққа,
- 1420 Батырлар қатты кезенді.  
Батырлардың керігі  
Шалшықтай аттап кетеді  
Кездескен үлкен өзенді.
- Бірнеше күн өткенде,  
Күн түс ауып кеткенде,  
Арттарына қараса,  
Тобыл ханның әскері  
Үзіліп кеткен қарасы.  
Бір күншілік қалыпты
- 1430 Қалмақтың бізге арасы.  
Сонда Жайық тоқталып,

Батыр туған Еділге:  
 — Елді тосып алалық.  
 Көпті тастап жүруім  
 Болар, — деді, — балалық. —  
 Алды-артымыз жиналсын,  
 Аз жатып демалалық.

- Аз жатып дем алады,  
 Қалың қолдың алды-арты  
 1440 Жиналысып қалады.  
 Еділ, Жайық қос батыр  
 Атқа ер-тоқым салады.  
 Топты жазбай жүруге,  
 Жауға тұтас кіруге,  
 Бұйрық қылды бөріне,  
 Бытыратпауға араны.  
 Қалмаққа жақын барғанда,  
 Ақырып ұран салғанда,  
 Қалмақтың ханы Барын да  
 1450 Қатты сасып қалады.  
 Тоғын да жатқан демалып,  
 Ерсіз атқа мініп ап,  
 Қазаққа қарсы шабады.  
 Қолына қылыш алады,  
 Шәншіп найза салады.  
 Жүрген жері Тоғынның  
 Қойдай жусап қалады.  
 Тоғын — қалмақ батыры  
 Қарсы келген қазақтың  
 1460 Шауып басын алады.  
 Көп қазақты Тоғын да  
 Қырып-жойып барады.  
 Қазақтың көбі ығысып,  
 Шетке оқшау шығысып,  
 Қашуға бет алады.  
 Еділ, Жайық екеуі  
 Суырып қылыш ұрып жүр.  
 Тиген жағын күйретіп,  
 Қойдай қылып қырып жүр.

1470 Сансыз қалмақ саусылдап,  
Еділ, Жайық батырдың  
Етіне жара салып жүр.  
Кез келген қалмақ батырдың  
Кім екенін танып жүр.  
Кез келген жаудан тайсалмай,  
Батыр да кекті алып жүр.

Бір мезгілдер болғанда,  
Беліне іліп садағын,  
Қарсы жауып қабағын,  
1480 Жайдақ атқа мініп ап,  
Салақтатып аяғын,  
Тоғын батыр келеді.  
Еділ тұрып алыстан,  
Келе жатқан Тоғынды  
Байқап, қарап көреді.

Еділ батыр, ал, сонда  
Жетіп келді Жайыққа,  
Көз жетпейді ғайыпқа.  
— Мен барайын, рұқсат ет,  
1490 Тоғын сынды алыпқа.  
Рұқсат етті ер Жайық,  
Бата берді қол жайып.  
Кімнің жеңер, жеңбесі,  
Болжаусыз дүние бір ғайып.

Жайық тұрып Еділге:  
— Байқа, батыр, бар, — деді.  
Батыр болса өзіне  
Тоғын кімге таң, — деді.  
Көп кешікпей Тоғынның  
1500 Басын кесіп ал! — деді.

Еділ батыр Жайықтан  
Рұқсат сұрап алады,  
От жүрегі жанады.  
Қарсы шығып қасқайып,  
Тоғынға Еділ барады.

Келе сала Тоғынмен  
Ат үстінен алысты,  
Найзаменен салысты.  
Дінсіз туған қу Тоғын  
1510 Жібермей тұр намысты.  
Қазақ, қалмақ, басқасы  
Салып жатыр соғысты.  
Жекпе-жек жатыр алысып,  
Кім бұларға болысты.

Алысуы бұлардың  
Бір сөткеге тартады.  
Шиеленісіп алысу  
Бір сөткеге тартады.

Еділ сонда меңдеді,  
1520 Еділді Тоғын дендеді.  
Іздеп келіп жеңілу  
Батырларға жөн бе еді?!  
Қанша күшін салса да,  
Тоғын батыр көнбеді.  
Жалпақ жатқан қалмақтың  
Намысын о да бермеді.

Екі батыр ерісіп,  
Ала алмады жеңісіп.  
Жайық жүрген жағында  
1530 Көп қалмақ жатыр қырылып,  
Ажалына көрісіп.

Қарысудай қарысты,  
Алысудай алысты.  
Алқымнан ұстап ер Тоғын,  
Алып барад тынысты.  
Қырылдатып Еділді,  
Шығармай тұр дыбысты.

Шатысудай шатысты,  
Күштің дәмін татысты.

- 1540 Дізесінен екеуі  
Қара жерге батысты.  
Қазақ, қалмақ екі жақ  
Көздерін бұған салысты.
- Қайратқа мінді ер Тоғын,  
Ақырып аузын ашады.  
Асыл туған Еділді  
Иығынан басады,  
Еділ қатты сасады.  
Екі ерді аңдып қарап тұр
- 1550 Қалмақ, қазақ жасағы.
- Жайық тұрып сол жерде  
Қатты-қатты жөтелді.  
— Қысаң жерде сұранып,  
Істедің Еділ бекер-ді.  
Енді қайрат қылмасаң,  
Тоғынды жерге ұрмасаң,  
Қалмаққа басың кетер-ді.  
Шамаң келсе, ер Еділ,  
Қалмаққа берме намысты,
- 1560 Қайрат қылсаң нетер-ді.  
Осы сөзі Жайықтың  
Қайрат болды Еділге.  
Намысқа қатты тырысып,  
Ер Тоғынды көтерді.
- Көтеріп жерге ұрады,  
Көріп тұрған қазақтар  
Шүкір ғып Хаққа тұрады.  
Еділ ердің қайраты  
Қазаққа сонда ұнады.
- 1570 Батыр туған ер Еділ,  
Тоғынның басын кесіп ап,  
Қасқайып қарап тұрады.  
Қалмақтың қалың қолдары  
Анық батыр екенін  
Еділді сонда сынады.

- Екі жақтың біреуі  
Жеңіліп барып,  
Тыныш таппай,  
Бұл соғыстың аяғы,  
1580 Сірә, қайтіп тынады.
- Қазақтың күші асады,  
Қалмақтар кері қашады.  
«Қашқан жауға қатын би»,  
Қашып жүрген қалмақты  
Атпенен қазақ басады.  
Қалмақтар қатты сасады,  
Қазақтың көңілі тасады.  
Алды-артынан оратып,  
Қашып жүрген қалмаққа  
1590 Қазақтар қылды қысаны.
- Ағасы ер Тоғынның — батыр Дырау,  
Қартайған сақал, басы аппақ қырау.  
Інісінің өлгенін естіген соң,  
Тоғынға тағат қылып, болмас шыдау.
- Сол күнде сексен беске келген жасы,  
Ақ басқан сақал-мұрты, басы, шашы.  
«Өзім барып соғысқа араласам,  
Қазақтың беріледі сыбағасы», —  
Деді да, атқа мінді батыр Дырау,  
1600 Келеді Дырау ердің тамашасы.
- Келді да Еділге айтты: — Кезегім бер, —  
Жасыңнан сені қысқан қай арам тер?  
Тоғынымды өлтіріп өзім жоқта,  
Күшті болсаң, мен шалдың өнерін көр.  
Ажалыңның келгенін түсініп қой,  
Өзіңе мекен болар бұл қара жер.
- Сені жерге тықпасам,  
Дырау атым құрысын.  
Талай рет көріп ем



- 1610 Қазақ, қалмақ ұрысын.  
Аңғал еді сол інім,  
Жақтырмаушы ем жүрісін.  
Көрі жыным түсіп тұр,  
Бітірейін мен енді  
Бар қазақтың жұмысын.  
Мына түрмен қазақтар  
Жалпақ жатқан қалмақтың  
Аудармақсың қонысын,  
Тарылтпақсың өрісін.
- 1620 Мені көзбен көргенше,  
Қорлық көріп өлгенше,  
Денем жерге шірісін.

Талықсып тұрған Еділге  
Жетіп келді қасына,  
Қылыш шаппақ басына.  
Көк арғымақ мініпті  
Жаһанда жоқ астына.

- Жетіп келді ер Жайық  
Тebініп тұрған Дырауға:
- 1630 — Боялған ба қартайып  
Сақал, басың қырауға.  
Тілім алсаң, қайт үйге,  
Қаласың өлген жырауға.

Дырау сонда ақырды,  
Ашуланып бақырды.  
Ат үсті ағытып,  
Келе найза салады,  
Жан алқымға алады.

- Батыр туған ер Жайық
- 1640 Сонда бір сасып қалады.  
Қолы қатты мүйіздей,  
Ұстаған жері етіне  
Темірдей кіріп барады.  
Жайық батыр сасқанда,  
Дыраудай көрі батырдың  
Алқымынан алады,

- Дырау естен танады.  
Анау-мынау дегенше,  
Жайық айла табады.
- 1650 Батырсынған Дыраудың  
Қылышпен басын қағады.  
Қалмақтар қашып барады,  
Қазақтан келген көп қолдың  
Көпшілігі жаралы.  
Ауыр жара азаптан  
Еділ де естен танады.
- Жалпақ жатқан қалмақты  
Қаласын қойды қандатып,  
Көшесін қойды шаңдатып.
- 1660 Кәрі шал, кемпір, жас бала  
Бәрін қойды зарлатып.
- Қалмақты шауып алады,  
Қалмақтар қашып барады.  
Екі жақта көп адам  
Болып жатыр жаралы.  
Қалмақтың қашқан қолдары  
Көздеді сай-сағаны.  
Еділ менен Жайықтың  
Осы істеген ерлігі,
- 1670 Өлмеген аман тірлігі  
Қарамес ханға барады.  
Маңайдағы халыққа  
Шашылып түгел тарады.
- Қарамес ханға ал сонда,  
Екі қарғыс атады.  
Елдегі үлкен адамдар  
«Бермейміз, — деп, — батаны».  
Елі толқып Қарамес,  
Уайымға батады.
- 1680 Еділ, Жайық дегенде,  
Қарамес хандық елінің  
Күннен-күнге көбейді  
Жанжал-ұрыс шатағы.

- Қарамес хан астыртын  
Қалмаққа кісі салады.  
«Еділ менен Жайықтан  
Іргелі жатқан қалмақтар  
Қашан кегін алады?  
Еділ, Жайық бұзықтан  
1690 Кек алмақ болса қалмақтар,  
Менен де көмек барады».
- Бұл хабарды естіп,  
Қалмақтар қатты қуанды.  
Қолбасы қылып сайлады  
Қалмақта батыр Қуанды.  
Деп ойлайды Қарамес:  
«Еділ, Жайық кеп қалса,  
Тұнығым менің суалды».
- 1700 Қараместің ішінде  
Жайықтан кейін шығып ед,  
Батырдың аты Тоқтабай.  
Он батырға бас болды,  
«Шабамыз, — деп, — Жайыққа»  
Тоқтабай батыр тоқтамай.  
Жайыққа шабам деген соң,  
Сірә да ешкім қалған жоқ,  
Тоқтабайды боқтамай.  
«Жалғыз кетем, — деді ол, —  
Қасыма жолдас жоқтамай».
- 1710 Тоқтабайдың қасына  
Қарамес те ермекші.  
Жайықпенен алысып,  
Өз көзімен көрмекші.  
Әлде өтірік айта ма?  
Қалай оған сенбекші.
- Жайыққа қарсы аттанды  
Тоқтабай батыр, Қарамес.  
Жүріп келед тоқтамай,  
Ертеңінен қаракеш.

1720 Бір жерлерге келгенде,  
Қарамес: «Тік, — деп, — қосымды».  
Қалмақтардың қолдары  
Іздеп келіп қосылды.  
Еділ менен Жайықтың  
Жүрер жолы тосылды.

Хабарсыз келед қос батыр  
Еділдің туған еліне.  
Қылыш, найза, садағын  
Түре тастап беліне.

1730 Жалпақ қалмақ жайлаған,  
Даланың шығып шөліне.  
Сонда қатты сусаған  
Аты дағы өзі де.  
Сусыз құрғақ далада  
Бір күн жүрді кеміне.

Әбден шөлдеп зарықты,  
Аты да шөлдеп талықты.  
Еділ, Жайық екеуі  
Бір өзенге жолықты.

1740 Бұларды болжап алыстан,  
Қарамес хан бағыпты.  
Тынығып жатқан жерінде  
Хабарсыз жатқан батырға  
Қарамес қанжар салыпты.  
Ішегін батыр шуатып,  
Сонда да ұрыс салыпты.  
Бірнеше адам батырдан  
Мезгілсіз ажал тауыпты.  
Қылмаған батыр қауіпті,

1750 Жайық кетті дүниеден.  
Арасында көп жаудың  
Жолдассыз Еділ қалыпты.

Жүре жүріп соғысып,  
Қалмақтың қалың қолының  
Талайларын қырады.

- Тоқтабай батыр ентелеп,  
Соғысып жүрген Еділдің  
Алды-артынан ұрады.  
Бір мезгілдер болғанда,  
1760 Қарсыласып қалады,  
Тоқтабай естен танады.  
Ашуменен ер Еділ  
Басын кесіп алады.
- Денесі қатты жаралы,  
Әбден шаршап талады.  
Бір өзекке келгенде,  
Еділ сынды асыл ер  
Аттан ұшып құлады.  
1770 Рақымсыз, зұлым Қарамес  
Қалмақтың қолын көмекке ап,  
Батырларды өлтіріп,  
Айтқанын түгел келтіріп,  
«Еділ, Жайық өлді», — деп,  
Қайта хабар қылады.  
Бірнеше адам қайғырып,  
Батырлардан айырылып,  
Іштерінен тынады.
- Екі ханның елдері  
Еділ менен Жайықтың  
1780 Сүйегін келіп көмеді.  
Үлкен-кіші, ақсақал,  
Неше күндей қайғырып,  
Ақыл-естен айырылып,  
Тау мен тасты күңдірентіп,  
Көзден жасын төгеді.  
Жиналған көптің қайғысы  
Соққан желді бөгеді.
- Еділ менен Жайықтың  
Жамбасы жерге тигенде,  
1790 Жұрт қайғырып, күйгенде,  
Жиналған елдің көз жасы

- Тамшылап жерге тигенде,  
Тамшыға тамшы қосылып,  
Шын сүйген елдің көз жасы  
Өзен болып ағады.  
Күндіз-түні ай мен күн  
Бұлар да күйіп, жанады.  
Тұнжырап тұман басады  
Неше күндей даланы.
- 1800 Еділ, Жайық басына  
Халықта бітті тұрғызып  
Тастан күмбез моланы.  
Екі батыр аттары —  
Екі өзеннің аты боп,  
Тарихта солай қалады.  
Еділ, Жайық сулары  
Осы күнде тыңдасаң,  
«Халық сүйген батыр!» деп,  
Еңіреп, боздап ағады.  
Өсімдік пен тау-тастар,  
«Жайық пен Еділ батыр!» деп,  
Біріне бірі қосылып,  
Көздің жасы жосылып,  
Жоқтап дауыс қылады.  
Еділ, Жайық қиссасы
- 1816 Осылай тамам болады!

## САЙРАМ АҢЫЗЫ

- Жатқандай тауға күміс теңге болып,  
 Аспанның айнасындай дөңгеленіп.  
 Көл жатыр ойы толқып, бойы балқып,  
 Толқыны түйдек-түйдек тербеле өріп.  
 Қарайды жамылып ай қарағайды,  
 Қызығып осы маңға сергек елік.  
 Аққу-қаз көлдің жүзген бетін сызып,  
 Қалғандай қалың құсқа көл бөленіп.  
 Осы бір шалқар айдын бар денесін,  
 10 Тастапты бар денесін кеңге керіп.  
 Шақырып жер мен көкті аңызына,  
 Алыстан тұрад мөлдір көл көгеріп.  
 Толқындар тулап жатса шапшып көкке,  
 Толқиды көлді көрген ел бөгеліп.  
 Қиялдап бұл сұлудың ішкі сырын,  
 Жағада қарап тұрмын мен де келіп.
- Талайдың қайғы торлап, тайған бағы,  
 Қолдары жете алмады, тал қармады.  
 Таралған ел аузында аңыздардан  
 20 Айтайын бір хикая Сайрам жайлы.
- Аңызын ел шертеді ертедегі,  
 Оны айтсам, жаным кекпен өртенеді.  
 Оқиға бес жүз жылдың алды-артында  
 Мысал қып сан айтылған ертегі еді.
- Біраз ел мекендепті бұдан бұрын,  
 Жарлыға бақыт, шіркін, келіп қырын.  
 Ағытып толқытады жүрек күйін,  
 Алдыма алып келіп өмір сырын.
- Сол елде бір бай болған Теміртек деп,  
 30 Шен алған атасынан би мен бек боп.  
 Жылаған зардабынан ата-бала,  
 Өмірін жүргізген ол баса көктеп.

Бар еді атарманы, шабарманы,  
Құр кетпес бұлардың да қадалғаны.  
Малдыға бар, малсызға қараң заман,  
Не керек оған елдің жан арманы.

Бай екен Теміртектің пейілі тар,  
Бұл өзі бір балаға болыпты зар.  
Тәңірге ертелі-кеш қол жаяды,  
40 Әйтеуір бере ме деп үміті бар.

— Ен байлық бәрін бердің, Тәңір, маған,  
Разымын бергеніңе, құлдық саған!  
Телміріп, тепеңдеймін бала тілеп,  
Кетпес, — деп, — жұратты боп ризықты адам.

Көрем бе бір шыр еткен бұл жалғанда,  
Дем бітіп өлсем бір күн мен арманда.  
Артымда бір мирасқор ұрпағым жоқ,  
Кім ие болады осы дүние-малға?!

Күркедей кішігірім басын буған,  
50 Денесі үйелмендей ет боп туған.  
Май мұрын, қара сұр бет, суық қабақ,  
Көзі нақ жаралғандай өлі судан.

Таянып жағын отыр уәйім жеп,  
«Бір перзент бермейсің бе, Құдайым!» — деп.  
Тайғара жылмаң қағып сөз бастады,  
Көңілін күйеуінің бұрайын деп.

Тайғара айтты: — Үмітсіз шайтан ба сен, —  
Бойымда қуаныш бар айтпаймын мен.  
Көп зарлап періштемді шошытпашы,  
60 Белгілі ойлағаның білемін мен.

Тоқал алам деуден бай жасқанады,  
Тайқиып Тайғараның қас-қабағы.  
О дағы бір ноянның қызы екен,  
Естісе Теміртекті бас салады.



Қарыны оның тағы кебежедей,  
Көзіңе көрінеді әлде недей.  
Таңқы мұрын, қара сұр адам екен,  
Мықыны төңкерілген тегенедей.

- 70 Секілді зимияндықпен бірге туған,  
Өзіне жақпағанға тұзақ құрған.  
Адамның екі аяқты аласы екен,  
Жасынан жамандықтың жолын қуған.

Бәрі де болса дейді бір өзінде,  
Осындай сұмдығы бар мінезінде.  
«Әлде бай тоқал алып қоя ма?» — деп,  
Дерт мүжіген Тайғара жүрегінде.

- 80 Ел жоқта бір бала деп налынады,  
Табынып Тәңіріне жалынады.  
Балалы, ауыраяқ әйел көрсе,  
Қызғанып, өле жаздап тарылады.

Өр ойды бақытына жарастырып:  
«Бір бала таппаймын ба, қарастырып.  
Құшынаш кемпірімді шақырайын,  
Көрейін оған тағы бал аштырып».

Шақырған кемпір келді жылмаң қағып,  
Оның да ойы осы еді жүрген бағып.  
— Алдыңа келдім, міне, бикем, шырақ,  
Жұмыс ед шақырғаның мені нағып?

- 90 Тайғара былай деді Құшынашқа:  
— Досым да, сырласым жоқ сенен басқа.  
Сұмдығын жәдігөйге баяндады,  
Қарай ма ол төгілген қан, аққан жасқа.

— Есікте Қадиша атты бір күнім бар,  
Ішер ас бәрі бізден, ол бір мұндар.  
Ішінде баласының күні таяу,  
Осыған берер қандай кеңесің бар?

- Не қылсақ осы қатын қолдан келер,  
Кісі жоқ бізден сұрап, соңына ерер.  
Баласын ап, анасын өлтірмекші,  
100 Қарашы, бұл өзөзіл қандай шебер.
- Осылай бұл екеуі ұйғарысты,  
Зэрлерін Қадишаға жинап ішкі.  
«Туған күн өлтіреміз, баласын ап», —  
Деп солай аяқтатты жиналысты.
- Тайғара айтты: — Дұрыс па ойлағаным? —  
Мақсатым орындалса, ойда арманым.  
Бір күліп, кемпір сонда былай деді:  
— Осыны өте дұрыс ойлағаның.
- Осы ойым орындалса жадымдағы,  
110 Сенікі бар дүние-малым дағы.  
Бір қарап жәдігөйге зұлым қатын,  
Ділдәдан бесті берді жанындағы.
- Бұл сырды айтып жүрме жақын досқа,  
Еңбегің еткен адал кетпес босқа.  
«Тайғара екіқабат, жүкті екен» деп,  
Текеңмен сендір елді, балыңды ашта.
- Жолшы еді Қадишаның жан серігі,  
Өмірі, үміті де, бар сенімі.  
Жолшының көзін ештеп жоғалтпақшы,  
120 Осылай сәнбек оның бар өмірі.
- Сонымен кемпір кетті өз жайына,  
Біраз сөз Қадишадан қозғайын да.  
Жас ағып ақша беттен тарам-тарам,  
Мұңайып былай деді жұбайына:
- Жас осты жүзімізді тарам-тарам,  
Жүрмедік еркімізше болып адам.  
Өмірдің бар ащысын арттың бізге,  
Не жаздық, күнәміз не, Тәңір, саған?!

- Бұл байдан құтылатын күн болар ма,  
130 Қараңғы қайран өмір түн болар ма.  
Кетпеді құлақтан сөз, бастан таяқ,  
Дүниеде бұдан артық мұң болар ма?!
- Мұңдасты жолдасымен екеу ара,  
Дертіне отыр бұлар таппай шара.  
«Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмесек те,  
Жақпаймыз бұл сұмдарға жүзі қара».
- Осылай мұң шертісті қостарында,  
Өзіне жан ашитын дос-жарына.  
— Шақырып Май ағаны ертіп келші,  
140 Бір медеу болар ма екен мұң-зарыма!
- Құл еді Майсақал да есіктегі,  
Жасынан жанған іште өсіп кегі.  
Үш жасар бір ұлы бар, бақыты сол,  
Сонымен бұл бейшара нәсіпті еді.
- Майсақал қостарына келді кіріп,  
Қадиша сәлем етті әдеп қылып.  
Бір ауыр қайғы-азаптан қапаланған,  
Қуарған шөлмектей боп жүзі сынық.
- Не болды, Қадишажан, түрің жаман?!
- 150 Түскендей бір уайым қатты саған.  
Жоқшылық шырмауымен өмір бойы  
Өстіп-ақ келеді өтіп, шіркін, заман!
- Май аға әрең жүрмін ауыраяқ,  
Сонда да құлақтан сөз, кетпей таяқ.  
Майсақал ауыр оймен күрсінеді,  
Байғұстың мүшкіл болған халін аяп.
- Май аға, түс көремін неше түрлі,  
Бар ма екен дүниеде біздей мұңлы?  
Тәңірдің әділеті қайда кетті,  
160 Неге тең жаратпайды ай мен күнді?!

Түсімде жылан жұтып жүрегімді,  
Орапты құйрығымен білегімді.  
Толғатып отыр екем осы қоста,  
Қасқыр жұла жөнелді бет жүзімді.

Бозторғай көкке ұшты шыр етті де,  
Тау тұрды құлағандай дір етті де.  
Қораның ортасынан құйын соғып,  
Қосымды талқандады күйретті де.

— Жақсы түс, торғай-сәби көкке ұшқан,  
170 Бір көркем бала ғой ол нұрды құшқан.  
Қасқырың бай екен ғой түсте көрген,  
Ежелден келе жатқан бізге дұшпан.

Сұр жылан — бай қатыны зәрін бүккен,  
Талайға азап арнап, көрін төккен.  
Жетерсің мұратыңа, сақ бол, балам,  
Тәңірсіз шырақ сөнбес бұл тірліктен.

Тайғара жүрген еді сыртан бағып,  
Жолшыны Теміртекке күнде шағып.  
180 Естіді мына сөзді жарғақ құлақ,  
Жын буды екі азудан көбік ағып.

— Болыппыз сендерге біз қарақасқа,  
Жарытпаппыз киер киім, ішер асқа.  
Көзінді әлдеқашан жоғалтады,  
Жан болса рақымсыз бізден басқа.

Жүрсендер көтере алмай тойғаныңды,  
Бай келсін, шығарармын ойраныңды.  
Қасқыр боп жеп, жылан боп шағыппыз біз,  
Істеп көр қастық қылар ойларыңды.

Жолшы айтты: — Тәңір-ау, бұл қай қылығың, —  
190 Кім мұңын бір көтерер қайғылының?  
Біреу бай, біреу кедей, біреу зарлы,  
Түспейді жер жүзіне тегіс күнің.

Өртеді Тайғараны Жолшы сөзі,  
Алайды жын ұрғандай екі көзі.  
Көрсетермін мен саған көргілікті,  
Сор тілеген жансың ғой өзіне-өзі.

200 Бай келді ордасына кешке оралып,  
Тайғара оқ тигендей жараланып,  
Байы өліп, қонақасын бергендей-ақ,  
Қан жұтып отыр мүлдем, қара салып.

Ол сөзін өткізем деп бұлаңдайды,  
Қастықсыз қарға адым жер жүре алмайды.  
— Сен үйден алты қадам аттап кетсең,  
Мізбақпас Жолшы құлың тіл алмайды.

Соған-ақ өтер болдым быжалақтап,  
Жүр екен бар қастығын ішке сақтап.  
Маған бай есіктегі Жолшы болды,  
Айтпаған қалмады сөз жездей қақтап.

210 Жолшыға қатын пәле үйіп отыр,  
Мыстан да мұны іштен түйіп отыр.  
— Құшынашым, кітабінді ашып көрші,  
Ширығып ішім неге күйіп отыр?

Дем салды мыстан сонда тұра сала,  
Үрейлі жандай-ақ бір аласұра.  
— Көк перің бойыңдағы шошыныпты,  
Қозғалып қалған екен іште бала.

220 Күніңіз алыс емес, менше таяу,  
Бала үшін, байеке, енді, болма қаяу.  
Әулием, өз қолынан босандыршы,  
Шүкірлік сақта өзің, Жасаған-ау!

Тақсыр, бай, мен таңданам қайраныңа,  
Тұзыңа қас қылған бар айраныңа.  
Отпен кіріп, күліңмен шығып жүрген  
Жолшының жау екенін ойладың ба?!

Бурадай Теміртек бай шабынады,  
Ата-тек, аруаққа табынады.  
«Жолшыны әкел!» — деді жеңдетіне,  
Айырып ақ-қараны ол нағылады.

— Әкел тез, арқан тағып, қолын байлап,  
230 Мен оны жіберейін келмеске айдап.  
Жолшыны екі жеңдет алып кетті,  
Қадиша талып қалды зар-зар айлап.

Алысып қос жеңдетпен бұлқынады,  
Зұлымның басқанда кеп сұр тұманы.  
Есіл ер қол-аяғы тұр байлауда,  
Көзінің оққа айналып нұр шырағы.

Теміртек сонда ақырып: — Малғұн, — дейді, —  
Барма еді әкең құны, малдың кегі?  
Өсек қып іргемнен сен өрт қоймақ па ең,  
240 Тынышын үй-ішімнің алдың, — деді.

— Байеке, сіз нансаңыз, жоқ жазығым,  
Көрленіп төккен маған оң ба зілің?  
Өмірім есігіңде барады өтіп,  
Тасқа бассам, Тәңірге аян ізім.

Теміртек таяғымен салып кетті,  
Қажыған Жолшы байғұс талып кетті.  
Майсақал сонда сырттан келді кіріп,  
Секілді оның дағы жаны кекті.

Су бүркіп, басын сүйеп жиғызды есін,  
250 Жаны ашып құшақтады зор денесін.  
— Май аға, — деп күбірлеп ол тіл қатты, —  
Мен үшін сөз айтасыз итке несін?

Құшынаш кемпір сонда келді жетіп:  
— Майсақал, есің шыққан сенің нетіп?  
Кезеріп кетіпті ғой сусап ернің, —  
Деді де әкелді су мөлтілдетіп.

Ол суға у дайындап қосқан еді,  
Жолшы ішті, алдына әкеп тосқан еді.  
Білді өзі, бозарды да, өңі қашып,  
260 — Май аға, жетіңіздер қосқа, — деді.

Тайғара ата жауым деген едім,  
Ел-жұртым, сен аман бол, мен өлемін.  
Алайын Тәңір алдында өз қолыңнан,  
Аманат алмай кеткен көбелегім.

Құл еттің бізді, Тәңір, ұл етпедің,  
Қайғымен, уәйіммен жүдепті өңім.  
Балапан іште қалды арманым сол,  
Өттең-ау, естімедім шыр еткенін.

Өмірі жазылмады алақаным,  
270 Бай зұлым, басыма әкеп жала таңдың.  
«Аманат бір өзіңе!» деп тапсырам,  
Май аға, іште қалған балапаным, —

Деді де, иек қағып, көзін жұмды,  
Жүрегі соғуынан мүлде тынды.  
Кішкентай қара қостың ішіне әкеп,  
Тайғара бүркеді ауыр қара тонды.

Мыстанның сезбеді ешкім бұл істерін,  
Жолшы өлді, айта алмады у ішкенін.  
Дариға-ай, заман деген осы екен ғой,  
280 Жер ашты қайран ерге қуыс көрін.

Жылаумен Қадишаның талды жағы,  
Әйтеуір шықпай оның қалды жаны.  
Қараңғы түнектеніп келер күні,  
Көзінен ғайып болды шам-шырағы.

— Жұбайым, осы ма еді шын айырылған,  
Деуші едім, сенен, сірә, тірі айырылман.  
Басына бұлардың да келер ме екен,  
Зарлатып-еңіретіп бізді айырған.

- 290 Майсақал тоқтау айтып, жұбатады,  
— Қарағым, Қадиша, — деп уатады.  
Көтеріп Ахметін Қамар келді,  
Сүйеу боп тек соларға жүрген тағы.
- Ей, Қамар, бүгін менің гүлім солды,  
Аспанда жарқыраған күнім сөнді.  
Ержетіп Ахметің кек алмаса,  
Дүниеден өтеміз ғой болып сорлы.
- 300 Ас берді Теміртектің атасына,  
Теміртек кетті соның батасына.  
Қадиша дәл сол күні босанады,  
Кез болып Тайғарадай опасызға.
- «Қадиша толғатты» деп мыстан келді,  
Талай жан сұмдығынан құшқан жерді.  
Тайғара қос жендетті шақыртты тез,  
Салмақ боп пәк денеге қан шеңгелді.
- Іштегі арам ойын жүрген буып,  
Өмірін жендеттерге берді суық:  
«Босанса Қадишаны өлтіріңдер,  
Көрсетпей еш адамға таңға жуық.
- 310 Қамарды жолатпаңдар осы маңға,  
Бұл істі сездірмеңдер тірі жанға.  
Егерде мүлт кетірсең жарлығымды,  
Бояймын мен сендерді қызыл қанға!»
- Толғатып отыр еді Қадиша үйде,  
Қиналып жалғыз жаны ауыр күйге.  
Қос жендет түн жастанып жетіп келді,  
Не керек оларға адам қандай күйде.
- 320 Шыр етіп түсе қалды жерге бала,  
Жөнелді аңдып тұрған кемпір ала.  
Жер сілкініп, құс шулап, орман мүлгіп,  
Күңіренді күйік жұтып жалпақ дала.



Ұстады бірі қолдан, бірі бастан,  
Тартады үлпілдеген қолаң шаштан.  
Біреуі желкесіне басып тұрып,  
Қанжарын салды бұлар аямастан.

— Не қылдым қаптайтындай маған бөрің,  
Қалайша обалыма қарамадың.  
Азат ет қасықтай қан бір жанымды,  
Бар шығар сендердің де балаларың?!

330 Қолымнан алма тартып үмітімді,  
Өкетпе шырылдатып бұлбұлымды.  
Дарига-ай, бір күн басып бауырыма,  
Бір сорып кетпеді ғой уызымды.

Артымда қалды-ау ботам тірі жетім,  
Жоқ екен көретін күн құдіретім.  
Қош, қозым, елім-жұртым, айырылдым! — деп,  
Біле алмай кетті талып Қадиша есін.

240 Дауысы Қадишаның шықпай қалды,  
«Жібермес нақақ қан», — деп дүние салды.  
340 Қардай ет қызыл қанға бетін бояп,  
Бауыздап бейшараны тыға салды.

«Жеттім» деп Тайғара жүр мұратына,  
Қарайма арсыз адам ұятына.  
«Бәйбіше, аман-есен босанды!» — деп,  
Шүйінші сұрап кетті жұратына.

Той қылды бірнеше күн ойнап-күліп,  
Күзетіп шілдеhana елді жиып.  
Бұзауын ақ маралдың тартып алды,  
Бояды қызыл қанға өзін жұтып.

250 Ат қойды оған Теміртеқ «Бисара», деп,  
«Көргенім көзімді ашып бір бала», деп.  
Дауысын шырылдаған күң естіді,  
«Айырылған анасынан бейшара!» деп.

Майсақал кеткен жылқы бойдағымен,  
Жүрсе де Қадишаны ойлап үнем.  
Амал не, ол кеш ұқты бұл сұмдықтың  
Болғанын Тайғараның ойранымен.

Екі дерт Майсақалға бірдей тиіп,  
Өртеніп іші-бауыры оттай күйіп.  
Қайғысын соныменен шығарады,  
360 Жалғызы Ахметті құшып-сүйіп.

Ішінде кете берді осы арманы,  
Бір кезгі төтті үміттер бос алдады.  
Қойғанша жау қолына олжа қылып,  
Бұл Тәңір Бисараны қоса алмады.

Арада талай белес жылдар өтті,  
Бисара гүлдей жайнап ол да ержетті.  
Ақылы камалданып күн-күн сайын,  
Күлкісі сылдырлаған жан тебіrentті.

Перизат он жетіге аяқ басты,  
370 Алма бет, қарақат көз, қолаң шашты.  
Табиғат сұлулығын берген оған,  
Елжіреп ай сәулесін бұған ашты.

Көктемгі балдырғандай бұратылған,  
Күн туып, жанарынан нұр атылған.  
Мөлдір ед тау суындай жүрегі оның,  
Мінезі қырмызыдай күнге ашылған.

Көрген жан бұған қайран қалушы еді,  
Нұрланып көзі оттай жанушы еді.  
Тартатын ісімен де, көркімен де,  
380 Шерменде көрмеген жан налушы еді.

Ержетті Ахмет те арыстандай,  
Кең иық, кербез кеуде, қарыс маңдай.  
Көрмесе Бисараны көңіл қаяу,  
Арман боп көкірегінде ән ұшқандай.

Жылқышы болды Ахмет құрық ұстап,  
Қаймықпас болса да сан қиын-қыспақ.  
Палуан, домбырашы және өлеңші  
Сауықтың жіберетін дуын бастап.

- 390 Екеуі жастайынан тел өседі,  
Майсақал баласымен кеңеседі.  
Ұқтырды бастан-аяқ оқиғаны,  
— Бисара байдың қызы емес, — деді,

Мұны естіп Ахмет те жалынады,  
— Шетінен қырарма ед, — деп, — жауыздарды!  
— Қой, балам, олай деме, — деді әкесі, —  
Қиын ғой бұған дауа табылмағы.

- 400 Ахмет бұған іштей тынып жүрді,  
Жеткізбей қызға деген тұнық жырды.  
Ашпады жан жалынын оған деген,  
Арқалап келе жатыр мұңлы жылды.

Бисара сән түзеген сауық құрып,  
Ай нұрын арқасына жауып тұрып.  
«Ақсүйек», «Шешеке» ойнап қыз-бозбала,  
Ахмет келеді ылғи тауып қулық.

Самырсын, ну қарағай арасында,  
Жиылған сауықшылдың бәрі осында.  
Бисара Ахметке: «Ән сал», — дейді,  
Жүрсе де өзі құл боп қорасында.

- 410 — Құлағын домбырамның алдым бұрап,  
Отырсын қыздар менен өлең сұрап.  
Айтайын көзімменен көргенімді,  
Құрбылар өнерімді көрсін сынап.

Қарадым бір маралдың баласына,  
Баласы ұқсамайды анасына.  
Көзіме оттай ыстық басылады,  
Жүргенде қалың топтың арасында.

- Ей, қыздар, не жоқ дейсің жер бетінде,  
Толқыған сендер аққу көл бетінде.  
Біреудің бағын біреу алады екен,  
420 Амал не көрініп жүр ел бетіне.
- Ойлы адам білер сөздің түйінінен,  
Кетпейді екі қолым бүйірімнен.  
Анасын ақ маралдың жылан шағып,  
Бұйрықсыз айырыпты үйірінен.
- Қарғаның аққу көрдім ұясынан,  
Дәл осы Кереге тас қиясынан.  
Налимын, соған қатты қиналамын,  
Биікке осы арманды жия шығам.
- Амал жоқ, білмейді аққу жетілмеген,  
430 Ойы жоқ аққу өзін жетім деген.  
Ұясын сол қарғаның бұзсам деймін,  
Шалқысын айдынында аққу еркіменен.
- Ән тынды мөлдір көкке қанат қағып,  
Қыздар тұр ән сырына қайран қалып.  
Бисара бұл ғажапқа таңырқайды,  
«Айтты, — деп, — осы сөзді жігіт нағып?!».
- Бисара деді: — Мұның қандай өлең,  
Бар еді мұнда не сыр, жұмбақ терең?  
Бір үлкен мәнісі бар осы сөздің,  
440 Жазықсыз жандарды әкеп көгендеген.
- Ахмет, айтшы нақтап сырын мұның,  
Жабұлы кеткен жайын бұрынғының.  
Естуге тағатым жоқ, тұрмын әрең,  
Оралған торға келіп бұл мұңды кім?
- Қыздар қайтты ойға батып айдын кеште,  
Айтқаны Ахметтің кетпейді есте.  
Сұрамақ болды бірақ кейін жеке,  
Ұйқысыз таң атырды бұл күн кеште.

- 450 Қыздар жүр таудың тұнық бұлағында,  
Шалғынның гүл аралас құрағында.  
Шырқаған Ахметтің асқақ әні  
Естілді Бисараның құлағында.

Ән салып келе жатыр Көксайды өрлеп,  
Қырандай түлкі көріп ұшқан керлеп.  
Бисара қасындағы қыздарға айтты:  
— Шөлдедім, үйден сусын алып кел, — деп.

- 460 Ахметтің келді алдына орағытып,  
Бар сырын айтқызбаққа ол ағытып.  
Орманның тұрды екеуі арасында,  
Бисара Ахметке қарады тік.

— Жан аға, әр сөзіңнің түйіні бар,  
Ойланар адам мұны зейіні бар.  
Жұмбақтап айтқаныңды қоя тұршы,  
Ашық айт, сонда ғана күй ұғылар.

Тартқан күй, айтқан өлең жалындай боп,  
Қинады жүрегімді зарымдай боп.  
Ұрланып кегі кетіп жүрген бар ма,  
Көміліп тереңде бір алынбай кек?!

- 470 Ахмет бір жадырап, бір қысылды,  
Көрмеген қыздан бұрын бұл қысымды.  
Еріксіз құтылмасын білгеннен соң,  
Айтпауға болмайтынын шын түсінді.

— Мен айтам, бірақ жанға білдірмесең,  
Қайғымен жүрегіңді бүлдірмесең.  
Бисара ант берді елге айтпауға,  
— Ендеше мен айтайын, сен білмесең.

- 480 Арманда не мұңлының жаны кеткен,  
Өмірдің азабына жанып өткен.  
Боп жүрген саған әке Теміртектің  
Мойнында шын ата-анаң қаны кеткен.

Өмір ғой қашан дағы өршімеген,  
Сыр естіп, Бисаражан, көрші менен.  
Сен тумай у ішкізіп Тайғара сұм,  
Өлтірткен өз әкеңді Жолшы деген.

Тайғара бедеу бопты жұртқа мәлім,  
Жазықсыз талайларды құртқан залым.  
Өзіне жолдас қылып бір мыстанды,  
Сен тумай шешеңе де төккен зәрін.

490 Жүректің ем бола ма талғамына,  
Жете алмай әкең кетті арманына.  
Бауыздап сені туған сорлы анаңды,  
Бауырынан сені тартып алмады ма?!

Бисара талықсыды өксіп-жылап,  
Іс емес отырарлық адам шыдап.  
— Дүние, жаңа ұқтым сұмдығыңды,  
Ағызған ата-анамның қанын қымбат.

500 Желпіді самал келіп қолаң шашын,  
Моншақтай үзді мөлдір көздің жасын.  
Қан кетіп ақша беттен талықсыды,  
Ахметтің кеудесіне қойып басын.

Кім білер, мұңдас білер ашынғанын,  
Жаны дос қымтамай ма ашылғанын.  
Толқыды қызбен бірге Ахмет те,  
Кек қайнап кеудесінде, тасып жалын.

Жаны ашыр кім бар өксіп жылағанға,  
Қайғыда қайрат берер шын адамға.  
— «Сабыр түбі — сары алтын», Бисаражан,  
Ақырын қайырлы етер шыдағанға.

510 Бисара «үһ» дегенде атып жалын,  
Бір шолып өтті көзбен атырабын.  
— Армансыз дүниеде өтер едім,  
Жауымның шашар болсам қызыл қанын.

Көзінің алса да әрең жасын тиып,  
Барады кекке өртеніп, жанып-күйіп.  
«Өмірім сеніменен бірге өтсін», — деп,  
Ахметке бұрымынан берді қиып.

— Налыма, айналайын, Бисаражан!  
Арманым орындалды ойыма алған.  
Өлсем де, тірілсем де мен де сендік,  
520 Өмірдің керегі жоқ сенен қалған!

Бисара келді үйіне басы зеңіп,  
Жүрегі қалғандай боп жасып өліп.  
— Шошынып бірдемеден қалдың ба? — деп,  
Сұрады Тайғара оның түрін көріп.

Сөзіне Тайғараның тіл қатпады,  
Тас бекіп қалғандай-ақ үн қақпағы.  
— Ет асып, шай қайнатып берейін, — деп,  
Тайғара сайқал сөзбен бұлғақтады.

Жүрмейді бұрынғыдай ойнап-күліп,  
530 Қуартты қызды уәйім ойлаттырып.  
Ол қойды үй ішіне сыр айтуды,  
Еркелеп «ата-ана» деп ойнап тұрып.

Байқайды қызды қатын келбетінен,  
Жүрегін сезіп жүрді тербетілген.  
— Масқара қып жүрмесін бізді бір күн,  
Құда боп, орын тауып, тез кетіп, сен.

Бұрынғы еркеліктің бәрін қойды,  
Әлде бір ойлағандай қайғылы ойды.  
Өзінің асылзаттық тегін жойып,  
540 Бұл күнде қарашаға бейім болды.

— Қорқамын Майсақалдың баласынан,  
Көзінің сұмдық көрем қарасынан.  
Жылқыны басқа құлдың бірі бақсын,  
Жау болып шықпасын бұл жар астынан.

Өзінің кетсін көшіп руына,  
Жаққан жоқ оның бізге құрығы да.  
Сені менен маған ол не қылады,  
Қас қылар сенің жалғыз құлыныңа.

550 Бисара сырттан тыңдап, бағып тұрды,  
Көзінің жасы мөлт-мөлт ағып тұрды.  
— Жасаған, бұған дауа бермейсің бе,  
Жаралдық осынша біз нағыш мұңлы?!

Шақыртты Майсақалды бай қасына,  
Ашуын арқау етіп айласына.  
— Іргемнен қазір көшіп, жоғал! — деді,  
Лаж жоқ Майсақалдың таймасына.

560 Көтеріп қазан-ошақ арқасына,  
Қоштасты Таңбалының жартасына.  
Қоштасты мұңдасымен, ел-жұртымен,  
Қоштасты жемісті алғаш Алқасына.

Күн тұрды асылды да құз басына,  
Шуағын шаша салып түз тасына.  
— Шынымен бізді тастап кеттің бе?! — деп,  
Жігіттің келді егіліп қыз қасына.

Аққан жас сорғалады осып бетті,  
Бейне бір жатқандай-ақ кешіп кекті.  
Көңілін Бисараның құлазытып,  
Майсақал күңіреніп көшіп кетті.

570 Секілді тау бұлағы тасты жарған,  
Жалтылдап жанарында жақсы арман.  
Ахмет қош айтысып кете барды,  
Бармақ боп Бисараға кейін қалған.

Ахмет тағы талай жүрді келіп,  
Сертескен ақтау үшін сырды берік.  
Қызығын көре алмаған сәбиінің,  
Қабырын Қадишаның келді көріп.



- Қыз көріп құлады ана қабырына,  
Еш тоқтау қыла алмады сабырына.  
Сорғалап жасы тамды құлпытасқа,  
580 Батқандай айналаның бәрі мұңға.
- О, шіркін, жатырмысың, қайран анам,  
Ақ сүтін емізетін қайда маған?!  
Құшақтап торқа болған топырағыңды,  
Келіп тұр жетімегің аймалаған.
- Үйірілген төбесіне арман-қайғы,  
Ботаң тұр басыңа кеп тайған бағы.  
Өмірдің айдынында жүзе алмаған,  
Мен қайық қирап қалған қайраңдағы.
- Тілініп жүрек болды пара-пара,  
590 Түсіп бір жазылмайтын ауыр жара.  
Өмірім өкінішпен өтіпті ғой,  
Бір медет табылар ма бұған шара?!
- Егіліп ет жүрегім езілемін,  
Жас болып көзден аққан төгілемін.  
Жауыздар бұтағыңнан үзіп апты,  
Ол күнде мен нәресте не білемін?
- Болса да қайғы басқан жүрек мұңы,  
Ахмет тоқтау айтып тілек қылды.  
Естіген осы зарды тау-тас дағы,  
600 Ауыр бір ойға шомып жүдеп тұрды.
- Мұңдасып бұл екеуі ұзақ тұрды,  
— Өмірде боламыз ба біз-ақ мұңлы?!—  
Бисара, жол табайық, — деді Ахмет,  
Бұл дүние екеумізге тұзақ құрды.
- Әкеммен жылқы бақтым жастайымнан,  
Тақымға құрық қысып ақ қайыңнан.  
Тауыпты бір күн әкем ана өлігін,  
Белгі етіп мынау қызыл тас қойылған.

Жерледі әкем сонда, болдым бірге,  
610 Денеден басты айырып сол үңгірге.  
Тастапты киіміменен сорлы ананы,  
Шошыдым естен танып сол түн мүлде.

Бар жайын әкем айтты бұл бір істің,  
Сөнгенін қастандықпен бұл бір ұшқын.  
Саған мен көрсете алмай жүруші едім,  
Күйер деп балапаны мұңлы құстың.

Бұдан соң қош айтысты екі ғашық,  
Қыраттан бірін-бірі ертіп асып.  
Серттесті көріспекке тағы жиі,  
620 Көңілдің көк тұманын серпіп ашып.

Ахмет келгенде бір сертті күні,  
Бетінің өшкін тартып өртті гүлі.  
Бисара көңілі қаяу қарсы алды,  
Көзінен жасын төгіп, шертті мұңды.

— Ахмет, сенен басқа панам бар ма,  
Жүрегін жарып шыққан анам бар ма?  
Сатпақшы болды мені Теміртеқ бай  
Тәбік деген алпыстағы сараң байға.

Тым жылпың, Тайғараның сөзі жылмаң,  
630 Осыдан құтқар мені енді жылдам.  
Ойлаймын сені сезіп қалған ба деп,  
Менен тез құтылудың қамын қылған.

Енді бір үш-төрт күнде Тәбік келмек,  
Берерін бір-ақ жолда алып келмек.  
Сонымен мені әкетпек шырылдатып,  
Олай болса кеудемде жарық сәнбек.

«Тәбікке бергеніміз жөн емес пе,  
Өзі би, иық сүйер бел емес пе?  
Қолдаған ата аруағы оны әуелден,  
640 Не қиын жеңбеді ме ол ерегесте», —

Деп кеше айтты байға Тайғара сұм,  
Шын ана бүйтер ме еді өз баласын.  
Оны мен оңашада естіп тұрдым,  
Ал, жаным, бұдан қалай жай қаларсың?!

— Бисара, ондай болса, қамданайық,  
Істейтін бұған әдіс бар ма лайық?  
Келейін үйге барып тез оралып,  
Болайық бір-ақ түнгі таңда ғайып.

650 Тәбік те келді бір күн сердебелі,  
Ораған көп асылмен сал денені.  
Қу ағаш жасармақшы жас бұтақпен,  
Жас ару Бисараны «жар» дегелі.

Айтқанын Теміртектің орындады,  
Шашылған дүниеден қорынбады.  
Өкелді үш жүз жылқы, елу түйе,  
Тіктіріп ақ күмбез үй формадағы.

660 Шалқытып Теміртек те той жасамақ,  
Таппайтын өмірде бұл ойласа бақ.  
Сәтті күн сәрсенбіде жөнелтпекші,  
Деп осы қызығымнан бой жасарат.

Ахмет уәделі жерге келді,  
Атын ол «тез жетем» деп терге көмді.  
Жаңа кеп Бисара да отыр еді,  
Түбінде топ қарағай еткен белгі.

Ахметтің ерні тиді қыз бетіне,  
Қарағай тұрды сезгір күзетіне.  
Қараңғы етегімен түн бүркейді,  
«Қалма, — деп, — қос ғашықтар, сіз өкіне!»

670 Демдері жалындай боп шарпылысты,  
Көк орман тыңдай қалды жан тынысты.  
Махаббат оты тамған көздерінен,  
Аспанның жұлдызындай жарқыл ұшты.

Маңайда тың тыңдады құлақ түріп,  
Бұларды тыңдағандай бұлақ күліп.  
Еш дыбыс білінбеді, жым-жырт бәрі,  
Тек мұны жұлдыз көрді жырақ тұрып.

— Ахмет, — деді сонда, — кешікпелік,  
Бұл орман қалмас бізге бесік болып.  
Тәбіктің бозжорғасын байлап қойған  
680 Бисара арқанына шешіп келіп.

Жөнелді бұл екеуі белден асып,  
Шалғайын шапанының желмен ашып.  
Бір уыс топырақты Бисара алып,  
Арнап ол Тайғараға кетті шашып.

Үйіне Ахметтің түнде келді,  
Ұялып Бисара үйге кірмеді енді.  
«Ақ жолды, абыройлы қыла көр!» деп,  
Қамар кеп құшып-сүйіп еңіреді.

Ағайын хабар берді жұратына,  
690 Тасалап атты қойды үй артына.  
Сол жерге жатақтардың бәрі келді,  
«Жетсін, — деп, — екі бала мұратына!»

Кәрілер бата берді жайып қолын:  
«Тұлпарым, жолын тапқан болсын жолың!»  
— Өзірше тасаласын Ақбайталға, —  
Болмас, — деп ақылдасты, — ауыл орын.

Серік айтты: — Ал, Ахмет, жарағыңды,  
Қарыңа іл қару найза, садағыңды.  
Өлім менен өмірдің ортасы бұл,  
700 Әділ би жоқ жарарлық қара қылды.

Тұрамын азық тасып, хабар айтып,  
Сезбестен біз қалмайық баладай түк.  
Дайын боп сайланармыз мұнда да біз,  
Бекініп жатар жерге қарағай тік.

— Екеуің паналаңдар бір шатқалды,  
Бүйтіп біз атырармыз тұрсақ таңды.  
Жасаған, жалғызыма пана бол! — деп,  
Майсақал мойнына бұршақ салды.

- 710 Орнынан тұрды түсте би менен бек,  
Ерінген май денелер күйбелеңдеп.  
Оятпақ болды сонда Бисараны,  
Бір нөкер төсегіне имене кеп.

Ол сонда тұрып қалды аңтарылып,  
Төсек тұр, Бисара жоқ, аң-таң қылып.  
Жеткізді бұл хабарды Тайғараға,  
Таңдайын «Бұл қалай?» деп тамсандырып.

- 720 Іздеді, бұл маңайдан таба алмады,  
Тым састы, ауылға да хабарлады.  
Ойбайлап, жер тепкілеп, бетін тырнап,  
Өртенді от боп күйіп арам жаны.

Секілді түксірейген қара бүйі,  
Өртеніп кеткендей дәл басында үйі.  
Сақалын ысқа малған сап-сарала,  
Түксиіп отыр бетте күйеу биі.

«Кім екен басынатын бұл орданы,  
Қоса алып кетіпті-ау боз жорғаны.  
Басқа адам бұған, сірә, бата алмайды»,  
«Ахмет әкетті», — деп ұйғарады.

- 730 Ауылына Майсақалдың басып келді,  
Ашу-кек бойға сыймай тасып келді.  
— Ахмет, Бисараны тауып бер?! — деп,  
Ақырып жатқан тыныш ашынты елді.

Кәрі-жас екі етегін белге түріп,  
Сезгендей салатынын елге бүлік.  
Деді Серік жиылған дүйім жұртқа:  
— Кек үшін күресейік, бермей ырық! —

- Теміртек, кегіміз бар саған деген,  
Кісі өлтіріп, қан жұтып, арам жеген.  
Бисара өз үйірін алды тауып,  
740 Мал емес, ақылы бар адам деген.
- Су орнына жұтып ең адам қанын,  
Ұятсыз, білмейсің, сен, беттің арын.  
Тұлпарым үйірін тапты айналып кеп,  
Құны сенде Жолшы мен Қадишаның.
- Бір ашу Майсақалды апты кернеп,  
Қолдарын, сөйлеп кетті, қатты сермеп.  
— Қанды қол, қара жүзді бүгін саған,  
Осы жұрт «нәлет» деген атты бермек.
- Қолыма қайтып келді қызыл гүлім,  
750 Ұясын тапты ұшып өз бұлбұлым.  
Әкесі айтып кеткен көз жұмарда,  
«Өзіңе аманат, — деп, — бір құлыным!»
- Кедейлер биге келді жапырласып:  
— Сарап айт екі жақты тура басып.  
Тайғара Бисараны ұрлап алған,  
Өлтіріп анасының қанын шашып.
- Шыдамай Тәбік ұрды атын басқа,  
— Тінтуші жіберем, — деп, — тау мен тасқа, —  
Қарасирақ кедейдің қорлығы өтті,  
760 Байлаңдар Майсақалды, тұрма босқа!
- Сайланып келген жаудың қолы күшті,  
Қапыда неше азамат сойылға ұшты.  
Ел ес жиып, сайланып үлгіргенше,  
Майсақал әйелімен қолға түсті.
- Ей, мұндар, не қыласың байлағанмен,  
Шабам деп қанжарыңды сайлағанмен.  
Мен өлгенмен ұрпағым кегімді алар,  
Пышағың оларға өтпес қайрағанмен.  
Мойныңда қан қарызы кетпес тегін,  
770 Саған да зауал тиер жетпес пе күн.

Қара ниет дұшпаным, қарғыс саған,  
Бізден де айығып бір өтпес пе мұң.

Әкетті Майсақалды арқан тағып,  
Өлтірмек дарға асып, отқа жағып.  
Жөнелді сонда Серік Ахметке,  
Шыдасын бұл қорлыққа адам нағып.

Ахмет қарауылда отыр қарап,  
Ширығып екі саңлақ аты жарап.  
— Бір адам келе жатыр, Бисаражан, —  
780 Деді ол, — бізді бетке нақ туралап.

Серік қой келе жатқан осы, — деді,  
Жақыным, жанашырым, досым, — деді.  
Жүрісі тегін емес тіпті, сірә,  
Мен үшін өлімге бас тосып еді.

Ендіккен еті қызып ат қара тер,  
Бүйітпесе намыс кетер жатқа бекер.  
Серіктің өңі құп-қу, қаны қашқан,  
Алдында тұзақ бардай аттап өтер.

Алдына Қосағаштың келді жетіп,  
790 Атының екпінімен желді үдетіп.  
— Сынайтын ер қайратын келді кезек,  
Сондықтан хабар айта келдім бекіп.

Уа, досым, жатырмысың биік тауда,  
«Құс торға» деген қайда «Батыр жауға».  
Ауылда қызыл қырғын майдан болды,  
Талайдың қанын жұтты өмір қауға.

Ауылды түтіп-түтіп қылды ойран,  
Кісі өлді екі жақтан қырғын майдан.  
Әкетті ата-ананды жаяу айдап,  
800 Күнә ғой оны саған айтпай қойған.

Бисара тоқтай алмай кетті жылап,  
— Ахмет, алайық, — деп, — ақыл құрап.

Ата-ананы отқа тірі күйдіргенше,  
Бізде олармен болайық ақыр бір-ақ.

Беліне екі жүзді семсер байлап,  
Деді Ахмет қос көзі отша жайнап:  
— Мен серікпін, барайын қан майданға,  
Бисара, сен мұнда қал, сабыр айлап.

— Не дейсің, Ахмет, сен жаным маған?!  
810 Жолыңда пидамын деп айтқам сағам.  
Ата кегім, анамның қаны қайда,  
Солардың Теміртектен кегін алам.

Сонымен бұлар тартты сайысқалы,  
Жебенің санды соғып қайыс қабы.  
Көк найза кекпен сұсты жарқ-жарқ етіп,  
От шағып наркескендер майыспалы.

Әр жерде безек қағып жүрді шымшық,  
Қара орман ауыр ойда тұрды сыңсып.  
Көксала, Құсемшектің тау мен тасы  
820 «Жол болсын» дегендей-ақ тұрды тыншып.

Аттары жүріп кетті пысқырынып,  
Тұяғы қара жерге күшті ұрылып.  
Бұлардың беттерінің түгі шықты,  
Білектің еттерінде күш тіріліп.

Ат қойды жаудың бұлар шебін түріп,  
Шабысты андағайлап о да ұмытылып.  
Бісқырды өлім тілеп ұшқан жебе,  
Екі жақ арасының көгін тіліп.

Жарқылдап найза, қылыш араласты,  
830 Кейбірін оқтар түйреп, жарды басты.  
Тұсынан келіп тиген бұл дауылдан  
Кейбір жау жан сауғалап тұра қашты.

Айғай-шу жауып кеткен бар алапты,  
Серік те шөптей орып араласты.



Айырылды өз басынан дәуде болса,  
Ахметке тұра ұмтылған баран атты.

- 840 Қалың жау жапырылып кетті ығысып,  
Теміртектен шетте тұрған көпті қысып.  
Өзінше ұран салып «Ұстаңдар!» деп,  
Шауып жүр атармандар епті пысық.

Бисара Теміртекті көріп қалды,  
Таяу кеп қылыш ұстап тұрып қалды.  
Күш беріп ата кегі, ана арманы,  
Қылышпен желкесінен періп қалды.

Малынды Теміртектің қанға басы,  
«Ұһ» деді жазылғандай қыз жарасы.  
«Енді өлсем, арманым жоқ», — деді ішінен,  
Жанының тарқағандай бар наласы.

- 850 Анталап бірнешеуі қаумалады,  
(Басынан жас балғынның аума бағы!)  
Боп жатыр қызыл майдан, қырғын соғыс,  
Тұнжырап тұра қапты тау қабағы.

Обалды ойламаған жауыз надан,  
Анасын Бисараның бауыздаған.  
Баяғы қос жендетті көрді Ахмет,  
Ұмтылды толтырмаққа аузына қан.

- 860 Бірін кеп қағып өтті қылышпенен,  
Одан да шорт қиылды тыныс деген.  
Біреуі қанды қолдың тұра қашты,  
Оқ бойы аса берді қиыс белден.

Ахметті ашу кернеп, кегі қысты,  
Астында кертөбел де керіле ұшты.  
Садағын толғап тартып қалып еді,  
Ол дағы омақасып жерді құшты.

Бұл маңды топырлаған шаң басты,  
Кей аттар адам сүйреп алып қашты.

Кедейлер атты-жаяу араласып,  
Кейбіреуі ұрады алып тасты.

870 Таңулы Майсақалды қарағайдан  
Серіктің көзі шалды анандайдан.  
Жетті де қылышпенен қиды арқанды,  
Бай оны өртемек боп байлап қойған.

Ес жиып елеуреген бай қаптады,  
Тағы да ойран болды тау қапталы.  
Есіл ер Серік мұнда оққа ұшты,  
Жосылып денесінің саулап қаны.

880 Аты өлді Ахметтің бұл майданда,  
Қайран ер жаяу қалды қанды ойранда.  
Жарадан сау жері жоқ денесінің,  
Қырандай енді қайтып самғайды алға.

Ахметті Бисараның шалды көзі,  
Айқасқан жаумен жаяу жалғыз өзі.  
Ол дағы ұшып жетті лашындай,  
Осы бір көре қалып маңды көзі.

Сиретті жауды талай ығыстырып,  
Жасқады айналаны қылышты ұрып.  
Жетіп кеп Ахметке былай деді,  
Сәл ғана оңашаны тыныс қылып:

890 — Ахмет, Тәңір қосқан жарым едің,  
Торлап тұр айналаның бәрін өлім.  
Сен мына атқа мінші, мен қалайын,  
Қайрат қыл, қапы қалмай, есіл ерім!

Бисара өзі де ауыр жаралы еді,  
Қуарып қаны қашып барады енді.  
Ол егер келмегенде мұнда жылдам,  
Ахмет жау қолында қалар еді.

Бәрі жау айналаның ентелеген,  
Қара сап шашын жайды еңселі емен.

- 900 Мөлдіреп тына қалды тау бұлағы,  
Даусы жоқ сылдыраған, еркелеген.
- Әлсіреп, Ахмет те жараланып,  
Аққан қан оның да өлін барады алып.  
— Сен қалма, мінгесейік атқа, — деді,  
Енді біз бөлінбейік дараланып.
- Кеудесін әрең ғана көтереді,  
Сау болса қарғып мініп кетер еді.  
Ахмет үш ұмтылып мінгесті өзер,  
Бисара Кеңсай жаққа төтеледі.
- 910 Қолдағы опырылып найза қалған,  
Қылыш та сынды ма екен, қайда қалған?  
Әйтеуір, бар қалғаны бес тал жебе,  
Оны да атты міне сайлап алған.
- Артынан жау да құды сатырлатып,  
Садақтың атқан оғын жақындатып.  
Паналар Керме тасқа жеткізбестен,  
Ұшырды астындағы атын атып.
- 920 Қалмады-ау, қолда қару, астында аты,  
Осы ма мерт болғаны жастың қапы.  
Ахмет қансыраған талықсыды,  
Өмірінің таусылғалы бар қымбаты.
- Сонда қыз еңіреді бетін басып,  
Арманым көп өмірден өттім жасып.  
Егіліп құшақтады Ахметті,  
Мойнына әлсіреген қолын асып.
- Жылама, Бисарашым, айналайын!  
Келші, бір ақырғы рет аймалайын.  
Анаңның қабыры ғой мынау тұрған,  
Бұл жерде біз ұйықтайтын жер де дайын.
- 930 Қалдырған арт жағында жосалы із,  
Жігітке жасты бетін тосады қыз.

— Бұл күнде көргеміз жоқ ырыс-бақыт,  
Ол күннің айырылмайтын қосағы біз.

Ахмет, кеудемдегі күнім едің,  
Кете ме қызығымды жұлып өлім.  
Берілген жалғыз саған жас жүрегім,  
Өзіңмен бірге тынар жылы демім.

Тау естіп басын бұлтқа сүйеп қапты,  
Ол жалғыз өксулерден тиек тапты.  
Қош айтып орман-тауға, сүйген жарға,  
940 Ахмет ақырғы рет иек қақты.

— Сұм дүние, сен, қараңсың енді маған,  
Өзіңнен кетеді енді шерлі балаң.  
Көрмедім ата-ана, жар қызығын,  
Қойныңды аш, мені де жұт, сорлы далам!

Жұлдыздай сөнгенім бе аспандағы,  
Айырылдым арманым ең асқардағы.  
Шеңгелдеп жүрегімнен түйреп алды,  
Дұшпанның бізге құрған қас қармағы.

Бұл сөтте жауда басты андағайлап,  
950 Зор топыр селдей тасты маңда қайнап.  
Дәрмен жоқ Бисарадай бишарада,  
Ажал жүр мазақ қылып, салған ойнақ.

Қасіретті ғашық жайын білер нендей?..  
Аспанда ойға батып түнергендей.  
Орманда сайрамады әнші бұлбұл,  
Көк найза таңдайына тірелгендей.

Аспанды қаракүйе бұлт басты,  
Шама жоқ қарсыласар бұрып басты.  
Ұрмаққа жеткен жауды жұлып алды,  
960 Анасының басындағы құлпытасты.

Жер сонда жел қайықтай қалтылдады,  
Аспанда қызыл оттар жарқылдады.

Дүниені зел-зала қып бір керемет,  
Нәсер құйып, найжағай жарқылдады.  
Күңіреніп қабырдан да бір үн шықты,  
Қиын боп бұл маңайда жан тұрмағы.

970 Астынан алған тастың су атылды,  
Аспанда атылған су шұбатылды.  
Көл болып сол аймақтың бәрін басты,  
Көмілді жаудың дағы үні ақырғы.

Алыстан ары қашып шұбады елік,  
Сұмдыққа қалмағай деп куә болып.  
Селт етіп ақбас шыңдар қарап қапты,  
Көрмеген оқиғаға, сірә, болып.

Деген ғой: «Ер жыласа, ел жылайды,  
Жыласа сорлы жетім, жер жылайды».  
Осы сөз қалған содан тәмсіл болып,  
Дейді ел: «Көлді туған шерлі қайғы!»

### *Соңғы сөз*

980 Тұрғандай толық тербеп бой ырғалып,  
Айдында аққу қазы ойын салып.  
Беткейде көк шалғыннан ән шырқады,  
Сайрамның жас шопаны қойын бағып.

Толқыса балғын құрақ желмен ойнап,  
Тай-құлын сонау өрден салады ойнақ.  
Лықсыған қалың малы көк шалғында  
Жүргендей көрінеді жүзіп-бойлап.

Жамылып ырыс гүлін қыр белеңі,  
Сайрамды алтын шуақ гүл бөледі.  
Қыс болса, ақ теңізге шомып дала,  
Жаз болса, жасыл перде бүркенеді.

994 Құйылып сай-саладан дән маржаны,  
Қалқаның онда бүгін жанды арманы.  
Өмірдің бақыт құсы ұшты биік,  
Жаннат қой бүгін, міне, Сайрам маңы!

## ҚЫЗҚҰЛАҒАН

Бір-ақ жер «Балдырғанды», «Қызқұлаған»,  
 Ақ құзар құлап өлген ізі қалған.  
 Құзардың табанында «Шажа» өзені  
 Қыз құлап суға түсіп, ісі тынған.

Жазайын бес-алты ауыз түсінік сөз,  
 Себебі қыз құлаудың қалай болған.  
 Қызы екен Жұмаш байдың, аты — Жібек,  
 Он төртке өткен жылы жасы толған.

10 Он төртке жаңа шыққан жас баланың  
 От жанған жүзі нұрлы маңлайынан.  
 Бала еді сөзі сынық, өзі әдепті,  
 Бал тамған, аузын ашса, таңлайынан.

Тыңлаңдар көңілменен әңгімені,  
 Жібектің сөз бастайын жағдайынан.  
 Көрген ел көзі түсіп таң қалысты,  
 «Тумас, — деп, — мұнан артық жас баладан».

20 Екі бай көк жайлауға қатар қонар,  
 Жүз-жүзден құлын байлап, бие сауар.  
 Жұмаш бай андас екен Жалайырда,  
 Мырзадан Сәдібек бай көрші болар.

Көк жайлау сәнін түзеп, сейіл құрып,  
 Соны шөп, тегіс жерді қоныс қылар.  
 Әйелі Жұмаш байдың екіқабат,  
 Жайлауда мезгіл жетіп бір қыз туар.

Жайлауда бала туып, той жасалды,  
 Сабалар қымыз толы, мал сойылды.  
 «Жұмаштың бала туған тойы бар» деп,  
 Барлық ел жайлау үсті хабарланды.

30 Көршісі атақты бай қатар қонған,  
 Ауылы Сәдібектің шақырылды.

Шабылып құнан бөйге, көкпар алып,  
Тамаша жайлау үсті сауық құрды.

Шақырып бір молданы той артынан,  
Жібектің — туған қыздың атын қойды.  
Баласы Сәдібектің аты — Мұқаш,  
Жібектен екі жылдай бұрын туған.

Қызығып бір-бірінің байлығына,  
Екі бай қыз бен ұлға құда болды.  
Бата аяқ мал алысып, киіт киіп,  
40 Жібекке осылайша сауда жүрді.

Келісті қалың малға Жібек үшін,  
Жүз байтал бермек болып Сәкең көнді.  
Қатысып ақсақал мен жақсы адамдар,  
Мал сойып, құда түсіп, уәде болды.

Қыз өсіп, он үш-он төрт келді жасқа,  
Бұл байда бала да жоқ мұнан басқа.  
Өртүрлі жеңгелері әңгіме айтып,  
Болмайды құлақ қойып тыңламасқа.

«Мал берген күйеуің бар, келеді» дер,  
50 Баласы о да байдың он бес жаста.  
Айыбы көзі қитар, басы жара,  
Болыпты іштен туа әуел баста.

Жібекті бұл әңгіме ойландырды,  
Болмайды ақылменен ойламасқа.  
Жібектің жеңгелерге айтқан сөзі,  
Солқылдап көзі толып ыстық жасқа:

«Тірі боп таз, қитарға мен бармаймын,  
Онан да ұшып өлем шығып тасқа».  
Көрерсіз тірі жүрсең болған істі,  
60 Барар деп тірі болып ауыз ашпа».

*Он төрт жасар Жібектің көркі*

Қара қас, қара торы, жазық маңлай,  
 Қара көз, жіңішке бел тартқан сымдай.  
 Жайнаған екі көзі, қыр мұрынды,  
 Келбеті жүзі нұрлы таң қалғандай.

Көзі өткір, асылы бар деп айтады,  
 Жарық қып қараңғыны шам жанғандай.  
 Сүйегі денесіне біткен түзу,  
 Солқылдақ сазға жаңа шыққан талдай.

70 Қара шаш, бұрымы ұзын, қиылған қас,  
 Шашбауы бұрымында жер соққандай.  
 Қыз еді орта бойлы, оймақ ауыз,  
 Тізілген тісі қатар ақ маржандай.

Тәртібі, мінезімен халыққа ұнап,  
 Мінезі, тәртібіне жұрт таң қалды-ай.  
 Көз нұры қараңғыда жарқыраған,  
 Нұрланып нұрын шашып таң атқандай.

*Жібектің күйеуі*

80 Бір күні жайлау үсті келді күйеу,  
 Жанына күйеу жолдас ерген екеу.  
 Енгікпе аламыз деп жеңгелері,  
 Алдынан жүгірісті үшеу-төртеу.

Күйеу кеп, кешікпей-ақ тігілді отау  
 Шетіне ақ орданың оңашалау.  
 Басы таз, көзі қитар болғанменен,  
 Мақсаты бай ұлының тамашалау.

Шот маңлай, бүйрек бетті, кертiк мұрын,  
 Қыз көрді өз күйеуін аласалау.  
 Қитар көз, шойын қара байдың ұлын  
 Жібектің ынтызары — әбден байқау.



- 90 Көрген соң байдың ұлын Жібек сұлу,  
Қайғымен енді басты анық жылау.  
Байлықтың мақтанышымен құда болған,  
Байлардың мақсаты ма түбін ойлау?!

Шай қойып, мал сойылды қонақтарға,  
Отауда Мұқаш күйеу жатыр жайға.  
Мұқашты байдың ұлы Жібек көріп,  
Шомылды түпсіз терең уайымға.

*Жібектің ойы:*

- «Шешемді оңашалап шақырып ап,  
Бұл не қылған күйеу деп жылайын ба?  
Бармаймын тірі болып күйеуіңе,  
100 Бергін деп күйеу тауып сұрадым ба!

Әкемнің төрт түлігі ұшан теңіз,  
Он төртте мені сату ұнады ма?  
Орнына еркелету малға сатып,  
Көз жаспен қалмаймысың обалыма?

Өлейін мұнан дағы суға түсіп,  
Обалым сіздерге деп сатқан малға.  
Малының бағатұғын иесі жоқ,  
Жалғызын саудалаған жүз байталға», —

- 110 Деп жылап зарлағаны Жібек қыздың  
Естілді шешесінің құлағына.  
Шешесі Ақжан деген жақсы кісі ед,  
Білуші ед ұнатпасын баяғыда.

Жұмаштың діні қатты, қара ниет,  
Шыдамас оның ешкім таяғына.  
Жұмашқа Жібек қыздан бір тай артық,  
Қарамас ол Жібектің қабағына.

Жұмаш па қабағына қыздың қарар,  
Жүз байтал өтіп кеткен тамағына.

- 120 Жүгіріп Ақжан келді Жібегіне,  
Өсірген еркелетіп қарағына.
- Жылайсың неге, Жібек? — деді Ақжан,  
Қызының басын сүйеп аяғына.  
Жас кетті екі көзден алты тарам,  
Бетіне Жібек қыздың қарады да.
- Жұмаштың жұрттың бөрі ықпалында,  
Ешкім жоқ қарсы сөйлер ағайында.  
Ақжан мен Жібек отыр жылауменен,  
Оңаша үй, еш адам жоқ маңайында.
- 130 Адамның қарсыласқан Жұмашпенен,  
Көрсеткен қысымшылық талайына.  
Зәресін елі-жұрттың алып қойған,  
Бара алмас ешкім оның маңайына.
- Жібекке Ақжан отыр жақын таяу,  
Ақырын әлсіз шығып даусы баяу.  
Сұрайды Жібек қыздан қайта-қайта,  
— Бір жерің ауырды ма, япырм-ау?
- Қызарған қыздың көзі жылауменен,  
Күйінде жылап отыр үндемеген.  
Жылайды қарайды да Жібек қызға,  
140 Қызының жылайтынын бұрын білген.
- Шешесі қайта-қайта сұраған соң,  
Жібек қыз әрең зордан жауап берген.  
— Қонағың кім болады? Кімге күйеу?  
Осыны сізден сұрап білгім келген.
- Қалайша күйеу келіп, тігілді отау,  
Күйеуге қай қызың бар бергің келген?  
Он төртке жаңа шыққан мен жалғызың,  
Өлтірдің малға сатып қайғы-шермен.
- Осыған мені бермек болсаңыздар,  
150 Қоштасам өлмес бұрын сіздерменен.

Жалғызын он төрт жасар малға сатып,  
Қысылды әкем менің неменеден?!

Қызына ешбір жауап айта алмады,  
Сөзіне жауап тауып қайтармады.  
— Шай жасап, тамақ әкел, қайдасың? — деп,  
Ақжанға үйде Жұмаш айқайлады.

- Ақжан кеп тамақтарын дайындады,  
Ақылмен әрбір істі байымдады.  
Толғанып қанша ойланса ақыл жетіп,  
160 Жеңілдік Жібек үшін табылмайды.

Жүз байтал құрттай санап Жұмаш алған,  
Ақ бата ақ қой сойған қаны бардан.  
«Егерде Жұмаш сезсе, тірі қоймас»  
Ойлайды жылап жүріп осылардан.

Ас пысып, тамақ дайын болған кезде,  
Шақырып көршілерді орда толды.  
Қол жуып, ет туралып әрі-бері,  
Тамақты кешікпей-ақ ішіп болды.

- Ас ішіп, жайбарақат қолды жуып,  
170 Тарқасып бала-шаға, шалдар қалды.  
«Құдалар, әңгіменді айт келген мақсат»,  
Жұмаш бай құдасына бір қарады.

Бастады әңгімені бұ құдалар,  
Құлақ сап тыңлап отыр барлық шалдар.  
Келінін сұрай келген жайын айтып:  
«Күніне келіссек, — деп, — тойы болар».

- Шешесі айтты: — Жібекжан өзiр жас қой,  
Он төртке осы күзде жасы толар.  
Есептеп бермек мал мен алған малды,  
180 Келісті тиянаққа енді бұлар.

«Келесі сәрсенбіге той болсын» деп,  
Бес жылқы, он қой артты тойға сояр.

Алты күн қалған екен сәрсенбіге,  
Той үшін екі жағы дайындалар.

Осымен тиянаққа келісті де,  
Түнгі ұйқы мезгіл жетті демін алар.  
Төсек сап қызды әкеліп ырым алмақ,  
Күйеуге екі жеңгей төсек салар.

### *Қызды күйеуіне апаруы*

190 Отауға жеңгей салды төсек,  
Мамықты көрпелер мен жұмсақ төсеп.  
— Әдейі, күйеу, сізге еңбек еттік,  
Көп ақша бере ме деп жетпес есеп.

Әкеліп қалыңдығың көрсетеміз,  
Асықпа, үйдің іші ұйықтасын деп.  
Көрімдік қыз көрсетіп тағы аламыз,  
Ақшаны дайындай бер бірер кесек.

200 Бұрынғы үлкендердің жолы солай,  
Ырым көп ақша алуға бізде еселеп.  
Үй іші ұйықтады ма әлде жоқ па,  
Білер ме ептеп барып үйге кірсек.

Төсекке шешінді де күйеу жатты,  
Осылай ақылдасты қос келіншек.  
«Әр-бері бергенін ап кетер едік,  
Күйеуге қызды әкеліп бір көрсетсек».

Осылай қос келіншек ақылдасар,  
Қыз жатқан үйге қарай қадам басар.  
Азырақ сырттан тыңлап «ұйықтады» деп,  
Екеуі ептеп келіп есік ашар.

210 Білдірмей дыбыстарын үйге кіріп,  
Төсекке қыз жататын кеп жармасар.  
Ақырын ептеп сипап қызды оятып,  
Далаға алып шықпақ енді бұлар.

— Бұлар кім, неғып жүрсің? Кет ары, — деп,  
Жөніне Жібек көнбей біраз тулар.  
— Тілге көн, жүр, еркежан, — деп жалынар,  
Амалын біз табалық күйеуді алдар.

Ақылға Жібек көнді, түрегелді,  
Киініп қос жеңгейдің соңына ерді.  
220 Ақырын ептеп басып тысқа шығып,  
Үшеуі ақ отауға барып енді.

Күйеуге қызды апарып дүз көрсетіп,  
Көрімдік күйеу үш сом ақша берді.  
Қысқа түн жазды күнгі аясы сол,  
Ағарып шығыс жақтан таң білінді.

Жібекке жеңгелері «қайтқын» деді,  
Үй іші біз шыққанда бөрі білді.  
Жайымен жайлап айтқан тілге түсіп,  
Мұқаш та мақұл көріп, тілге көнді.

«Қош болып осыменен жата бер», — деп,  
230 Үйіне Жібек сұлу қайтып барды.  
«Біржола Мұқаш менен күдер үзіп,  
А, шіркін, күн болса!», — деп жатып қалды.

Мұқашқа Жібек айтты: — Мен сенікі,  
Аулыңа алыс емес жақын барар.  
Аз күнде өз үйіңнен табысармыз,  
Қош бол, — деп оған дейін жатып қалар.  
Мұқашқа жеңгелері түсіндірді:  
— Бес күнде қызды алатын тойың болмақ.  
Күндерің алыс емес, арыс салар,  
240 Жай сөзге алдап айтқан көңілденіп,  
Ақымақ алдағанға риза болар.  
Неше күн болса дағы Жібек тыныш.  
Мұқаштан алдауменен тез құтылар.  
Той жасап ұзататын күнін естіп,  
Жібек қыз қайғыланып от боп жанар.

Әр ойды үйде жатып Жібек ойлар,  
 Күніне жақын қалды тойы болар.  
 «Біржола Мұқаш менен күдер үзіп,  
 А, шіркін, болар ма күн ұмытылар».

250 Той малды айдап келді үш күн бұрын,  
 Барлық ел шақырылып хабарланар.  
 Күн өтсе аттануға күн жақындап,  
 Жібекке қасыреттік қайғы толар.

Ойлайды қайғыланып әрбір ойды,  
 Той үшін нан пісіріп, малын сойды.  
 Арасы бес шақырым ақ құзар бар,  
 Өлуді содан құлап ойлап қойды.

Той болып, күн сәтіне ел жиылып,  
 Тамаша жайлаудағы ел думан құрды.  
 260 Шабылып құнан бәйге, көкбөр алып,  
 Екі күн жайлау үсті сауық болды.

От жанған маңлайынан нұрлы Жібек,  
 Бес күнде қайғыменен солып қалды.

Той тарқап, қызды ұзату күнге жетті,  
 Қайғылы Жібек қыздың есі кетті.  
 — Жібекжан, не қалайсың? — деген екен,  
 — Сарқызыл бәсіремді мінем, — депті.

Сарқызыл даңқы шыққан жүйрік еді,  
 Көрікті, өзі сұлу дүлдүл еді.  
 270 «Мінемін Сарқызылды» дегенінде,  
 Жұмаш бай іштен тынып ренжіді.

Ерттетті Сарқызылын амалсыздан,  
 Бала жоқ мұнан басқа, бір қыз еді.  
 Қоштасып ауыл аймақ Жібекпенен,  
 Түйеге жасауды артып жүргізді енді.

*Жібектің шешесімен көрісуі*

— Қош, ана, аман сау бол, аттанамын,  
Сапарға барса келмес мен барамын.  
Емізген ақ сүтіңді еркелетіп,  
Сізді ойлап, қайран ана, қайғырамын.

- 280 Қызығым көретұғын болды қысқа,  
Жазуға тағдыр дағы ризамын.  
Өзіңді-өзің мықты ұста, анам,  
Мен үшін күйік тартып қажымағын.

Жалғызын он төрт жасар малға сатып,  
Әкемнің қарасаңшы ақымағын.  
Қызығып жүз байталға, құлға берді,  
Осы ма дәурен сүрер менің теңім.

- Әкемнің меңде аласы өші болса,  
Айрылып жалғызынан алсын кегін.  
290 Кемтігін мені сатып жетілдірсін,  
Жүз-жүзден айдап алып малды тегін.

Алдында ағасы жоқ, артта інісі,  
Жаралған жалғыз болып мен сорлымын.  
Он төртке жаңа шыққан жас балапан,  
Қызығын бұл жалғанның аяқтаймын.

Мені ойлап күйік тартып жүдемеңіз,  
Осыны сізден сұрап, көп тілеймін.  
Емізген ақ сүтіңді қарызың бар,  
Мен үшін кешіріңіз, өтінемін.

- 300 Өсірген ақ сүт беріп қарызыңды,  
Күнінде таңла мақшар бір өтермін.  
Тірлікте мен сізге жоқ енді, анам,  
Барғанда о дүниеге кездесермін.

Қош, ана, тіршілікте мен сізге жоқ,  
Өсіріп, еркелетіп, қададың шоқ.

Ес біліп он төрт жасқа келгенімде,  
Опасыз өткен екен дүние боқ.

- Осындай болар ма едім туысым болса,  
Айрырып алмас па еді аға-іні боп.  
310 Қызығын бұ жалғанның аяқтаймын,  
Жүргенше өмір сүріп бұған қор боп.

Қолқалап сізден, анам, өтінемін,  
Күйік пен кәріп көрме соқыр болып.  
Емізген ақ сүтіңді қарызың бар,  
Кешіргін мойныма артпай, қарыз қылып.

- Қызығым көретұғын болды қысқа,  
Кетемін ойлағанда от боп жанып.  
Жалғызын он төрт жасар шырқыратып,  
Жаралды малға тоймас әкем нағып?!  
320 «Ажырат! Кеш боп кетті, аттансын!» — деп,  
Жұмаш бай айқайлады шетте тұрып.

Екеуі құшақтасып қалған екен,  
Зорлықпен ажыратты біреу келіп.  
Жібек қыз көріспеді әкесімен,  
Әкесі қолын жайды бата беріп.

— Батаңмен өзінді өзің жарылқа, — деп,  
Бұрылып Жібек кетті қолын сермеп.  
Көлденең бір жеңгесі атын тартты:  
— Еркежан, кеш боп кетті, атқа мін, — деп.

- 330 Қолтықтап жеңгелері мінгізді атқа,  
«Қош, қалқам, аман-есен сау болғын», — деп.  
Жібек қыз атқа мініп, қош айтысып,  
Шешесін беттен сүйді, мойнын бұрып.

Шешесін ойлағанда егітіліп,  
Кетеді от боп жанып іші күйіп.  
Осылай Жібек сұлу атқа мінді,  
«Қош, ана, сау болғын, — деп, — тартпа күйік».



- Түс қиып бара жатқан уақты еді,  
Ертемен артқан түйе кеткен жүріп.  
340 Жүргенше өмір сүріп бұған қор боп,  
Өлімге бел байлады жанын қиып.

Қоштасып анасымен арыздасып,  
Құзарға аттың басын алды бұрып.  
Қыз түсі байқағанға өзгерісте,  
Құбылып бір қызарып, бір қуарып.

Қыз бұрды аттың басын құзар жарға,  
Құзардан өзін-өзі ұзатарға.  
«Құзардан құлап өлер күнім жетті,  
Қош бол!» — деп жөнелді қыз тұрғандарға.

- 350 Жөнелді шапқан бойы құзға қарай,  
Артынан тұра қуды атты-жаяу.  
Жеткізбей жеке шығып жөнелді қыз,  
Бөріне қуғандардың іле шалау.

Мінгені Мұқаш күйеу қара қызыл,  
Артынан қуып жетіп келді таяу.  
Жарысты Жібекпенен қатарласып,  
Ойда жоқ қызды ұстап, алдын орау.

- «Есі жоқ мал секілді ақымаққа, —  
Ойлайды: — не істесем? — деп, — япырым-ау.  
360 Ілгері озсын, — деді ойлады да, —  
Әурелеп жіберейін мақұлықты-ау».

Ілгері Мұқаш озды, Жібек кейін,  
Ойлаған, қараңызшы, ақылын-ау.  
Артынан үдей шауып қуып жетіп,  
Мұқашты қамшыменен топырлаттау.

Аттандап қамшы өткен соң «төтетайлап»,  
Жөнелді өз жөнінше бақырып-ау.  
«Төтелеп» Мұқаш кетті қыздан бөлек,  
Жарына сырғанайтын келді тақау.

370 Сөкіріп аттан түсіп шешінді де,  
Жұмысын орындады қыз сырғанау.  
Сырғанап ақ құзардан суға түсіп,  
Жібектің күні бітіп орындалды-ау.

Әлі тұр сол күйінде Қызқұлаған,  
Сондықтан «Қызқұлаған» аты қалды-ау.  
Айрылып жалғзынан Ақжан ана,  
Ерте-кеш қызын жоқтап өнге салды-ау.

Байлықты жалайырдан асырмақшы,  
Неше жыл Жұмаш байға болыпты дау.  
Екі бай неше жылдай даулы болып,  
381 Араға ел кірісіп бітіріпті-ау!

## ШАЯБАЙ

(аңыз-дастан)

Салқын төс көз шалғанда Үшқоңырды,  
Басында айнала ұшқан құс көрінді.  
Тасына көк қаршыға ұя салып,  
Шатқалы паналатқан қыс бөріні.

Екі егіз, сом біреуі дара біткен,  
Терең сай бөлініп тұр аражікпен.  
Қос шоқы сыңарының басындағы  
Тас зират ескі, көне мұра тіптен.

- 10 Жайқалған сай-салада көк шалғыны,  
Көруге келген кісі мақтар мұны.  
Боялып тобығыңнан бүлдіргенге,  
Көкейде әнші құстар сақталды үні.

Айтарлық Алатаудай асқар да емес,  
Тауындай Тарбағатай қапталды емес.  
Қоныстап бабаларым мекендепті,  
Жоңғармен қай мезгілде тоқталды егес?

- 20 Бабамның қасиетті басқан жері,  
Жауына қару сайлап асқан жері.  
Гаусардай татып көрсең бал бұлағы,  
Самалды Сарыарқаның жатқан белі.

Көзбастау атқылаған тасты жарып,  
Жолаушы шөл қандырап басты салып.  
Итмұрын, ұшқат, шілік, қалың жыныс,  
Тал, терек сай-саласы көрсең барып.

Көктемде қыр гүлімен жайқалып төс,  
Аймалап, жаяр құшақ айқарып кез.  
Қан қызыл гүл жарғанда шұғынығы,  
Кем емес раушаннан тартады көз.

- 30 Жылғасын жұрт айтатын «Қалмақ қора»,  
Сан жылдар ел жайлаған қалмақ тола.

Елінсіз жылдар бойы жетімсіреп,  
Қайыспай көтеріпті салмақты о да.  
Көздері қорқаулардай толып қанға,  
Жоңғардың жолы бопты жорытқанда.

Егіліп ел безіпті өз жерінен,  
«Ақтабан шұбырынды...» шомып сорға.  
Жоңғардың ел билепті Қоңтәжісі,  
Өзінше заманында болған кісі.  
Қазақты жерден қуды, елін жаулап,  
40 Заманда келіп тұрған қолдан күші.

Бар еді жоңғарда бір батыр қалмақ,  
Жайылған өз еліне аты жалпақ.  
Тегінен сіңір шыққан кедей екен,  
Шаябай сұрасаңыз атын талдап.

Кедейді жалғыз үйлі елейді кім,  
Оған жоқ ел сияқты мерейлі күн.  
Аң аулап, мал шаруалап күнелтетін,  
Ниетіне шонжар тұқым сенбейтұғын.

Шапқанын бейбіт жатқан қазақ елін,  
50 Жақтырмай сақтайтұғын аза, кегін.  
Әлсізге көрген емес қиянат қып,  
Ары үшін тек арнаған таза терін.

Шешілмес бір түйін бар көрген түстей,  
Тұңғиық ойланатын бергенді ішпей.  
«Жазықсыз елге неге шабады?» — деп,  
Шеше алмай толғанатын жүргенде іштей.

Өткізді бастан талай зомбылықты,  
Шұбар төс, кім бай болса, болды мықты.  
Қуылып ата тегі құнды жерден,  
60 Кесесін көз жасымен толтырыпты.

Шаябай беті қайтпас ердің өзі,  
Оның да сыналатын келді кезі.  
«Қазаққа дайын болсын, аттанад!» — деп,  
Әмірлі Қоңтәжінің келді сөзі.

Сенделіп сонда батыр тұра алмады,  
Екі ауыз сөздің басын құра алмады.  
Елітіп ерді намыс алды билеп,  
Жөн бе екен басқа аттанып, бұл қалғаны.

70 «Жорықтан қаламын» деп айта алмады,  
Әмірін Қоңтәжінің қайтармады.  
Жасырын бір тылсым күш жеңіп еркін,  
Сайланып, аттануға ой толғады.

Сөзінен дос, құрбының қорықты ма,  
Ой жетпес, болмас іске жолықты ма?  
Білмеймін, мәлімсіздеу сол арасы,  
Бекінді аттануға қорытты да.

Қазақта хандар да бар, қара да бар,  
Ақ та бар, арам да бар, ала да бар.  
Не үшін, кіммен, неге соғысады?  
80 Жұмбақ боп бұлдырады сонда олар.

Асынып айбалта мен найза, қылыш,  
Ширығып шымырланды бойда құрыш.  
Қар жауып қабағынан қатуланды,  
Сезініп болатынын сойқан жұлыс.

Кез еді ес жия алмай қазақ жағы,  
Шұбырып басқан ізі тозаңдады.  
Әйтсе де, олар да оңай беріспеді,  
Кей тұста қалмақ та іріп босаңдады.

90 Ұрысқа енді ерің Шаябайдай,  
Бетпе-бет кезіккенді аямайды-ай.  
Жазықсыз елді қырды, екі көзі  
Қанталап ішкен қанға тоя қоймай.

Өткізді жекпе-жектің талайларын,  
Жеңілді не бір жас пен талай кәрің.  
Жеңіске желікті ме масаттанып,  
Жеңгізді жауыздыққа қалай арың?

- Әлде бұл ұмытты ма бұрынғы ойды,  
Көзінің кем-кетікке қырын жойды.  
Ерлік пе, жаппай қырып, ел тонау ма?  
100 Бір ойы бірін іреп, бірін сойды.
- Ұрыстың не тәсілі таныс енді,  
Шапқалы жылдар өтті алыс елді.  
«Өтеді сөз сүйектен» деген рас,  
Әрқашан өлтіреді намыс ерді.
- Жеңді ол жекпе-жекте батырды бір,  
Ол қатты Шаябайға ақырды тіл.  
Ер еді ел намысын жүрген қорғап,  
Айласын асыра алмай, шатылды бұл.
- Өткізіп өңменінен Шаябайдың,  
110 Түйреді сөзіменен аямай тым:  
— Ит пе едің айтаққа ерген, арсыз нәлет,  
Тек жатқан елді қырып, аямайтын.  
Сен бе едің Қоңтөжінің қолшоқпары,  
Қан ішер, қара ниет ел сотқары?!
- Құл ма едің бас еріктен айырылған,  
Басыңа кигізіп ед кім ноқтаны?  
Кедейсің, кейпіңнен-ақ тұрмын танып,  
Жерімді ойрандадың қырғын салып.
- Ішерге ас, жайлауға жер жетпеді ме,  
120 Жарымай ел тонаған сен бір ғаріп.  
Қашаннан қаныпезер хан тұқымы,  
Нысапсыз дүние мен малдың құлы.
- Жемтіктес жебірлермен, арсыз құзғын,  
Сен үшін түкке тұрмас ардың құны.  
Кедей ем күнін көрген жалғыз үйлі,  
Тегімнен бай емес ем малды, күйлі.  
Ер едім азаттыққа ту ұстаған,  
Түсірдің қапылыста сен қанқұйлы.
- Титтей де өкінбеймін өлгеніме,  
130 Бар қызық ризамын көргеніме.

Қан төктім елім үшін, арманым жоқ,  
Ешқандай қарызым жоқ ертеңіме.

Бұйырды туған жердің топырағы,  
Бақыт қой соның өзі, не тұрады?!  
Кезі кеп сен де бір күн мерт боларсың,  
Қазақтың бар ғой сендік не қыраны.

Бұл күнде түргенімен ел іргені,  
Қазақ та қаптап жатқан ел іргелі.  
Күн туып қазаққа да, сұм қалмақтың  
140 Басылар су басқандай еліргені.

Ақ берен, алмас қылыш — қазақ халқы,  
Қазір де көргенменен азап, талқы.  
Қызатын кезі алда бұл ұрыстың,  
Болады сендер үшін азап арты.

Қайралған жібере ме елдің кегі,  
Енді-енді есін жиды елдің көбі.  
Бұйырмай өз жеріңнің топырағы,  
Төніңе киіледі көрдің кебі.

Мен болсам, ұран еттім азаттықты,  
150 Сен болсаң — адам жегіш тажал түкті.  
Жүрсіңдер елірткенге босқа әуре боп,  
Қалмаққа құл болмайды қазақ тіпті.

Жарлысың сен де мендей сөзді ұғарға,  
Ақырғы сөзімді айтам көз жұмарда.  
Жалғыз-ақ орында, сен, қоям сауал,  
Жерлерсің өз қолыңмен анау жонға.

Шаябай тыңдап тұрған бұл сөздерді,  
Шарт сынып найзағайдай күрт өзгерді.  
От-жалын өртеп өтіп жүрек тұсын,  
160 Сөзіне есіл ердің ол төзбеді.

Бұлдырап өткен өмір елестеді,  
Жер-суы, туып-өскен белестері.

Жалт етті сүйген жары көз алдынан,  
Мақсаты кісі өлтіру егес пе еді?

Тұрғандай қарғап-сілеп ата-анасы,  
Ауылдас, кедей-кепшік, баталасы.  
Бәрі кеп көзге шұқып жазғырғандай,  
Ісінің айқындалды шаталасы.

170 Шаябай қайран ерге қансыраған,  
Сауалға жауап қатты ол сұраған.  
Тер саулап өн бойынан жан қиналды,  
Зіл басқан ауыр ойлар жаншылаған:  
— Ей, батыр, егілдірді сөзің мынау,  
Ақпайды неге шыққыр көзім мынау.  
Тұрмастай тас төбемнен Құдай ұрып,  
Тірі өлік болып тұрған кезім мынау.

180 Еріді жүректегі бетер тасым,  
Шынымен өлемісің, көтер басың.  
Ойымды айқындауың тұманданған,  
Өмірі өкінішпен өтер жасым.

Жараны бітеу іште жардың батып,  
Тіршілік жоқ денемде, қалдым қатып.  
Елі үшін еңіреген ерді өлтіріп,  
Тірідей өлім уын алдым татып.

Қоңтәжі момындарды қансыратқан,  
Жат елді қырып-жойып жамсыратқан.  
Аранға жықты, адастым, айдап салып,  
Арылды енді бойым сол сұрақтан.

190 Күшің де артық екен ақыл-айлаң,  
Кеш мені, кеше екенмін, батыр ойлан.  
Жер еттің кеудемдегі намысымды,  
Кетпейді кекті, өткір сөзің ойдан.

Қалың жұрт, қайран халқым, қалмақ елі,  
Адасып қай тығырда қалмақ енді.  
Бос екен өткен өмір, енді немен  
Орыны өкініштің толмақ енді?!



- Хош батыр, ей, адамның арыстаны,  
Жаныңда сенің мен жәй барыстағы.  
Ел шаппан — енді берер өсиетім,  
200 Жол тартам ел жағыма алыстағы.
- Тарылып өтер шақта дүние кең,  
Қас батыр хош айтысты дүниемен.  
Күбірлеп өзіне-өзі дұға етті,  
Әйтеуір, кезігем деп бір Иемен.
- Шаябай есіл ерді арулады,  
Денесін зіл басқандай ауырлады.  
Кім білген бойы босап, тұңғыш рет  
Сорғалап көзінен жас сауылдады.
- Білмеймін шөл дала ма, Сарыарқа ма,  
210 Шет пе екен, шалғай жатқан Жерорта ма.  
Естимін ел аузынан еміс-еміс,  
Түр дейді зират сол бір жон арқада.
- Өткір сөз өртеп ішін кетті меңзеп,  
Ол жағын тұрған шығар іші сезіп.  
Ат басын бұрды дағы кері қарай,  
Құйғытып сардаламен кетті кезіп.
- Ер ойын үнсіз ұққан серіктері,  
Соңынан Шаябайдың еріп берді.  
Жер таңдап, суын байқап, талай жерді,  
220 Тамсанып, тамашалап, көріктеді.
- Шүйгінді, тұнық суы, шат-қиялы,  
Тірелді Үшқоңырға ат тұяғы.  
Бекініп осы жерді қоныстауға,  
Таңба сап шапқысымен тас қияды.
- Көңілдес кедей ауыл қосты басын,  
Жетімге, жетпегенге тосты асын.  
Барлығы бір қазаннан ас ішіпті,  
Көппенен ұмытылып тоқтық-ашың.

- 230 Ешкімді қиянатқа бастырмады,  
Көлденең шөп жатса да, бастырмады.  
Қоңтәжі, шонжар тұқым — ата жауы,  
Болды енді Шаябайдың қас дұшпаны.
- Білінбей өтіп жатты жылдар жылжып,  
Шаябай көп кедеймен қылған тірлік.  
Күн көріс, адал еңбек, маңдай тері,  
Жат енді жауыздық пен бұған ұрлық.
- 240 Басынан Шаябайдың дарыды құт,  
Бас құрды, бала сүйді, бәрі де ұмыт.  
Біршама осылайша өтті жылдар,  
Көрген жоқ ішкен асқа тарылығып.
- Бұл тұста қусырылып қалмақ жағы,  
Көбінің бастары ұшып қалбаңдады.  
Қусырып жау қанатын қазақ жағы,  
Көп күткен азаттықты армандады.
- Жау жеңіп, ұрандаған шықты батыр,  
Шыдамай жауы қашып, бұқты пақыр.  
Оңбасын босып жүріп білгеннен соң,  
Бас қосты, ұйымдасты, ұқты ақыр.
- 250 Жалаңтөс соның бірі Тоқбай батыр,  
Қадалған екі көзі оқтай батыр.  
Қырандай шау шебіне шүйілгенде,  
Бұрқанған одан өзге жоқтай батыр.
- Жетіпті Үшқоңырға Тоқбай қолы,  
Іштері ыза-кекке оттай толы.  
Қаралы қолды көріп үрейленіп,  
Ауылы Шаябайдың шоқтай болды.
- Шабам!» — деп батыр Тоқбай қаһарланды, —  
Кім бұлар? Жерім қалай отарланды.  
Жосықсыз, бассыз өңшең сұм қалмақтар,  
260 Бәріңнің басыңды алып, шашам қанды!
- Шаябай топ алдына шыға келді,  
Ниетін ер Тоқбайдың ұғады енді.

— Дат, тақсыр! Тіл қатуға мұрсат бер! —  
Деп еді, жөнге келді бұ да енді.

Текшелеп айтты бәрін, жасырмады,  
Бұрмалап, әсірелеп асырмады.  
Байыппен саспай тұрып баяндады,  
Жалынып, жалбарынып, бас ұрмады.

270 — Қоңтәжі, хан тұқымы мансапқұмар,  
Көз тоймай атақ, даңқты аңсап бұлар.  
Ұлантып, ұрындырып айдап салды,  
Кеш мені, бір жаңсақтың өткен шығар.

Кегім бар Қоңтәжіге тарқамайтын,  
Мойнына ел обалын арқалайтын.  
Даярмын аттануға ортақ жауға,  
Серт болса бейбіт елді таптамайтын.

280 Ашуын батыр Тоқпай баса алмады,  
Әйтсе де, жүйе сөзден аса алмады.  
Бар еді дана, ақылгөй бір кәрия,  
Ол сөзін Шаябайдың қосарлады.

Шешілді шиеленген сөз түйіні,  
Осындай сәті келген кез тиімді.  
Екі ерді еліттіріп соңына ертті,  
Арманның зымыраған жез киігі.

Дос болып қияметтік екі батыр,  
Алыпты Қоңтәжіден кегін ақыр.  
Жеңіліп, жоңғар жағы мүлде күйреп,  
Екеуі Үшқоңырға тіккен шатыр.

290 Арылып аспанынан азап түні,  
Танылды дос-дұшпанға қазақ кімі.  
Арайлы төгілдіріп шұғыласын,  
Көгінде жарқырады азат күні.

Ұнатып Шаябайдың қарындасын,  
Ер Тоқпай ғашық болса не қыласың.  
Өмірлік жар болуға сертін байлап,  
Беріпті Құралай да ықыласын.

- 300 Даланы дүбірлеткен болыпты той,  
Ту бие, құнан, тайлар, сойылып қой.  
Қол жайып үлкендері бата беріп,  
Көпшілік бір жасапты жазылып бой.
- Солардан ақын туған Қоныспайдай,  
Айтысса, сөздің пірі болысқандай.  
Қызайдың отыз қызын бірдей жеңген,  
Айтулы ақын бопты бір жезтаңдай.
- Атағы кең жайылып Шаябайдың,  
Бек сыйлап жұрт құрметтеп аялайтын.  
Жөн сұрап сүрінгені, адасқаны,  
Әділ би, өз аға деп бағалайтын.
- 310 Мәлімсіз қай жылдары, қашанғы айда,  
Дәм бітіп, ажал жетті Шаябайға.  
Басына Үшқоңырдың жерленген ол,  
Мызғымай мәңгіге ұйықтап жатқан жайда.
- Жұртына өлсе дағы боп сүйікті,  
«Шаябай» жұрт атапты қос биікті.  
Ер жатыр қажып барып қалғып кеткен,  
Мойымай арқалаған қос күйікті.
- 320 Кешкен бұл Үшқоңырды Шаябайды,  
Аймалап, нұрын құйып аямайды.  
Бабамның тарихынан сөз қозғасам,  
Жыр тұнып жүрегімде саялайды.
- Халқымның тастарында тарихы бар,  
Оқиды көкірекпен танитындар.  
Қайғысын, қасіретін естігенде,  
Күйініп, қапаланып, налисындар.
- 328 Басынан Шаябайдың есті самал,  
Төменде көрінеді екі қамал.  
Сыбырлап таулар маған деп тұрғандай  
«Бабаңның тарихынан есті хабар».



ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР





## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

### ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР МЕН ҚАЙРАТКЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗДЫҚ ЖЫРЛАР

#### *Алдаркөсе*

Алдаркөсеге байланысты фольклорлық үлгілер тек қазақта ғана емес, түркі тілдес халықтардың (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен т.б.) фольклорында да кездеседі. Осы елдерде айтылатын аңыз-ертегілердің бәрінде Алдаркөсе халықтың ұлы, көпшілік атынан күреске шыққан, өмірін үстемдік танытқан билік өкілдерімен алысып өткен адам бейнесінде суреттеледі. Оның өмірде болғанын, қай заманда өмір сүргенін дәлелдейтін тарихи деректер кездеспейді.

Алдаркөсе бейнесі тек әдебиетте ғана емес, сол сияқты кейінгі жылдары қазақ театры мен кино өнерінде де көрініс тапқан. Ш. Хұсайновтың сценарийі бойынша «Алдаркөсе» пьесасы (1942) сахналанып, осы аңыз-ертегінің негізінде Ш.Айманов «Алдаркөсе (1964) көркем фильмін түсіргені мәлім. Тіпті, кейіпкерге қатысты халық туындылары жиынтығының жырға да айналғандығын томға ұсынылып отырған Бөжей Мыңғатұлы жеткізген «Алдаркөсе» жырынан айқын аңғаруға болады.

Алдаркөсе жайында бірізді пікір сақталмаған. А. Байтұрсынов (Ақ жол. — Алматы, 1991. — 413-б.), Х. Досмұхамедұлы (Аламан. — Алматы, 1991. — 28-б.), С.Қасқабасов (Қазақтың халық прозасы. — Алматы, 1984. — 232-б.) сынды зерттеуші-ғалымдар Алдаркөсені ертегі кейіпкері ретінде қарап, сатиралық ертегілер тобында жатқызса, М.Әуезов (Уақыт және әдебиет. — Алматы. — 55-б.), М.Ғабдуллин (Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974. — 142-б.), Б.Адамбаев (Қазақ фольклорының

типологиясы. — Алматы, 1981. — 126-б.) өз зерттеу еңбектерінде Алдаркөсені аңыз кейіпкері ретінде қарастырады. Осындай пікірлерге қарағанда, Алдаркөсенің қай жанр кейіпкері екенін нақты дәлелдеу — болашақ зерттеушілердің еншісі деп ойлаймыз.

Алдаркөсеге қатысты туындылардың біразы сатиралық ертегілер құрамында «Мәдени мұра» аясында жарияланып жатқан «Бабалар сөзі» жұзтомдығының 77-томында (Сатиралық ертегілер. Астана: Фолиант, 2011) басылым көрді.

Ұсынылып отырған жырдың сюжеттік құрылымы «Алдаркөсенің әкесінен бата алуы», «Алдардың білгір құс тапқаны», «Алдардың қалыңдық айттыруы», «Алдардың шайтандарды алдауы», «Алдардың тазшаны емдеуі», «Алдаркөсе мен шық бермес Шығайбай» атты аңыз-ертегілердің жиынтығынан құралған «Алдаркөсе» жырын аңыздық сипатының басымырақ болып (көркемделген қиялдың, көркемделген шарттылық белгісі аз болып келуі т.б.) келуіне қарап, томға «аңыздық жыр» деген атаумен кіргізіп отырмыз.

Аталған жырдың үзіндісі алғаш рет «Ана тілі» (Баспаға ұсынған — Мыңбай Рәш. № 11-12 (1056-1057). 17-30 наурыз. 2011) газетінде басылым көрген. Бұдан соң Мұратбек Бөжейұлының қарындасы, филология ғылымдарының кандидаты Зипа Әкебайқызы Бөжееваның құрастыруымен Алматы қаласы, «Әсем систем» баспаханасынан «Алдаркөсе» жыры жеке (2011) кітап болып шықты. Аталған жыр мәтіні зерттелген емес. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (800-бума) сақтаулы. Мәтін латын әрпінде машинкаға басылған. Қорға 1939 жылдары түскен. Жинаушысы — Мұрат Бөжеев.

Жырдың негізгі идеясы — кейіпкердің өзінің асқан айлакерлігі арқылы сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды т. б. әжуа ету.

Бірінші әңгімеде Баяғы өткен заманда, хан Жәнібек тұсында Қожыр деген бір кедей шал болыпты. Күндерден күн өтеді, шалға кәрілік жетеді. Ақырында, шал балаларын жинап алып:

— Жасым келді, кәрілік жетті, сендер болсаңдар ержеттіңдер. Мал тауып, тамақ асырайтын менен әл кетті. Мал табу, тамақ іздеу сендерге жетті. Қане, қайсың қандай кәсіппен мені асырайсыңдар? — дейді. Сонда екі баласы ойланып, өзінің айналысатын кәсібін айтады. Кенжесі:

— Ей, ата, мен алдасам,  
Болса да шын, арбасам.



Жұрт істейтін кәсіп көп,  
Алдауды мен қаласам,.. — дейді.

Шал балаларының берген жауаптарына ырза болып, батасын береді. Кенже баласына: — Сенің қалағаның алдау болса, басқа кәсіпті көптің бәрі істейді, бұ бір ерекше кәсіп екен. Алла алдыңнан жарылқасын! Алдар бол! — дейді. Онан соң кейіпкердің әкесінің батасын алып алыс сапарға аттанғаны суреттеледі. Алдардың байғыз құсты тапқаны, ол құспен дию қуғаны, бақсылық жасауы, байды алдап құсын елу атқа сатқаны т. б. баяндалады. Байғызды ақылды құс ретінде суреттейтін көріністер «Байғыз», «Сүлеймен патша мен байғыз» т.б. ертегілерде кездеседі.

Келесі сюжетте Алдардың қалыңдық айттыруы, болашақ қайын атасының жылқы соңынан кеткен үш баласын іздетуі (матриархат дәуіріндегі күйеудің еңбек сіңіріп қалыңдық алу салтынан қалған жұрнақ), байдың ат басындай алтынды тауып келуге жұмсауы т.б. әңгіме болады. Жырдың бұл тұсында қиялға жайып элементтері кездеседі. Ол — қиын тапсырма беріп, кейіпкерді сынау мотиві. Мұндай мотивтер «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ер Төстік», «Құламерген» ертегілері мен «Шаймұза», «Жетім бала» дастандарында, сондай-ақ өзге де халықтардың фольклорлық үлгілерінде кездеседі.

Ал Алдардың керуеншілерді алдап, көп малды тапқырлықпен айдап кететін тұсы «Ер Төстік» ертегісін еске түсіреді.

Жыр құрамына еніп отырған аңыздың қалың оқырманға белгілісі — «Алдаркөсе мен Шықбермес атанған Шығайбай». Бұл туындыда Алдаркөсе асқан сараңдығы үшін халық Шықбермес Шығайбай атаған байдың асын ішіп, атын мініп, қызын алады. Жыршы өзінің сараңдығы, пейілі тарлығы, қалтырауық қасиетімен елге жек көрінішті болған Шығайбайды Алдаркөсенің тапқырлығы арқылы онан әрі масқаралай түседі.

Мыңғатұлы Бөжей ақын жырлаған «Алдаркөсе» жырының тілі — көркем, мәтінде аздаған шығыстық және жергілікті сөздер кездескенімен, мазмұны қызғылықты, ұғымды.

«Алдаркөсе» жырының 2011 жылғы басылымы мен түпнұсқаны (Ш. 800.ОҒК) салыстырғанда, елеулі айырмашылықтар кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған «Алдаркөсе» жырының мәтіні жоғарыда аталған қолжазба (45-182-бб.) негізінде дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

## *Қорқыт*

Жалпы түркі халықтары, соның ішінде қазақтар үшін Қорқыттың есімі — мәңгілік өмірдің, тіршіліктің символы. Сондықтан да ел арасында оның өліммен күресі туралы көптеген аңыздар, әпсаналар, жырлар таралған. Әсіресе, Сырдария бойын мекендеген қазақтар ішінде Қорқытқа байланысты өңгімелерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған дәстүр сақталған. Академик Ә.Марғұлан сол жеткізуші дана қарттардың көбімен жүздесіп, кейбірінің айтқан аңыздарын хатқа түсіріп алған. Ғалымның айтуынша, олардың қатарында Базар жырау, Мұлайман Шантайұлы, Мұса Өтешұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Тұрымбет Салқымбайұлы, Сарыбай Құлназарұлы, Ахмет Назарұлы, Жақсылық, Әлқуат Қайнарбайұлы, Сіргелі Жақып ата сияқты ақын-жыраулар, шежіреші-жыршылар бар (Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар...//Құраст.: Р.Бердібаев. — Алматы: Жазушы, 1985. 144-145-бб.).

Ә.Марғұланның екінші мәліметіне қарағанда, «Қорқыт туралы айтылатын қазақ аңыздарын, қария сөздерін, ғажайып әпсаналарын көп жинаған әсіресе Ә.А.Диваев.

...Бұлардың барлығын Ә.А.Диваев, әсіресе 1920-1921 жылдары Жетісу мен Сырдария өлкесін аралаған атақты экспедицияларында жинап қайтты. Бұл екі аймақтан Диваев ол жылдары екі жүз дәптер, яғни 8 мың беттік мағлұмат жинады. Олардың көбі тарихи хикаялар, шежірелер, аңыз-легендалар, ертегілер дастандар. Бұл байтақ мағлұматтың ішінде 8 дәптер бір ғана Қорқыттың ескі сюжетіне арналған, ол — Қорқыттың өлімнен қашуы, Қорқыттың (бақсының) сарыны, Қорқыттың әзірейілмен алысуы (Сонда. 150-151-бб.). Ғалым осылардың арасында «Қорқыт пен ажал» атты жыр кездесетінін атап өтіп, жыр шумақтарынан мысал келтіреді (Сонда. 205-б.).

Өкінішке орай, белгісіз себептерге байланысты бұл көрсетілген қолжазба мұралардың көпшілігі еліміздің сирек әдеби қорларында сақталмаған. Қолға түскен азын-аулақ аңыздар «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 84 (Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант». Күй аңыздар. — 2012. 106-110-бб.), 85-томдарына (Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант». Тарихи аңыздар. — 2012. 21-23-бб.) енгізілді.

Томға ұсынылып отырған «Қорқыт» жыры — бүгінгі күнге жеткен ұлы абыз туралы аңыздардың жырланған бірден-бір үлгісі. Қорқыттың өліммен күресі туралы аңыздардың негізін-

де жырлаған — халық ақыны Көшен Елеуов. Ақын шығарманы 1946 жылы араб әрпінде хатқа түсіріп, сол жылы Орталық ғылыми кітапханаға өз қолымен тапсырған (ОҒК. 803-бума, 3-дөп.). Шығарма бұрын-соңды жарияланбағандықтан, ғылыми айналымға енбеген.

Аңыздардың көпшілігінде өлімнен қашып Сырдария бойлап жүзіп бара жатқан Қорқытты ең соңында жылан кейпіндегі «ажал» шағып өлтірсе, жырда ол өлімді жеңеді. Халық жадында мәңгі тіршілік символы болып қала береді. Қорқытқа қатысты халық шығармаларының түпкі идеясы — өлімді жеңу мотиві болғандықтан, жыршы да «өлмейтін өмір бар» деген философиялық тұжырым-қорытындыға келген сияқты. Жыршының ойынша, ажалдан арашалайтын құдірет, ол — өнер. Себебі, қырық жыл соңына түскен ажал Қорқыттың қолындағы қобызынан, одан шыққан сырлы күйден қорқып жанына қол сұға алмайды. Ең соңында астындағы Желмаясын өлтіріп, Сырдария бетінде жүзіп бара жатқан абыздың қамыс салын быт-шыт егіп, өзіне қол сұққанда өлімді қобызы көкке көтеріп әкетіп, жерге жібермей қояды. Сөйтіп, Қорқыттың екінші өмірі басталады.

Томға ұсынылған жырдың мәтіні жоғарыда көрсетілген түпнұсқа бойынша дайындалды.

*Т. Әлбеков*

### *Алаша хан*

Алаша хан — халық аңызы бойынша, «Алты алашты» құраған тайпалардың түп атасы. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын ең көне аңыздарда кездеседі. Алаша хан және оның баласы Жошы туралы қазақ арасында біраз аңыздар кездеседі. Аңыздардың біраз нұсқаларында бұл оқиға Шыңғыс пен Жошыға байланысты айтылса, келесі бір нұсқада аң аулап жүріп елетін Жошы емес, оның баласы, кейде Жәнібектің ұлы, енді бірде құланнан өлген Жошы болады да, оның әкесі Алаша хан болып баяндалады.

Аңыздың нұсқалары ОҒК-ның (198-бума, 3-дөп.), ӘӨИ-дің сирек қорларында сақталған. Атап айтқанда, Павлодар облысы, Шарбақты ауылының тұрғыны Жәлел Ахметовтың айтуынан 1985 жылы жазылып алынған «Алаша хан» (ӘӨИ. 985/1-бума, 2-дөп.), Б.Адамбаевтың ел арасынан жинаған «Ақ-

сақ құлан, Жошы хан» (ӘӨИ. 985, 2-дәп.) және О.Иманбаев хатқа түсірген «Жошы хикаясы» атты т.б. нұсқалары кездеседі. Солардың кейбірі «Дала уалаяты» газетінің (1897) №13, 14, 18 сандарында, «Ақсақ қулан, Джучи хан» деген атаумен А.Затаевич құрастырған «1000 песен казахского народа» (Оренбург, 1925), «Сказание о Жоши хане и его сыне» деген атпен «Казахские сказки» (Алма-Ата, 1962) жинақтарында басылым көрген.

Жоғарыда аталған қолжазбалар қорында сақталған аңыз нұсқалары толық күйінде алғаш рет «Мәдени мұра» аясында жарияланып жатқан «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 85-томына (Тарихи аңыздар. Астана: Фолиант, 2012) енді.

«Алаша хан» — халық аузында айтылып жүрген «Ақсақ құлан, Жошы хан», «Жошы хикаясы» атты аңыздардың өлеңге айналған түрі. Жырды 1958 жылғы «Мақаншы экспедициясы» кезінде Нұрғалиев Нұрқасым деген қарттың айтуынан жазып алған — экспедиция мүшесі Балтабай Адамбаев. Жинаушының айтуына қарағанда, Нұрқасым қарт жырды жасында Әкімжан деген кісіден, ал ол Бейсенбай деген қарттан үйренген.

Жыр мәтіні ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (475-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Мәтін бұрын еш жерде басылым көрмеген, зерттелмеген. Жыр:

Хан болған бір заманда Алаша хан,  
Қараған қоластына бірқатар жан.  
Көп әскер бұл қазақтан жинап алып,  
Дұшпанын айдамаққа қылады қам.  
Ұраны бұл қазақтың «Алаша» еді,  
Осы үш жүз Алаштың баласы еді.  
Жау болып дұшпанымен шабысқанда,  
Сарыарқа екеуінің таласы еді.

Сол кезде Алаша хан — қазақ ханы,  
Неше мың жер қайысқан сарбаз саны.  
Алаш — Алаш, Алаша хан болғанда,  
Дұшпанға біздің қазақ не қылмады.. —

деген жолдардан бастау алып, Алаша ханды ел жадында жауынгер тайпаларды біріктіріп, тұңғыш Алаш (қазақ) мемлекетін құрған әрі батыр, әрі би, әрі ұлы қайраткер ретінде

суреттейді. Аңыздың құрылымы Жошының аңға шығып, құланды қууы, Құланның айғыры жаралы болып, оны мерт қылуы, Алаша ханның: «Кімде-кім Жошының қазасын естіртсе, аузына қорғасын құямын!» деген жарлығын бұзып, домбырашы Тұманың Алаша ханға қазаны естіртуі, Алаша ханның семсермен домбыраны қақ жаруы, ханның терең ор қаздырып, құлан біткенді орға құлатып, қыруы сияқты эпизодтардан құралған. Жырда осы көріністердің бәрі үйлесімді түрде баяндалған.

Жыр мен аңызды салыстырып қарағанда, екі шығарманың мазмұны ұқсас болғанымен, төмендегідей айырмашылықтары бар екенін көреміз:

1. Жырда Жошының қазасын домбырамен естіртетін Тұман деген домбырашы болса, «Ақсақ құлан, Жошы хан» деген аңызда домбырашының есімі аталмайды, ал «Жошы хикаясы» атты аңызда домбырашының есімі — Кетбұға.

2. Жырдың мазмұны Алаша ханның ор қаздырып, құландарды орға құлатып, қыруымен аяқталса, «Ақсақ құлан, Жошы хан» аызы Жошының қазасын естіртумен тамамдалады. Ал «Жошы хикаясы» атты аңыз Жошыға күмбез салдырумен аяқталады.

«Алаша хан» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын естірту, жоқтау, жұмбақ жасыру сияқты сарындар көрініс тапқан.

Туындыда жыршы Алаша ханның қаталдығын, қаһарлығын суреттеуге көп көңіл бөлген.

«Алаша хан» жырының оқиғасы қызықты, тілі көркем, өзге тілдерден кірген сөздер жоқтың қасы.

Томға еніп отырған «Алаша хан» жырының мәтіні жоғарыда аталған қолжазба (20-45-бб.) бойынша дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

### **«Асанқайғы»**

*(Жүсіпхан Жұртбаев нұсқасы)*

Асанқайғы жайындағы шығарылған аңыз-әңгімелер тақырыбы және мазмұны жағынан әртүрлі болып келеді. Оларда абыз қартты, ең алдымен, ел үшін қызмет еткен, халық қамын ойлаған ер-азамат, әрі әнші, домбырашы, тапқыр, туған жері

мен елі, өзі өмір сүрген қоғам туралы болжамдар айтқан сәуегей-философ ретінде бейнелейді.

Асанқайғы туралы алғаш пікір айтқан — тұңғыш қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов. Ол: «Әйгілі дала философы Асанқайғы Жетісудағы Жырғалаң деген жерде көшіп-қонып жүрген» деп жазады (Валиханов Ч.Ч. Соб. соч. Т.1. — Алма-Ата, 1961. С.218).

Асанқайғы жайындағы алғашқы аңыз-өңгімелер «Дала уалаяты» газетінде (1897 жылғы 47-саны және 1901 жылғы 12-сандары), одан кейін орыс зерттеушісі Г.Н.Потаниннің «Казах-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки» (СПб., 1917. 170-171-бб.) атты жинағында жарияланды. Кеңес кезеңінде халық әдебиетіне қатысты жинақтарда, хрестоматияларда жиі жарияланып тұрды.

Асанқайғы жайында бірқатар ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда Ш.Уәлиханов, Қ.Халид, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, М.Ғабдуллин. Б.Кенжебаев, Х.Сүйінішалиев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Дербісәлиев, С.Қасқабасов, А.Сейдімбеков, М.Мағауин, Т.Кенжалы сынды зерттеуші, ғалымдардың ғылыми еңбектерінде құнды ой-пікірлер келтірілген.

Бүгінгі таңда Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында Асанқайғыға қатысты аңыздардың жиырмадан астам нұсқасы сақтаулы. Олардың арасында И.Өкпенев, Ә.Наурызбаев, М.Сарымсақов, С.Қыпшақбайұлы, З.Раев, М.Құсниев, С.Шәкіржанов, М.Ж.Көпеев, Қ.Жалмағанбетов, Диқанбаев, М.Ермағанбетов, М.Тілеужанов, М.Мәжікеев, І.Жалғасов, Б.Адамбаев т.б. айтуындағы және жинауындағы нұсқалар бар.

Аталған аңыз нұсқалары «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 85-томына (Тарихи аңыздар. — Астана: Фолиант, 2012) енді.

Ал «Асанқайғы» жырының алғашқы нұсқасына келер болсақ, ол бірнеше аңыздың негізінде жырланған. Жыршысы — Жүсіпхан Жұртбаев. Мәтін соңында Жүсіпхан: «Бұл аңызды жасымда қаратаулық бір қожадан естіп едім» деген мәлімет келтіреді. Жинаушысы — Қағен Ахметқалиұлы. Шығарма мәтіні ақ қағазға көк сиямен араб әршінде жазылған. Өлең жолдары бір бетке екі қатардан орналастырылған. Бұрын басылым көрмеген және зерттелмеген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (333-бума, 11-дөп.) сақтаулы.

Қолжазба соңында «Жазылған уақыты 1940 ж. 28 сәуір» деген жазу бар.

Жырдың сюжеттік құрылымына келсек, ол үш оқиғадан тұрады. Бірінші оқиғада: Асанның аң аулап жүріп, бір сұлу қызға кез болуы, үйленуі сөз болса, екінші оқиғада: Асанның Еділ бойында жүріп алтын сандық тауып алуы, сандық ішіндегі сұлу қызға үйленуі, қыздың әкеге берген сертін ұстап, Асанға сөйлемейсің, Асанның: «Неге маған қарамайсың, неге сөйлемейсің?» деп әйелін қыстауы, қыздың: «уақытынан бұрын сөйлеттің, «ішімде үш айлық бала кетті» деп құс болып ұшып кетуі, Асанның сол қыздан айырылып қалғанына қатты қайғыруы сияқты эпизодтар бар. Шығарманың бұл тұсы «Едіге батыр» жырын еске түсіреді. Мұндағы мотивтер Ибрагим Өкпенев (ӘӨИ. 131-бума), Мұхамбетқали Сарымсақов (ӘӨИ. 242-бума, 3-дәп.) жинаған нұсқалар мен С.Қыпшақпайұлы айтуындағы аңыздардың мазмұнымен ұқсас болып келеді. Айырмашылығы — жырда Асан сандықты Сыр бойынан тауып алса, аңызда сандықты Ертіс өзенінің бойында кездестіреді. Үшінші оқиғада: Асанқайғының желмая мініп жер дүниені кезіп, ел-жұртына жақсы қоныс іздеуі, тапқан жердің шаруашылыққа жайлы-жайсыз ерекшеліктерін, қасиеттерін көрсетіп сын айтуы т.б. баяндалады. Бірақ бұл жерлер қаншама жақсы, төрт түліктің жайылымына қолайлы болғанымен, Асан оған қанағаттанбайды, қайғыланып-қапаланады. Содан барып, Асанның атына «қайғы» деген сөз жалғанады да, «Асанқайғы» атанып кетеді. Жырдың бұл тұсы М.Ж.Көпеев жинауындағы «Асанқайғы туралы» (ӘӨИ.1202-бума) аңызбен мазмұндас болып келеді.

Жыршы Асанды ел қамқоршысы ретінде көрсетіп, әсірелей мадақтайды. Халық оның алға қойған мақсатына жете алмағанын сөкпейді, болашақта жүзеге асады деп сенім білдіреді.

Жырдың оқиғалар желісінде әлем халықтарының, соның ішінде шығыс елдерінің ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларында жиі ұшырасатын, ғайыптан көмек беруші Қызыр Ілияс бейнесі мен түс көру мотиві, адамның құсқа айналып кетуі сияқты ертегілік сарындар көрініс тапқан. Мәселен, Асан шаршап, ұйықтап қалады. Түс көреді. Түсі былай баяндалады:

— Мен, — деді, — Шілтен қызы, құлағың сал,  
Бар еді арамызда аз ахуал.

Үйіңнің төбесіне қойып кеттім,  
Тұр дағы, Асан мырза, балаңызды ал! —

деп құс боп ұшып, ғайып болады. Асан дүниеге баласының келгенін түс көру арқылы біледі. Жыршы түс сарыны арқылы оқиғалар желісін әрі жалғап, туындының шарықтау шегіне жетуіне жағдай жасаған.

Жүсіпхан Жұртбаев жырлаған «Асанқайғы» жыры көркем тілмен өрілген эпостық жәдігердің бірі деуге болады.

Томға ұсынылып отырған «Асанқайғы» жырының мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында сақталған түпнұсқа (333-бума, 11-дәп.) бойынша өзгеріссіз дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

### *Асанқайғы* (*Ілияс Ысқақов нұсқасы*)

Жырдың бұл нұсқасы Толысбай Кенжалының «Асанқайғы» (Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 84-171-бб.) атты зерттеу еңбегінде басылым көрген. Түпнұсқасы ОҒК-ның қолжазбалар қорында (333-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Мәтін әртүрлі дәптерлерге қарындашпен араб әрпінде жазылған. Халық аңызын жырға айналдырған — Ілияс Ысқақов. Қолжазбаны 1948 жылы қорға жыршының өзі тапсырған.

«Асанқайғы» туралы жырлардың Ж.Жұртбаев пен І.Ысқақов нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, екі шығарманың мазмұны ұқсас болғанымен, оқиғалар желісінде, өлең құрылысында және көлемі жағынан біраз өзгешеліктері бар екендігі байқалды:

1. Ж.Жұртбаев нұсқасының көлемі 590 жол болса, І. Ысқақов нұсқасының көлемі — 3464 жолды құрайды.

2. Ж.Жұртбаев нұсқасында Асанның балалық шағы, басынан кешірген оқиғалары қысқаша айтылса, І.Ысқақов нұсқасында ол көріністер мен тағы да басқа эпизодтар ұзақ баяндалады.

3. Ж.Жұртбаев нұсқасында Асан ғашық болатын қыздың аты аталмаса, екінші нұсқада қыздың есімі — Гүлбану.

4. Ж.Жұртбаев нұсқасында «түс көру» мотиві, тыйым салу ырымдары, Қызыр Ілияс образы көрініс тапқан болса, екінші нұсқада аталған сарындар кездеспейді.



5. І.Ысқақов нұсқасында жыршы, әсіресе заман жайына, Асанқайғының ел-жұртына жақсы қоныс іздеп жер шолуына, жерге айтқан сындарын суреттеуге айрықша көңіл бөледі т.б.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде, Ілияс Ысқақовтың «Асанқайғы» туралы бірнеше аңыздың сюжетін үйлестіре отырып, өзіндік стильмен көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады.

Ілияс нұсқасының тағы бір ерекшелігі — жыр оқиғасын дамытуда, адамдар образдарын жасауда жыршы амандасу, қоштасу, арнау, толғау т.б. қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің үлгілерін мол пайдаланған. Көркем жырланған, мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездескенімен, тілі таза, ұғымды.

Жырдың 2006 жылғы басылымы мен түпнұсқаны (333-бума, 7-дөп.) жолма-жол салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, төмендегідей кемшіліктер кеткенін көреміз:

1. *Аталған басылымда 2035-жолдан кейін:*

Заманның ертеде бір өткен ері,  
Орта Азия, Сарыарқа жүрген жері.  
Шешен тіл шебер сөзге өрнек салған  
Қазақтың аты шыққан кемеңгері, —

деген, ал 2535-жолдан кейін:

Онан кейін еш адам көрген емес,  
Гүлбанудың жанға сырын берген емес.  
Ел жатыр енді Асанды іздемек боп,  
Тигеннен соң осы сөз құлаққа елес, —

деген өлең шумақтары қалып кеткен.

2. *Басылымда кейбір өлең сөздері өзгертілген:*

Мысалы, түпнұсқаның 364-жолындағы «Мұңымды жатқа айтуға жасқанамын» деген өлең жолында «мұңымды» деген сөз «жөнімді», түпнұсқаның 700-жолындағы «Әркімнен біліп алдым жөнін сұрап» деген жолдағы «әркімнен» сөзі «еркінен», түпнұсқаның 1379-жолындағы «Сертінен жігіт емес өлсе тайқар» деген жолдағы «сертінен» деген сөз «сөзінен» болып өзгертілген. Мұндай өзгертулер аз емес.

3. *Басылымда өлең жолдары қалып кеткен тұстары да кездеседі:*

Атап айтқанда, 2640-жолдан кейін «Кетпесе шал мен кемпір мүлдем ұмытып», 2762 жолдан кейін «Еңсесі кемпір-шалдың есі кетті, Түйелі әңгімесін айтқан сайын» т.б. деген өлең жолдары түсіп қалған.

Осындай өлең жолдарының түсіп қалуы, түпнұсқадағы сөз тіркестерінің, жеке сөздердің өзгертілуі жырдың көркемдік құрылысына едәуір нұсқан келтірген. Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлаймыз.

Мәтінді жинаққа даярлау барысында мұндай кемшіліктер жөнделіп, түпнұсқа қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Асанқайғы» жырының мәтіні аталған түпнұсқа (333-бума, 7-дөп.) негізінде дайындалды.

*Қ.Алпысбаева*

## ТОПОНИМДІК АҢЫЗДЫҚ ЖЫРЛАР

### *Есекқырған*

«Есекқырған» жұлдызынақатысты аңыздардың сюжеттеріне құрылған жыр бұрын жарияланғанмен (*Орталық Қазақстан газеті*. 11 сәуір, 1989), зерттеу нысанасына ілікпеген. Мәтіннің кирилл әрпімен хатқа түскен көшірмесі ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақтаулы (1123-бума, 73-74 дөп.). Жырды көшіріп, қорға тапсырған — Еркін Құлпейісов. Жыршысы, жазылған жері белгісіз.

Жырдың сюжеті екі оқиғаның желісінен құрылған. Алғашқы оқиғада бір жауыз патша иттерді «көп үрді» деп, есектерді «көп жүрді» деп қыра бергеннен соң, алдыңғысы қауып, кейінгісі теуіп ордасын ойрандайды. Сол түн аспаннан төніп тұрған бір жұлдызды жұрт «Есекқырған» атап кетеді. Бұл ретте мифтік санадағы оқиғаның ертегілік әңгімеге кірігіп кеткендігін аңғаруға болады. Себебі, «Күндіз малын бағып, түнде оны күзеткен қазақ халқы аспандағы әр жұлдыздың туар, батар мезгілін, оның қозғалу жолдарын, көктегі орналасу орнын —

бәрін жақсы білген, ал оны түсінуде реалды өзінің өміріне жүгінген» (Қасқабасов С. Миф. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. — Алматы. ҚазАқпарат, 2007. 215-б.).

Иттерді жаппай қыру мотиві «Асанқайғының хан атануы», «Тапқыр бала», «Бұл — Мезгілбайдың ауылы», «Сырымның түркімен ханына баруы» т.б. аңыздарда кездеседі. Мысалы, алғашқы аңызда Ежен деген мәнжу ханының қазақ халқына: «Қазақ айғырын кісінетпесін, егер айғырдың даусын естісе, менің қорамдағы бедеулерім құлын тастайды. Егер бедеулер құлын тастаса, қазақ еліне ауыр жаза көрсетемін!» — деген жарлығына қарсы Асанқайғының: «Қозымды қасқыр шапқанда шақырғанға келмеді», — деп ханның иттерін қырып тастайтын әрекеттері суреттеледі. Алайда фольклорлық мұраларда есектерді арнайы қасапқа шалған сарындар кездеспейді.

«Есекқырған» жырының екінші оқиғасы осы аттас миф мазмұнының негізінде жырланғанмен, кей эпизодтар өзгеріске түскені байқалады. Атап айтқанда, «Есекқырған» мифінде керуеншілер түнде шығыстан көрінген жарық жұлдызды «Шолпан туып қалыпты» деген оймен қараңғыда жолға шығып, адасып, есектер суықтан қырылып қалады. Сол себепті әлгі жұлдызды «Есекқырған» атап кетеді. Ал жырда адасқан есектерге жүк артқан керуен қараңғы түнекте биік жардан құлап, терең суға батып кетеді.

Томға ұсынылған жыр мәтіні жоғарыда көрсетілген қолжазба бойынша өзгеріссіз дайындалды.

*Т. Әлбеков*

### ***Еділ мен Жайық батыр***

Аңыздың ел арасында кеңінен тараған нұсқасын өлеңмен жырлаған — Бәдел Тұрсынбаев. Жыр мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген. Түпнұсқасы ОҒҒ-ның қолжазбалар қорында (744-бума, 3-дөп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қолжазбаны қорға тапсырған — жыршының өзі.

Жырда Еділ мен Жайықтың бейбіт елді жауламақ болған Қара дәуге қарсы күресі, қалмақтармен ұрыстағы ерліктері, ел-жұртын қалмақтардан босатып алғаны, батырлардың майданда қаза болуы, батырларын шын сүйген елдің көз жасынан өзен құралғаны, ол өзендердің аттары екі батырдың

есімімен аталғаны баяндалады. Ол көрініс шығармада былайша суреттеледі.

Еділ менен Жайықтың  
Жамбасы жерге тигенде,  
Жұрт қайғырып, күйгенде,  
Жиналған елдің көз жасы  
Тамшылап жерге тигенде,  
Тамшыға тамшы қосылып,  
Шын сүйген елдің көз жасы  
Өзен болып ағады.

Екі батыр аттары —  
Екі өзеннің аты боп,  
Тарихта солай қалады...

Оқиға Еділ мен Жайықтың бірін-бірі түсінде көріп, бір-бірін іздеп шығуынан басталады. Бұл эпизод — бүкіл жырдың негізгі өзегі болып табылады. Батырлар үйден шығысымен оқиға қоюлана түседі, яғни жыршы қаһармандарды мадақтау үшін олардың алдына қиын бөгеттер қояды. Олар асқар таудан, үлкен шөлден, өзеннен өтіп, жолда жыртқыш аңдармен кездеседі, жезтырнаққа кез болады. Мұндай сюжет «Арық мерген», «Жезтырнақ» атты ертегілерде және «Арық мерген» жыры сияқты т.б. фольклорлық үлгілерде кездеседі. Еділ жезтырнақтарға қарсы соғыс ашқанда, қарапайым халық жәрдемге келеді. Қара дәу сынды дүлей күштермен бірнеше күн қақтығысады. Батырлар осылардың бәрінен аман-есен өтіп отырады. Мысалы, Қара дәудің күштілігі мен қайратына қарамастан, оны жеңіп, оның тұтқынында зарыққан Ақтұйғынды босатуы Жайықтың асқан ерлігі ретінде суреттеледі.

«Кейіпкердің, міне, осындай алып та күшті дұшпандарын жеңуі — сөзсіз, халықтың бұқара қорғанышы боларлық жан туралы арманының жемісі мен оның жақсылық пен жамандыққа, әділдік пен әділетсіздікке деген көзқарасының сәулесі» (Қасқабасов.С.А. Қазақтың халық прозасы. — Алматы, 1984. 252-б.).

ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында Еділ, Жайыққа қатысты «Еділ — Жайық» ертегісінің Талдықорған қаласының тұрғыны Қ.Әбішевтен 1960 жылы жазылып алынған нұсқасы (125-бума, 2-дәп.) мен «Еділ — Жайық» жырының Жамбыл облысының

ақыны Мұсаның айтуындағы нұсқасы (105-бума, 7,8-дәп.) сақтаулы. Томға еніп отырған жыр мен аталған шығармаларды салыстырып қарағанымызда, ол шығармалардың ертегілік сипаты басым екенін көреміз. Яғни, бұларда екі батырдың бейбіт елді Қара дәу мен да басқа жыртқыш аңдардың зұлымдығынан құтқару жолындағы күрестерін суреттеумен ғана шектеледі. Екі өзеннің аталу тарихы туралы сөз болмайды.

Бәдел Тұрсынбаев жырлаған «Еділ мен Жайық» дастанының нұсқасы көркем тілмен өрілген, сүбелі туынды. Мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі. Ондай сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңындағы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіні жоғарыда аталған түпнұсқа (744-бума, 3-дәп.) негізінде дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

### *Сайрам аңызы*

Сайрам көліне қатысты аңыз Қытайдағы қазақтардың арасына кеңінен таралған. Аңызды өлеңге айналдырған — шыңжаңдық ақын Солтан Мәжитұлы. Жырды 1962 жылдың соңында Шыңжаңдағы «Шұғыла» журналының редакциясына тапсырған — сол кездегі Шыңжаң өлкесінің бастығы Ерғали Әбілқайырұлы. Аңыздық жыр алғаш «Шұғыла» журналының 1, 2 сандарында (Шыңжаң, 1963) жарияланып, кейін «Сайрам аңызы» деген атаумен (Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1991) жеке кітап ретінде басылым көрді.

Алғаш осы жыр жөнінде пікір білдірген зерттеуші — ҚХР, ШҰАР Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі, ақын, сыншы Нұрмұқан Жанұзақұлы. Ол 2012 жылы Іле облысында өткен Солтан Мәжитұлының туғанына 100 жыл толуына арналған конференцияда «Сайрам аңызы» және Солтан Мәжитұлы» деген тақырыпта баяндама жасап, Солтан ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы, «Сайрам аңызы» дастанының дүниеге келу тарихы, идеясы, кейіпкерлер образдары т.б. туралы құнды пікірлер білдірді.

Жырдың экспозициясы ертеде Теміртек деген бай мен оның әйелінің байлығын, баласыздығын және олардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив-сипаттамадан басталады.

Мысалы, жырдағы Теміртек байдың баласыздық налысын айтып, қайғыратын тұсында мынадай жыр жолдары ұшырайды:

— Ен байлық бәрін бердің, Тәңір, маған,  
Разымын бергеніңе, құлдық саған!  
Телміріп, тепеңдеймін бала тілеп,  
Кетпес, — деп, — жұратты боп ризықты адам.

Көрем бе бір шыр еткен бұл жалғанда,  
Дем бітіп өлсем бір күн мен арманда.  
Артымда бір мирасқор ұрпағым жоқ,  
Кім ие болады осы дүние-малға?!

Көптеген жырларда жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние жүзін кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты — атадан қалған мал- мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу болса, аталған жырда оқиға тек ұрпақ қалдыру мәселесіне қатысты өрбиді. Жырда Теміртек пен әйелінің қоластындағы күндеріне жауыздық жасап, оларды өлтіріп жаңа туған нәрестені өздеріне бала қылып алуы, Бисара атты қыздың ержетіп, өзінің өмірі туралы тарихты естуі, байдың қызын көрі шалға ұзатпақшы болуы, Бисараның сүйген жігітімен қашып, анасының қабірін паналауы, қуғын боп келген жауды ұру үшін анасының басындағы құлпытасты жұлып алғанда, астынан су атылып, көлге айналуы баяндалады. Мысалы, көлдің пайда болуы былайша суреттеледі:

Аспанды қаракүйе бұлт басты,  
Шама жоқ қарсыласар бұрып басты.  
Ұрмаққа жеткен жауды жұлып алды,  
Анасының басындағы құлпытасты.

Астынан алған тастың су атылды,  
Аспанда атылған су шұбатылды.  
Көл болып сол аймақтың бәрін басты,  
Көмілді жаудың дағы үні ақыры...

Жыршы адамгершілік пен мұратқа ұмтылу мәселесіне, яғни үнемі әділдіктің жеңіп, зұлымдықтың әшкереленіп оты-

ратындығына айырықша ден қояды. Шығарманың сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын «түс көру», «түс жору», «бал ашу», «қоштасу» сияқты сарындар көрініс тапқан.

Томға ұсынылып отырған дастан мәтіні «Сайрам аңызы» (1991) атты кітаптан алынды.

*Қ. Алпысбаева*

### **Қызқұлаған**

«Қызқұлаған» жыры бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (349-бума, 38-дәп.) сақтаулы. Жырды айтушы — Талдықорған облысы, Киров ауданының тұрғыны Әбдіман Имандосов. Ол 1955 жылы туындыны бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түсіп, 1957 жылы қорға тапсырған.

Жыр сюжетіне арқау болған — «Қызқұлаған» атты аңыз. Аңыздың қысқаша мазмұны төмендегідей:

Жұмаш деген бай Жібек атты он төрт жасар сұлу қызын Сәдібек деген байдың басы таз, көзі қитар ұлына ұзатпақшы болып, құда түседі. Жігітті ұнатпаған қыз заңғар жардың басынан Шажа өзеніне құлап өледі. Содан осы жардың аты «Қызқұлаған» атанып, аңызға айналып, ел арасына жайылып кетеді.

«Қызқұлаған» — Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ өмірін көрсететін жырдың бірі. Жырда барлық оқиға Жібектің тағдырын баяндауға қатысты өрбиді. Тағы бір ерекшелігі — суреттеу мен баяндаудың мейлінше нақтылығы. Жырда әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, елдің шаруашылық кәсібі және де басқа көріністер жарасымды сипатталған.

Әсіресе, жыршы қыздың жеке басын суреттеуге айрықша көңіл аударып, оның сұлулығын былайша бейнелейді:

Қара қас, қара торы, жазық маңдай,  
Қара көз, жіңішке бел тартқан сымдай.  
Жайнаған екі көзі, қыр мұрынды,  
Келбеті жүзі нұрлы таң қалғандай.

Көзі өткір, асылы бар деп айтады,  
Жарық қып қараңғыны шам жанғандай.

Сүйегі денесіне біткен түзу,  
Солқылдақ сазға жаңа шыққан талдай...

Жырдың көтеріп отырған мәселесі — сол дәуірдің шындығы, жеке адамдардың бас бостандығы, әйелдің теңдігі.

«Қызқұлаған» жырының тағы бір нұсқасы кездеседі. Ол — ХІХ және ХХ ғасырлардың тоғысында өмір сүрген дарынды айтыскер ақын Бақтыбай Жолбарысұлы нұсқасы. Аталған нұсқа ақынның туғанына 170 жыл толуына орай шыққан «Басылып жатқан қазынам...» (Құрастырған — О.Исмаилов. — Алматы, 2005. — 253-275-бб.) атты жинақта жарияланған. Жырдың екі нұсқасының түп сюжеті мен жер-су атаулары ұқсас болып келгенмен, кейіпкерлер есімінде, олардың іс-әрекетінде, шығарманың дамуы мен мазмұнында біраз айырмашылықтар бар екені байқалады. Олар: Ә.Имандосов нұсқасында бас кейіпкердің есімі — Жібек, ол Жұмаш деген байдың жалғыз қызы, ал Бақтыбай ақынның нұсқасында бас кейіпкер есімі — Дариға. Дариға — Әлімқұл деген кедейдің егіз қызының сыңары. Тағы бір сыңары Күлпашты Әлімқұлдың ағасы Байбек асырап алып, қыз бойжеткенде қалың мал берген шалға сатады. Күлпаш қайтыс болғаннан кейін Дариғаны Күлпаштың күйеуі Қалтайға ұзатпақшы болады. Дариға биік құздан құлап өледі.

Томға ұсынылған «Қызқұлаған» жырының мәтіні ӘӨИ қорындағы қолжазбадан (15-35-бб.) алынды.

*Қ.Алпысбаева*

### *Шаябай* (аңыз-дастан)

Жырлаушысы белгісіз жыр бұрын жарияланбаған, зерттеу нысанасына ілікпеген. Жинаушысы, әрі тапсырушысы — Сайлаубек Жақыпов. Ол жырдың қолжазбасын 1985 жылдың 24 қыркүйегінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қазақстан бойынша штаттан тыс тілші-жинаушысы болып қызмет істеген жылдары өзі тұратын бұрынғы Семей облысының Аягөз аймағынан жинаған материалдармен бірге қорға өткізген. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түсірілген қолжазба ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақталған (914-бума, 2-дәп., 46-57-бб.).



Жырдың сюжеті қазіргі Аягөз қаласының шығысындағы Үшқоңыр тауының басындағы Шаябай аталған қос биікке байланысты ел арасында айтылатын аңыздың негізінде құрылған. Қолжазбада шығарманың авторы, болмаса жыршысы көрсетілмегенімен, құрылымына, «кедей», «сіңірі шыққан», «шонжар», «қаніпезер хан» сияқты кеңестік кезеңге тән кейбір сөздер, тіркестердің жиі кездесуіне қарағанда, XX ғасырдың 30-50 жылдары жырланғаны аңғарылады.

Туындының басты кейіпкері — қалмақтың атақты батыры Шаябай. Ол жалғыз атты кедей болғанымен, ерлігінің арқасында есімі жалпақ қалмақ еліне танылған. Бірақ Шаябай бейбіт жатқан, жазықсыз қазақтардың елін, жерін жаулап жүрген хандары Қоңтөжінің қанқұйлы әрекеттеріне іштей наразы. Көрші елмен тату болып, тыныш өмір сүруді аңсап жүрген батырдың билеушісімен түбегейлі ат құйрығын кесісуіне жекпе-жекте өзінен жеңіліс тапқан қазақ батырының көз жұмар алдындағы ащы да болса, шынайы сөздері түрткі болады. Сөйтіп, Шаябай қалмақ елінен кетіп, соңындағы серіктерімен бірге осы Үшқоңырға ат басын тірейді. Отбасын құрып, малды, жанды болады. Олардың мамыражай өмірін Тоқбай атты қазақ батыры бұзып, шаппаққа ниеттенеді. Ақыры екеуі татуласып, бірігіп Қоңтөжінің ордасын тас-талқан етеді. Шаябай Тоқбайға қарындасын ұзатып, қазақ-қалмақ ынтымақ-бірлікте өмір кешеді. Қартайып, өз ажалымен дүние салған батырды құрмет тұтқан қазақтар оның сүйегін Үшқоңырдың басына қойып, қабірдің іргесіндегі қос биікті Шаябайдың есімімен атап кеткен.

Жырдағы оқиғалар желісі Шаябай туралы тарихи аңыздардың негізінде түзілгенмен, жыршының түпкі идеясында елдің азаттық үшін болған күрестерін дәріптеу ғана емес, тап тартысын, яғни кедей мен байдың, қара халық пен ханның арасындағы ымырасыздықты көрсету мақсаты жатқан сияқты. Туынды шағын болғанымен, сюжеті шымыр, өзге тілдерден енген сөздер сирек кездеседі.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіні жоғарыда көрсетілген түпнұсқа негізінде дайындалды.

*Т. Әлбеков*

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ, ДІНИ ЕСІМДЕР ЖӘНЕ РУ АТАУЛАРЫ

*Алаша хан* — халық аңызы бойынша «Алты алашты» құраған ру-тайпалардың түп атасы. Қазақ шежіресінде Алаша ханның шыққан тегі қарапайым кісі болған делінеді. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын ең көне аңыздарда кездеседі. Сондықтан кейбір ежелгі деректерде «Алаш» этнонимінің шығуы осы Алаша хан атымен байланыстырылады. Алаша хан ел жадында жауынгер тайпалар — көшпелі түркілерді біріктіріп, тұңғыш Алаш (Қазақ) мемлекетін құрған ұлы қайраткер ретінде қастерленеді. Әбілғазы шежіресінде Алаша ханның әкесі Көк хан болғандығы, ұрпақтарының бірінің есімі Қара хан, ал немересі — оғыздардың түп атасы — Оғыз хан аталғандығы жазылады. Рашид ад-Дин мен Әбілғазы Алаша ханның өмір сүрген жері — Дешті Қыпшақтың орталық бөлігі деп көрсетеді. Бұл тарихи деректер ел аузындағы Алаша хан ордасы Ұлытау төңірегінде болған деген тұжырыммен ұштасады. Ұлытау өңіріндегі «Алаша хан ордасы» аталатын үлкен сарай-қамалдың орны және Қаракеңгір өзенінің жағасындағы «Алаша хан күмбезі» аталатын X-XI ғасырларда салынған ғимарат әлі күнге дейін сақталған.

*Алдаркөсе* — қазақ халқының фольклорлық кейіпкері, ақылды айлакердің, зерделі құдың жиынтық бейнесі. Алдаркөсе өзінің асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетіп отырады. Оның мақсаты — сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды т.б. әжуа ету. Ол — әділетсіз билік иелерінен қиянат, қорлық көрген қарапайым халықтың өкілі, түркі тілдес халықтар әдебиетінің көбіне ортақ тұлға. Бұл Алдаркөсе жайындағы аңыз-әңгімелердің ежелден келе жатқан көнелігін,

әлеуметтік мәнділігін көрсетеді. Оның өмірде болғанын, қай заманда өмір сүргенін дәлелдейтін тарихи дерек жоқ.

*Алшын* — қазақ халқын құраған тайпалар бірлестігі, Кіші жүздегі байұлы, жетіру, әлімұлы сияқты тайпалардың ортақ атауы. Ежелгі мекені — Алтай. X ғасырда Алтай бойынан ойысып, Арал және Каспий теңізі маңындағы ежелгі тайпалармен араласып кеткен. Бір бөлігі қыпшақтармен бірге батысқа қарай жорыққа шығып, Мысырға дейін барған. Алшындар X-XII ғасырларда Қырымда болған. XII-XIV ғасырларда алшынның кейбір рулары Ноғай ордасының нығаюы үшін белсене күрескен. Кіші жүз шежірешілері Алшын атын қазақтың алғашқы биі Майқы есімімен де байланыстырады. Алшын ұрпақтары башқұрт, татар және кіндік Азия халықтарының құрамында да бар.

*Арғын* — қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғари, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтай алады. Қазақ шежіресінде арғындар: бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «бес мейрам» аталып: қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегендік (қақсал), қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «жеті момын» аталып: қанжығалы, тобықты, бөсентиін, қарауыл, атығай, сарыжетім, шақшақ болып жіктеледі.

*Асанқайғы* /XIV ғасырдың соңы — XV ғасырдың басы/ — мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, айтулы шешен. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған.

Асанқайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасының тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңдермен тұспа-тұс келді. Асанқайғы қазақ халқының ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтады. Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде Асанқайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды.

Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы еді. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып, толғанған абызды халық «Асанқайғы» деп атаған. Жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көздеген. Осы мақсатты көздеп, ол осы хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған.

**Әз-Жәнібек** — Қазақ хандығының негізін қалаушы екі тұлғаның бірі, екінші қазақ ханы. Орыс ханның шөбересі, Барақ ханның ұлы (Орыс хан — Құйыршық хан — Барақ хан — Жәнібек хан). Туған жылы мен қайтыс болған жылы белгісіз. Үшінші атасынан қосылатын ағасы Керей ханмен тұстас. Керей хан қайтыс болған соң Жәнібек хан 1472-1475-жж. шамасында билік құрған.

**Әзірейіл** — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

**Біржан сал Қожағұлұлы** /1834-1897/ — әнші, композитор, ақын. Қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін, халық музыкасын жаңа белеске көтеріп, өз ән-өлеңдерімен толықтырған ірі тұлға. «Теміртас», «Ләйлім», «Бурылтай», «Жамбас сипар» т.б. көрнекті әндердің авторы.

**Дәуіт** — Қасиетті Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне еврей тілінде — Давид. Дәуіттің отыз баласы болған. Жаратқан Иеміз құдіретімен отыз баланың жанын бір мезетте алып кетеді. Мұны көрген Дәуіт Алла Тағалаға зар илеп жылайды. Сонда Алла: «Дәуіт, саған отыз балаңның орнына отыз бала берейін бе, әлде отыз балаға татитын бір бала берейін бе?» — деп сұрағанда, Дәуіт «отыз балама татитын

бір ұл беріңіз» деген екен. Иеміздің берген ұлы осы Сүлеймен пайғамбар болатын. Сүлеймен мал-құстың тілін түсініп, сол тілде тілдесе алатын болған.

**Дулат** — қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Қазақ шежіресі бойынша, Дулат — ұлы жүз құрамына кіретін ірі тайпалардың бірі. Н.А.Аристов жазып алған Диханбай батыр шежіресі бойынша, Үйсін Бөйдібектің кіші әйелі Домалақ енеден (Нұрила) туған Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тарайды. Дулат өз ішінде Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр болып бөлінеді.

**Жағалбайлы** — қазақ халқының құрайтын рулардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамындағы Жетіру бірлестігіне кіреді. Жағалбайлы Лез, Мырза руларына бөлінеді. Тарихи мәліметтер Жағалбайлының көне түркі тайпаларының бірі екендігін көрсетеді. Орта ғасырларда Жағалбайлылар Сырдария — Арал аймағында сыртқы күштер тарапынан талқандалып, жан-жаққа бытырап кеткен. Қазіргі қазақ халқының құрамына енген Жағалбайлы алғашында (б.з. III-XIII ғғ. бас кезі) Оғыз-Қыпшақ тайпалық бірлестіктері құрамында болған, кейіннен Ноғайлы ұлысы құрамына енген.

**Жалайыр** — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Диқанбай батыр шежіресі (Н.Аристов жазып алған) бойынша, Үйсіннен — Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан — Жалайыр тарайды. Басқа бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал мен Жалайыр бір адам деп тұжырымдалады. Жалайырдың шын аты Қабылан екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан Жалайыр атанған. Жалайыр сырманақ, шуманақ, бірманақ болып үшке бөлінеді. Шуманақтан — андас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым (арықбұйым), қалпе, сыпатай аталары тарайды. Сырманақтан: арықтыным-байшегір, балғалы, қайшылы, күшік тарайды. Бірманақтан тек сиыршы (байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде бірманақтың аты аталмай, сиыршыны сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп он екі ата Жалайыр атанған.

**Жүсіп** — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған. Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-өңгімелерді негізге ала

отырып, Фирдоуси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған ХІХ ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

**Қыдыр (Қызыр, Қыдыр)** — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

**Қаңлы** — қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Ұлы жүз құрамына енеді. Қаңлы этногенезі мен тарихы туралы жазба деректер (қытай жазба деректері т.б.) мен оның шығу тарихы жөнінде ел аузында сақталған аңыз-өңгімелер аз емес.

**Қоңырат** — Орта жүз құрамындағы тайпа. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этникалық тарихында қоңырат тайпасының өзіндік орны бар. Көбінесе, Жиделібайсын, Сыр бойы мен Орта Азия далаларын мекендеген. Өзбекстанда Қоңырат қаласы бар. Алпамыс батыр осы қоңырат руынан шыққан делінеді.

**Қорқыт** /VIII-IX ғғ./ — жырау, композитор, әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған тұлға. Тарихи жазба мәліметтер мен аңыздар, халық шежірелері бойынша Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңкент қаласында өмір сүрген.

**Қыпшақ** — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құрған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақ атауы алғаш ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша IX ғасырдағы қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті,

тоқсаба, жете, бөрлі т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақтар түрік қағанаты ыдырағаннан кейін алғашында қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Шыңғысхан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ деп атаған.

**Найман** — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген мағынаны білдіреді. Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес болды. Олар XIII ғасырдан бастап «Сегіз оғыз», кейінірек «Цззубу» одағын құрды. XII ғасырдың 2-жартысында күшті мемлекет болғандығын тарихшылар жоққа шығармайды. Найман батысында қаңлы, қыпшақ; шығысында керей, меркіт; теріскейінде қырғыз; оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоныстас болған. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Найман хандығы құлап, ыдырағаннан кейін өздерінің байырғы ата қонысына таяу Ертіс, Алтай алабына қоныс аударып, Үгедей ханның ұлысына қарады. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша, Найман ұлысы Орта жүзге кіреді. Найманнан: Терістаңбалы (кейде — елата), Сарыжомарт (Ергенекті найман), Төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды.

**Сүлеймен** — Құран аты аталады пайғамбардың бірі, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған. Сондай-ақ ол мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануарлардың тілін білген» деп дәріптеледі.

**Тама** — қазақ халқының құрамындағы тайпа. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына кіретін жетірудың ішіндегі белгілі атаның бірі. Кейбір деректер бойынша, тама XI-XII ғасырларда Қаратау бөктерін, Созақ қаласын, Қазалы өңірін қоныстанған. Тама Қарадөң батыр ұрпақтары Мұрын жыраудың айтуынша былай өрбиді: Қарадөң батыр — Жұбаныш — Сүйініш — Ер Бегіс — Ер Көгіс — Тама. Ел аузындағы шежіреде және М.Тынышбаевтың пайымдауы бойынша, Тамадан — Қарабура, одан — Нәрік, Нәріктен — Шора батыр, Шорадан — Шотқара, ал Шотқарадан — Есенгелді, Жәгі, Жабал өрбиді.

*Үйсін* — қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Көне қытай жазбаларында Үйсін атауы б.з.б. II ғасырдан бастап кездеседі. Ғұндардың күшеюінен қорыққан Қытай үкіметі өзіне одақтас іздеп, батыс елдеріне елшілік жібереді. Үйсін тайпалық бірлестігі бұл тұста Қытайдың батысындағы өзге елдермен дәрежесі тең қуатты да, құдіретті мемлекет болды. Үйсіннің шығу тегі, таралуы, қазақ халқының тарихындағы рөлі жайында тарихи-генеалогиялық зерттеулерде талас пікірлер аз емес. Қазақ шежіресіне жүгінсек, Ұлы жүздің негізін құрған тайпалар Бәйдібектің балалары болып саналады. Олар: албан, суан, дулат, шапырашты, ошақты, ысты, сарыүйсін.

*Шөмекей* — қазақ халқының құрамындағы рулар бірлестігі. Шежіре деректеріне қарағанда, Кіші жүз құрамына кіреді. Одан көнек, тоқа, аспан, бозғыл рулары тарайды.



## СӨЗДІК

*Аба* — қоршау

*Азар* — өрең, өзер

*Ақжем* — аңға салатын қыран құстарды жаратып, бабына келтіру үшін берілетін, қан-сөлінен арылған ет; су сорып терісі ағарып кеткен, үлбіреген.

*Алал* — адал

*Албар* — үй айналасындағы төбесі ашық, қоршалған жер

*Аңда* — байқау, абайлау

*Аран* — аң аулау үшін кең әрі терең етіп қазылған ор

*Араншы* — арандатушы, өзезіл

*Аршын* — метрге тең өлшем

*Арын* — екпін, қарқын

*Арыс* — арба-шананың көлік жегетін қос жетегі, төртесі; ер адам, азамат; рулық жүйеде бір тайпаны құрайтын аталар; үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең бел ағаш.

*Атау* — адамның өлер алдындағы ішіп-жейтін соңғы асы

*Аһар* /п/ — соңы, ақыры

*Аяр* — айлакер, қу, көлгір адам

*Әзәзіл* — шайтан, ібіліс тәрізді қаскөй рух

*Әнбие* — аруағы күшті дін иелері

*Байқастау* — байқау, қарау

*Балаған* — сырық ағаштардың басын біріктіріп, үсті шөппен жабылған уақытша баспана

*Баран* — жылқының түсі; қара қоңыр, қара кер

*Барша, парча* /п/ — мата түрі

*Бауыздау* — қыл мойын

*Баялыш* — шөлді, құмды жерде тырбиып өсетін бозғыл түсті тікенді өсімдік, бұта

**Бәңгіріп** /ж.с/ — мәңгіріп, ақыл-есінен адасып деген мағынада

**Бек** — бекем, мықты, өте

**Борбас** — борпылдақ, бос, жұмсақ

**Бөлтек** /к.с/ — кішкентай, бір бөлшек, бөлік

**Бұлқайыр** — сабағы жапырақтан шығатын дәрілік өсімдік

**Бұршақ** — қамшы, шоқпар сабына тағылатын қайыс бау

**Гаусар, кәусар** /а/ — жаннаттағы кәусар өзені

**Гәне** — ғана; кәне

**Гуарыш, товарищ** /о/ — жолдас

**Ғадалат** /а/ — әділет, адалдық, турашылдық

**Ғаділ** — әділ

**Ғазиз** /а/ — ізгі тілекті, пәк көңілді; сүйікті, ардақты

**Ғаріп** /а/ — бейшара

**Дажал, тажал** /а/ — ақырзаман болғанда шығады-мыс делінетін аждаһа; сұмпайы, сұмырай, бөлекет

**Дат, дәт** /к.с/ — тілек, өтініш.

**Дәргер, Дәркер** /п/ — қажет, зәру нәрсе

**Дәру** — дәрі

**Дәт** — шыдам, төзім, сабыр

**Делбе** — арба-шанаға жегілген атқа тағылатын қайыс божы; жынды, құтырық ауру

**Доссын** — дос болғансу, өзінше дос көру

**Ділда** — алтын ақша

**Ентікпе** — күйеу ұрын келгенде жеңгелердің алдынан жүгіріп шығып алатын алғашқы ырым сыйы

**Ергенек** — киіз үйдің есігіне көлденең қоя салатын тақтай

**Ересен** — ерекше, орасан, айрықша

**Ершігесіп** — ерегесіп

**Ерін** — мойны жар бермеу, жалқаулану

**Жабы** — қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы

**Жайшы** /к.с/ — Құдайдан жалбарынып, дұға оқу арқылы ауа райын өзгертіп, жауын жаудыратын сиқыршы

**Жал сөз** — жалған сөз

**Жал сөйлемей** — жалған айтпау

**Жалама** — жылмағай, жып-жылтыр

**Жамбар** — жақын туыс

**Жана** — және

**Жасу** — иненің көзі

**Жаһан, жәһән** — жер жүзі

**Жәдігөй** /а.п/ — көз бояушы, сиқыршы, азғырушы, өзезіл

**Жемеңгер** — елді қанап-сорушы, жемқор, мешкей

**Жентек** — бір-біріне кірігіп түйдектелген құм, тас топырақ кесегі

**Жұлық** — аяқ киімнің ұлтаны мен басының және жиегінің жалғасқан жері, сыздық

**Жүпті** — некесі қиылған, некелі

**Зәр, заһар** /а/ — у

**Зиялы** — әдепті, ізетті

**Зиярат** /а/ — көрісу, зират ету, сәлем беру, қол беру, құлшылық

**Зият, зияд** /а/ — артық, жақсы

**Ишан, ешен** — дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы

**Кәсер** — мүсәпір, бейшара

**Кәуһәр** — Гауһар

**Кебенек** /көн./ — малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырт киім

**Кебін** — өлген адамның денесін орайтын ақ мата, ақырет

**Кезеп** — қарақшы, кезбе

**Кенеу** — жұтыну

**Керік** /т/ — жазық, кең; жираф; ауыспалы: жүйрік ат

**Кило сақал** — ұзын өрі қалың сақал деген мағынада

**Көбен** — мақтау

**Көлгір** — жасандылық, екіжүзділік

**Көн** — ірі қараның иленген (етік тігетін) қатты терісі

**Көрнеу** /ж.с./ — көре тұра

**Күдір** — кедір-бұдыр

**Күлдіреуіш** — шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түтін шығын, жарық түсу үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың кереге көз боп түйісетін шыбықтары.

**Кіресі** — жүк тасушы, кірекеш

**Қадау тіс** — таяныш тіс

**Қалет** — күмән

**Қанқұйлы** — қаніпезер, жауыз, қанішер

**Қапыс** — амал

**Қарашы** (к.с) — хан ордасындағы ақылшы, кеңесші; көрші, қоңсы, жақын

**Қарғыбау** — құда түскен адамның болашақ келінін иемденгенінің белгісі болсын деп қолына тағатын білезік, не мойнына алқа тағу рәсімі.

**Қарық** — көздің суықтан, әсіресе, шаңқан қарлы далада жүруден болатын ауруы

**Қасыл қалам, Хасыл кәлам** /а/ — қорытынды сөз

**Қатқам салат** /а/ — намаз деген мағынада

**Қауас** — ақыл, ой, ес

**Қида** — кесетін кездік, кішкене өткір пышақ

**Қияпат** — кескін, кейіп, пішін

**Қодық** — құланның төлі

**Қоламта** — жанып біткен оттың ыстық күлі

**Қом** — түйе өркештерінің түп жағындағы тұтаса біткен жота тұсы, майлы жері

**Қораш** — көзге олқы көрінетін, жұпыны

**Қорқау** — қасқырдың азған түрі

**Қормал** — бір нәрсені қорып жүруші адам

**Қүдежнік** /о/ — суретші

**Құзар** — асу бермес биік, заңғар

**Қылбұрау** — қинау, жазалау кезіндегі санды, тақымды буып, азаптайтын қылдан есілген арқан

**Леп** — жігер, екпін, қуат

**Мағшұқ** — ғашық

**Мақшар** /а/ — ақырзаманда қайтадан тірілген адамдардың жиналатын, олардың күнәсін тексеретін орын

**Манат** — құнды мата

**Машайық** /к.с/ — ақылды адам, абыз

**Мая** — жалғыз өркешті нар түйенің інгені, аруана

**Мәдат, медет** /а/ — көмек, жәрдем

**Мәуіті** — оң жағы майда түкті келген қалың мата

**Мәһарбан** /а/ — мейірбан

**Милық** — маңдайдың бас киім жауып тұратын жері

**Миуа** — мөуе, жеміс

**Михнат** /а/ — азап, қиыншылық

**Монтансу** — білмегенсу, сезбегенсу

**Мұна** — салт

**Мұндар** /к.с/ — көбіне кемсіту мәнінде қолданысқа ие, бейшара, сорлы, мүсәпір

**Мұрас** — мирас

**Мұт болмайды** — ұмытылмайды деген мағынада

**Мүбәрәк** /а/ — құтты болсын

**Мүрит** — діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші

**Мыжыңдап** — мылжыңдап, керексіз, бос сөз

**Наркескен** — болаттан жасалған екі жүзді алмас қылыш

**Неген** — бекерге

**Норта** /ж.с/ — таңдаулы, жақсысы

**Ноян** — басшы адам, ақсүйек

**Оқа** — жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер

**Өбектеп** — жағыну, жағымпаздану

**Өбу** — сүю, аймалау

**Өңез** — жуынды

**Пәрзэнт** /п/ — перзент, бала

**Перен, берен** — «берен» сөзі парсы тілінен енген, қазақ тілінде бірнеше мағына береді. Бұл жерде мықты деген мағынада айтылып тұр

**Поляк, Фалак** /а/ — аспан; жеті қат көк

**Порымы** /о/ — бітімі, пішімі

**Сайқың** — мидай кең, ен дала

**Сэна** /а/ — мадақ; қайғы, мұң

**Сэркардан** /п/ — сергелдең

**Селеу** — далалы жерде селдірлеу болып өсетін астық тұқымдас ақ шөп

**Сенек** — үйдегі кіре беріс бөлме

**Сердебелі** — мәтін бойынша салтанатпен деген мағына береді

**Соны** — ешкім аяқ баспаған, тың

**Суыт** — асығыс, жедел

**Субхан** /а/ — тазалау, тазалықпен Алланы еске алу

**Сүмек** — түйе аяғына түсетін құрт ауру

**Сүрде** — тапталып, киіздей боп сарғайып кеткен қалың шөп

**Сүрең** — кескін, кейіп, өң, ажар

**Сыптығыр** — арық, жұқалау, талдырмаш

**Тақыл** — сөз, лебіз

**Талай** — маңдайға жазған бақ, несібе

**Талқы** — азап, қыспақ

**Тараң** — тар деген мағынада

**Төбінгі** — ер-тұрман әбзелдерінің тірі, былғары

**Туырлдық** — киіз үй керегесінің іргесінен уықтың орта беліне дейінгі жерді жабатын киіз

**Тұнығын су алу** — ынтымағын бұзу

**Тұрғы** — тау қырқасының биігі

**Тұрман** — ер-тоқымның жабдығы

**Уағда** — уәде

**Уық** — кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сидаң сырық, киіз үй сүйектерінің бірі

- Ұқық, хұқық** — ерік, хұқ  
**Ұрқы** — тегі, тұқымы, ұрпағы  
**Ұшқат** — ұсақ жапырағы ара қошқыл түсті бұта өсімдігі  
**Үзік** — киіз үйдің жоғарғы жағына, уықтың үстіне, туырлықпен астастырыла жабылатын киіз  
**Үйелмендей** — дәу, сомадай, үлкен  
**Үмбет, үммет** /а/ — ел, қауым, жамағат, жол; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар мағынасында қолданылады.  
**Факт** /о/ — дерек, дәлел  
**Форма** /о/ — заттың сыртқы түрі, тысқы пішін, көрінісі  
**Хакикат** — ақиқат  
**Хатым** — белгілі бір істің қарсаңында діндарлардың құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатім  
**Хаял** — қиял  
**Һәм** /п/ — және  
**Һәрбір** — әрбір  
**Шабан** — баяу, сылбыр  
**Шаңырақтай** — арбиған, үлкен  
**Шелтік** — шелтиген  
**Шеңбекте** — мығымдау, қыса ұстау  
**Шеңгел** — саусақтарды жартылай бүккендегі алақан аясы  
**Шоқай** — көн теріден тігілген жеңіл аяқ киім  
**Шом** — түйенің беліне жүк батпас үшін қос өркешін орай кигізілген қом  
**Шормақ** — түйіншек  
**Шұғынық** /т./ — бүршік  
**Шүңейт** — ойдым, ойық  
**Шыбар** /ж.с./ — шұбар  
**Шыған** — алыс, шалғай  
**Шырдақтай аттау** — бір-ақ аттап кету деген мағынада  
**Шілік** — сулы жерде өсетін, жіңішке солқылдақ бұта  
**Ымба, има** — /п/ — ишарат, белгі, ым  
**Ымбал** — ым; ым-ишара, іс-қимыл  
**Ыңғас** — ыңғайы, реті  
**Ібіліс** — шайтан, албасты, жын-пері  
**Ілтипат, ілтифат** — көңіл, ықылас  
**Ілу** — қазақ дәстүрінде қызға құда түскен жақтың қалың-малдан бөлек, тойға соятын малмен бірге шаңыраққа атап ілетін киіт түрі

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

*Абыралы* — Сарыарқаның шығыс бөлігінде, негізінен Қарағанды және Семей облыстарының жеріндегі кішігірім таудың аты.

*Алатау* — басы Хантөңірінен басталып, Ташкент қаласының маңына барып аяқталатын, биік шыңдарын мәңгілік мұздықтар мен қар басып жататын алып таулар тізбегі. Олар Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы т.б. деп аталып, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Қырғызстан Республикасының біраз аумақтарын алып жатыр.

*Алтай* — тау жотасы, аймақ. Түркілердің атамекені болған Алтай тауы қазір орыс Алтайы, Монғол Алтайы, Қазақ Алтайы деп бөлінеді. Оның үштен бірі Қазақстанның үлесінде. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай, Кенді Алтай болып, Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр. Алтай тауы батыстан шығысқа қарай, яғни ең биік нүктесі Мұзтауға қарай биіктей береді. Алтайдың осы аймағын қазақтар Өр Алтай деп, Катонқарағай мен Марқакөлдің арасындағы тау жотасын белгілеп жүр. Қазақ ішінде ол таулар Тарбағатай, Алтай жайлаулары делінеді.

*Баян тау, Баянауыл тауы* — Павлодар облысындағы тау аты. Бұл жерден Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев т.б. қоғам қайраткерлері шыққан.

*Бетпақдала* — Қазақстанның орталық бөлігіндегі кең байтақ аймақты алып жатқан шөлді өңір. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзені аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі. Оңтүстік батыс бөлігі жазық, солтүстік шығыс бө-

лігі қыратты. Сай-жыралармен тілімденген Батпақдала жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Көктемде жауын суымен толығып, жазда құрғақ арнаға айналатын Қарқаралы, Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өзендер бар.

**Бурабай** — Астана қаласы мен Көкшетау қаласының арасында орналасқан көл. Жағалауында ақ қайың, қарағай орманы бар. Бурабайда қымыз, тұзды емдеу курортты кешені орналасқан.

**Еділ** (Волга) — Еуропадағы ең үлкен өзен. Еділ бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге 200-ден астам сала құяды. Еділ өзенінің әдеби — тарихи деректердегі орны ерекше. Оны барша түркі халықтарының ақын-жыраулары құрметпен атап, өз шығармаларына арқау еткен.

**Ереймен** — Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы алқап. Ақмола және Қарағанды облыстары аумағында орналасқан.

**Ертіс** — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік-батыс беткейіндегі мұздықтардан бастау алып, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарының аумағын басып өтеді.

**Есіл** — Қазақстан Республикасы мен Ресейдің Тюмень, Омбы облыстары жеріндегі өзен. Ертістің сол саласы. Жалпы ұзындығы 2450 км. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Есіл бойында Ақмола, Петропавл, Есіл қалалары орналасқан.

**Жетіқоңыр** — Қарағанды облысы, Ұлытау ауданындағы Сарысу өзенінің жағалауындағы құмды алқап.

**Жиделі Байсын** (Байсын-тау) жанынан — Самарқаннан оңтүстікке және Бұхарадан оңтүстік-батысқа қарай Гиссар жотасының оңтүстік-батыс шеті. Бұл жота арқылы Бұхарадан Гиссарға және Амударияға үлкен сауда керуен жолы жүреді. Бұл жол Темір қақпа деп аталатын ені тар тік құз арқылы өтеді. Әубәкір Диваевтың мәліметі бойынша, Жиделі Байсын Куляб және Гиссар бекіністерінің шегіне орналасқан. Онда Байсын атты үлкен көл бар. Бұл жерде кіші жүздің қазақтары, орта жүздің қоңырат, арғын рулары мекен еткен. Олар мұнда XVIII ғасырдың басында ақтабан шұбырынды кезінде болған.



**Қаратау** — Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратауда жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында бар.

**Қарқаралы** — Сарыарқаның шығысындағы аласа тау жоталары. Түсті металл кендері бар тау. Тауда қарағай өсіп, етек жағы орманды келеді.

**Мекке** — Әлем мұсылмандарының қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қарба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қарбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

**Нура** — тау және өзен аттары. Бұл атаудың таралу шегі бүкіл Түркістан және Орталық Азия қырларын алып жатыр.

**Өлеңті** — Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Сырым және Ақжайық жерлерімен ағады. Қазақ эпостарында жиі аталатын, тарихи — мәдени маңызы зор көне эпимдердің бірі.

**Сайрам көлі** — ҚХР Іле қазақ автономиялы облысында, байырғы Жібек жолының Солтүстік арнасына, Тәңір тауының батыс жағында, Бұратала қаласының батыс Оңтүстігіне орналасқан. Көл айдыны теңіз деңгейінен 2073 метр биік, көлемі 458 шаршы километр, шығысы мен батысының аралығы 30, Оңтүстігі мен Солтүстігінің аралығы 25 шақырым. Көлдің жағалауы 90 шақырым ұзындықты қамтиды, ең терең жері 92 метр. Сақталған су мөлшері 21 миллиард куб. Сайрам көлі Шыңжаң бойынша теңіз деңгейінен ең жоғары, көлемі ең үлкен тау көлі.

**Сарыарқа** — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік — шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

**Семей** — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы — Доржынкент.

**Сулы келес, Келес** — Сырдария алабындағы өзен. Қазығұрт, Сарыағаш аудандары арқылы ағып өтеді. Қаржантаудың батыс беткейі мен Қазығұрт тауынан бастау алып, Шардара бөгеніне құяды. Тарихшылардың дәлелдеуінше, Келес даласы б.з. бұрынғы Сақ тайпаларының ата қонысы. Түркі-монғол тілдерінде «кесірткелі», «кесірткелі өзен» мәніндегі атау.

**Сырдария** — Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

**Сілеті** — өзен, Ақмола облысынан басталып, Солтүстік Қазақстан облысының Сілеті теңіз көліне құятын өзен мен көл аты.

**Тарбағатай** — Зайсан және Балқаш — Алакөл арасындағы су айырық тау қыраты. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерінде орналасқан. Тау ендік бағытта батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Аягөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

**Үшқоңыр** — Бұрынғы Семей облысы, Аякөз қаласының шығысында, «Нарын қой» совхозының жерінде орналасқан тау аты

**Шу** — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері Қазақстанда — Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б.

**Шымкент** — ежелгі қала, Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы.

**Шыңғыстау** — Сарыарқаның Шығыс бөлігіндегі тау жотасы. Солтүстік-батысынан оңтүстік-шығысқа қарай созылған. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аягөз аудандары

аумағында. Шыңғыстау солтүстік-шығыста Алтайдан Шарөзені аңғарымен бөлінеді, оңтүстік-шығыста Тарбағатайға ұласады. Шығысында тауаралық Зайсан қазаншұңқыры, оңтүстігінде Солтүстік Балқаш төбелері жатыр.

***Шідерті*** — Батыс Қазақстанның Сырым ауданындағы өзен.

***Шілікті*** — Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданындағы елді мекен атауы.

***Іле өзені*** — Қазақстан мен Қытай жеріндегі өзен. Алматы облысының Райымбек ауданынан бастау алып, Қытай жері арқылы елімізге оралып, Балқаш көліне құяды. Шекарадан бері аталған облыстық Ұйғыр, Іле, Балқаш аудандарының жерлерін басып өтеді. Басты салалары: Қаш, Қорғас (оң жақ), Шарын, Шелек, Талғар, Қаскелең, Күрті (сол жақ).

## ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

*Бөжеев Мұрат* /1910-1980/ — әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы. Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында туған. М.Бөжеев Семейдегі Қазақ педагогикалық техникумын (1925), Мәскеу педагогикалық институтын бітірген (1932). 1934-1938 жылдары Мәскеу тарих, философия және әдебиет институтының аспирантурасында оқиды. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты мен Қазақ мемлекеттік университетінде оқытушы, сонымен бірге КСРО ҒА Қазақ филиалының бас ғылыми қызметкері болып істейді. 1942 жылы жазықсыз айыпталып, ұзақ жылдар сталиндік лагерьде қамауда болады. 1956 жылы толық ақталып, қайтадан ғылыми жұмыспен айналысады. М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейін ұйымдастырушылардың бірі болып, аға ғылыми қызметкер ретінде М.Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағын дайындап, ғылыми түсініктерін жазуға қатысады, жазушы-ғалымның библиографиялық көрсеткішін құрастырады. 1974-1980 жылдар аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып еңбек етеді. Студент кезінен бастап Абайдың ақындық мектебі, ақындық стилі, оның Пушкин өлеңдерін қазақ тіліне аудару шеберлігі туралы зерттеп, Абай шығармаларының орыс тіліне аударылу ерекшеліктері туралы ғылыми еңбектер, Бұқар жырау, Мұрат, Шортанбай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, М.Қалтаев, Н.Наушабаев туралы іргелі зерттеулер жазып қалдырады.

*Елеуов Көшен* (1892-1971) — халық ақыны, 1939 жылдан КСРО Жазушылар Одағының мүшесі. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туып-өскен. Әкесі аңшы, мерген, домбырашы, сауыққой болған. Көшен 1902-1911 жылдары

ескіше оқып білім алған. Кеңес дәуірінде өз бетінше оқып хат таныған. Қазақстан Жазушылар Одағының 1938 жылы Алматыда халық ақындарына арналып ашылған қысқа мерзімді курсында оқыған.

**Жақыпов Сайлаубек** (1937 ж.т.) — халық мұрасын жинаушы, емші, көріпкел. Бұрынғы Семей облысының Аякөз ауданына қарасты Нарын кеңшарында туып-өсіп, сонда қызмет атқарған. Тоқсаныншы жылдарға дейін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының штаттан тыс тілші, жинаушы болып қызмет істеген. Семей өңірінде өмір сүрген билерге, батырларға, ақын-жыршыларға қатысты деректерді, сондай-ақ олардың жеке туындыларын ел арасынан жинап, институт қорына тапсырып отырған.

**Жанұзақұлы Нұрмұқан** — ақын, сыншы, ағартушы. 1945 жылы ҚХР ШҰАР Шапшал ауданында дүниеге келген. ҚХР, ШҰАР Жазушылар одағының мүшесі, Шинжаң Журналистер одағының мүшесі. Н.Жанұзақ ұлының «Ақын жүрегі», «Шолпан туралы аңыз», «Күз жыры» қатарлы өлең-дастандары жарық көрген. 2010 жылы атажұртқа оралды.

**Жұртбаев Жүсіпжан** — халық әдебиеті мұраларын жинаушы. Шығыс Қазақстан облысының Жаңа Семей ауданында туып-өскен. Туған жерінде қатардағы жұмысшы болып жұмыс істеген.

**Имандосов Әбілман** — халық әдебиеті үлгілерін жеткізүші, өрі жинаушы. Бұрынғы Талдықорған облысының Қиров ауданына қарасты Ленин атындағы колхозда туып-өскен. Ұзақ жылдар орта мектепте ұстаздық қызмет атқарған.

**Мәжитұлы Сұлтан** (1911-1985) — ақын, актер, шежіреші. ҚХР ШҰАР Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Тарбағатай аймағы, Толы ауданында туып-өскен. Ұзақ жылдар облыстық ойын-сауық үйірмесінде актер болып жұмыс істеген. Қазақтың фольклорлық мұраларына да ерекше көңіл бөліп, жинау шараларына араласқан. Ақынның «Таң алдында», «Сайрам аңызы» сияқты жинақтары басылым көрген.

**Мыңғатұлы Бөжей** — революциядан бұрын медицина саласында жоғары білім алып, Семей, Шұбартау және Қарқаралы өңірінде қызмет еткен алғашқы қазақ дәрігерінің бірі. Шығыс елдері мен орыс ақын-жазушыларының шығармаларын оқып, ұлы Абаймен жақын араласқан. Өзі де қазақ халқының өмірі, қоғамдық ахуалы, кәсібі мен салт-санасы туралы еңбектер жазған.

**Нұрғалиұлы Нұрқасым** (1886—ө.ж.б.)— ақын, жыршы. Бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің Дағанды болысына қарасты 10-ауылда туған. Руы— керей. Жасынан ақын, жыршы Нұрқасымның жадында өлең, ертегілер, батырлық жыр-дастандар көптеп сақталған. Ол «Ағыбай батыр», «Алаша хан» жырларын Әкімжан қажыдан (Семей облысы, Абай ауданы, Сарғалдақ ауылы, Есболат руынан), «Ер Тарғын» жырын Бейсенбай қызы Күлежаннан (Тобықты Бейсенбай ақынның қызы) үйренген.

**Тұрсынбаев Бәдел** (1905-1967)— жазушы, ауыз әдебиетін жинаушы. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданында туып-өскен.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

- а — араб
- а.п — араб-парсы сөздері
- дәп — дәптер
- ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
- ж.с — жергілікті сөз
- к.с — көнерген сөз
- ҚҚ — Қолжазба қоры
- о — орыс
- ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана
- п — парсы
- т — түркі
- Ш — шифр
- [...] — құрастырушының жанынан қосылған атау, сөз, буын, өріп

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Байтұрсынов А.* Ақжол. — Алматы, 1991.
2. *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. — Алматы, 1991.
3. *Әуезов М.* Уақыт және әдебиет. — Алматы.
4. *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. — Алматы, 1984.
5. *Ғабдулин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
6. Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.
7. Бабалар сөзі. 77-том. — Астана: Фолиант, 2011.
8. *Қ. Толысбай.* Асанқайғы. — Алматы, 2006.
9. *Сұлтан Мәжитұлы.* Сайрам аңызы. — Үрімжі, 1991.
10. *Б. Жолбарысұлы.* Басылып жатқан қазынам... — Алматы, 2005.
11. *Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т.* Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.
12. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 1-10-томдар. — Алматы, 1997-2007.
13. *Валиханов Ч. Ч.* Соб.соч. Т.1. — Алма-Ата, 1961.
14. Арабско-русский словарь. Составитель — *Х.К.Баранов.* — Москва, 1968.
15. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
16. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі // Құрастыр.: *Р.Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
17. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
18. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі // Құрастырған — *Г.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.

19. Персидско-русский словарь // Под ред. Ю. А. Рубинчика. I-II т. — Москва, 1970.

20. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.

21. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БУМАЛАР

1. ӘӨИ. 125
2. ОҒК. 744
3. ОҒК. 333
4. ӘӨИ. 475
5. ӘӨИ. 349
6. ОҒК. 800



## РЕЗЮМЕ

Институтом литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжается научное издание стотомного Свода «Бабалар сөзі», выпускающегося в рамках Стратегического национального проекта «Культурное наследие». Предыдущие восемьдесят восемь томов серии были посвящены эпическим произведениям, народным песням, сказкам, загадкам, пословицам и поговоркам, а также другим малым жанрам, являющимся самыми многочисленными и высокохудожественными в национальном фольклоре. Если быть точнее, то были подготовлены к изданию и выпущены тринадцать томов «Новеллистических дастанов», семь томов «Религиозных дастанов», одиннадцать томов «Романических дастанов», двадцать томов «Героического эпоса», одиннадцать томов «Исторических поэм», пять томов «Пословиц и поговорок», два тома «Народных песен», четыре тома «Генеалогических преданий», пять томов «Сказок», четыре тома «Исторических преданий», по одному тому «Загадок», «Детского фольклора», «Казахских мифов», «Фольклора казахов Монголии», «Топонимических преданий», «Кюйских преданий». В двенадцати томах этой серии были использованы материалы из фольклорного наследия казахов Китая, а в одном томе – казахов Монголии.

Предлагаемый на суд читателей очередной, 89-й том посвящен легендам в стихах и называется «Аңыздық жырлар». Причиной тому послужило то, что в ходе подготовки стотомного свода к изданию в фондах рукописей Центральной научной библиотеки и Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова было обнаружено множество поэм, сюжетные линии которых в основном построены на мифологических, сказочных и легендар-

ных событиях. Но, как выяснилось, в основной своей массе они никогда не были опубликованы и до сих пор не включены в научный оборот как отдельный жанр. Основные темы легенд (Аңыздық жырлар) связаны с историческими личностями и общественными деятелями различных эпох (Алдаркөсе, Алаша хан, Қорқыт Ата, Асанқайғы и др.), а также названиями небесных светил и географическими названиями (Шолпан-Венера, Есекқырған-Юпитер, Сайрам, Қызқұлаған и т.д.). Также четко прослеживается многовековой путь возникновения и распространения этих сказаний. К примеру, рассказы о небесных светилах появились в эпоху мифологического мировоззрения народа и передавались из поколения в поколение, а уже в более позднее время из этих рассказов сложились поэмы. Более того, в ходе изучения этих сказаний становится очевидным, что некоторые исторические и географические легенды были сложены в I половине XX в. и вошли в творчество поэтов-сказителей (жыршы).

Составители считают, что после того, как эти, еще неизвестные широкой читательской аудитории и научной среде легенды будут опубликованы, они непременно станут объектом специальных исследований.

Поскольку первые 4 тома серии были посвящены «Историческим преданиям», составители хотели бы вкратце ознакомить читателей с их структурой.

В первый том, посвященный историческому жанру (85-й том), вошли предания об исторических личностях и батырах, живших в VI-XVII веках, таких как Байдибек би, Домалак ана, Қорқыт ата, Абу-Насыр аль-Фараби, Ибн Сина, Алаша хан, Майкы би, Аяз би, Ходжа Ахмет Ясауи, Хаким ата, Зенги баба, Шопан ата, Узбек хан, Чингис хан, Жошы хан, Аксак Темир, Байшегир баба, Аз-Жанибек, Асанқайғы, Жиренше шешен, Карашаш сулу, Есим хан, Токтамыс хан, Ер Едиге, Ер Таргын, Абат, Шора и др.; во второй том (86-й том) вошли предания, раскрывающие историческую роль в трудный для народа период, когда нависла угроза полного исчезновения нации и решалась судьба казахской государственности — период джунгарских нашествий, таких знаменитых казахских биев как Толе би, Казыбек би, Айтеке би, которые мудрым словом и могучим духом сплотили народ воедино, а также предания, посвященные многочисленным

подвигам, славным сражениям таких народных батыров как Кабанбай, Бугенбай, Утеген, Шакшак Жанибек, Олжабай и др.; в третий (87-й том) вошли легенды, посвященные народным батырам, талантливым сардарам, ханам и султанам, в числе которых Керей Джанибек, Райымбек, Бердикожя, Жанайдар, Жидебай, Байкозы, Бекболат, Тленши, Досбол, Айту, Санак и др.; а в четвертый том (88-й том) вошли предания, где описаны положение казахского общества и исторические события конца XVIII в. и XIX в., борьба с внешними врагами ханов и султанов, предводителей родов и батыров, которые все еще пытаются сохранить независимость народа, народные восстания и волнения национально-освободительного характера. В настоящий том включены «Предания об исторических личностях и деятелях», «Топономические предания», также в первый раздел вошли такие поэмы, как «Алдаркөсе», «Алаша хан», «Қорқыт», «Асанқайғы» (2 варианта), во второй раздел — «Есекқырған», «Қыз құлаған», «Еділ мен Жайық батыр», «Сайрам аңызы», «Шаябай» и др.

Основную часть текстов, вошедших в том, составляют материалы, собранные в разные годы среди населения и записанные такими известными учеными, как М.Божеев, Б.Адамбаев, хранящиеся в редких фондах Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Центральной научной библиотеки, а также тексты, взятые из рукописного наследия Божея Мынгатулы, Абдимана Имандосова, Нуркасыма Нургалиева, Жусипхана Жұртбаева, Ильяса Искакова, Баделя Турсынбекова, Солтана Мажитулы, Кошена Елеуова, Сайлаубека Жакыпова, Еркина Кулпеисова.

Согласно принципам составления сборника, тексты снабжены научными приложениями и соответственно пронумерованы. Научные дополнения к тому составляют: сведения о переписчиках, издателях и изданиях текстов, вошедших в него, научные толкования текстов, вошедших в данный том, словарь, географические, именные указатели, сведения об исторических личностях, встречающихся в текстах, список использованной литературы, резюме к тому на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,0 п.л.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues scientific publication of one hundred Collection «Babalarsozy» issued under the State Program «Cultural Heritage». Previous eighty-eight volumes of the series were devoted to the epics, folk songs, tales, riddles, proverbs and sayings, as well as other small genres, which are the most numerous and highly artistic genres in national folklore. To be precise, thirteen volumes of «Novelistic dastans», seven volumes of «Religious dastans», fifteen volumes of «Historical poems», five volumes of «Proverbs and sayings», eleven volumes of «Lyrical legends», twenty volumes of «Heroic epics», two volumes of «Folk songs», four volumes of «Genealogic legends», five volumes of «Tales», one volume of «Riddles», «Children's folklore», «Kazakh myths», «Folklore of the Kazakhs in Mongolia», «Toponymic legends», «Kuy legends». Twelve volumes of the series include the materials on folk heritage of Kazakhs living in China, and one volume — Kazakhs living in Mongolia were published.

Volume 89 proposed to the reader's attention is devoted to the legends in verse, that is, «Anyzdyk zhyrlar». The reason for that is that during the preparation of one hundred volume collection for publication, many poems were found at Manuscripts Funds of Central Scientific Library and the M.O. Auezov Institute of Literature and Arts which story lines are mainly based on myths, tales and legends. However, it was found that most of them have never been published and haven't yet been studied as a separate genre. The main topics of the legend (Anyzdyk zhyrlar) are related to the historical and public figures of different periods (Aldarkose, Alash Khan, Korkyt Ata, Asankaygy and others), as well as the names of the stars and planets and geographic names (Sholpan —

Venus, Esekkyrgan — Jupiter, Sairam, Kyzkulagan etc.). Also the long history of the origin and the spread of these stories is clearly seen, for example, stories about the planets have originated in the era of mythological world view of the people and were passed from generation to generation, and later the poems were composed based on these stories. Furthermore, during the study of these stories it was determined that some of the historical and geographical legends were created in the I half of the XX<sup>th</sup> century and were used by the poets — storytellers (zhyrshy) in their creativity.

The compilers consider that after publication of these legends which are unknown to the general readers audience and researchers, they will obviously become the object of special studies.

Since the first 4 volumes of the series are devoted to the «Historical legends», the compilers decided to provide brief information on their structure.

First volume is devoted to the historical genre (85-volume) and includes stories about historical figures and batyrs who lived in the VI-XVII centuries: Baydibek bi, Domalak ana, Korqyt Ata, Abu-Nasir al-Farabi, Ibn Sina, Alash Khan, Maiky bi, Ayaz bi, Khoja Ahmed Yasawi, Hakim ata, Zengi Baba, Shopan ata, Uzbek Khan, Genghis Khan, Zhoshy Khan, Aksak Temir, Bayshegir Baba, Az-Zhanibek, Asankaigy, Zhirenshe sheshen, Karashash sulu, Yesim Khan, Toktamys Khan, Er Edige, Er Targyn, Abat, Shora and others; second (86-volume) includes stories about the historical role of the famous Kazakh biyssuch as Tole bi, Kazybek bi, Aiteke bi during difficult period for the people — the period of Jungar invasions, who consolidated the nation using wise words and showing strong spirit when there was a threat of complete disappearance of the nation and the destiny of Kazakh State was critical, as well as the stories devoted to numerous feats, glorious battles of such folk warriors as Kabanbay, Bugenbay, Utegen, Shakshak Zhanibek, Olzhabay, and others; third volume (87-volume) includes the legends devoted to the folk batyrs, talented sardars, khans and sultans — Kerei Djanibek, Raiymbek, Berdikozha, Zhanaidar, Zhidebay, Baykozy, Bekbolat, Tlenshi, Dosbol, Aitu, Sanak, and others; and the fourth volume (88-volume) includes stories, which describe the status of Kazakh society and historical events of the late XVIII and XIX centuries, struggle of the khans and sultans, leaders of the clans and warriors against foreign enemies

and struggle for the independence of the people, uprisings and struggle for national liberation. «Historical figures and personalities», «Toponomic traditions», the first section includes such poems as «Aldarkose», «Alash Khan», «Korkyt», «Asankaigy» (2 versions), the second section — «Esekkyrgan», «Kyz kulagan», «Edil men Zhayik batyr», «Sairam anyzy», «Shayabay» etc.

The main part of the texts included into the volume are based on the materials collected at different times from people and recorded by well-known scientists such as M.Bozheev, B.Adambaev which are stored in their collections of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Central Scientific Library, as well as the texts taken from the manuscript heritage of Bojey Myngatuly, Abdiman Imandosov, Nurkasym Nurgaliev, Zhusipkhan Zhurtbaev, Ilyas Iskakov, Badel Tursynbekov, Soltan Mazhituly, Koshen Eleuova, Sailaubek Jakypov, Erkin Kulpeisov.

According to the principles of compiling the collection, there are the scientific annexes to the texts and they have corresponding numbers. Scientific supplements to the volume include the information about the recorders, publishers and editions of the texts, scientific interpretation of the texts, dictionary, geographical names, information about historical figures mentioned in the texts, list of references, summary in English and Russian languages.

Total size of the volume — 27,0 pp.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан.....5

### МӘТІНДЕР

#### Тарихи тұлғалар мен қайраткерлер туралы аңыздық жырлар

Алдаркөсе .....	11
Қорқыт.....	112
Алаша хан .....	133
Асанқайғы ( <i>Жүсіпхан Жұртбаев нұсқасы</i> ).....	145
Асанқайғы ( <i>Ілияс Ысқақов нұсқасы</i> ) .....	162

#### Топонимдік аңыздық жырлар

Есекқырған.....	266
Еділ мен Жайық батыр .....	276
Сайрам аңызы .....	327
Қызқұлаған .....	358
Шаябай ( <i>аңыз-дастан</i> ) .....	371

### ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Томға енген мәтіндерге түсініктеме .....	383
Мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер және ру атаулары .....	402
Сөздік .....	409
Жер-су атаулары .....	415
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәліметтер.....	420
Шартты қысқартулар .....	422
Пайдаланылған әдебиеттер .....	423
Резюме .....	425
Summary.....	428

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

89 том

ПОЭМЫ — ПРЕДАНИЯ  
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова  
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*  
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*  
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*  
Компьютерге терген: *А. Байгазы*  
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы  
ИБ № 2674

Теруге 20.10.12 жіберілді. Басуға 26.11.12 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 27,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №162.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-640-8

